— Істің ең алғашқы күндері ғой. Қорытындылардың мезгілі әлі ерте, әлі алда. Бас штаб бізден жауап күтеді ғой. Жауапты Аягөз колхозшысы іспен айтады. Аудан штабы өндіріс мәжілісіне іс нәтижесін әкеп отырып сөйлеседі. Ұсынысым: әзіргі Аягөз сөзі осымен біте тұрсын, — деді. Жиын тегіс аңырғандай жалт-жалт қарасты.

III

Штабтан өз учаскелеріне қайтқанда Ильиных шофердің қасында отырмай, Омаровпен бірге грузовиктің үстіне секіріп шықты. Грузовик көк түтінмен жөткіріп, аз күтірлеп тұрды да, сықырлай шайқалып, шаңдата тартып кетті. Күндізгі бұлт айығыпты. Аспан ашық, күн райы

енді түзелердей. Батыста, алыстағы қалың жоталы қоңыр адырдың үстінде өлеусіреп бара жатқан ақтаңлақ бар. Сам жаңа батып барады. Өлке бойына түн төніп келеді.

Ендігі істің барысын қалай бастау керек? Екеуі де соны кеңесіп келеді. Бірақ бұлардың өз іштерінен әртүрлі жайды қадала ойлауы көп те, бір-біріне дәл басып “байлау осы деп” айтқан ұсыныс сөздері аз. Сондықтан жол бойында жауаптасулары да көп болған жоқ. Ойлары іште. Бұ да іс жөндерінің әлі шешіліп, піспегенінің белгісі.

Жарық ай маңдайға кепті. Жүргіншілерден кейін қап, алыстап бара жатқан Бүркіттің қос қызылы көкшіл тартып, тұманды түске бейімдеп барады. Бер жағындағы ұзын сай, кең қолат қазір ай астында бозғыл тартып жым-жырт жатыр. Тек түн буы ғана, жұқалаң көкшіл мұнар болып, өлкенің ойпаң жерлерін бусана басып келеді. Айнала елсіз, дүние тыныш.

Бірақ жүргіншілердің көңілінде ғана алай-түлей ұйтқыған күдік бар.

Учаскелерінің тұсына жетіп, шеткі отарларға іліне бере Ильиних машинаны тоқтатты да, секіріп түсті. Кешкі астарын енді ішіп жатқан бригадалар әлі жатқан жоқ екен. Тыста жанған түнгі оттары да сөнбепті. Омаров та түсті. Машинаны штабқа жіберіп, екі жаяу колхозшыларға кетті.

Осы кеште ел жатқанша бар бригаданы аралап өтісті. Штабқа барарда үгітшілерге учаске халы нашар екенін, жұмыс қарқыны көпке шаққанда ауызға алғысыз ұят күйде екенін айтып, колхоздарға жеткіз деп кетіскен еді. Қазір сол үгітші комсомолдар: Көппаев, Бижанов, Бөлеевтер бригадалардың мол-мол жерлерінде жүр екен. Барлық звено колхоздарда бүгін 50 процент орындаған адамдардың аты, көпті ұялтар сөздей аталады. Сонымен қатар Үржар комсомолы Науменко, жаңа соның серігі Мұқыштың аттары бүгін Аягөздің бар колхозшысына әбден қанықты ат болды.

Ильиних келгенде колхозшылар күндізгі жұмыстан қайтқан уақыттағыдай емес, көбірек ентелеп орталарына алып:

— Штаб не деді?

— Артта қалдың, жұрттың бәрі озды дей ме?

— Өзің не дедің? — деп бір түрлі серпіле сөйлесті.

Бар жердегі қарсы алу осы тәрізді, аудан намысының ояна бастағаны сияқты.

Ильиних колхозшының бәріне де, әсіресе, бригадирлеріне барлық өз ойындағы шынын айтты. Қиналып, дағдарып келгенін білдірді.

— Бізді әлсіз дейді. Әлсіз бе едік? Жұмыс көргеніміз, жұртшылық білдіргеніміз осы жер ғана ма еді? Бірақ өзге аудандардың озып тұрғаны рас. Ендігі сөз де, намыс та, жауап та істе, — дейді.

Әлсіз аудан дегенде “Елтай” колхозшыларының арасында тұрған Сқақов ыза болды.

— Штабқа, анық он күннен соң сөйлес деп неге айтпадық? Әлсіз деп... осы жұрт лазаретке жатқалы кеп пе екен? Штабынан емші сұрап па екеміз, — деді.

Кісі аздығын айтысқанда барлық бригада “Молотов” колхозын кінәлады. “Бұнда қол аз боп жатса, олар әлі іс басына жетпей, найқалып қайда жүр” — деп ренжісті. Барлық бригада Ильинихқа:

— Қару-сайман жеткізші.

— Осы лом мен кирканы ғана түгендеші. Елу процент болмай не болады? Екеуі бір сайманға мінгескен соң, тіпті оған да шүкір деп неге айтпайсың?

— Онан соң кей бригадада іс тәртібі, адамды жұмысқа қарай сай бөлу жағы нашар. Осыған көз салыңдар. Көлік, сорлы көлік емес. Бірақ бабын біліп салыңдар, — деп колхозшы атаулы штабқа неше алуан байыпты ақылдар айтты. Шынында осы сөздерінің барлығы бөгеттің дәлін тапқан сөздер еді.

Осындай жайларды аз күнде штаб, бригадирлер мен технорук, десятник боп жойып ап, аудан бас штабпен сонда ғана дұрыстап сөйлеспек болды. Ниет бір. Көп ниеті және қиыннан асуда, сол көп жігері жұмылған ниеті екені танылып тұр. Осыны ұққан Ильинихтың көңіліне енді ғана үміт орнай бастап еді. Ол осы жиынға облыстың қызыл туы үшін, тоғыз учаскенің бірімен жарысқа түсу жайын айтты. Бірақ колхозшылар ойлансын, жауабын ойланып ертең айтсын, деген еді.

“Тегісшіл”, “Жаңа нұр”, “Буденный” колхозының стахановшылары осы түнде-ақ кесікті жауап айтып, Ильинихқа мәслихат берді. Бұл жөнде қайратты даусы басым шыққан Атаманов еді. Соны Сқақов, Ожан, Сұлтан қостады. Бәрі де:

— Ойлану қажет емес. Тура ең мықтысы кім сол аудандардың? Тап сонысымен жарысқа түс! — десті.

– Уәде ме?

– Уәде! – десісіп бірнеше жақсы бригадирлер, стахановшылар өзара қол алысып еді. Бұл кеште көпшілік жүзінде ең алғаш рет күлкі сенім көрінген сияқты. Сқақовтың қолын қатаң сіңірлі қолмен ұзақ қатты қысып тұрып, Құлекенов қарт та:

– Істеп алып “ер шықтым” деген бір сәрі. Істегелі тұрып кірісемін, басып озып шығамын деген серт, ер серті де. Әкпел қолды, – деген. Жұрт бұл сөзге сүйсіне, қуана қосылды. Бағана штаб сұрағына жауап берерде Ильиных өзі қандай намыспен қайнап жалғыз келе жатып, осы түнде аудан колхозшыларының да шын бір ызалы намыспен дүр етіп сілкінгенін сезгендей еді.

IV

Штабқа келісімен Ильиных колхозшылар көп айтқан, қатты айтқан, сайман атаулыны іздеп кетті. Бұл маңдағы орнықты аудан Жарма еді. Соның орталығына, шойын жол станциясы Жалғызтөбеге барып және жол бойындағы бөгде колхозшыларды аралап, кезіп отырып, бірталай лом, кирка тапты. Жеткілікті емес. Өз ауданынан қамтамасыз қып әкелетін нәрселер еді. Бірақ лом, кирканы тегінде аз қолданатын колхоздар тілесе де таба алмаған.

Түн ортасы ауған кезде мазасыз, қиын ойлардан аз толас алған Ильиных машина ішінде оқтын-оқтын қалғи отырып, өз штабына жетті. Денесін ауыр салмақ басқандай сүйек-сүйегі талусырап, жаншылып қалған сияқты. Ұйқысыз, дамылсыз қиын түндердің үшіншісі осы еді. Таң алдында екі-ақ сағаттай мызғып алып, қасындағы Омаров ояғанда, күн шықпастан, Ильиных та қайта ырғып тұрды. Басы зеңіп, ұйқы басып тұр. Шаршап талған дене түк тынықпаған сияқты. Басын шайқап, киініп алып, жылдам басып кеп суық сумен төсіне шейін жуынып алды да, жаңа туған еңбек күніне қайта кірді.

Бес минуттік шай кезінде ұйқысы қашып, кірпігі қатқан сергек комсомол Көппаев колхозшылардың байлауын әкелді.

Түнде Атаманов, Сқақов, Құлекеновтар бастаған жарыс жайына бар колхозшы үн қосыпты. Үржармен, ең күшті, ең

даңқты учаскемен, кеше бас штаб әлсіз деген Аягөз жарысқа түсетін боп бел байлапты.

Аз да болса жұрт бейілі серпілгені анық. Жартылап тапса да құрал-сайман қосылғаны тағы анық. Бүгін күн жақсы. Бұлт-бұлыңғыр жоқ. Көктемнің шын көктемге ұқсаған сирек күні осы ғана. Енді еңбек қалай басар екен? Бүгін аудан не айтар екен? Осындай ертеңді-кеш ойдан кетпеген іштегі сұрақтармен Ильиных жол басына келді.

Омаров та өз қамымен кеткен еді. Екеуі де әр тұстан байқап тұр. Жол үстіне жұмысқа келген звенолар әлі тіпті азғана. Ерте тұрып қимылдар деген күн осы еді. Түнде сөзі мен ажары жақсы бригадалар қазір неге ерте келмеген? Әлі де күту керек, төселгенін, шыныққанын, мезгіл-мерзімге үйреніп жаттыққанын күту керек болғаны ғой. Үндемесе де, отар-отарға “енді қашан” дегендей боп үмітене, асыға қарап тұрып Ильиныхтың көңіліне тағы да азырақ қобалжу түсті. Әлі де күдік бар. Өне біраз ынталылар сытылып шығып жіті басып келеді. Бәрі де түнде тез түсініп, қызу тапқан стахановшылар. Сенімді адамдар. Бұлардың алды жолдың үстінде істеп те жатыр. Ал бірақ көпшілік ше? Көпте әлі де салқылық бар, шираған жоқ. Әділет пе? Жоқ, жақсы стахановшылар жалғыз өздері болмаққа керек емес. Солар қатарына ең шабан-шардақ топтар жетіп, ілесу шарт.

Бүгін түске шейін Ильиных, технорук, үгітші, десятниктер он километр арқауының бойында “кім қарқынды”, соған көз салумен болды. Жеке колхозшының жақсы боп өндіріп бара жатқанын бір-бір танып алып, ақыры звено-звеноларды, содан бригада-бригадаларды байқастырып еді. Түске шейін “Тегісшіл” мен “Жаңа нұр” өзгелерден бөлектеу, озғын шықты. Бірақ көпшілік әлі мимырт. Себебі де бар. Аягөз түскен учаскеде күрек алатын жер тіпті жоқ. Күрекпен басып алатын қара қыртыс болса, ондай орынды бірінші, екінші категория дейді. Оның ісі де өнімдірек, соған орай нормасы да сегіз кубометр. Аягөзге өндіріс кеңесі жұмыс нормасын алты кубометр деп берген. Белгілі, үшінші, төртінші категория, тастақ, қиын жер болғандықтан солайша беріп отыр.

Қолдағы молырақ қару күрек болған соң сонымен қимылдап жатқандар көп, бірақ ол күрек батпайды. Көрініп тұр. Ынта көрінсе де аспап аз, дәрмен жетпей тұр. Күдік

айықпай қинап тұр. Осы кезде аудандық штаб бастығы Имамбеков жетті. Алғаш жол ісіне жеткені осы. Бүгінге шейін оның егістен босай алмай жатқанын ұғып, өз міндетін де, Имамбеков міндетін де Ильиных бір өзінің мойнына алып жүргені сол еді.

Имамбеков технорукпен, Ильиныхпен жол бойын аралап отырып, барлық халге толық қанықты. Ауданның арманына, Ильиныхтың ойына, техноруктың қиыншылықтарына бұ да ілесті. Олар күдігі бұған да күдік, соларды қинаған бұны да қинап, маңдай терісін тыжыртып барады.

Қой көзді, қара қас, қызғылт сары Имамбеков те істен қорқу, жасу үшін келген жоқ. Кеше егіс тоқтағанша ауданда сан түйінмен арпалысты, бір саты істі жеңіп келген. Осы көктем егісінің өзі де колхозшылармен жақсы қабыстырып, бұған көп тәжірибе, тапқырлық бітіріп еді.

Бәрі де қосылып алып, түске шейін, үміт, күдік арасында жүріп, ойдан да, істен де дамыл алған жоқ. Түскі үзілісте штаб толық боп, бас құрап отырып, үш-төрт күн тәжірибесінің ащы-тұщысын түгел саралап, анық тыңғылықты байлау жасасты.

Колхоздың өз даласындағы, қысталаң науқан үстіндегі өз тәжірибесін жұмсау бірінші шарт. Ол ең әуелі іске тәртіп ендіруде және, әсіресе, адам мен көлік күшін айнымас реттілікпен пайдалануда.

Осы кеңесте технорук Омаров өзінің ең алғашқы қорытынды ұсынысын айтты. Ол да кешелер басқа техноруктерден сұрастырып, Үржардың да, Шардың да әдістерін ұғынған екен. Барлық басқа учаскеден Омаров өзгеше әдіс ұсынды. Бұның тапқан тәсілі комплекс әдісі. Өзгелер жерді ғана қарастырып, жер қазуды ғана бірыңғай әкетіп жатыр. Төсеніш тас олардың екінші қатарға қойған ісі. Көпір, дренаж олардың үшінші кезегінде. Бұндай істі олайша кезектету дұрыс емес. Қатар алып жүру керек. Әсіресе, Аягөздей көлігі әлсіз, кісісі ірікті емес ауданға сол қажет. Осылай болса жұмыс үстінде бір жан, бір көлік солпы қалмайды. Екінші, күрделі үш саты жұмыс кезек тоспайды. Бірі біткенде екінші ілесе істеліп бітуге жақын тұрады.

— Әйелдер көбінесе көлікке мінеді. Сөйтіп, іс тұтасқан машина жүйесіне ұқсап, барлық звенолар үнемі біріне-бірі байланысқан тұтас қозғалыста болады. Тек екі күдік бар.

Ең әуелі өзгелерше жер жұмысын пәлендей өндірдік деп, бір саладағы істің өзін дамытып, сонымен мақтанатын бола алмаймыз. Тіпті алғашқы бескүндікте біздің бір саладағы өніміміз көрнекті болмайды да. Бірақ бас штаб түбінде біздің әдісімізді қостайды. Жалғыз-ақ екінші қиындық, осы жолды үнемі шебер әдіспен аудармай жүргізу керек, — деген ұсыныс еді.

Ильиних салған жерден қуана қабыл алды. Бар қасиетін лезде түсінді. Имамбеков бірталай күдікті сұрақтар беріп барып, кейіндеп қосылды. Байлау осы боп еді.

Түстен кейін жұрт жұмысқа шығар алдында бригадалар, звенолар осы жаңа тәртіпке тегіс қанықты боп алып, өз кісілерін звеноларға жаңаша бөліп, жаңа тәртіппен басқара екшеліп шықты.

Технорук ақылы колхоздың тәжірибелі бригадирлері мен қарт стахановшыларына аса дұрыс көрінді. Бірақ шалағай бригадир мен бірталай жай колхозшы, айтқанды істегені болмаса, әлі ұғынып, ойланып болған жоқ еді.

Ендігі әңгіме бүгін озған колхозды дәл табу... соны көтеру.

Имамбеков кешке шейін тынымсыз жортуылға салып жүріп, грузовигін орталай толтырып, лом, кирка әкелді. Жұрт аспапқа енді тегіс жарыды.

Осы күн кешке шейін қимылдағанда, бұрын озғындап келген “Тегісшілден” “Жаңа нұр” колхозы анық озып шықты. Жақсыдан жақсы асқаны, жаңа топтың кеп басып озғаны бүгінгі күндер үшін ең қажет, ең қымбат жаңалық еді. Штабқа да, аудан жұртшылығына да тұяқ ілінетін тал табылды. Қарман. Ұстан. Ұста да өрле, өрлет, — деген сияқты аудан басшылығы үшін асыл табыс еді.

Осы күні кешке Аягөз колхоздарының өзара жарысы басталды. Барлық талап, жігер Қазақстанның жиырма жылдығына арналған тарту боп басталып, облыстың ауыспалы қызыл туын Үржардан жеңіп алу жолындағы шартшара боп аталып, бір колхоз бен екінші колхоз өзара жарысқа түсіп жатыр. Сөйтіп, осы кеште Аягөз ауданының барлық 25 колхозы айқыш-ұйқыш жарыс шарттарын жасасты.

Кеше аудан алды “Тегісшіл” болса, бүгін содан озып келген “Жаңа нұрды” өзге 23 колхоз ішінен омыраулап, басымдап кеп “Буденный” колхозы жарысқа шақырды.

Дәл жеңіп келіп тұрған жерінде шақырды да: “Шақырдық. Ал қарқыныңды бұдан да асыр. Бірақ сонда да біз жеңеміз, жетеміз де асамыз” деп, ашық, айқын еңбек сертін қатулана айтып тұрып, шартқа шақырды. Түн бола бергенде осы жарыс екпіні барлық бригаданы қармаған еді.

V

Сол түнде колхозшылар кешкі асын ішіп, ұйқыға бас қойған шақта ауданның тынымсыз штабы Николаевқа тартты. Имамбеков, Ильиных бас штабқа кеп: “Аягөз учаскесі Үржарды жарысқа шақырады”, — деп мәлім етті. Облыс штабының адамдары әуелі үндемеді. Аңырып қалғандай болды. Бастықтың орынбасары арықтау сұрша жігіт әрі сүйсініп, әрі азырақ күдік білдіріп:

— Жарыс — жарыс үшін емес, озу үшін ғой. Озамын дейсіңдер ғой, ә? — деп үміттеніп қарап еді.

— Ия, озбаймыз десек жарысамыз ба? — деп берік жауап берді. Имамбеков одан көрі шынын айтпақшы болды. Өйткені үй ішінде Үржар кісілері де, басқа жауапты адамдар да күлімсірей таңырқаған сияқты. Имамбеков одан көрі шынын айтпақшы болды. Имамбеков солардың жүздерін, кимыл-қабақтарын тез шолып өтті де:

— Озу іс нәтижесі ғой. Істі дамыту үшін, алдыңғы жақсы, мықты ауданға қарап өлшеспекпіз, — деді. Штаб бастығы бағанадан бері тартымды, байыпты пішінмен отыр еді.

— Осылай байлаған штабтарың ба? Колхозшылардың өзі ме? — деп сұрақ қойды.

— Колхозшымыз. Ең мықтысымен шарттас деп жіберді, — деп Ильиных тағы да қатулана сөйледі.

— Ендеше, сөз қысқа. Несі бар? Жасасыңдар, — деп штаб бастығы бір-ақ кесті.

Ильиных пен Имамбеков осы байлауды жасап тұрып, дәл сол арада Үржардың тағы бір жаңалығын есітті. Облыс штабы әр күні кеш сайын, сол күннің қорытынды ақпарын алып отырушы еді. Қазір, міне жаңа түскен хабарлар бойынша Үржарда Науменко звеносы барлық жол бойына тағы бір жаңа серпін көрсетіпті. Істің алғашқы мезгілдері ғой. Әзір қай аудан, қай колхозшы болса да мол өрісіне жеткен жоқ. Үміттің, талаптың көбі әлі алда екенін облыс штабы біледі.

Бірақ айнымай, аумай келе жатқан бір жаңалық, әсіресе, әрқашан осы Үржардың дәл осы комсомол тобынан естіліп отырады. Жол бойында ең әуелгі күндерде 150 процент берген солар. Одан келе 200-ге елден бұрын асырған солар еді. Енді бүгін, міне, 250 процент деген норманың жотасын көрсетіпті.

– Дамып, өрлеп, басып барады. Нағыз қайрат осы, – деп бағанағы сұрша жігіт қуана, сүйсініп отыр. Имамбеков Насуленконың мына хабарын есіткенде көз алдына еңгезердей, үлкен бір алыпты келтірді. Қолындағы ломы да кісі бойындай ұзын, білектей жуан көрініп еді. Ильинихтан “көргенің бар ма?” – деп сұрап еді.

– Көрдім, 19-20 жаста. Өзі және ап-арық, бойы да аласа, орташа ғана жігіт, – деді. – Бірақ жол бойының әзіргі жақсы лақабын туғызып тұрған ері сол.

“Екі жүз елу дейді”, Имамбеков еріксіз лоблып, ойланып қалды. Аяғезде әлі күнге, звено былай тұрсын, тіпті озық жеке колхозшының бірде-бірі де 200-ге жетіп көрген жоқ. Жетер ме? Мәлім де емес.

Штабта отырған жұрт бүгінгі кеште әсіресе “Шар” учаскесін мақтап жатыр. Жұртқа соларды үлгі ете сөйлейді. Ең әуелі штаб орынбасары Колесников жақсы басшылық еткен. Ұйыстыру ісі бұл күнге шейін ойдағыдай келген сол аудан ғана. Жер жұмысын жалпы меңгеруде олардың проценті өзге ауданның бөрінен артық. Сол себепті бүгін облыс қызыл туын штаб Шарға бұйырыпты. Көп дәлел, көп белгімен қорытып кеп берген, дау жоқ. Штабта отырғандар Шардың Завориевтей шоферін, Ахмеди Қиқымовтай колхозшы стахановшысын қатты мақтайды.

– Ахмеди ломмен тасты ұрғанда тау жұлыны солқылдайды деп өздері аңыз қылысады, – деді штаб орынбасары.

– Нағыз жұмыс балуаны. Денесінің өзі де үлкен күштің денесі. Бойы қандай. Жотасы, білектері де дәл батырдай, – деп штаб бастығының өзі де мақтай жөнелді. Шын сүйсінген екен. Әйтпесе осы жолда істеп жатқан бүгіл бір облыстың алты мың колхозшысының ішінен әзірше ешкімді бүйтіп мақтаған емес еді.

Шарт қағазға ертең екі жақтың бригада бастықтары да қол қоймақ. Бүгін штаб пен штаб кездесіп келісім жасап, шарт белгісінің барлығын атап, санап, қағазға тегіс жазысты. Екі

ауданның аузында да облыстың бар колхозшысы көңіліне алып келген бір ұран бар. Ол: “Қазақстанның жиырма жылдығына тартуымыз” деген ұран. Қазір шарттарының ең басында соны атасты. Барлық айтылар жайлар айтылып, енді қол қоярға келгенде Үржар штабының бастығы Романенко Аягөз жайын сөйлемей, бүгін облыс туын алып отырған Шар жайын сөйлеп, көңілін сол жаққа ғана салып отыр.

Қол қоюға да асыққан жоқ, Қолына қаламын ұстап отырып, облыс штабына зіл тастап:

– Көшпелі қызыл ту Шардікі емес, біздікі еді. Біздікі болмаққа керек еді. Бірақ өкініш жоқ, Біз Шардан аламыз. Келесі бескүндік емес, келесі он күнді бізге есептей беріндер, – деді.

Облыс штабының бастығы күліп жіберіп, қолын сілтеді:

– Жарайды. Романенко, әуелі мақтауыңды кеміт.

– Мақтан емес, әділет.

– Оның рас болса, он күнге алам дейтінің қалай? Он күн ұстайсың да айрыламысың?

– Аягөзге беру үшін алмақ қой, – деп штаб орынбасары көзін қысты. Имамбековке жаққан сөз осы еді. Күліп жіберді.

– Одан да мына шартқа қолыңды қой. Мақтанба, тәртібінді, басшылығыңды күшейт. Әйтпесе мына Аягөз шын жеңіп шығар. Сонда сөйлесерміз, – деп штаб бастығы қатты күліп алды да, Ильиных пен Имамбековке қарап:

– Сендер, бұның учаскесі жеткізбейді екен демендер. Комсомолдары жақсы. Шын батырлар... Ал бірақ ауданның көпшілік бригадаларын сол алдыңғы қатарына қарай көтеріп, созуға жарамай отыр мынау штаб. Алды жақсы... Бірақ арты ше? Арты мәлім. Қысқасы, сенімді болындар, қимылдандар, – деді.

Шын көмек сөз осы еді. Бірақ Ильиных пен Имамбеков Үржар штабының жаңағы кеудесін ұмытар емес. Бұлармен шарттасқалы тұрып, жай бір балаға қарағандай қарады. Жарысқалы тұрған Аягөзді бірде-бір аузына алмай, кіжінгені Шар.

Аягөзге Шар әзірше асқардай көрінсе, мынау жақын көршісі, жарысқа түсіп отырған көршісі сол Шардың өзіне де мұрнын шүйіре қарайды. Омырау болғанда, естен кетпес омырау еді.

Осы көрген жайларын Ильиных жасырмастан колхозшылардың бірталайына айта келді. “Жарысатын аудан

осал емес. Облыстың алдын алғалы отырған аудан. Жауаптылықты біздің колхозшының бәр-бәрі толық түсінбесе, тегіс серпілмесе сын үлкен”, – деген ескертулер айтылды. Қатты да, толық та айтылды.

Шартты жариялағанда колхоз жиыны осы жайларды біле отырып:

– Үржар күшті. Бірақ күшті болса болсын, біз қалыспаймыз, тіпті жеңеміз, – деп байлау жасасты.

– Осы, барлық Аягөз колхозшысының серті. Соны да жариялаңдар. Тіпті Үржар еститін ғып жариялаңдар, – деп Атаманов пен Сқақов қосымша ұсыныс кіргізген.

Айтқандай, Ильиних осы түнде құрылыстың орысша-қазақша шығатын екі газетінің басқармасына телефонмен жаңағы колхозшылар сөздерін тегіс айтып, жеткізіп берді. Таңертеңгі газеттерде Аягөз, Үржар шарты шығумен қатар, екінші учаскенің өзгеше өктем, қажырлы серті қоса жазылған екен. Үлкен қарыппен қалың басылып, нағыз сенімді, серпер сөз боп шығыпты.

Колхозшыларға бұдан былай, алдыңғы күннің есебін, келер күні таңертең жариялап отыру дұрыс делінген еді. Сол ретпен үгітшілер бар бригадаға үлкен шарт жасалар күнгі қимылдарын дәлдеп айтып шықты.

Ильиних, Имамбеков, Омаровтар бұл ақпарға қатты көңіл бөлген еді. Қазіргі есеп кешегі, алдыңғы күнгі есептерден асып түсіпті.

“Жаңа нұр” мен “Тегісшiлдiң” қатарына ендi “Жаңа ай”, “Елтай” барып iлесiптi.

Жеке стахановшыларды алғанда кешегі 150 процент өріс емес. Омаров пен екі десятник қуанып келді. Мынау есепте қазір үш бригаданың ішінен 200 процентке жеткен жігіттер де болыпты. Ильиних сүйсінгеннен қып-қызыл боп кетіп, күліп жіберді. Ақпарды қайта-қайта қарап өтті. Анық. Алғашқы үміт туды білем.

Бас штабтан келген бүгінгі газеттерді қарап Аягөз сөзін оқыды. Сенімді үнмен қатуланып тұрып, дауыстап, зілдеп оқыды. Жаңағы ақпар тірегі еді.

Үржар мен Шардағы мықтылардың, сенімділердің мына газетті күлімсіреп оқып тұрған пішіндерін көз алдына келтірді. Бірақ қысылған жоқ.

Жол үстіне келгенде, колхозшылардың тағы бір жаңа, жақсы хабарын есітті. “Жаңа нұр”, “Елтай”, “Жаңа ай”,

“Маркс”, “Калинин” колхоздары бүгін ең алғаш рет технорук, десятниктерге ояттырмай өздігімен тұрыпты.

Имамбеков жеке колхозшылардан бастап, барлық бригадир, десятниктерді тегіс адақтап, жұмыс қарқынының енді қандай олқылығы, жетіспегені барын сұрастырып еді. Ол қазірде азықты ларекті, ас пісіретін үй, ошақты, аспазшы әйелдерді тегіс қолға алып ретке салып жүр. Есепті тәртіпке салу ретінде десятниктерді де шоқтай үйірді.

Колхозшылар алдыңғы күн есебі бүгіндей, ертемен айтылып тұрғаны жақсы екен десіп еді. Ильиных пен Имамбеков енді үнемі осылай етіп тұрудың бар шарасын істеді.

Қару-сайман кеше тегіс жететін болған. Енді сөйтіп көрнеу олқылықтар, алғашқы күннің тәртіп таппаған қарбалас кезіндегі олқылықтар азайған тәрізді. Бұған байланысты болса өндіріс, іс өну керек. Бірақ өңгіме жалғыз онда емес. Әлі де тегіс ашылып, айқындалып болмаған бөгеттер бар. Мысалы, жұмыста әйелдер көп. Олардан еркек қайратын үнемі күту қиын. Ендеше, бұлар күшін ретпен пайдалану, тиісті орнына қою бар. Тіпті олар ғана емес, еркектер ішінде де шабан, шардақ жоқ емес. Оның да бабын тауып пайдалану шарт. Өнімдерін сол жөнмен арттыру бар. Көп колхозшы әлі істің қарқынын тапқан жоқ. Ауыр жатыр. Мезгілімен жұмысқа тұру да көңілдегідей емес.

Әсіресе, іс басында санаулы күшті саралап салу, жақсы мен нашардың парқын айыру, есебін дәлдеу малтығып жатыр.

Омаров бүгін күні бойы осы жағын реттеумен болды. Ең әуелі көп бригаданың адамдары жер жұмысында бір араға топырлап, біріне бірі қақтыға беретін бопты. Сондықтан звенолардың және жеке стахановшылардың дәлді нормасын табу қиын екен. Бүгін Ильиных, Омаров, десятниктер болып звено мен звеноның жігін анықтап ашуға кірісті. Омаровтың ұсынған әдісі бойынша әр звено өз үлесін біледі. Жер жұмысындағы үлесі екі күнге өлшеніп қада қағылып, жіп тартылып, өлшеніп берілетін болды.

Аудан бригадасының барлығына бір сәтте бұны істеп шығу қиын еді. Сондықтан осылай, өлшеулі тәртіп алған бригадалар Омаровқа дән ырза болды... “Енді осы іс біткенше, қозы-қоспай жасамай, әр күннің ісін тек осылай

кесіп, пішіп қана отыршы”, – деп сол арада тілек етті. Бұндай тәртіп жете алмаған бригадалар, шіреті келгенде:

– Бізге де соны ғана жасап берші, – деп асықтырып еді.

Омаров осы тәртіпті енгізумен қатар әр звенодан әлсізін, әйел жағын бөліп алып, звенолардың өзін де жаңаша екішеді. Колхозшыларға Омаровтың бір ырза болғаны – тәртіп жөнінде жаңалық тапса, қатты бейілденеді екен. Және кімді қалай жұмсаса да тілінен, ақылынан мойын бұрып, жалтаратын жан жоқ.

Звеноларды іріктеу арқылы Омаров кешелер айтылған екінші саты жұмысқа, ұсақ тас әзірлеу ісіне де талай адамды екішеп алды. Оған барған екі алуан адамдар. Біреулері тас үйегін қайратты жігіттер де, екінші тобы көлікке мініп, жол бойына ұсақ тас таситын әйелдер. Бұған әйелдің көбін бригадирлер оп-оңай шығармақ еді. Бірақ талай бригадада Бизат Тайлақбаева сияқты, Солтанбекова сияқты қайратты әйелдер шығып, еркектермен қатар жер жұмысын істемек боп қалды. Олар әлсіз дегенді намыс еткен, өз күштеріне нық сенген және колхоз далаларында талай еркекті қанжығаға ұрып, байлап жүрген еңбек ұсталары еді.

Омаров бұлардың өз тілегімен қалуын құптаса да, бригадирлер мен десятниктерге айрықша тапсырды.

– Әйелдерге лом ұстатпандар. Ауыр тиер. Қазылған жерді күресу сияқты көп іс бар ғой, соған бейімдендер, – деген.

Омаровтың осы сияқты көп күн ойлап жүріп, бүгін кеп енгізген жаңалықтарын учаске бойында құптамаған кісі болған жоқ. Ендігі бір жақсылық бригададан бригаданың, звенодан звеноның, тіпті жеке колхозшының өзге, қасындағы колхозшыдан айырмасын толық тануға болды.

– Ал жақсы кім, жаман кім, енді ертең-ақ маңдайы жарқ ете түссін.

– Осында біреудің табысына біреу масыл боп жүрген бар.

– Тіпті бір тәуірдің ығында бірнеше ынтасыздың жүргені де бар.

– Өзі, тәйір, аш иттің артын сұқ ит жалайды деп, кісі бір қолды екі ете алмай жүргенде, тек сонау масыл билер аулақ боса екен, – десіп, талай ынталы колхозшылар әлденеше ішкі жайларды нұсқап өтті. Штаб ебін тапқан күні осындай, әзірше бүркеулі жүрген шалалықтың да үстінен түскен еді. Бар жайды естіп, ұғынып жүрген Ильиных Омаровқа іштей

ерекше ырза боп, колхозшылар көзінше де жасырмастан оны мақтап жүріп, келер күндерге бірнеше жаңалықтар жобалады. Бүгінгі оң тәртіптен туатын жаңалық еді.

Осы күні сол тәртіп толық жеткен колхоздарда норма анық көтерілді. Әзір бұл топтар көрмеген 115-120-130 проценттердің құлағы көрінді. Ертеңгі күн мен одан соңғы үшінші күн осы тәртіптің бар учаскеге толық жетіп, жаңа әдіспен аяқ басқан күндері болып еді. Үшінші күннің қорытындысына Атаманов, Солтабаев, Сқақовтардың жекелеген звенолары 200 процентке анық жетіп, дамып бара жатты. Толық санап келгенде, стахановшылардан бөлек жиырма шақты кісі сол 200 процентті тағы беріпті. Тас тасуға әйелдердің нормасы да анықталып болған еді. Олар ішінен де 150,180 процентті қармағандар айқын көрінді.

Сөйтіп, Үржармен шарттасқан кештен соң төртінші күнде түскі үзіліске колхозшылар қайтарда, штаб анық қуанышты үміттің шын-ақ шетін көрді. Бүгін он шақырымға созылған салқар көш бойында ең алғаш рет барлық бригада лом, кирканы бірдей соғып тұрған тәрізденді. Арба атаулы да конвейерден бірқалыпты тұтас қозғалды. Өгіз екеш өгіздер де Үржардың атпал өгіздері бар екен деп, әлсізбін деп іркілген жоқ. Учаскенің үлкен тәртіпті ритміне жай, байыпты, сенімді аяңмен кеп анық кіргендей еді.

Сол күні кешкі есепте қалың топтан үндеп шығып 220-240 процентке жеткен ерлер де пайда болды. Көпшілік селі анық қозғалды. Ауыр, баяу басса да, шын жылжыды. Рас, Ильиных біледі, әлі артта қалғандар бар. Аз да емес. Учаске табысы дөңгелек емес. Үржардың міні сол демеп пе еді бас штаб? Төс табандап күш салатын солар. Тек бір жақсысы, енді олар ауданның дені емес, кемі... Соның өзі әзірше жұбаныш. Омаров, Ильиных болсын, Имамбеков, үгітшілер болсын, барлығының да ең алғаш рет түс көрмей тыныш ұйықтаған түндері осы бір жарық айлы, желсіз, тыныш салқын түн еді.

VI

Ертең тұрысымен Ильиных дағдылы жұмыс желісіне, жол бойына келді.

Бүгін штаб болып, тегіс қолға алмағы шабан бригадалар, шалағай звенолар еді. Үш-төрт жерде сондай ойсырап жатқан

олқылық бар. Рас, “олқылық” деген өнімсіз істің жалпы аты. Әр жерде, әр кезде естілетін жаппай сөз. Мынау қауырт жұмыс үстінде оның көрінеу пішіні, қомақты қалпы бар. Ол аз санды процент қана емес. Дәл аты “төртінші, бесінші” дегендей бригадалар. Итемгенов, Әуесенова деген сияқты бригадирлер. Аттары жақсы, нәрлері төмен колхоздар.

Ильиных Омаровты ертіп, ең әлсіз бригаданың бірі Итемгеновке келіп, сол өзгеден ерен шабандықтың себебін тексерді.

Итемгенов өзі дені сап-сау, жасы жас, бет пішіні сұлуша келген боз көздеу жігіт. Түрі мен сөзінде әдейі, қастан ниет ойлар кісі емес. Бірақ бұның тұсына келе бергенде Ильиныхтың байқағаны, өзі жұмыс істемей, тек қана үйілген топыраққа бір жамбастап, жантайып, тыныш жатыр екен.

– Немене, Итемгенов, осы жерді қыстайтын болдың ба? – деп Ильиных бригадирдің бас-аяғын шолып өтті.

– Қыстап неге қыстайық.

– Жоқ, сен қыстайтын бопсың ғой. Цифрдың бәрі соны айтып жатыр. Өзің ғана емес, сен бүкіл ауданды елдің артында қалдырып, осы Шар бойында, балаған астында жатайық дегенсің ғой.

– Жұмыс бітеді, мезгіліне бітеді.

– Өзің жұмыс істеймісің, соны айтшы?

– Е-е, оқтын-оқтын істеймін.

– Сирек істейсің ғой. Неге бүйтесің бұл?

– Бүйтетінім, колхоз бастығы екі есеп күн жазбайсың, бригадирлігің үшін есеп күн жазамыз, сол жетеді деді. Сонымен осы бригадирлік міндетін ада қып жатырмын.

Ильиных өзге бар бригадирдің байлауымен, сол байлауға лайық істерін айтты. Итемгенов ойланса да, ұялса да:

– Ендеше, біз де істерміз. Көрерміз, – деді.

Омаровтың байқаған кемшілігі бұл ғана емес. Итемгенов әнеугі бөлінген кісілерді де былықтырып, өзінше ауыстырып жіберіпті. Технорук ыза болды.

– Жә, өзгең өзге, бұл көп кісінді дағдылы жұмысынан ауыстырып жібергенің не? Әр жұмысқа бір түссе, төселгенше өнімі азаяды дегеніміз қайда?

– Төселіп, қайсысы осының осындай жұмысқа жаттыққан дейсің?

– Өзің жол бойындағы тәртіпке бағынамысың, жоқ күнде өз жаныңнан жол салып, былықпаймен өтемісің?

– Былықпайы несі? Көлікті әйелдер жүргізе алмады.

– Сонда жер қазатын мықты жігіттерді көлік айдауға саласың ғой?

– Тасқа салған жігіттерді кезектеп ауыстырып отырмаса тағы болмайды, – деп Итемгенов шын былықтырып, барлық Омаров орнатқан тәртіпті өзінше күнде бұзып, қозы-қоспай қып қойыпты. Ұғындырып, көндіріп, алғашқы тәртіпке салу, көптің ізіне келтіру оңай болған жоқ.

Бұдан соңғы бір бригадир Әуесенов. Оның дерті өзіне басқа. Бұл колхозшының қамын ойлағанда, ылғи ларекті айналдырады. Сонда нәрсе түсе ме, не түседі? Құр қалмай ма? Андитыны, ойлайтыны осы.

Сырт сылтауы колхозшылардың нанын алу, көбінше арқасына мөшегін салады да, нан келетін жерде, көлеңкеде мең-зең боп тұнжырайды да отырады. Штаб кісілерін, немесе үгітшілерді көрсе:

– Қазір жұрт жұмыстан қайтады. Бұ нанға не болды? Кешікті ғой. Колхозшы мезгілімен асын іше алмай қалмаса игі еді, – деп қатты қынжылған кісі боп отырады. Ал нан келсе, соны өзі тез бара қойып алуға тағы асықпайды.

Өзі ғана емес, бұл:

– Ларекке бұл түсетін көрінеді, шай келеді білем... Құр қалмайық деп жүрмін, – деп бригадасына қайтқанда колхозшыларды да алаң қылады.

Осындай жұрт бір сәрі, ол бір сәрі боп жүретін тағы бірнеше бригадалар бар екен.

Сондайдың бірі, бүгін үгітші Көппаев байқаса, жұмыс уағында тобылғы түбінде ұйықтап қалыпты. Бригадирдің өзі стахановшы еткізбеген тәрізді.

Жол бойын аралай келе Ильиных осындай шала дүмбілез күйді бірен-саран коммунистер жүрген бригадadan да байқады. Аса қатты күйдірген осы еді.

Ильиных түндегі тәтті ұйқы енді қайтып оралмастай көрді.

Қызарып, қиналған жүзінде сары кірпігі біржолата ағарып, оңып кеткен сияқты.

– Жауапты коммунист отырған бригада артта қалған, не сұмдық? Не ойлап жүрсіндер?.. Сендерге де үгітші, айдаушы керек пе? – деп Ильиных бұл кісілерді қатты қысты.

Ашу мен намыс шынымен қатты жарылатын кезін тауып еді.

Жауаптары жауап емес, құр мінгірлеуге түскен екі коммунистердің өзі де жаман қысылды. Бригадирдің әлсіздігін сылтау етпек еді – оны да жариялау, жарыққа салып түзету осылардың міндеті екені айтылды. Ап-айқын, жалтарар жер жоқ. Ақыры бұлар үндемей, жеңіліп, көндіге бастап еді. Бірақ Ильиных оңай тоқтамақшы емес. Итемгенов, Әуесеновтер өзді-өз бетінде жекеше шаралар қолдануды керек етсе, мыналардың жайын бос қалдыруға болмаушы еді.

Осы күні түсте Ильиных бар колхозшының жиылысына салып, жаңағы адамдарды үлкен тезден өткізді. Ол ғана емес. Жұрт алдында әйгілеп аямаудан басқа, қабырға газетіне жазғызып, штабтың баспа газетіне де шығармақ болды.

Бұл адамдардың өрескелдігі барлық комсомол жастар мен партия мүшелерін ерекше сілкіндірген еді. Сқақов олқылыққа комсомол жауабын білдіру ретінде өз звеносына союзда жоқ екі жасты алды. Стахановшы коммунист бригадирлер 250 процент орындауды өздеріне серт қып қойды. Бұл жиылыс аудан бойындағы көп кірбеңді ушықтайтын, жігер мен намыс жиыны болды. Реніш, ыза, намыс үні қатты шықты. Кімді болса да аялап, сипап сыйламайтын турашыл, әділ жиылыс еді. Осы күнге шейін колхозшының, бригаданың бәріне сезімтал емшідей, үйіріліп оралып, майда кеп жүрген Ильиных бүгін партияның жігерін де, нық бекем бетін де көрсетті. Жалғыз Ильиных емес, жалпы стахановшы колхозшылар атаулы да тегіс. Олар арасынан Сұлтанбеков, Атаманов, Тайлақбаевалар тегіс күйінген ашу сөздерін айтып еді.

Сол ажарды көрген Итемгенов, Әуесеновтер өз жайларын көп талқылауға жіберген жоқ. Шыны қатты өкініштерін, ұялғандарын айтып еді. Жиын артынан Ильиных, Имамбеков, үгітшілер боп тегіс жұмылып баққаны артта қалған бригадалар болды. Ақсақ қой айдағандай артқыны көтеріп, тым құрыса ортаға ілестіру, сонымен көптің қозғалысын қауырт, тұғас, қомақты жорық ету аса зор мұрат еді. Өзге ауданның олқылығы сонда. Ісін комплекс жолмен, өзгеше жүргізіп келе жатқан Аягөздің ендігі бірнеше күн бойында төс табандап жабысқаны осы. Ұйқысыз, тынымсыз қиын күндер туды.

Қатқан қабак, жүдеген жүз, ащы тер тегін өткен жоқ. Он шақырымдық жол бойы, қатары түзік, шебі берік қатулы қолдай болды. Омаровта, үгітші атаулыда, барлық штабта бұл күндерде сөз азайып, қатты бір қабыса жабысқан, түйіле төнген қайрат зілі бар еді. Осы күндерде жол жотасы да ұзақ жерлерде білеуленіп, дүңкиіп көріне бастады. Тастақ сар жонның мәңгі-бақи іс көрмеген ту жотасы, оқтай түзу қызғылт жолды арқасына қондырып келеді.

Бұл күндердің есебі де облыс штабының алдына соқталы цифрлардай боп жетіп жатты. Екінші учаскенің жол сорабы сар жотаға білеуленіп созыла түсумен қатар, колхоз-колхоздарының проценттері де дөңгеленіп үдеп келе жатыр екен.

Облыс штабының бастығы соңғы кеште Аякөз колхозының ақпарларына көп қадала қарап, өзге учаскелердің цифрларымен қайта-қайта салыстыра бастады.

Бұрын бірен-сарандаған жақсы стахановшылар цифрлары ғана көз тоқтататын болса, енді, міне, тұтас колхоздар ырғып өскен сияқты. “Жаңа нұр” – 160-170, “Молотов” – 169, “Елтай” – 169, “Сталин” – 140-150, “Тегісшіл” – 165-170 процент. Соның арасында Сқақов комсомолдың бригадасы 209% бопты. Кейбір жауапты коммунистер отырған бригадалар әлсіз екенін облыс штабы да қатты зерттеген. Штабта бір кеш бойында бұл жай үлкен өрескелдік, ерсілік боп сөйленіп еді. Бірақ ол ақпарға облыс штабының анық көзі түскен кез, ана жігерлі жиылыстан екі күн өткен соң болып еді. Бұл уақытта ол екі коммунист тыным-тыныштықтан, сылбыр салақтықтан әбден арылған болатын. Өз нормаларын секірте үдетіп кетісіп еді.

Осы күндерде Аягөз учаскесінде жер жұмысын аяқтауға жақындап қалған колхоздар тағы көрінді.

Өзара шарттарын желпінте қоздырған алдыңғы бригадалар жер жұмысын тегіс-ақ кеуделеп келіп қап еді. Жол бойында көпке мәлім күн межесі 35 күн болса, мына қарқында Аягөздің колхозшылары ол күндер санын қатты кемітетін тәрізі бар. Соны Имамбеков, Омаровпен ақылдасып, екшесіп алған бір колхоз барлық бригадаға тың сөз тастады. Үржардан озудың шарасы осы деп, бұл колхоз барлық істі 25 жұмыс күнінде бітіреміз депті. Кеш бойы отар-отарларға, үгітшілер мен бригадир, стахановшыларға

бұл сөз қатты қызу берді. Учаскенің өктем қауымы, бар бригадаларды осы талапқа шақырыпты.

Облыс штабына бұл сияқты екпін әзірше өзге учаскеден естілмеген сарын еді. Осының ертеңінде “Жаңа нұрда”, “Молотовта” тағы бір үлкен тасқын туды. Жақсыбаев, Өтейленов, Атаманов үшеуі күндік нормаларын үш жүзге жеткізіпті. Үшеу-төртеу ғана болса да, шын үлкен құлаштың сермегені көрінді. Рас “үш жүз” бұл күндерде, барлық жолды алғанда, бүгін ғана туып отырған жаңалық емес. Осыдан төрт күн бұрын ең алғаш Үржарда Науменко берген норма болатын, “үш жүзшілер” деген лақап бар учаскеге стахановшының жаңа сапа, жаңа өрісінің аты боп аталған-ды. Науменкодан соң екінші боп “үш жүзші” атын алған Шарда – Ахмеди Қиқымов. Солардан екі-үш күн кейіндеп шықсын, бірақ, міне, енді Аягөз учаскесі де өзін “үш жүзшілерін” айқын атай алады. Екінші серпін “Қара күнгей” жер жұмысын бітіргелі отыр. “Қазақстан”, “Маркс” колхоздары да бірінші июнге бітімек болды. Осы хабарлар “үш жүзшілердің” санын соңғы екі күнде тез көбейтті. Намыскер жақсы бригадирлер екілене басты. Тағы бірер күн өткенде, июньнің біріне жетпей-ақ “Буденный” колхозы жер жұмысын бітіріп шықты.

Омаров “Буденныйдың” аз кісісін тас жұмысына қалдырып, артық адамдарын артта қалып келе жатқан “Киров” колхозына көмекке ауыстырды. “Буденный” стахановшылары жауланып, өрлене басып, көмекке көңілдене кірісті. Ертеңіне “Тегісшіл” мен “Елтай” да бітірген еді. Олар да өздері сұранып көмекке барды. Облыс штабы енді Аягөзге ертеңді-кеш қадала қарап, үнемі хабардар болатын болды. Ильинихты бұл соңғы қайнар күндерде қатты үміттендірген бір нәрсе: жақсылық бір жерден, бір топтан ғана шықпай, қауыртқа айналғанында еді. Шынында жақсы бригадир, жақсы колхоз, жақсы стахановшы алғаш күндерде санаулы ғана болса, енді әрбір түскі үзіліс, әрбір есеп кеші тың адамдардың атын әкеледі. Тың звеноны оздырады. Бұрын сирек аталатын колхозды жарқ еткізіп бір-ақ мәлім етеді. Ильинихтың өзіне олар мәлім болғанмен, облыс штабының көзіне Аягөз жақсылығы осылайша, бірінен бірі асқан, будақ-будақ шығып жатқан, ұмар-жұмар жарысқан үлкен көшкін, игілік көшкіні боп көрінуге керек еді. Шынында облыс штабының адамдары Имамбеков, Ильинихқа бұл жәннен көп сұрақ беріскен.

– Анау колхоз естілмеуші еді. Пәлен звено аталмап еді ғой. Мынау “үш жүзші” қайдан оқыс шыға қалды? – десіп кеп: “өздерің күшінді ішіңе тығып кепсің-ау. Жақсы сырды енді аша бастадыңдар-ау”, – деп, ендігі кездескенде ұдайы қуаныш шырайымен сөйлесе бастаған. Ильиных бұндай кездерде әлі күнге аз сөйлейді. Ішінен ғана “біздің іс сөйлесін. Бұлар болса өздері тауып, өздері айта берсін” деп ойлайтын. Облыс штабының Аягөзге соңғы күндерде ерекше бой тарта беретін, бұл учаскені соншалық ыстық көретін бір себебі тағы бар. Онысы тас тасу ісінің өзге учаскенің бәрінде олқылықта қалғанынан болатын. Барлық 136 километр бойында жер жұмысы бірыңғай жалаң кетіп, екінші кезектің ісі шабандап қапты. Оны мезгілінде аудан штабтары да дұрыс ескермеген. Екінші іс болады деп облыс штабы да қымқырмаған еді. Сол жәй бұл облыс ісіндегі ағаттық екен. Жер процентін ғана ойлаумен, бірыңғай цифрларға тояттаумен босандатып алып еді. Қазір, бүгіндер келген республика газеттері осы жадағайлықты мінеп сөйлепті. Енді асыға қамтитын тас жәйі еді. Барлық учаскенің ішінде осы қам жалғыз Аягөзде ғана ойдағыдай боп шықты. Осыны облыс штабы бүгін кешкі өндіріс жиылысында мәлім етіп, ең алғаш рет Аягөзді барлық учаскеге үлгі етті. Комплекс әдісі мәжілістің жекеше, оқшау сөйлеген сөзі болды. Омаровтың, Ильиныхтың, Имамбековтың аттары енді мықты, тәжірибелі, бекем басшылықтың атындай аталды.

Осы жиыннан Ильиных, Имамбековтер қуана, күлісіп, қатты сөйлесіп лаулап қайтты. Өйткені “облыстың ауыспалы туы енді кімдікі?” деген қорытынды сұрақта, атап айтыспаса да, Аягөз аты ауызға алдымен ілінгелі тұрған ат сияқты еді.

Алдыңғы күндер, екі-үш-ақ күндер шешеді. Кешегі жарымжан, дімкәс, әлсіз көрінген аудан, жерін жердей, тасын тастай әзірлеп, өзгелер бастамаған істің қырық процентін қоса бітіргелі отыр. Озғын табыстың әсем көрінісі көз алдарында алқызыл тудай көлең қағып, “мен сендік” деп тұрған сияқты еді.

VII

Осы күндер тоғызыншы учаске деп аталатын Шар учаскесіне қайнар қызу күндер болған. Облыстың қызыл

туын елден бұрын алып, жақсы келген Шар, қазір үлкен қысталаң үстінде.

Облыс штабының мәжілісінен қайтқан Колесников күдік айтып, қысылып келді. Кешегі күндер қуантқан, мақтандырған жеңіс туы, енді бүгін екі талайда. Алдағы аз күн – сын күні. Өзге тоғыз аудан сияқты, Шар да тас жұмысын кешендетіп алыпты. Табыс бар, жер жұмысы жақсы. Бірақ ол толық табыс емес, жалаң, жадағай десті. Айтар дау жоқ. Колхозшылар біледі, солай екені рас.

Қысқа, қатаң мәжіліс аудан штабына бригадирлерді топтап ап, асығыс қамға жұмылдырды.

Қайратты, берік, ішкіл Колесников:

– Ендігі бар сын таста. Барлық берік бригадалар, сенімді стахановшылар топ-тобымен тасқа түссін. Жол үстіне тасып жеткізу шапшандасын. Аз күн ішінде тас әзірлігі жол үстінен көрінетін болсын. “Шар” шарша істесін. Ер қарқынын табатын бригада мұршасы жетсе, он күнді азайтып бақсын. Әлдеқандай ауданша малтықпасын, – деді. Бар жиынның қорытынды сөзі осы еді. Бұл онкүндік норма жарияланғанда, осы қауіптің болатынын сезіп, колхозшылар тегіс-ақ құлшына құлаш ұрған еді.

Ауданның “үш жүз” нормалы айнымас мықтысы Ахмеди Қиқымов қасына бес кісі алып, Қызылжартасқа түскелі бірнеше күн болған. Бригадирі өзі. Қатты сенімді серігі колхоз шофері Заборуев болатын.

Бүгінгі жиыннан Ахмеди намыстанып, қиналып шықты. Талай жүз кісінің ішінен басы асып, кең қапсағай иығы жардай боп көрінетін Ахмеди шынымен-ақ еңбекпен туысқан жан еді.

Үлкен, жалпақ келген қызыл күрең жүзінің қас-қабағы ерге біткен. Бет маңдайында азырақ шұбары бар. Етті келген, салқын қабағының астынан отты қара көздері жарқырайды. Кімді кінәларын, неге күйерін білмей дағдарады. Бірақ әңгіме кінәда емес, екіталайдың үстінде қалған асыл туда.

Ахмеди онкүндік тас нормасын аларда, Колесниковтен қысылшандық жайды әбден есіткен еді. Сондықтан дәл бүгін емес, ең алғаш тасқа кіріскен күннен-ақ таң сәріде тиіскен. Норма үш жүз ғана емес, одан да асып еді. Қызыл тудан айырылу қаупі бар деген сөз Ахмедидің қатты айдаушысы болды. Содан бері тыным-тыныштық кеткен, түс-қабақ түйілген-ді.

Ер денесі қайратпен қатып, бұлшық еттері мықты машинаның ұршығындай зырылдап, дамыл алмай тұрған күндер болды.

Маңдай тері тамшылай тұрып, үлкен ломмен қызыл тасты ұрғанда, жан-жағына ұшқындап от төгіледі. Қатар тұрған өзге тасшыларға шынымен тілсіз қара тастың жұлын жүйесі солқылдағандай көрінеді. Ахмеди құлатқан тастарды Заборуев шофер де тынымсыз тартты. Жол үстін бұл екеуінің бригадасы тасқа тарықтырмауға айналып барады. Өзге шоферлермен салыстырғанда, Заборуев нормасы да үш жүзден әлдеқашан асып кеткен. Осы жол бойында шоферден шыққан көп екпіндінің маңдайалды, көпке мәлімі осы Заборуев. Бұл екі стахановшы тізе қосқанда, Шардың ауып бара жатқан жүгі недәуір көтеріліп, қайта түзеліп қалған тәрізденді.

Онкүндік норма он күнге барған жоқ. Ахмеди мен Заборуев үлкен нормалы тас жұмысын қатты жапырды. Екеуі бұл ұзақ жол бойына жаңаша бір еңбек ертегісін тудырды. Он күн нормасы дәл алты күнде сап болды. Бұл екеуіне Колесниковтың алғысы да, қуанышы да зор. Бірақ өзге, барлық бригада ілесе алмады. Шардың бөкесін басқан тас олқылығы түгел арылмады. Ту, әсем ыстық қымбат ту екі-үш күн үстінде. Іштері біледі, тілдері батып айтыса алмайды.

Көкпектінің түні салқын, аспаны ашық. Бірақ сол ашық аспанда, алыста, көкжиекте ойнап шыққан шоқ бұлттай Аякөз деген бір тынышсыздық бар. Соңғы екі күнде тіпті жақындап, молайып, ту үстіне төніп бара жатқан сияқты. Бұрын алыстағы Аякөз аядай болымсыз ғана бір күш болушы еді. Соның жайын бас штабтан келген кісілер айта бергенде, Колесников ыза боп тыңдаушы еді. Ахмеди де қолын сілкіп, қабағын түйіп, мойнын сыртқа сала тыңдайтын.

Дәл осы күндерде Үржардан да амонналдар зеңбірегі жиі-жиі топ атып тұр. Лом, киркалар да көп, көк азудай құшырлана соғылып, тау кеудесіне қарш-қарш шаншылып жатыр еді. Науменко звеносы барлық Үржардың комсомолын артынан ертумен қоймай, енді союзсыз жастарды да өз қатарларына ілестіріп өрлетіп келе жатқан. Барлық Үржар жастары қолдағы қаруларын қайнай, ойнай соғып өктеп-ақ тұр. Науменконың дәл өзі әлі күнге дамудан іркілген жоқ. Кешегі күні жиырма үш кубометр норма беріпті. Орташа көптің межесі алты кубометр болса, мынасы соны

төрт орауға жақын еді. Бұл еңбек “мені қайтіп елемейсің, менен қайтіп аттап өтесің?” деп тұрған, өзі де бір тудай еңбек еді. Бірақ Үржардың көпшілік топтары бұл қатардан алыста. Әсіресе кейбір артқы топтары қамшыланбай, қымтырылмай, бар ауданды бөксе басты қып жатыр.

Сөйтіп, Көкпектіде өктеген – Шар, Қаражалды өрлеген— Үржар, ақыр аяғы цифр-ақпар тіліне еріксіз көнетін болды.

Июньнің басындағы бес күннің бар белгісін қорыта келе облыс штабы ауыспалы Қызыл туды Аягөзге бұйырды.

Жол құрылысына орталықтан көмекке келген таңқы мұрын қараша жігіт Шар колхозшыларына әрқашан жарқын жүзбен келуші еді. Қай бригада, қай звено болсын бәрін де аты-жөнімен тегіс біледі. Жұмыс жөнін айтам десе, кемшілік мінді де дәл тауып, тап басып айтатын. Қай әңгімені болсын, сазарып, томсарып айтпай, әзіл араластырып, тапқырлық күлкі сөздер қосып айтушы еді. Жол үстінде жұмыс түйілдірген қабақтарды жадыратып ашып, күлдіріп, сүйсіндіріп кетуші еді. Колхозшыларға да, аудан штабына да келген сайын сөйтіп дем беріп кететін.

Бүгін ең алғаш рет сол жігіт жайсыз хабармен келді. Қызыл ту Аягөзге кететіні анық. Соған кепті.

Бұның машинасы жол жағалап келе жатқанда Ахмеди жұмыстан босап, үнсіз тұр еді. Қараша жігіт тоқтап, Ахмедиді өзінің қасына шақырып, машинасына отырғызып аудан штабы тұрған Бөкен қаласына тартты.

Жолшыбай Ахмедидің жүзіне бетін бұрып қадала қарап отырып, Қызыл тудың Аягөзге баратынын айтты. Ахмеди бір сәтте қап-қара боп түтігіп кетті. Үндей алмай, қатты демігіп, машинадан түсіп қалғысы келген кісі төрізді. Жаман, суық хабардан қайтсе құтыларын білмегендей. Он күндік норманы алты-ақ күнде бітіріп келгені кеше ғана еді. Бүгін қарсы алдынан шығып тұрған хабар мынау.

Жым-жырт отырып барып, бір кезде қатты күрсініп ырғалып қалғанда, мол денесі кішкене машинаның бір жағын сықырлатып жаншып кете жаздады. Қатты қиналып, ақыл таппай сенделгендей боп толқиды.

Штабқа келгенде Заборуев те өрттей жанып еді. Ол сол арада ұсыныс жасап Колесниковке:

– Бұйыр, тапсыр қазір. Бар машинаны күндіз-түні істетіп стаханов жұмалығын жариялаймыз. Қуамыз. Қайта

қайырып аламыз. Келесі бес күнде өзімізге келеді біздің ту, келмей қоймайды, – деп тыным таппай қайнап жүр.

Колесников Ахмеди мен Заборуевті аяғандай қарап өтті де, сүп-сүр боп кетті. Өзінің де берік денесі шын күйзелгендей еді. Бірақ сөз жоқ. Сауда жоқ. Іштей көнді де:

– Несі бар, бер туды, – деді.

– Бер, – деп Ахмеди де жалғыз-ақ үн қатты. Туды алып тысқа шығысты. Әсем ту желбіреп барып, бөтен машинаға жиырылып кіріп бара жатқанда, ер жүзді, қайнар қайрат иесі мықтылардың көздері тегіс жаудырап қалды. Жүздерінен қиналған жүрек ізі көрінді. Кеше қызу, қымбат күндермен бірге қуанта желбіреп келген сүйікті тудан айрылу үлкен жарадай болды. Жұрт үнсіз. Қараша жігіт бұл адамдардың жүзіне іштей үлкен құрметпен қарады. Жаны ашып, достыққа толып барып, бөрінің де қолдарын қатты-қатты сілікті. Ту жүріп кетті.

VIII

Сол Шардан кеткен туды бүгін, міне, Аякөз тосып тұр. Социалистік жарыс туы – Қызыл ту...

Біз сан салада еңбек дабыл қаққанда, социалистік жарысты халық алып, күнделік мерзім етіп алғанын білеміз. Жарыс айғағы, жеңіс айдары ыстық жұлдызды Қызыл ту көп екенін де білеміз. Күнде естілетінін де білеміз. Талай топты шаттықпен шарықтататынын да сеземіз. Бірақ сол тудан айрылған ел қалай күйзелетінін, алған ер қалай масайрайтынын кешегі Шардан, бүгінгі Аягөзден анық, айқын көруге болады.

Ту екінші учаскеге түсте келмек. Кеше мен бүгін “үш жүзшілердің” саны қатты өсіп тұр. Жер жұмысын айтқандай дәл бітірген колхоз саны алтау.

Ильиних өзінің қазіргі сағаттағы сезімі мен ойларын әлі жиып меңгере алмайды. Бір қуаныш, бір қарбалас үстінде дамыл алмайды.

– Еңбек қалай самғады, халық қалай, – деп ішінен зор сүйінішпен алқына береді. Ел келесі бет бергенде, күш тасқындап, кернеп келгенде, өмір ойдағыңнан, арманыңнан асып түсіп, озғындап кете барады екен. Оп-оңай-ақ үміт-қиялыңнан да басып-озып кетеді екен.

— Халық ше? Әнеуі сұрғылт, баяу, тартыншақ халық енді, міне, тегіс күлкілі, сенімді, ойнақы. Жұрттың пішіні де қызыл күрдененіп толып алған сияқты. Жұп-жұқа көрінетін Сқақовтар қазір тек ұзын емес, балғын тартып, іріленіп кеткендей. Қарт Құлекеновтің ақ шаштары азайып, қара барқын тартып, қайтадан әсем ажар, нәр тапқан тәрізді. Әйел ше? Әйелден қандай қорқып еді. Бүгін әні, белдері бекем буылған Тайлақбаева, Солтанбекова, тағы басқалар. Өздері жап-жас. Бұғанасы қатпаған, тәжірибе көрмеген. Бірақ қазірде жаумен алысқан күндердей, сенімді қажыр ажарын тауыпты. Алыс — жігер бітіріп, жігер — нәр, сұлулық бітіріп жіберген тәрізді. Ту келді, қуаныш мереке басталды.

Колхозшылардың аузынан қуаныш басымдатқан қатты серттер шықты.

— Бір бес күн емес, талай бес күн бермейміз. Іс біткенше кетірмейміз. Жұмысты он бес күнде бітіреміз. Он бес, он бес күн. Жиыны 25 жұмыс күнінде адақтаймыз. Республикамыздың ұлы мерекесіне арнап, өзі тығыз жұмысты, уақытынан он күн бұрын бітіреміз. Отанымыз тойына қуана, жайнай барамыз! Барлық Семей облысы сөйтіп барсын дейміз. Тіпті барлық жиырма жасар республикамыздың егін даласы, шахта саласы, өндіріс қаласы тегіс жаңа қарқын тапсын дейміз, — деп сай тасындай стахановшылар, берік бригадирлер бірі артынан бірі шықты.

Осы дудың ортасында бір колхозшы сөз сұрап ап ортаға шықты. Шықты да, “ахау” деп, зор дауыспен ән шырқай жөнелді. Ильиных өзгені білсе де, бұл жаңалықты күткен жоқ еді. Сасып қалды.

— Сау ма? Ауру ма? Не болды? Өзі кім? Ә, “Қызыл отау” колхозының стахановшысы Мұхаметжанов? Бү несі? — деп сұп-сұр боп кетті. Маңдайынан суық тер шығуға жақын еді. Қысылып, жалтақтап, облыс штабының адамдарына қарап қап еді. Көңілі кенет тыныштана бастады. Олар мәз боп күліп, сүйсініп отыр екен. Тез ұғыпты. Бұл кезде Мұхаметжанов та құр шырқамай, шұбыртып өлең соғып бара жатыр еді. Колхозшы атаулы қатты мәз боп, тегіс шаттана күліп:

— Айт, е-е, айт-айт, соқ, — деп ентелеп тұр екен. Жүрегі орнына түскен Ильиных енді қып-қызыл боп өзі де күліп жіберді. Оның ақынды естігені осы еді.

Содан кейін әйел колхозшы Тұрлы сөз сұрап, о да өлеңмен құттықтау айтып: “он бес күнде іс бітіреміз, Қызыл тумен шаттанып қайтамыз” деп соқтырып шықты.

М ұ ғ а л і м. Ғажап. Менің күтпеген харакетім бұл кісіден. Онсыз да Олжай сіздің елді жылатумен келмеп пе еді? Бұл әлі осындай ма еді өзі?

Ж а н т а с. Жылату ма? Борсақ – Борсақ емес, бұларға бауырсақ қой.

М ұ ғ а л і м. Хикмет, бұ да көп болыстың бірі болғаны ма?

Ж а н т а с. “Ұлықтан шен алып, дәреже де алып отырған бай, болыс әр жерде өз елін сатып отырады” – деп өзіңіз айтпап па едіңіз? Мен сол сөзіңізден бері қарай, тап осы Майқан болыстың басқан ізін бұлжытпай танитын болып едім.

М ұ ғ а л і м. Сен ылғи бір-ақ жағынан қарайтын шығарсың? Бұл газет оқиды, пікірлі адам, Кәкеңдей адвокат, милләтшіл, басшы, оқыған досы да бар. Бұл өзгелерден бөлегірек болса керек еді.

Ж а н т а с. Дос емес, сол адвокатыңыз Майқанмен қыз беріп, құда болмақ дейді ғой.

М ұ ғ а л і м. О да ғажап екен... Қалайша? Бұл өзгелерден бөлек болса керек еді ғой.

Ж а н т а с. Мен сіздердей көзі ашық адам емеспін, бірақ ер батқан соң жорғалық шығады. Біз болыстың айласы мен салмағы арқамызға аяздай батқан елміз. Сондықтан көргішірек болған шығармыз.

М ұ ғ а л і м. Онда елдің басшысы болғаны ма? Жоқ, ең болмаса, ана адвокат Кәкеңнің пікірін білу керек.

Ж а н т а с. Оны өзіңіз сынаарсыз... Әйтеуір елдің шыдамы таусылып барады.

М ұ ғ а л і м. Ел не істей алады?.. Адасады ғой сорлы!

Ж а н т а с. Бәрібір тасты жапалаққа ұрсаң да, жапалақты тасқа ұрсаң да жапалақ деген. Елге де сын, басшыға да сын болар.

М ұ ғ а л і м. Мүшкіл, мүшкіл хал.

Ж а н т а с. Мұғалім! Мектебіңізден оқымасам да, қасыңызда жүріп көп тәрбие алып едім. Туған әкемнен көрмеген ұстаздық көрдім. Тіпті көп алғыс айтам осы үшін...

М ұ ғ а л і м. Бар болғыр, оның несін айтасың? Мен де сенің ерлігіңді көз алдыма тұтып жақсы көрмеймін бе?

Ж а н т а с. Бәрекезде. Жақсы айттыңыз, ендеше, бір нәрсе сұрайын.

М ұ ғ а л і м. Сұрама деген кісі бар ма? (*Күліп.*) Сен немене саптаса сатып?

Ж а н т а с. Ендеше, өзгені қояйық, осы өз басыңыз кіммен боласыз. Ел сізді біледі. Жақсы көреді. Сіз болсаңыз болады...

М ұ ғ а л і м. Мен бе? Ойлану керек. Кәкеңмен бір тілдеспей болмайды. Бірақ түбінде ел қажығалы, қайғылы бір халдің үстіне келіп, болыс бір бөлек, көпшілік бір бөлек кететін болса, мен, әрине, сендермен, көпшілікпен болармын.

Ж а н т а с (*жылдам басып, мұғалімнің бір қолын екі қолымен қысып сілкіп*). Бәрекезде!.. Менің естімегім осы еді...

М ұ ғ а л і м. Сенің түбің Борсақ болғанда менікі де сонан қашық емес қой. Болыс емес, жыныстасым сенсің ғой.

Ж а н т а с. Аузыңнан айналайын, мұғалім-еке! Өзің айтқан сорлы елің жылағалы тұр. Соның көз жасын сүртер болсаң, жынысыңды ақтағаның.

Осы кезде сырттан Мөржан даусы шығады. Жантас, мұғалім тыңдайды.

Аздан соң Нұрқан Мөржанды қуа шығады. Алыс-жұлыс.

М ө р ж а н. Шыбын құрлы болма дейсіңдер ме? Шыбын да жанын қорғайды! Көнбеймін қорлыққа. Қорлыққа көнгенше өлгенім артық.

Н ұ р қ а н. Күң, қатыным болғанға неге қуанбайсың, сен күң. Осы сені менің қолымнан кім алады.

Нұрқан ұстап сүйе берем дегенде, Жантас шығады. Артынан мұғалім, Жүзтайлақ, Жүніс шығады.

Көрініс

М ө р ж а н (*Жантасқа қарай жүгіріп*). Жантас-ай, ниеті қалай еді мыналардың!..

Ж а н т а с (*қарап жіберіп, жайды ұғып*). Нұрқан мырза, ұзында өшті, қысқада кекті ме едің? (*Мұғалім мен Жүніске қарап.*) Бұл не ойлағаның? (*Бибіш сазарып, түйіле қарап тұрады.*)

Н ұ р қ а н. Апырым, не бола қапты?

Ж а н т а с. Көзіміз бар ғой. Әлде көрсең де үндемей өл дейсің бе?

Н ұ р қ а н. Жарайды, сен таусылатын ештеңе бола қойған жоқ әзірше...

Ж а н т а с. Е, басыңа ойнақтасам да көтере бер дейсің ғой!

Н ұ р қ а н (*Жүністен темекі алып тартады*). Айтып тұрғаның не өзі.

Ж а н т а с. Ұқпай тұрған шығарсың?

Н ұ р қ а н. Ал ұқтым. Сонда Борсақтың қызын аяйын деп пе ең менен?

Ж а н т а с. Борсақтың қызы. Борсақтың қатыны, оған есе теңдік болушы ма еді дейсің ғой.

Н ұ р қ а н. Жә, тіл-жағынды беземей! Сенімен шешендік салыстырар уақытым жоқ.

Ж а н т а с. Ең болмаса құрбылық қарызың бар емес пе? Кім болса сол емес, ел билеген адамсың. Осынша асқақ сөйлемесең қайтушы еді?

Н ұ р қ а н. Шатпа енді. Салғыласар уақытым жоқ дегенді ұқтың ба, жоқ па? (*Сәруәр шығып, тыңдап тұрады. Қолында гүл букеті.*)

Көрініс

Ж а н т а с. Салғыласар уақытым жоқ! Өйткені уақытың біреудің қалыңдығын жұрт көзінше масқаралауға кетіп жүр ғой. Әттең, астың-ау, бірің болыс, бірің кандидат болып ап.

Н ұ р қ а н. Не оттайды мына құл? Не естіп тұрмын? (*Мұғалім мен Жүніске қарап.*) Мұғалім, сенбісің мынаны құтыртып тұрған?

М ұ ғ а л і м. Мен емес екенімді білесің, Нұрқан мырза. Бірақ сіздің мінезіңіз дұрыс емес. Сіз ел ағасы адамсыз.

Б и б і ш. Мұғалім, Борсақтың сойылын сен де соғайын деп пе едің?

М ұ ғ а л і м. Бұндай хиянатты менің мәслягім көтермейді.

Б и б і ш. Мәстігің көтермесе жайыңа жүр. (*Жүніс мәз болып күледі.*) Өл де маған, сен көтеретін жүк емес екені рас.

Ж а н т а с (*ашумен Бибішке қаран*). Нұрқанның зорлығы да жетіп тұр ғой. Бәйбіше, сіз құспасаңыз қайтеді.

Н ұ р қ а н (*Жүсікке*). Тарт де енді мынаған.

Ж а н т а с (*Бибішке*). Мың асқанға бір тосқан деген. Күн бір жауса, терек екі жауып... Онсыз елдің жылауы, дерті аз боп тұрған жоқ бұл күнде. Мынадай қан жылап тұрған күнде көзге шұқымасандар етті тым құрмаса.

Н ұ р қ а н. Күннен қорқасың ба? Ендеше, тіліңді тый. Әйтпесе епті неме, кетерінде өңгере кетерсің окопқа.

Ж а н т а с. Қап-қап, болмас, Борсақ болғалы көрген қорлығымның үлкені дермін осыны, Нұрқан мырза.

Б и б і ш (*Жүніске*). Тый енді мынаны, Мырза жігіттің бетінен алғыза бермей.

Ж ү н і с (*килігін*). Жантас! Сен ақымақ болғанбысың-өй! Құдай деп айтайын түк те болған жоқ. Әншейін қалжыңға ыза боп, даусын шығарып жүр Мөржан. Және мен бар емеспін бе? Мені қурай көремісің өзің? Тапа-талтүсте саған жаманшылық істетіп қояр ма ем мен. (*Естірте.*) Бар жолыңа. Бол, доғар сөзді! (*Жылдам басып Нұрқанға кеп.*) Итті алдамасам болмас. Сыр берме, не қыласың! Бөгеу бола береді, қайтейін деп ең. (*Күліп арқаға қағын.*) Пай, батырдың тұқымы. Мықты екен балалары, жігіттікті де осылай кесек істейсіңдер-ау.

Кетеді.

Ж а н т а с (*кетіп бара жатқан Нұрқанға*). Қап-қап, болмас. Борсақ болғалы көрген қорлығымның үлкені дермін осыны, Нұрқан мырза.

Б и б і ш (*Жантасқа*). Жә, сенікі не әлі осы? Мен Мырза жігіт көзінше үндемедім, не дедің осы сен?

Ж а н т а с. Бәсе, сен не дедің? Өзің не, қаспысың, доспысың?

Б и б і ш. Менікі сол, не десең о де! Саған адал қатын керек... Өзгенің не дәті шыдайды екен?

Ж а н т а с. Өзгенің еркі өзінде, ерікті кісі не тілесе соны істейді. Онда менің жұмысым жоқ.

Б и б і ш. Не дедің? Сен еріксіздікке ұшырап жүр ме едің? Еркінді алып жүр екеміз ғой, тегі! Кімді қиып, кімге ара түсесің?

Ж а н т а с. Онсыз да еркі аз адамға істеп жүрген зорлығың аз емес, соны айтам! (*Мөржанды көрсетіп.*) Мыналарың сол ғой.

Б и б і ш. Ендеше, менен әулие ме еді Борсақтың шөп-желке қызы?

С ә р у ә р (*ашуланып*). Уллаһи, бұ нинди хиянат! Әйтәрсің әллә нинди ханша. Ниләр сүйли.

Ж ү н і с. Сәруәр, қойсаңшы сен! Айт-үйт жоқ, немеңе бас-аяғын білместен.

С ә р у ә р. Шаярмаңыз сіз! Біләм шу мен. Білмәгәнда, мына сіз білмисіз!

Ж ү н і с. Не дейсің өзің?

С ә р у ә р. Һәммәсін... Алар итақ та рәнжітә Мөржәннi!

Б и б і ш (*Жантасқа қадалған қалында*). Жауаптаспақ екенсің ғой. Ендеше, алдымен маған жауап бер. Кімді әулиесітесің? Мен кім, ол кім еді?

Ж а н т а с. Ендеше, сені мен зорлағам жоқ. Онсыз да күйіп жүрген адамбыз, күйдірме, білдің бе?!

Б и б і ш. “Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас”, өзіміз-ау жал бітірген.

Ж а н т а с. Олай болса маған, малға бөккен бай қатыны, өзің тілегенсің.

Б и б і ш (*қатты ашуланып*). Ендеше, өжет неме оны да айтарсың, шын саттың ба мені Борсақтың сасық қызына? (*Жантас үндемейді*).

М ө р ж а н. Ойпыр-ай, не сұмдық айтып тұр мына кісі? Жантас-ай, елім бе ең, жауым ба ең, тегі! Не дейді, неге үндемейсің?

С ә р у ә р. Әй, синің ярың икән әйтсін ул хазір, құдайым нинди қорлық, аһ Жантас, нинди син хиянатшы! Мөржан әллә сиған сунди кішіміни?

М ұ ғ а л і м. Сәруәр, саған не болған? Жындымысың?

С ә р у ә р. Кирәкми сөзің, жінни сен. Шунди аждаһа хатынға мини сатырға Мөржанні!

М ө р ж а н. Жантас, мендік болсаң жауабын бер, басымды әуре етпе. Онсыз да көрген мазағым аз боп па? Өзіңді базарға сап саудалайын деп пе ең?

Ж а н т а с. Шын айтамысың?

М ө р ж а н. Жүзтайлақтан көрген тепкім аз ба еді? Азар болса өртеп жіберер, өзі тілеп тұр ғой, мен де тілеймін, айт айтатыныңды.

Б и б і ш (*тайқи беріп Жантасқа*). Сүйгенімнен күйіп тұрмын-ау! Аяғыма отырғызып па ем өзгені? Қадір білгенің осы ма, сен тексіздің?

Ж а н т а с. Жүзтайлақ, бүйтпес едім, қылығың асты. Ендеше, Мөржан, менің жарым. Бұл маған әрі жар, әрі дос. Саған мен бір түндік. Олай болса, өзің қандай болсаң мен де сондай. Сен маған көптің бірісің. Сен деп есімнен айырылғаным жоқ, білдің бе? Қанжығанда кетейін бе?

Б и б і ш (*қатайып ап*). Ә, солай ма? Асылың сол ғой? Ұстасқан екеміз ғой, кінә өзіңнен. Бір жолғы спискеге кіргізбеген мен едім, енді, міне, кеткенінді бір-ақ білерсің көрермін өзгесін.

М ө р ж а н (*жылап жіберіп, мұғалімді құшақтай алады*). Мұғалім-ай, ағатай-ай, не десті мыналар. Не дермін... не айтармын. Не деген ұятсыздар.

М ұ ғ а л і м. Қой, шырағым, жыламас болар мұндайда. Қой, болады сондайлар.

С ә р у ә р (*кекетін*). Болады... болады, сол сізлердей пішмаған, бурша қылар-әм нинди. Нинди қиянатшыл ирлер. Сізлерге билесізлер ме, нилер кирек.

М ұ ғ а л і м. Қой... Қой... енді сен...

С ә р у ә р (*тыңдамай күйіп, бетке, басқа жұдырықтан*). Мұна, мұна, мұнаны кирек сизлерге... махаббатсыз пышрақ ирлер. (*Мөржанды құшақтай алады.*) Илама, бағрым... қорлы бит алар сині. (*Жылайды*).

Ж а н т а с (*Бибішке*). Қылдан тайсам ерегісетініңді білемін. Осыған жеткенің жеткен-ақ. Бірақ көріп алдым. Қайтейін.

Мөржанды алып шығып кетеді.

Көрініс

С ә р у ә р (*Жүніске*). Нинди зур сөзләр сүйли, бу йүз түйә?

Ж ү н і с. Ой, Сәруәр-ай, оны айтасың ғой.

С ә р у ә р. Инді нені әйтргә. Якші болса йүз түйә дигән исімгә қорлансашы. Адамзатты йүз түйә диләр, бір-бірі сатқан, икіншісі сатып алған, ә ул. Подумаешь, важничает! Ишкәкі, йүз түйәгә сатып алған уны!

Ж ү н і с. Тәңір-ай, сол сөз бе екен?

С ә р у ә р. Ну, инді ни кирәк сиңә. Атан башымыни шул?

Ж ү н і с. Жантаспен жақын екен ғой, ойбай? Осынша қол жетпестей асыл шынар! Аяғының ұшына жанды отыртпаған тәкаббар сүлу! Таңдағаны, талғағаны мынау ма еді? Жантас құрлым бағым жоқ, шын-ақ жолсыз ба едім тәңірі мен?! (*Бекініп.*) Жоқ, олай болмасын. (*Тез-тез басып шығып кетеді.*)

С ә р у ә р (*бұның сөзінің тұсында таңданып тұрады да*). Қаһар, әллә нинди шиғыр оқимыни десем... Сихырланған бит мұнысы да!

Артынан кетеді. Мұңайып отырып қалған мұғалім. Ол Бибішті тамашалауда. Бибіш иығында шапаны, мұңды, ашулы түрмен жүдеп отырып қалған. Енді ғана серпілеседі.

Көрініс

Б и б і ш. Япыр-ай, не жазып едім мен мынаған, мұғалім! Кем басып теңге алғаныма, сүйгенімнен жаздым ба? Өмірі мұндай көріп пе едім? (*Жылап жібереді.*)

М ұ ғ а л і м. Бибіш ханым! Ұғыспағандық қой! Жастықта болады ғой. Бірақ сүйген жүрек, жастық махаббаты (*күрсініп*), әсіресе соның ішінде сіздің махаббат, сіздің ықыласыңыз қандай асыл, қандай нұр, нәзік сый болар еді.

Б и б і ш. Ұқты ма, бағалады ма соны? Лақтырып, серпіп кетпеді ме? Менің осы ел ішінен жапа-жалғыз таңдап алғаным сол емес пе еді?

М ұ ғ а л і м. Сізді сүюші аз ба? Білсеңіз еді кімдер сүйетінін.

Б и б і ш. Сүйгенімнен көргенім мынау ма? *(Ашуланып.)* Бірақ енді өкінбесін! Таңдайына татырармын. Үйелменімен өртемесем, Жүзтайлақ атым құрысын. Таңдағаны Мөржан екен ғой. Оны Мырза жігітке күн қатын қып әпергенімді көрерсің. Осы сертіме сен куә бол, мұғалім.

М ұ ғ а л і м. Олай деменіз, шын махаббат рахымды, кешірімді болады. Жантасқа кек ойламаңыз.

Б и б і ш. Адыра қалсын махаббат. Ар-намысынан садаға.

М ұ ғ а л і м. Құрметті Бибіш ханым! Не қылған сұлу, не қылған нұр сәулесіз. Ашуланған жүзіңізден де нұрдан басқа еш нәрсе көре алмаймын. Сіздің нұрыңыздың бір сорлы тұтқыны менмін, білермісіз? Көз саларсыз ба?

Б и б і ш. Мені сүйген кісі менің сойылымды соғады...

М ұ ғ а л і м. Жаным, сіз осы сөздерді айтқан сайын тұңғық аспан жұлдызындай болып менен алыстап бара жатқан сияқтысыз. Рахым етсеңіз болмай ма? Бір назар тастасаңыз ғаси пендеге тірлік қуатты болмас пе еді?

Б и б і ш *(қатты)*. Мұғалім, қойшы күйіс қайыра бермей. Ана құманды ал онан да.

М ұ ғ а л і м *(селк етіп, қатты күйініп)*. Не дедіңіз, не деген күпірлік?

Б и б і ш *(күліп)*. Сынға толығыз, солай болады...

М ұ ғ а л і м. Мені надан құрым санадыңыз ба?

Б и б і ш *(күліп)*. Ана құманды алыңыз деймін.

Қолымен нұсқайды, мұғалім құманды алып ұстап тұрады. Ділде шығады.

Көрініс

Д і л д ә *(Бибішке жақындай беріп)*. Болыс пен Кәкең кеп қалды екі пәуескемен. Келін қарағым, ауыл әбігер болып жатыр.

Б и б і ш. Жә, болды, ел қашты, жау жетті демей! Әбігер боп, қонақ көрмеп пе ең? *(Жүре береді.)*

Д і л д ә *(мұғалімге)*. Қарағым-ау, Нұрқан ашуланып кеп Борсақ деп ауылды бүріп жүр. Жантас бірдеме етті ме

деп шошып жүрмін, күн жаман боп барады. Аман ба еді біздің жалғыз?.. Өзіңді ылғи ес көреді, қарағым!

М ұ ғ а л і м (*серпіліп*). Шеше, ө, әншейін... Ә, дәнеңе жоқ. Е, әлгі кеткен бе? (*Қолындағы құманды көтеріп қарайды.*)

Д і л д ө. Қарағым, маған берші мына адыра қалғырын, не қылайын деп ең бұнысын ұстап әлдекімше... Ойбай, паң ғой бұл Жүзтайлақ, сиқыр ғой... Әдейі бір қыры ғой саған істеген... Бекер ұстағансың ғой, қарағым, соңыңнан қалмайды сонан соң. Бері әкелші, бермен. (*Алады, кетеді.*)

М ұ ғ а л і м (*жалғыз аңырып қалып, артынан*). Я, пірәдәр түсіндің бе? Бұл әйел нендей жыртқыш! (*Басын изеп, бәйітше.*)

Ей, Сұлтани Махмуд, не қылар сәп!

Мәгәр халқында юқ болса вахбуд. (*Әндепін.*)

Жас бала жайып саусағын!..

Талпынған шығар айға алыс!..

Міне сәңө дәріс әпендім!..

Шыға береді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

II АКТ

Бірінші сурет

Болыстың үйі. Жасаулы сәнді кілем, түскиіздер, үлкен варшава кровати. Төрде ақ жастықтарға шынтактаған адвокат Кәрім. Ақ көйлек, қара желетке, алтын сағатты. Төсек жанында Бибіш, он жағында Қыдыш, Бибіштен төмен Нұрқан. Ол үлкен тегенедегі қымызды сапырып құйып отыр. Бибіш Кәкеңнің аяғына қымыз құйғызып, өзі ұсынып, күтіп отыр.

Көрініс

Б и б і ш (*сытайыланып, қымыз ұсынып*). Көкең қымызды аз іше ме, немене? Ішпедіңіз ғой.

К ә к е ң (*сытайы*). Жоқ ішейін. Сіздің сыйыңыз болған соң, қайта тойсам да тойғаным қарамай ішіп жатырмын. Жайшылықта бұны да іше алмаушы ем қайта...

Б и б і ш. Жайланып, асықпай ішіңіз. Қырдың ісі шаһар ісіндей бола ма. Қырдікі әйтеуір қымыз еді ғой деп ұсынып жатқанымыз ғой.

К ә к е ң. Бәрекелде, қымыздан қадірлі не болушы еді. Шаһарда жүріп ішім қуырылып қалғанға намыс қып отырмын. Қадірін білеміз бе елдің. Келгеннен бері қастарыңызда отырып бір жасап қалдым.

Б и б і ш. Ел құрғырдың әбігері өзгеден бұрын сізді алаң қылады ғой деп отырмын. Құдағиды бұлай қарсы аламыз деп ойламап ем... Ол кісі болса келе алмай қалды.

Қ ы д ы ш. Иә, жақсы айтады Бибіш. Дәм қанибет, дидар қанибет деген осы ғой.

Н ұ р қ а н. Жаңа құда жандарал дегені осы емес пе қазақтың. (*Күледі.*)

Б и б і ш. Жандаралым емей кім еді Көкең мен құдағиым. Мына біреу кесірлердің кедергісін айтам тегі. Болмаса бұл жолғы ниетім басқа еді.

Қ ы д ы ш. Келін ат шаптыртып той қылып, екі баланың атастырғанын солай етем деп еді, Көке... Әзірше біз тоқтатып отырмыз. Мынау тұтанғалы тұрған елдің бірдеме деп шиі шығып кете ме дедік. Бибіштің айтып тұрғаны сол еді.

Б и б і ш. Елі құрсын. Оқыра қуған сиырдай дүниені азан-қазан қып, осы қадірлі қонағымды ойдағыдай күттірмегенін бір алдына келтірермін-ау сірә.

Қ ы д ы ш. Елді айтып неғыласың, қарағым келін. (*Көкеңе.*) Бұл надан ел байқұс құдды аяғын апыл-тапыл басып жүрген баламен тең екен ғой, Көке.

К ә к е ң. Қай мінезін айтасыз, Қыдыш?

Қ ы д ы ш. Бала мынау жанып тұрған отты ұстаймын, анау аспандағы айды да ұстаймын деп ұмтылмай ма? Сол екен ғой бұл сорлы. Көрбала деп баяғыда кімді айтты, неге айтты десек, осыны айтады екен, тоба!..

К ә к е ң. Біздің еліміз надан ғой, көрбала дегені рас қой. Оны жаманнан тыйып, жақсыға бастамасақ болмайды. Жанымыз ашу керек надандығына.

Н ұ р қ а н. Сол қадіріңізді ұқса десеңізші.

Б и б і ш. Рас-ау, соны айтам-ау... Мынау адал ниет, ақ жүректі басшым осы, өл десе өлем, тіріл десе тірілем деп тұрған елің болса садағасы кетпейсің бе?

К ә к е ң. Сондай жақсы ел болуға баулитын міні сіздер, Қыдыш.

Қ ы д ы ш. Осы ылғи сілкілесіп жасумен күн кешіп келеміз міні. Майқаң екеуміз баулыған со ма сығыр. *(Күледі.)* Береке таптырды ма сол ел.

Н ұ р қ а н *(күліп)*. Біз сорлының еңбегін кім ақтар десеңізші!..

Қ ы д ы ш. Бәсе, сол елді оңға салам деп сақал-шашты ағартып мен отырмын. 40-қа жетісімен қажыдым, тоздым деп ана Майқан жүр. Осы баяғының елі бөлек пе, ері бөлек пе? Өмір бойы билік құрып өткендердің не жаны жүрген дейім-ау, сорлы мұндар, қағылған, соғылған бас құрап, тең сөйлеймін деген соң не болушы еді. Кетсін.

Б и б і ш. Баяғының елінен садаға.

К ә к е ң. Бибішті де ренжіткен екен ғой бұл ел...

Б и б і ш. Жоға деймін, тіпті малшы, қосшымызға дейін құтырғанын айтамын-ау.

К ә к е ң. Кімдер осы? Осы елдің әбігерін бастап жүргендер кім өзі?

Б и б і ш. Кім деріңіз бар ма? Ауызға алар біреуі де жоқ!

К ә к е ң. Жоқ, сонда да бірі бастап, бірі еретін болмай ма?

Н ұ р қ а н. Е, көп шуылдақ, көп суыр, малшы, қосшы. Өңшең елден шыққан келісек, қырық ру.

Қ ы д ы ш. Онысы рас, соған сол жігітім кете ме деген тәуір елдің өзі де құрық бергендей! *(Ділде кіреді.)* Өттен, қолды байлап отырған сол ғой.

Көрініс

Б и б і ш. Ей, қатын, қазаныңды баптап қайнат, балаң ұлық боп жеткенше жұмсай тұрайық әйтеуір. *(Кекетін.)* Бір басшы мына өзіміздің кемпірдің баласы дейді, Кәке.

Қ ы д ы ш. Көбі осындай, осы өзіміздің ығымызда жүрген адамдар. Тіпті пәлен дейтіні жоқ ішінде.

К ә к е ң. Бишаралар, босқа сорлайды ғой.

Н ұ р қ а н. Жол біліп, жөн сілтері жоқ, бір сор түртіп жүр, не қыласыз.

Б и б і ш. Ажалды киік адырға деп, қаза түртіп жүрген де.

К ә к е ң. Қаза екені рас. Қазіргі жаза қатал ғой. Тоқтатпай болмайды. Обалына қалармыз бос қырғызып.

Д і л д ө. Құдай-ай, сақтай гөр. Қарағым-ау, жарығым-ау, айтсаңшы, Нұрқан-ау, күнім-ау, құрбысы емес пе ең, тыйсаңшы!

Б и б і ш. Олай дегенше, ана түлен түртіп жүрген баланың өзіне айтсаңшы. Бізден кетіп, дәм-тұзды аттап, жолы болар деп пе ең?

Д і л д ө. Сәулем-ау, менің ол қырсыққа ертелі-кеш қақсағаным осы емес пе?

Н ұ р қ а н. Жоқ, үндеме, жеңеше, дегеніне барсын, не қыласың? Мойны қайрылғанын көрейік. Қайта қоя бер.

Қ ы д ы ш. Дастарқан аттаған оңбас. Кемпір, осы балаңмен жетім-жесір боп қалғаныңда, осы үйге әкеп, осы Майқанның етегінен ұстатқан мен едім. Бізде қарызың жоқ еді, байғұс. Тағы бір достық айтайын. Жынданған бала жындана берсін, тап өзіңе айтарым, осы босағадан өлігің шықсын. Тапжылма, не қыласың, байғұс. Мына Бибішімді күте бер. Айтқаныңа тоқтамаса, ана жынды балаға қарғысыңды айт.

Д і л д ө. Садағаң кетейін, қарағым... Айтайын мен оған, айтайын... Бірақ тілімді алмайды, менің өлігімді осыдан ал деп тағы айтайын.

Б и б і ш. Бәсе, сенің тіліңді алып, сені аяй ма ол.

Д і л д ө. Аямайды, аямайды, ойбай, ол қу жалғыз, бишара! Бірақ, тілін алса алатын бір кісісі бар, соны ғана бір айтсам деп ем.

Қ ы д ы ш. Айтсаңшы, байғұс-ау, оның несін іркіп жүрсің?

Д і л д ө. Ендеше, әлгі мәлім бар ғой... Мәлім, молда, әлгі осындағы Сапа. Сол айтса тоқтар еді деймін, содан жанын аямаушы еді...

К ә к е ң. Онысы кім?

Қ ы д ы ш. Мұғалім! Тегі, соған сіз бірдеме айтып қоймасаңыз болмас өзі, тәрізі мынаның мына сөзінің жаны бар.

Н ұ р қ а н. Шақыртшы сол мұғалімді.

Б и б і ш (*кемпірге*). Бар, болды, енді! Мұғалімге хабар қылдырт, біз шақыртады де!

Д і л Ә. Қарақтарым, қойғыза көріндер енді, ұлықтың теріс хатына іліндіре көрме, қуатым, Кәкетайым. (*Жылайды.*)

Н ұ р қ а н. Бол енді, айттың ғой, жүре бер. (*Кемпір кетеді.*)

К ә р і м. Өзі, бір кемпірдің жалғыз баласы екен, бұндайлар мына списокке ілінбесе керек еді ғой.

Н ұ р қ а н. Өзі ілінгісі келген соң бола ма?

Б и б і ш. Ілінбейтін қылығы бар ма?

Болыс кіреді.

Көрініс

К ә к е н (*болыс отырған соң*). Немене, Майқан, не хабар бар?

Б о л ы с. Отқа түсер деймін, бұл жынды көбелек құсаған есалаң ел, список тексермек дейді.

Н ұ р қ а н. Е, соған ұқсағандар аз деймісің? Мына көрші болыстар: Қарабұжыр, Көксуда да осындай ылаң басталыпты дейді. Береке-бірлік десе қандай табылмас еді. Өрекеге шұрқырасып, табысып жатқанын көрмеймісің?

Қ ы д ы ш. Құтырар бұл Борсақ, Қарсақ, сауырын алғызайын деген екен, бір шайнап тастамаса болмас тегі осыны, бәлемді.

Б о л ы с. Борсақ, Қарсақ құтырып не қылар дейсің, тұтас тұрса қалың Олжайға не қылушы еді? Тегі, өзге елдің таразысын бақпай болмас. Өзі тұтасып, ұласып бара жатқан сияқты.

Н ұ р қ а н. Өзге елді Қыдыш екеуіңіз қолға алыңызшы, дәл Борсақтың әптігін өзім басайын. Тәнеке, Жантастық жын өзімнен де табылады. Байлатып алса деп отырмын қазір екеуін.

Б о л ы с. Оны қой әзірше, шырға керек. Болмайды.

Мұғалім кіреді.

Көрініс

Қ ы д ы ш. Мұғалім, мынау ел сенің тіліңді алады дейді. Көкең болса, міне, келіп отыр. Не ойлағаның бар сенің осы? Тыясың ба, жоқ, қырылсын деймісіңдер осы қазағың? Біреуден біреу желік алып, міне, пәле ұлғайып барады десіп отыр, міне!

М ұ ғ а л і м. Сіздің бұлай деуге қандай қақыңыз бар! Елдің басшысы мен бе екем? Сіздер емес пе?

Б о л ы с. Мұғалім, қашыртқыға салғыңыз келе ме?

М ұ ғ а л і м. Мен түсінбеймін!

Б о л ы с. Тоқтау айтыңыз. Сіз айтсаңыз тыйылады дейді. Әне, өрттей қаптап келе жатыр.

М ұ ғ а л і м. Бұларыңыз маған мәжбүри реуейіште қойылған мәселе ме? Шарт па? Немене өзі, болыс әпәнді?

К ә к е ң. Жоқ, сіз де, біз де осы елдің бір жарасын емдеуге мәжбүрміз, солай емес пе?

М ұ ғ а л і м. Әлбәттә!

К ә к е ң. Сіз көбіне таныс болсаңыз, тіліңізді алса, араласыңыз, мұны мен де қажет деп білемін...

М ұ ғ а л і м. Бұл бізге сын ба өзі, тегі? Жоқ, жай тегі, ел қамын ойлау ма?

Б и б і ш (*күліп*). Сын десе қашайын деп пе едіңіз, мұғалім? Сын дегеннің таңдайыңызға татығаны бар ма еді әлде? (*Күледі*.) Қадам баспай жатып саудаласқан сияқты боп.

М ұ ғ а л і м. Жоқ, Бибіш ханым! Көп тілегі сол болса, мен сөйлесуден тартынбаспын. Бірақ тәсірім болар деп сенбеймін.

К ә к е ң. Не де болса араласу керек, сөйлесу қажет.

М ұ ғ а л і м. Кәке, сіз шаһардан келдіңіз. Менің сізге бірнеше сәуәлім бар.

К ә к е ң. Айтыңыз...

М ұ ғ а л і м. Осы мәселеде өз пікіріңіз қалай? “Қазақ” газетінің пікірі қалай?

К ә к е ң. Бар үлкен қалалардағы қазақтан шыққан зиялылармен хат алысып отырмын...

М ұ ғ а л і м. Я, соны айтыңызшы! Мен үлкен дағдарыста жүрмін.

К ә к е ң. Ол азаматтардың пікірі, менің пікірім бәрі бір...

М ұ ғ а л і м. Не дейсіздер?

К ө к е ң (*күліп*). Халыққа айтам, сонда естисіз.

М ұ ғ а л і м. Мақұл, айыпқа бұйырмаңыз.

К ө к е ң. Еш нәрсе етпейді, мұғалім... Жалғыз-ақ, сіз өз жағыңыздан мына ел басшылары айтқан сөздің жөнін айтып көріңіз...

М ұ ғ а л і м. Ел үшін қажет пе сол?

К ө к е ң. Керек.

Жүніс кіреді. Бибіштен төмен кеп отырады.

Қ ы д ы ш. Жақсы келдің, Жүніс шырағым. Олар Борсақ болса, сен Қарсақ, әрі оқыған азаматсың.

Ж ү н і с. Я, не бұйырмақ едіңіз!

Б и б і ш. Дұрыс, бәсе осылай сөйлемес пе жас жігіт!

Қ ы д ы ш. Мен соларға қарсы сені қосам ба деп отырмын.

Ж ү н і с. Қосам дейсіз? Бұл өзі бәйге екен ғой, тегі...

Қ ы д ы ш. Қарағым-ай, сейіл де – сейіл, сергелден де – сейіл емес пе? Ойында озған, шында да озады. Кел, Жүке, осыны екеуіміз бәйге қылайық.

Н ұ р қ а н (*Бибішке*). Ал, Қарсақ, Борсақ жарысы болады. Жеңеше, балуанның қайсысы, бәйгенді тік.

Б о л ы с. Қой, бұл ойын емес, шын ғой, әзілді қойыңыздар.

Б и б і ш. Әзіл емес, біздікі де шын. Мен өзім көптен осы Жүкең деген кісімін. (*Жүніс қарайды*.) Оны өзі біледі.

Ж ү н і с. Мазақ болмаса көрерміз, жеңеше.

Б и б і ш. Мазағың не? О не дегенің?

Ділдә кіреді.

Көрініс

Н ұ р қ а н (*қасына таман ымдап шақырып аң*). Кемпір, айтпай істесем қарыз болар.

Д і л д ө. Қуатым, айтып өлтірсеңші мен сорлыны.

Б и б і ш. Бәсе, білдіріп қой өзіне.

Н ұ р қ а н. Ана келе жатқан елдің ішінде балаң да бар дейді. Міне, ол елді де тоқтатып, өзі де тоқтайды. Немесе осындағы келінін де бұйыртпаймын, білдің бе? Балаңнан бір, келініннен екі айрыласың... Міне, айттым да қойдым...

Д і л Ә. Қарағым-ау (*Нұрқан мен Бибішке*), қолдағы бишараң емес пе ем! Не қыласың! Менің зәремді алып? Жалғыз жұбанышым сол Мөржан емес пе? Қарақтарым...

Н ұ р қ а н. Ә... Солай ма? Бәрібір мен күнәлі болмаймын...

Б и б і ш. Әлін білмеген әлек деген сол болады, кемпір.

Сырттан шаң-шұң шығады.

Б о л ы с. Келді ғой! (*Қыдышқа*.) Үстімізге кіргізіп отырамыз ба басынтып.

Қ ы д ы ш. Кірмесін, түге. (*Дауыстар*.) Сый қонақ бар мұнда...

Б и б і ш. Төрімізге шығарып, төбемізге ойнатушы ма едік? Әкелмеңіздер Кәкеңнің үстіне.

Б о л ы с. Қайда Шатақан! Шатақан бұнда кірмесін, тысқа түссін демеп пе ек, қайда жігіттер!

Н ұ р қ а н. Тәйір, немене өзіңіз ыққан кісідей, қымтанып.

К ә к е н. Бәсе, немене бұл өзі, қорқушы ма едік өз елімізден?

Ш а т а қ а н (*тыста есік алдында*). Уа, бұнда кірмендер... Сый қонақ бар! Құда бар, Кәкең!

Д а у ы с. Болсын. Сол Кәкеңмен сөйлесеміз, кіреміз.

Н ұ р қ а н (*есікке таман барып, ақырып*). Бұл не бассыздық? Шығамыз қазір, түссін тысқа!

Тәнеке, Жантас, Бөрбасар, Бойбермес кимелей басып кіріп келеді, арттарында Шатақан бажылдайды, көп елдің кернеп келіп тұрғаны көрінеді. Нұрқан кейін басады.

Көрініс

Т ә н е к е (*кіріп тұрып*). Құба құстың тұмсығы етіңе тисе, атаңның түрі түгіл, көріне кірерсің, кір, жігіттер!

Жігіттер сыймай есікті кернеп тұрады. Мөржан, Сәруәр да кірген.

Төбеме көтере-көтере болғанмын, әулие тұтып.
Аманбысың, Кәрім мырза!

Қыдыш (*өтірік күлін*). Жұлқынып жүрген кім десем,
тағы сен бе едің, қайыс аяқ?

Тәнеке. Тағы мен! Тағы мен! (*Қолымен жігіттерді көрсетіп.*) Міне, мен! Мына тұрған көген көздің бәрі мен!
Жылап келген тағы мен, жылатушы тағы сен, Қыдырбай.

Болыс (*күлін*). Тәкең жастарға қосылып, жасарып
алған ба, немене? Жастар айтатын сөзді айтып жатыр ғой.

Тәнеке. Бәрекелде, жақсы болыс, жасармасы бар
ма? Жасартып жатырсың ғой көгертіп. Ана окобыңа мені
де жаз. Борсақ, Қарсақ сияқты, жаман-жәуіктің жігіті
жетпей жатыр, солардан үш жүзге толтыра алмай сен
қысылды деген соң әдейі келдім. Мені де жаз жастардың
қатарына... Өзге ісіңнен қиын боп па? (*Мұғалім күледі.*)
Сал, әпкел мұнда спесігінді, жетпегенін толтырайық деп
келдік, түге.

Болыс. Ауыртпалық көтерісейін деген екенсің ғой.
Бүйтсең елдік істейтінің рас, Тәке!

Жантас. Ауыртпалық біздің ауыртпалық қой. Ел
болып келгеніміз сол. Сондықтан спесік те біздің спесігіміз
болсын. Тәкеңнің айтқаны рас, спесікті беріңдер.

Бөрбасар. Спесікті қолымызға беріңдер, келгеніміз
сол.

Дауыстар. Беріңдер! Шығарыңдар, көреміз!

Болыс (*Жантасқа*). Спесікті қайтпексің? Өзің кімге
қарсысың, спесікке ме, ұлыққа ма?

Дауыстар. Ұлыққа да, саған да қарсымыз, ал!
Ұлықтың атқан оғы болсаң алдымен саған қарсымыз. Ұлық
деп жотасын көрсетуін, ең алдымен ұлығымен боламыз,
бер спесікті!

Нұрқан. Спесікті саған беріп болыс пен кандидат
құрып қап па?

Дауыстар. Құрыса құрысын! Неге құрымайды
ұлығы, болысы бәрі де.

Бөрбасар. Енді асқақты қой, Нұрқан! Жетті.
Көзімізді ойып болғансың.

Жантас (*болысқа*). Ең әуелі бізге спесікті көрсет!

Б и б і ш. Тіл бітейін деген екен, өзіміз-ау тіл бітірген, “сен” деп сөйлеуін, семіп қалғырдың!

Ж а н т а с (*шапшаң*). Олай десең әуелі өзің жақсылап сыйлап аларсың, Бибіш, қыздырмай отыр тілімді.

Б и б і ш. Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты деп, қара мұның аяқ астынан!

Ж а н т а с. Бәсе, аяғыңның астынан шығар саған пәле шыққанда.

Б и б і ш (*бұрыла бере*). Құл құтырса құрыққа деп!

С ә р у ә р. Наманда сіз уждансыз залым сезіп сүйлісіз, ә, өзіңіз яқшы, бәйбіше хисапланасыз!

Қ ы д ы ш (*Сәруәрға*). Шырағым Салдуар келін. (*Болыстар күледі.*)

Б о л ы с. Сәруәр деңіз.

Қ ы д ы ш. Ә, құдайдың кәлимасына келмеген тілімді бұл жерде қайта тудырам ба? (*Нұрқандар күледі.*) Шырағым Салдуар, осы сен екеуміз орысшыласпай-ақ қояйықшы осы, ұғыспаймыз, қайтеміз!

Ж а н т а с (*болысқа*). Біз қарсы болғанда күн бір жауса, терек екі жауғанына қарсымыз.

Б о л ы с. Неғыпты, не бола қапты? Екі жауып? Алып-қаштыға, көптірген өтірікке сеніп жүрсіндер ғой.

Қ ы д ы ш. Бәсе, лаулап жүргендерінің бәрі өтірік лақап қой.

Ж а н т а с. Ендеше, сол өтіріктің кілтін аша қойыңдар — несі бар? Кәне, мынау Олжай ішінен 30 ауыл Мықтыбай едің, сендерден неше жігіт? Ана 60-70 үйлі Борсақ, Қарсақ сияқтылардан қанша жігіттен? Көрсете қойыңдар?..

Б ө р б а с а р. Бұндай спескі жасайтын болсаңдар, біз мына окобыңа бармаймыз, ел жігітін бермейді.

Д а у ы с т а р. Бармаймыз, көнбейміз. Болыс пен ұлығы шауып алсын, міне бізді. (*Болыс сырғып қысылады, Қыдышқа қарайды.*)

Қ ы д ы ш (*тамағын кенеп, жүгініп алады*). Ә, әрмән әрі, көп шуылдақ, жынымды келтірмей! (*Ақырыт.*) Үйітіп жіберерсің сен мені! Омай... Қайтер екен десем, ырық бермейді ғой.

Б ө р б а с а р. Уай, Қыдыш болсаң қайтейін, қиналмай-ақ қой үйтіп.

Б о й б е р м е с. Елдің құйрығын қарға шаншып болғансың.

Д а у ы с. Әкімсуиң, билеп-төстеуиң жеткен.

Қ ы д ы ш (*ақырын*). Жеткен жоқ, тыңда, мына мен енді айтамын!

Б ө р б а с а р. Не айтасың, не айтасың?

Қ ы д ы ш. Уа, кімге келдің? Не деп тұрсың, түге! Мұнда кім отырғанын көрмеймісің? Бұл — Көкең. Қазақтың ақжүрек азаматы, басшың, міне! Сендерге айтпақ сөзі бар. Тыңдамас, аңдамас болар ма! Осы өл десе өліп, тіріл десе тірілмекпіз бәріміз де. О несі екен улап-шулап, үлгісі, ұстазы жоқ елдей.

Т ә н е к е. Жарайды, ал, олай болса тыңдайық. Көкеңнің атағын біз де еститінбіз, тыңдамаймын деген кісі жоқ.

Н ұ р қ а н. Ендеше, немене ұлыған қасқырша шуладыңдар, көргенсіздік қып?!

М ұ ғ а л і м. Неге керек сондай сөздер, Нұрқан мырза? Қояйық, Көкең сөйлесін.

Ж а н т а с. Сөйлесін Көкең, біздің бәріміз де көзсіз елміз, басшының басшылығына құштармыз.

К ө к е ң (*ырғалып*). Сөйлесек, ел аңғарын байқап отырмыз. Мәселе списокта емес сияқты, список деген сылтау.

Б о л ы с. Рас сылтау, құр сылтау.

Ж а н т а с. Списокте де көп мән бәр, сылтау ғана емес.

К ө к е ң. Шын түйін: ұлық не тілейді, сен не тілейсің, сонда ғой. Біз сенің тілеуіңді тілеген, сенің ішіңнен шыққан балаңбыз. Сенің жарға ұрынғаның бізге де тұрғызбастық дерт болар еді. Бірақ біз тілеген пәле емес, біздің еркіміз де емес. Патшалық үкіметі әлі өзір күшті. Ол айтқанын істете алады, көнбегенді көндіре алады. Әлсіз ел, айласыз ел босқа арандайды мұндайда. Менің сөзім қысқа. Әдейі сендерді арандатпай тыяйын деп келдім мұнда. Барлық қазақ басшысының пікірі осы. Тілді алсаң, елге де, кемпір-шал, бала-шағаға пәле тілеме. Бүгінгі заң жаман, әскери сот үкімі ауыр. Біз бұны ойлап, толғап болғамыз. Байлау сол, әкесі өлгенді де естіртеді, жігітіңді бересің. Бір қазақ емес, әлемге келіп жатқан апат, жігіттер, сол окопқа барасыңдар, басқа айла жоқ.

Д а у ы с т а р. Әдейі келгенде айтарың сол болса, келмесең де болушы еді ғой.

Б ө р б а с а р. Бұл — елге жаны ашығанның сөзі емес қой.

Қыдыш. Қой енді, тағы лауылдамай, не айтты: сабаңа түс, ойлан!

Жым-жырт.

Мұғалім (*жұрт аңырып қалады*). Жаңағы жігіт рас айтты. Ел басына келген мұндайлық жаһалат-зұлмат күнінде сол миләттің адал ұлы деген азамат мұндай сөзбен елге келмесе де болар еді.

Кәкәң. Не айтпақсың, мұғалім? Мен елден бос шығын шықпасын деймін.

Мұғалім. Қой да аман, қасқыр да аман болсын дейсің, бірақ қой амандықтан кетті, бәрібір кетті ғой.

Кәкәң. Елді бүлдіріп, жарға жығайын деп пе едің?

Мұғалім. Сенген қойым сен бе едің? Ел деп не қыласыз сіз? Еліңіз кім екені танылды ғой.

Кәкәң. Тегі, сені сор түрткен молда екенсің. Ең алдымен кетер жеріңе кетерсің ендеше.

Мұғалім. Тұрғы келсе мен сонда кеткенімді абзал көрем. Шунки сіздің қасыңызда қалуға өзіме ләзім деп білмеймін. Сарала түйме таққан төренің қазақты алғаш сатқаны бұл емес.

Тұрып жүре береді.

Тәнеке (*бірге тұрып*). Садаған кетейін, мұғалім, шын елім сен екенсің ғой. Ал енді спесікті бер, не тұрыс бар?

Дауыстар. Бер, шығар. Түсір, болыс, спесікті.

Жантас (*тұрып*). Болыс, қазір бересің спесікті, кетіскен жер осы, не елмен, шенмен боларсың бұдан былай.

Нұрқан. Шын кетісейін деген екенсің, Жантас, Онда мына артыңды (*Мөржан, Ділдәні нұсқайды*) өртеп кетерсің?!

Ділдә (*Бибіштің қасынан тұрып, Жантасқа жабысын*). Қу жалғыз, қақсаттың ба мені? Қуарған, неғып бүлдірдің ойбай, өлтіріп кет мені!

Жантас. Өлтірмеймін, жүр, алып кетемін. Мөржан, сен де. Сендерді әкеткелі келдім!

Ділдә. Мені осы арада бауыздап кетесің, мен дастарқан аттамаймын, сұмырай! Кетсең, міне. (*Теріс бата қып.*) Жортқанда жолың...

Т ә н е к е (*қолын қағып жіберіп*). Жағыңа жылан жұмыртқаласын, есі шыққан сорлы. Тарт былай... Неге өлмейсің осымен бірге, елмен бірге!

Ж а н т а с (*шешесі жабысқанда*). Анам едің, жаман сөз айтпаймын, бірақ қайтейін, кімнен кім айырылмай жатыр, тек тірі бол. (*Кемпір дауыс салып болмайды.*) Мөржан, сен не дейсің?

Н ү р қ а н. Мөржан біздің қолымыздағы нашардың қызы, мына Жұмажан оның иесі. Біз оның ықтиярынсыз саған жетектетіп жібере алмаймыз!..

Б и б і ш. Тамам қолды жиып кеп қатын алмақ екен ғой.

Д і л д ө. Бармайды келінім, өлтіріп кет, өртеп кет, ақ сүтімді садаға қып кет, жуадай солғыр. (*Жылап жабысады.*)

М ө р ж а н (*Сәруәрға*). Мен не дейін, апатай-ау! Ел түрін көрдің ғой. Мына жауыздар міні. Осы пәленің қолында қалам ба?

С ә р у ә р. Булды. Мұғалим дә, мин дә, китәміз буннан. Мин хәммәсін дә ойладым. Жүр қазір Жантасбілән.

Ж а н т а с. Мөржан! Мыналар зорлық дейді ғой, мен сені зорламаймын, жарықтығым! Мендікпісің, жоқ әлде мазағына жүрем деймісің? Мендік болсаң, еріп жүр.

М ө р ж а н. Мен еремін.

Ж ұ м а ж а н (*бұны Нұрқан түртіп тұрғызған*). Жоқ, ол сөздің керегі жоқ, шорт, Мөржан кетпейді, мен де кетпеймін. Анау үйде өлмелі шешем бар, оны мына Ділдәша жылатып кетпейміз, шорт!

С ә р у ә р. Ә, Мөржан өзі тіләсә нешлисің, ул аның яры бит?

Ж а н т а с (*Мөржанға*). Ерік өзінде, Мөржан. Мен тілегеніңше істеймін.

М ө р ж а н. Мен кетемін, керегі жоқ Жұмажан сөзінің.

Ж ұ м а ж а н. Жоқ, кетпейсің дедім, кетпейсің, шорт!

Ж а н т а с. Сені итаршы қып тұр ғой, бишара, есалаң!

Н ү р қ а н. Итаршылықтан өз басың арылып болса, неге тәңір жарлығын айтпайсың? Болды, Мөржан, қал былай, біз кедейімізді жылата алмаймыз. Берілмейді Мөржан!

Ж а н т а с (*ашуланып ілгері басып*). Боқты бермессің! Баяғы күнім бар дейтін шығарсың, шығып көр бүгін ендеше!

Н ү р қ а н. Тарт тіліңді, жерге қағып жіберемін.

Б ө р б а с а р. Арам болар, жанасып көр. (*Екі-үш жігіт ілгері шығады.*)

Б о л ы с (*Нұрқанды басып*). Қой (*жігіттерге*), сендер де ереуілдемеңдер. Қалыңдықтың өзінікі екені рас, барамын деп тіленіп тұрғаны анау, ешкімнің ақысы жоқ, бар. Алып жүре бер Мөржанды!

Ж ұ м а ж а н (*атып тұрып*). Жоқ, мен көнбеймін, шорт!

Б о л ы с (*ақырып*). Оттама, тек отыр, алар малыңды алып болғансың! Шырағым Мөржан, бара ғой! Жолың болсын. Терістік бізден болмасын, өздеріңнен болсын тек!

Жантас Мөржан мен Сәруәрді шығарады.

Көрініс

Т ә н е к е. Жә, болыс, адал жұмыс істейін деген екенсің, енді, міне, елдің келген тілегі сол: списогінді көрсет.

Қ ы д ы ш. Ей, Тәнеке, алдыға түсіп, дегенінді істеген сайын аса берме, сен. Осы кешегі Борсақ қайдан шықтың сен, төбеме ойнап?

Т ә н е к е. Борсақ жуандық істеп жүрген жоқ. Бірақ тұяқ серіппей өле де алмайды.

Қ ы д ы ш. Асқан екенсің. Айттық, болды енді. Тұяқ серіпкішін мұның.

Т ә н е к е. Ей, Қыдырбай, жылаған мен жаны күйген бүгін кеп тұрған! Біз қу жанды шүберекке түйіп кеп тұрмыз, білдің бе? Сен де шараңнан аса берме!

Қ ы д ы ш. Асқанда қайтуші ең? Бойыма сыймаушы ма еді менің? Қалың Олжай құрып кетті деп тұрмысың! Селдей басармын.

Т ә н е к е. Мақтансаң ана аман алып қалған отыз ауыл Мықтыбайыңмен мақтан. Бүгін саған тұтас тұрған Олжай да жоқ. Тенелгенім осы, міне, менің сенімен. Енді дегенімді істейсің, міне, список туралы жауабыңды бер, қай елден қанша кісі тіздің?

Н ұ р қ а н. Олжай сендік шығар. Борсақ пен сімтік Қарсақ сияқтылар шығар сендерді құтыртып жүрген, өңшең күнсыз кедей?

Ж а н т а с. Рас айтасың, мырза. Борсақ пен Қарсақ сияқтының кедей екені, аз екені рас. Сондықтан сенің жемің, жентің болғаны рас. Жерден айырылған, малдан айырылған, адамы қорлық тепкінде шіріген. Бүгін, міне, төрт жүз жігіттің нешеуін сол Борсақтан тізіп бердің? Жемің екеніміз рас, құн төлемей құнсыз қып келгенің де рас. Енді нешеуіміз кетейік? Сонда анау отыз ауылыңнан тышқан мұрны қанай ма екен? Бірде-бір жігіт кете ме екен, соны көне білейік, көне жауап берші!

Б и б і ш. Сен кетпей, адам баласы кетуші ме еді! Тауқыметімді көтермесе Борсақ, Қарсағым неге бопты? Ей, Жүніс, сен неге айтпайсың? Жоқтаған Қарсағыңның бірі сен емес пе ең?

Ж ү н і с (*бағанадан түнеріп отырған*). Жеңеше, мені сөйлетпесең қайтеді, қорлыққа шыдаған, намысы жоқ шығармын мен?

Б и б і ш. Е, неден таусыла қалдың? Өз басыңды өзің түсіріп, мұның не? Сөйле!

Ж ү н і с. Шын айтасыз ба?

Б и б і ш. Сөйлемесе ырза емен!

Ж ү н і с. Ендеше, әй, Тәнеке, Жантас! Сұрап тұрғаныңды мен айтайын, бермен қара.

Қ ы д ы ш. Бәсе, міне, Қарсақтың бір баласы. Оқыған ақжүрек азаматың, список деп дікілдегенше, мына Жүністің сөзін тыңда!

Б ө р б а с а р. Жүніс, жасақшы болсаң, сөйлеме. Ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді деп еді, намысың жоқ болса, үндемей өл!

Ж ү н і с. Айтайын мен, мен көрдім списогін. (*Екі жақ та қалт қарап қалады.*) Болыстың өз қолымен тізілген списогі былай: дәл санға келгенде Олжай алты старшын, жүз сексен тоғыз жігіті бар екен. Барлық керек жігіт төрт жүз екен, соған Олжай бар, өзге ру бар, барлығынан екі жүз жігіт алынады. Ал Борсақ, Қарсақтан жүз-жүзден екі жүз жігіт алынады. Міне, сендерге керек болса әділет! Барлық керек жігіттің қақ жартысын, Борсақ, Қарсақ, сен бересің. Саның өзге елден бес есе аз. Міне, саған теңдік!

Б ө р б а с а р. Бәсе, тыққыштап отырған списогің сол ғой.

Ж ү н і с. Тоқтай тұр, отыз ауыл Мықтыбайды сұрап едің ғой, халық! Одан жігіт тумапты. Спесокте отыз ауылдан бірде-бір жігіт жоқ.

Ж а н т а с. Міне, көрдің бе, ел? Жыра қуғаны, оққа байлағаны кім екенін білдің бе?

Д а у ы с. Бұдан үлкен қасы бола ма елдің, көптің?

Ж ү н і с. Тоқта, әлі де тұра тұр. Борсақ, Қарсақтың екі жүзге жетпегенін қайдан алған?

Д а у ы с. Бәсе, соны айт! Соны айт!

Қ ы д ы ш. Жауымның үлкені сен бе едің, Жүніс?

Н ү р қ а н. Жылымқұрт боп іштен жайлапты ғой мынау...

Ж ү н і с. Жетпегеніне жасы өткен шалды, жасы толмаған жасты сүйреп салыпты. Тізімге ілінбейтін жалғызды, жартыны тығыпты. Ал білмегенің сол болса, мен болдым...

Ж а н т а с. Олай болса, бері шық бермен, Жүніс.

Б ө р б а с а р. Не сөз болушы еді мұндай дұшпанмен? Отырған орнымен өртеу керек тек! Артымызда бүгінде бес болыс ел. Ана Қарабұжыр, Көксудың болысқа қылғанын естімедік пе? Неге тұрмыз?

Д а у ы с т а р. Қыру, жою керек?!

Б о й б е р м е с. Бауыздаймын, лақша бауыздаймын. *(Пышағын жалақтатып суырып алады. Жантас ұстай береді.)* Жіберші былай, не қылмап еді?!

Б ө р б а с а р. Не көрмеп едік, не тұрыс бар? *(Ентелей береді.)*

Б о л ы с. Ей, ағайын! Жарты ауыз сөзге құлақ сал. Істемегінді содан кейін істерсің. *(Тоқтап.)* Жә, сөз қылғандағың список екен ғой. Мына Жүністің айтқаны рас. Бірақ ол бітпеген, толмаған шала список. Арман қылғандарың, жырып алып қалды дегендерің Мықтыбай ғой. Ендеше, міне. Сол отыз ауыл Мықтыбайдың барып тұрған тұрғысы мен едім ғой, өй, Жүніс, бері кел! Сен оқыған жігітсің ғой, ал қаламыңды! Список анау стол үстінде тұр, Нұрқан, тұр, қолына бер. *(Жұртпен бірге Жүніс те аңырады.)* *(Жүніске.)* Жаз. Міне, списоктің қақ басына мені жаз. Жасым қырықта, мен де ілінуім керек *(Қатты.)* Жаз! Екінші мына Нұрқанды жаз. Жасы 28-де, жаз! Неге тұрсың! *(Халыққа.)* Жанын аяп жүр дейді екенсің ғой түге сенен. Бірге кетемін.

Тобыңда боламын. Өлсем бірге өлем. Елім, жұртым сенсің. Немді аяйын, міне, көр! *(Жылаған болады, отырған Қыдыш та еңкілдейді, жұрт сілтідей тынады, жігіттер арасында босаңсыған сыбыр, дағдарыс.)* Бірақ әңгіме списокта ма еді? Мен ұлық қолына бермек пе ем бұны? Сол ұлықтың сырт көзіне осылай етіп қойып, ізденбек емес пе ем? Мына Кәкең адвокатты неге әкеп отырмын? Екеуіміз сендерге айтып, алдарыңнан өтіп, сапар жүрмек емес пе едік? Жоғары жандаралға, министрге, тіпті патшаға барамыз деп, жігітімізді амандаймыз деп, ізденеміз деп отырғамыз жоқ па? Ұқсаңшы, бишара ел?! *(Тағы жылаған боп көзін басып отыра қалады.)*

К ә к е ң *(тұрып)*. Ия, халық бағанадан бері үндемей аңысыңды аңдап болдық.

Б о л ы с *(ақырын)*. Бағанадан қатты айта көрмеңіз. Тоңмойын ел..

К ә к е ң. Мен бағанағы мұғалімнің бұзар сөзіне күйініп отырып қалып ем. Бірақ битке өкпелеп тоныңды отқа саламысың. Оған өкпелегенмен құптамағанымды жеңгізіп жүре берер ем. Бірақ сені қайтейін, халқым. Сені қия алам ба? Сенің табаныңа кірген шөгір біздің маңдайымызға кірсін деп жүрген еліміз сен емеспісің?

Қ ы д ы ш. Ой, атадан туса туғыр, қарағым! Жолын қыла гөр! *(Күрсініп.)* Аһ, дүние жалған. *(Кәрім тұрады.)*

Б о л ы с *(Кәрімге)*. Говорите осторожно!

К ә к е ң. Мен де саған бір еңбек етуге жарармын деп жүрген ұлың, азаматыңмын. Сен үшін ізденбекке бел байлағам. Сенің табаныңа кірген шөгір біздің маңдайымызға қадалсын, деген еліміз сен емеспісің. Ана патшасына, министрге, Петерборына барайық па сен үшін, жоқ па?

Д а у ы с. Бар, бар. Жолың болсын, бар, е... Бәсе, осылай десеңші бағанадан!

К ә к е ң. Бар десең, жаңағы айқайды қой, бұл пішінді таста! Менің қасыма жол көрген, жөн білетін Майқанды қосасың, біз солай байладық, бүгін жүреміз.

Қ ы д ы ш *(орнынан тұрып, мойнына белдігін салып)*. Иә, құдай, иә, әруақ, міне, осы тілеуден шет жайылған кісіні әруақ-құдай ұрсын... Пәле, қаза соның басына жаусын. Міне, мен айттым бір көк қасқа сол екі арысымның жолына. *(Алақанын жаяды.)* Жас та болсаң бас едің, бер, Кәке, батанды.

К ә к е ң (*қолын жайып*). Е, құдай жолымызды болдырып... елдің. Не... жігітін аман сақтап...

Қ ы д ы ш (*айтып жібереді*). Тілегін оңғара гөр!

К ә к е ң. Иә, тілегін оңғара гөр, бысмылда аллау ақпар. (*Бата қылады.*)

Б и б і ш (*Жүніске кеп*). Айтқан жерден шыққаның осы ма?

Ж ү н і с. Шықпадым... Шыға алмадым!

Б и б і ш. Қайтіп қарарсың енді менің бетіме?!

Ж ү н і с (*қатаң*). Бірақ бетіңе қарай алармын. Жүзтайлақ! (*Қарасып тұрады.*) Сол!

Бас шұлғып шығып кетеді.

Ж а н т а с (*тарай берген елмен бірге серпіліп*). Болсын айтқандарың. Бір жолға тағы сынайық... көп болса жата тастағаның болар. Тосты мынау елің, тосады!

Елмен бірге кетеді.

Б о л ы с. Жарайды, шырағым, тос. Кездесеміз әлі сен екеуміз, кездесеміз, тұра тұрайық. Сүт көп, көмір аз!

Ж а н т а с. Бұдан былай басқан іздеріңе шөп салулы.

Қ ы д ы ш. Уа, құдай-ай, өзің неткен құдай ұрғырсың, сен Жантас.

Д і л д ө (*Бибіш қасынан*). Уа, жуадай сол, Жантас. Қайдасың, әруақ, неге ұрмайсың мынаны. (*Жылап шөге қалады.*)

Б и б і ш (*болысқа жақындап*). Есебін қалай табасыз! Сүйсінетін іс істедіңіз-ау, болыс!

Қ ы д ы ш. Е, тәйір-ай, келін-ай, сөйтпесе бұны он бес жыл ұдайы болыс сайлаушы ма ем?.. (*Бәрі күліседі.*)

Б о л ы с (*Көкеңе*). Көрдіңіз бе мына еліңізді, ха-ха. Осыны да ел дейміз-ау!..

К ә к е ң. Жоқ, сен олай деме... неге үйдейсің? Қызмет етеміз, міні, осы елге.

Б о л ы с. Иә, елге солай. Біз бұл сорлыны көп бақтық, ха-ха-ха... ел бала, қолдағысын тартып алма, білдірмей ептеп алсақ, бәлі жоқ. (*Қыдыштар қошеметтей күледі.*)

Б и б і ш (*болысқа жақындап, қолын сипап, ырза болып*). Есебін қалай табасыз, сүйсінетін іс істедіңіз-ау, болыс.

Қ ы д ы ш. Қарағым Майқан, тек тірі бол. Жүлге болсын. *(Күледі.)*

Ш ы м ы л д ы қ

II АКТ

Екінші сурет

Облыстық қалада. Европаша жақсы жасаулы бөлме. Қала байының үйі. Үш терезе қора ішіндегі бақшаға шығады. Терезеден әралуан ағаштар, гүлдер көрінеді. Бөлме ішінде жақсылап әзірленген биік стол – ішкілік, жем. Айналасында ояз Казанцев, адвокат Кәрім және болыс. Бұлар іше отырып, карта ойнап отыр. Бұларды күтіп отырған Бибіш, сырттан асу әкеп жүрген екі даяшы. Бірі әйел, бірі еркек.

Көрініс

Б о л ы с *(адвокат банктесі)*. Бастым... беріңіз. *(Анау қарта береді.)* Тағы бірді... кетті, асып кетті. *(Картаны үстелге тастай беріп, ақша санап салып жатады. Бибішке.)* Бибіштай, парінің жоқ па еді тәйірі, бұ көп ұтқызғаным қалай? *(Күледі.)*

Б и б і ш *(күліп)*. Менің парінім бар шығар, өзіңізден шығардағы, осы сіз ағат кетесіз де, мен кінәлі боп отырам-ау, болыс!

К ә к е ң. Бәсе, сен ұтқызсаң, Бибіш жазықты екен, бұ қайдан шыққан зорлық, жаным-ау.

Б и б і ш. Ілігін кісіге артып қалған кісі ғой бұл кісілер.

О я з. Бибіш қонақтары ұтқанын тілейді. Жақын-жаранға емес пе? Солай емес пе, Бибіш?

Б и б і ш. Әрине, қонақ сіздерді ұтқанынан да өзі ұтылғанын абзал көреді.

О я з *(арқаға қағып)*. Міне, жақсы кісі. Мен сізді баста осындай кісі деп білемін. Білесіз бе, сізде қонақта болу маған үнемі приятно болады *(адасқанға)*, тағы бізді... тұрдым.

Б и б і ш. Бірақ биыл ауылымызға қонаққа бара алмадыңыз. Жылда бір келіп кеткеніңізде өте жақсы болушы еді.

О я з. Біздей қонақтың ауылыңызға барғанын жақсы көресіз бе?

К ә к е ң. Уа, Бибіштің біздей қонақты жақсы көруі, күтуі қандай! Мен де тұрдым. *(Күліседі. Ояз ақша алады.)*

Б и б і ш. Жақсы көрмей, күтпейсіздер, күтпестің кісісіздер ме?

Б о л ы с *(тағы карта алып)*. Бастым тағы. Көнгенің көнген-ақ. Бірақ маған жайсыз көрші болғаныңды қайтейін, өзіңізге.

Б и б і ш. Қанша ұтқыздыңыз соншалық?

Б о л ы с *(Көрім карта алып, болыс ойнайды)*. Міне, елдің жолға берген бес жүзінің басына су құйып болдық.

Б и б і ш. Енді бір орайы болар. Ұры болсаңыз қаруы қайтпас дейсіз бе? *(Күліседі.)*

О я з. Дұрыс айтады, міне, дұрыс. Ел тағы өзі әкеп береді... Сіздің ел туыс, жақсы, шатақты білмейді. Өзге қазақ болыстарындай емес.

Б о л ы с. Ай, тақсыр-ай, сырын білмейсіз ғой. Сырты бүтін, іші түтін дегенді білесіз бе?

К ә к е ң. Сол болмаса қиын де. Бірақ мынау бір қатты, ширықтырып тұрған тар кезең ғой. Бер жағынан кетті ғой.

О я з. Жоқ, он бес жылдай Майқанды болыс сайлап келе жатқан ел жаман ел емес.

Б о л ы с. Ол рас қой. Бірақ сол тыныштық елді сондай тыныш күйде ұстау Майқанға арзанға түседі дейсіз бе?

О я з. А, рас, ну на то болыстық... халықтың... жо, Майқан жақсы болыс. Мына халықты үйреткенсің сен. Ол елін во қандай ұстайды. Солай ұстауы керек.

К ә к е ң. Бірақ сол еліңіз енді бүгін кеп жаман ел боп жүрмесін. Сен үлестір. *(Болысқа береді.)*

Б о л ы с. Ия, жуастан жуан шығып де... бірақ қанша ерін мойнына алып мөңкісе де, әйтеуір қыбы оңай табылады байғұстың. Көрдiңiз ғой өнеукүні.

О я з. Жақсы болыс, как раз осындайда жақсы болып, ақылды болып шығатын керек. Біздің его превосходительство губернаторға да мен Майқанды сондай деп характеризовать етем... Ел мына жұмысқа көнеді ғой?.. Айттың ғой ақымақ болма деп, солай емес пе?

Б о л ы с. Айтылды ғой, бірақ кейбір ақымақтар бар. Бастыңыз ба? *(Өз картасын қарайды.)*

О я з. Жартысына... кетті... (*Ақша салады.*) Кімдер? Оны білдір маған... Мен саған как всегда помагать етем... (*Бибіш арақ ұсынады. Казанцев Майқанға басын иіп, Бибішке рақмет айтып.*) Міне, жақсы болыс, Бибіштен еш нәрсе аямайды. (*Арқаға қағып.*) Мен оны жақсы көрем... Сен, Майқан, бізге керек кісі.

Б и б і ш. Біз де сізді жақсы көреміз, тақсыр. Елдің ішіндегі ақымақтар болса, мен тіпті өзім-ақ айтам сізге.

О я з. Айтыңыз, сіз жаман деген кісіні, сізді ашуландырған кісіні мен аямаймын, білдіңіз бе? Бастым.

Болыс карта береді.

Б и б і ш. Жарайды, тақсыр, осынымыз уәде болсын.

О я з. Уәде ме! Жарайды, мә менің қолым. (*Қол алысады, Бибіштің қолын сипайды.*)

Б о л ы с. Ел бізді патшаға бар деп ақша беріп жіберіп отыр, тақсыр.

О я з. О неменеге? Біз мұнда білмейміз бе? Алынады. Барып неге керек?

К ә к е ң. Петиция, петиция берсек дейміз оған, сіз қалай қарайсыз?

О я з. Окопқа жігіт жіберу керек. Болмаса Германия жаман, көресің бе! Правительствоны поддерживать ету керек, оны сен білесің, Майқан!

Б о л ы с. Ел “бар” деп ақшасын беріп күтіп отыр.

О я з. Е, бар дей ме? Ақша бере ме? (*Күліп.*) Ну, что же! Петроградқа барып көріп қайт. Жақсы путешествие! Ол патша тұрған, біздің патшамыз тұрған жақсы қала... Барындар, сізге де советовать етем. Кәрім Сейлович, қызық көріп қайтасындар.

К ә к е ң. А, мына указ туралы, петиция туралы не ойлайсыз? Басқа Қарабұжыр, Көксу... Қызылжар, Теректі болыстары да осы Жыланды болысы сияқты, біздің хабарға қарап қалды. Майқан елді осымен басып кетті.

О я з. Ну, ел успокоиться етіп тұрсын, а, Майқан, сен ходатайствовать етпе. Пайда жоқ. Біз его превосходительство губернатор мен қазақ болыстары жігіт береді, бергелі жатыр деп донесение жасап қойдық. Керек емес.

К ә к е ң. Еш нәрсе шықпай ма? Отмена болмас па?

О я з. Шықпайды, бұл окончательно, Майқан! Керек емес.

Б о л ы с. Ел жайын өзіңіз жақсы білесіз, әйтеуір қысылсақ сенетініміз сізсіз.

О я з. А, кончено! Майқанды обижать еткізбейміз. Майқан біздің уездегі почетный кісі. Және сендердің істерің өзге болысқа пример болады. Қазір білесің бе? Сендердің бес болысың өзге бір уезд елді жаманға бастап кетуге болады. Жігіттерді жақсылап тез бергізесің.

Б о л ы с. Иә, енді әйтеуір, өз көмегіңізбен көреміз де. Банк сіздікі... Біздің есімізде, мына Қарабұжыр, Көксу елінің билері қатты желіктіріп жіберді. Бибіш, құйсаңшы тағы. *(Бибіш бәріне ұсынады.)*

Шатақан кіреді, елден келген беті.

Көрініс

Б о л ы с. Е, амандық па, немене? Не қып жүрсің?

Ш а т а қ а н. Ел іші тынышсыз болуға айналып жатқаны, Нұрқан мен Қыдыш жіберді.

Б о л ы с. Немене, Борсақ па?

Ш а т а қ а н. Иә... Бастығы сол Жантас, Тәнекелер.

К ә к е ң. Не қып жатыр олар?

Ш а т а қ а н. Қол болып жиналып, ел жігітінің көбін бір араға топтап алып, қару-сайман қамдап жатыр дей ме, немене, әйтеуір.

О я з. Ол кім? Не айтады мынау?

Ш а т а қ а н. Мына кісі... *(Болысқа қарайды.)* Айта берейін бе?

Б о л ы с. Айта бер, айтпайтын нең қалды енді. *(Оязға.)* Өзіміз сізге айтармын деп ем. Осында бір бүліктер шығатын түрі бар-ау...

Ш а т а қ а н. Соған бар ел ағылып, қосылып жатса керек.

К ә к е ң. Мыналар не деген ақымақ еді?..

О я з. Иә, айт оны... болыстар не істеп отыр?

Ш а т а қ а н *(Нұрқан мен Бибішке)*. Ырық беріп, тіпті тілін тыңдар емес. Тіпті кеше кешке келіп, бізге ат-

көлік керек, сойыс керек деп өзіміздің жылқыдан бес жүз жылқыны іріктеп айдап кетті.

Б и б і ш. Не дейді, бұл не деген сұмдық, бәтір-ау!

Б о л ы с. Басқа шатағы жоқ па? Нұрқан қайда еді онда?

Ш а т а қ а н. Әлгі жатқан бұзық ауылда еді. Соған кеп ерегесіп, тіпті осы адам айтпайтын кесір сөздер айтып кетті.

Б и б і ш. Мынаны бір сор түртіп жүр екен.

Б о л ы с (*оязға*). Міне, көрдің бе? Бұл елдің ақымақтығын.

О я з. Бастықтары кім? Айтыңдаршы маған қазір, бұларды ұстап үйрету керек, тез ұстатамын. (*Кәрімге*.) Сіз не дейсіз? Сіз онда болғаныңыз қайда?

К ә к е ң (*сасыңқыран*). Болып ем, бұнысы бұзықтық екен. Айтқаныңыз рас, ұстап жазалау керек.

Б о л ы с. Бастық Жантас Жаманшалов, Тәнеке Жетпісов, тақсыр.

К ә к е ң. Ал, ізден бұл бұзылған ел туралы.

Б о л ы с. Ал, ізден бұл бұзық ел туралы?

К ә к е ң. Не сөзі бар, жігіттерінің списогін реттеп, елге ұлық шығарып отырып, алдын жүргізуге қамдану керек. Ізденсек артынан іздене жатармыз. Бірақ ел сөйтіп бізді уятқа қалдыратын болса, ізденіп керек емес.

Б о л ы с. Бәсе, өзіміз арандармыз.

К ә к е ң. Орынбор мен Самардағы жігіттерден хабар күтіп ем. Бүгін хат келді, тілдерінді алған елді көндіріңдер, жігітін берсін депті. Ол жақтағы бастық азаматтар елге шығып, тоқтатып жүрген көрінеді. (*Оязға*.) Міне, бұл мәселеге біздің көзқарасымыз осындай.

Б о л ы с. Тіпті солардікі дұрыс.

О я з. Конечно, ізденген керек емес, еше мынадай жаман ел болып отырғанда керек емес. Бұларды только примерно, наказать ететін керек.

К ә к е ң. Бір жақсы арыз жазып, петиция қып жібереміз... Ал өзіміз ел тынышталғанша біраз жүріп қайтайық. Одан бері де қазір мына его высокоблагородие господин уездный начальник бұйрық етіп, елге тығыз поручениемен кісі шығарсын, менің байлауым осы.

Қыдыш кіреді, қасында Ділдә, елден, жолдан келген.

Көрініс

Б о л ы с. Е, немене, жандарым-ау, үсті-үстіне! Қыдыш аға, немене?

Қ ы д ы ш (*оязбен амандасып*). Е, жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан деп, тақсыр ояз да мұнда екен, келе айтайын. Мұңымды шағайын деген кісімнің өзі осы кісі еді.

О я з. Но, немене? Тағы не болды?

К ә к е ң. Өзіңіз, тіпті қысылған кісі сияқтысыз ғой, Қыдыш.

Қ ы д ы ш. Қысылмасы бар ма, карағым-ау, тіпті мұндай құтырған ел көрген емеспін бұрын.

Б и б і ш. Бүйтпеуші еді, ақкем мына бір кемпірді де ала кепті.

Қ ы д ы ш. Мына Шатақан айтқан шығар. Байдың ауылына біткен жылқыдан бес жүзді алумен тұрмай, кешке келіп қорадағы сауда қойынан бір қора қойды да алып кетті. Сойып, қырып, тойлап жатыр дейді.

Б о л ы с. Ал, оның үстіне?

Қ ы д ы ш. Оның үстіне сол түн ішінде келіп Нұрқанды қамап, ауылға орнап жатыр. Сен список жібересің, қалаға шағым бересің. Майқан қайтқанша, жақсылық хабар болғанша тура осылай ізінді бағып отырамыз дейді. Мені де кепіл қып тапжылтпай қойды, пәле үлкейіп кетті. Ана жақта Қарабұжыр, Көксу, Қызылжар болыстары да бүлініп жатыр дейді.

К ә к е ң. Міне, есуастық! Бұл не антұрғандық, батыр-ау! Өстіп отырып та жоғын жоқта дей ме Майқанға!

Қ ы д ы ш. Уа, сенбейді, Майқан бізді қулыққа салып алдап кетті... Ол шағым ап кетті, елдің жоғын жоқтайды деген бекер деп, тамам елдің қолтығына дым бүркіп апты. Олжайда тексіз аз ба, соның талайы қосылып кетіпті.

Б о л ы с. Өзің аяғы қашып шықтым десеңші?..

Қ ы д ы ш. Рас, тіпті шынын айтайын, қашып шыққаным рас. Мына кемпірді әдейі сол Тәнеке, Жантастардың жатағына апарып сөйлестірем деген боп ілестіріп шықтым. Жолшыбай кездесе, Жантастар болса, осының септігі тиер деп ойладым.

Б и б і ш. Ойпыр-ай, енді неге отырсыз, не қалды?

О я з (*ашуды шақыра бастан*). Бұның аты жаман жұмыс, бұны тіпті не деп атарға білмеймін, білесіңдер ме, бұл военно-полевой суд тексеретін іс, осындай бұзықтар сенің елінде... Әй, Майқан, не қып сен осындай антұрған адамдарды көрмей қалдың? Сен не қарадың, Қыдыш?!

Қ ы д ы ш. Ұятты болдық, ұятты, қор қылды бұл елді. Бұзық ел, соны өзім әдейі сізге ауызба-ауыз айтайын деп келдім. Несін айтасыз?

Б о л ы с. Ендеше, несі бар? Обалы өзіне! Әбден өрісіне жібердік, дандайсып шарасынан асып алған екен...

О я з (*өтірік күліп, суық жымып, біресе картаны лақтырып тастап, әкімше*). Ха...ха! Басынан қыспай, азғана ықтияр берілген... Оны бұл халық былай мазақ қылған. Но жарайды. Енді бұл елді только өртейтін керек. Айтыңыздар қазір... өздерің не істеуге, қалай басу керек дейсіңдер?.. Господин адвокат. Сіз де өзіңіздің мнениенізді қазір айтыңыз. (*Тұрып жүріп.*) Мен требовать етемін. Мен қазір қонақ емес... не есіттім мен! Бұның аты не сіздерше, господин адвокат? Бұл величайший указға қарсылық... Бунт. Подумаешь, жонының ығына қарай сипау керек. Қарсы сипасаң, ол қыр көрсетпек... біздің государь императордың подданствосында рахат, тыныштықта отырып, ақ патшаның жерінде отырып, білесіңдер ме, бұзылғандар сендер!.. Сендерге ол көп болған. Дикий, невежественный ақымақ халық! Оған патшаның жерінде мал бағып отырған аз болған, ә?.. Айтындар қазір (*жерді теуіп*), сейчас же, сендерше не істеу керек?

К ә к е ң. Мен пікірімді айттым, ваше высокоблагородие... Өзіңіз айтқандай аямай жазалау керек.

О я з (*болысқа*). Сен ше? (*Қыдышқа*.) Сен ше? Жолын айтындар!..

Б о л ы с. Мен өзім де жапа шегіп отырған кісімін, көрдіңіз ғой. Менің панам сізсіз! Маған салсаңыз, өртеңіз сол Қарсақ, Борсақты. Ана Олжайдың бұзылғандарын да сөйтіңіз. Отырған жерін де былтыр поселкеге аламыз деп, әзірше алмай қойып еді, өзі көшіріп, қырып-өртеп жіберетін ел.

К ә к е ң. Не дедің, не деп барасың, Майқан-ау.

О я з (*адвокатқа*). А, сіздер сонда ходатай болмадыңыз ба? Арыз жазбадыңыз ба! Ходатай! Петиция...

К ө к е ң. Жоқ, честное слово, мен емес арызын жазған.

Б о л ы с. Осы бүлікке бұлк етіп, атсалысқан кісі болса бәрін ұйпау керек тек. Олжай болса Олжай болсын, бәрібір маған қазір...

Қ ы д ы ш (*баяу*). Дұрыс қой... Бірақ тамам елді қусақ, пәле ұлғая бере ме деймін. Көпшілікті құртпай, қайта жиып алар ма едің, қалай? (*Оязға.*) Тақсыр, мен ең әуелі шаруаны айтайын, ұнатпасаңыздар қалар.

О я з. Айт...

К ө к е ң. Иә, айтыңыз шынын. Тамам ел қырылсын, мал ғой... Міні, трагедия. Әй, оңбаған ел-ай, саған да қызмет етеміз дейміз-ау. Ұятқа қалдырдың-ау, жер қылдың-ау!

Қ ы д ы ш. Ең әуелі, бір жолға жалғыз бастықтарын атап, соларды жыра қуса! Өзге ел тез тыйылса, манифест болады деп, хабар шығарып, аналарды іріктеп шығарсақ деп ем, жеңіл болар еді...

Б о л ы с. Онда кім-кімді айтамыз?

Б и б і ш. Кім болушы еді? Жантас! Тақсыр, ең үлкен жау. Жантас, айттым, міне, мен. (*Ояз басын изеп, қағазға жазады.*)

Б о л ы с. Содан соң Тәнеке. Онан соң әлгі бір Сапа дейтін мұғалім және Жүніс дейтін оқыған жігіт. (*Ояз жазады.*)

Б и б і ш. Оларды қойыңызшы, ауызға алуға тұрмайтын.

Б о л ы с. Жоқ, барсын, тегіс...

Д і л д ө (*Бибішке*). Сұмдық-ай, өртке түскен басым-ай, қарағым Бибіш-ай, мұндай ма едің?

Б и б і ш. Шығарма үніңді, оттамай отыр!

Ш а т а қ а н. Қой, кемпір, не бетіңмен сөйлейсің? Ашпа аузыңды. Байдың үйінің малын судай шашып отырған жаудан не аяушы еді? Көріңде өкіргір... бізді қандай рәсуә қылды.

О я з. Ендеше, міне, сол Жантас, Тәнекелер қашқын. Үкімет жауы.

К ө к е ң. Әуелі тексеру шықпай ма? Елде отырып анықтамай ма?

О я з (*ақырып*). Не анықтайды?! Тағы не керек?!

К ө к е ң. Өздері ақымақтығын біліп тоқтамас па деп ем, айтса, ұғындырса!

Д і л д ө. Сәулем, жарығым, демей көрсеңші, бірдеме десеңші! Елдің дәмесі сен емес пе ең?

К ә к е ң. Сөйлемеші, кемпір, мен ондай бұзықтың досы емеспін. Елді айтам.

Б о л ы с. Болды. *(Оязға.)* Тақсыр, сол айтқаныңыз дұрыс. Солай деп, қашқын деп жариялансын және өзге елге соларды ұстап беру міндеті тапсырылсын.

Ш а т а қ а н. Иә, өзінің қаруы, мылтығы даяр. Өзі мерген және өзі балуан жігіт. Ол енді оңай қолға түспейді.

К ә к е ң *(қынжылған сияқтанып)*. Сендер де жүйелей бересіңдер ме? Япыр-ай, сендер ондаймедіндер? Қап, қайран ел... Болмас, сөйлеспей болмас.

О я з. Сіз не айтасыз осы? Сіз қандай мнениедесіз қашқын туралы...

К ә к е ң. Айттым ғой мен.

О я з. Тағы айтыңызшы, мен тыңдайын...

К ә к е ң. Мен үлкен қиыншылықтар болатынын көріп отырмын.

О я з. Стало быть, сіз қарсысыз ба?

К ә к е ң. Жо... оқ, жоқ, неге? Неге олай дейсіз?

О я з *(қатты)*. Ну, не істеу керек, сізше? Неге анық айтпайсыз?

К ә к е ң. Кімге дейсіз, Ваше высокое...

О я з. Қашқындарға.

К ә к е ң. Мен елді айтам... Көпті айтам... әлеуметтің өзіне қиын бола ма? Мынандай ауыр уақытта өзіне залал бола ма дейім. Мына қашқын деген туралы айтқаныңызды істеңіз, біліңіз, істеңіз сол айтқаныңызды.

Қ ы д ы ш. Табылған ақыл сол. Майқанның айтқаны рас. Бұл ем болатын нәрсе, аналарды қашқын деп ұстап беруге кепіл қылу керек.

О я з. Ұстай ма? Көп ел болған соң артынан кімнен требовать етесің.

Б о л ы с. Ел ұстасын. Ел міндеті дейміз, болмаса ел қырғынға ұшырайды деңіз.

О я з. Бұл дұрыс па...

Қ ы д ы ш. Жоқ, елді әуелі кішкене босаң ұстаса... пәле бастықта ғой. Елге басында қатты келмей, жұмсағырақ келсе, іріп кетуші еді. Елді бір-бірлеп тастап, аналарды жалғыз, соларды ғана жыра қуатын бір айла істесе деймін. *(Кейбірі күрсінеді.)*

О я з. Болды, ендеше, Жантастың, Тәнекенің басына

пұл кесіледі, кімде-кім соларды ұстап берсе, әрқайсысы үшін бес мың сом сый беріледі.

Қ ы д ы ш. Міне, бәрекелде, міне, осындай бір шара ғой менің ойлағаным.

Б о л ы с. Дұрыс тапқан ақыл!..

К ә к е ң. Әттең, қандай іске куә боп отырмын?

О я з. Екінші жағынан елге отряд шығып, оларды қазір қуады, ұстайды...

Б о л ы с. Иә, әрине, онсыз болмайды. Міні, осы ең дұрыс жол.

Д і л д ө. Құдай-ай, қаңғырған екем ғой. Қаңғыртқан екенсің ғой тіпті... Бұндай меді, бұндай деппем.

Б о л ы с (*Шатақанға*). Шығартпашы мынаның үнін. (*Шатақан кемпірге сыбырлап, жерлеп, ұрсып жатады.*)

О я з (*жүруге қамданып*). Ну, ендеше, болды солай, дұрыс па? (*Болыс, Қыдыш, Бибіш бас ізейді. Адвокатқа қадалады.*) Бұл мырзаға сіз не айтасыз?

К ә к е ң (*күрсініп*). Білмеймін, білмеймін. Өзіңіз, өздеріңіз біліңіздер... дұрыс, дұрыс болар. (*Кетуге айналады. Әуелі қоштасып ояз кетеді. Зағандының контр елі қалбақтап күтіп шығарады.*)

Көрімнен басқалары оязды шығарып сала тысқа шығады.

Не дермін?! Тарих алдында не айтармын? Біздің трагедия осы да. (*Тоқтап.*) Көрбала ел? (*Бекініп.*) Жоқ, жоқ, өзің, өзің. Өзің виноват. Мен не істей алам. Сен мені де подводить ете жаздадың... Ендеше, өзің, өзің виноват. (*Үйде қалған кемпір жылап аяғына жабысады.*) Сорлы кемпір! (*Аздан соң.*) Жоқ, жоқ, аулақ, аулақ! (*Жөнеледі.*)

Қыдыш, болыс, Бибіш, Шатақан қайта кіреді.

Көрініс

Б и б і ш (*бүк түсіп жылап жатқан кемпірге*). Ей, ку кемпір, сен немене, жының босап, тұр арман? Жоғал ары, бұл түріңді көрсетпей.

Ш а т а қ а н. Бәсе, кеп-кеп мұнысы несі... Өзің

ұялмастан сол елден шыққан қуға жаның ашиын дей ме? Олай болса, кепілсің тіпті өзің.

Қыдыш. Кепілім екені рас. Бұ кемпірді несін айтасың. Мынау жақта болғанша әдейі Майқан мен Бибіштің кепілі болсын деп апкедем...

Ділдә (*Бибішке*). Шырағым Бибіш-ай, тас байладың ішіме. Мұздаттың ғой ішімді. (*Болысқа*.) Өз қолыңмен де өлтірмедің... оқ аузына байладың ғой. Бүйтер деп пе ем сендерді мен. Жетім еді, жесір еді, жүрегімді қарс айырдың ғой, қарағым Майқан.

Майқан. Саған мен түк те істегем жоқ әлі. Бірақ істегенімді енді көресің. Айға шапқан арыстан мен болатынын біліппең!..

Ділдә. Қарағым Бибіш, өз құлың емес пе еді? Бөтенге, ұлыққа неге өлтірттің? Жесір ем ғой. Жүрегімді қарс айырдың ғой, қарағым Майқан? (*Аяғын құша береді*.)

Бибіш (*аяғымен серпіп, теуіп жіберіп*). Тартыңыранбай, бүйте берсең өзінді бергіземін ұлыққа, сорың құрғыр, жаны ашығанымды көремісің, білемісің сендей тексіз! Болмаса айтпас па ем мынау шешесі деп!

Ділдә (*қатайыңқырап*). Бүйткенше берсең етті! Шірітсең етті абақтысында, соның жолында. Қуарған қу басым, етегіңнен ұстап неге өлмедім?

Майқан. Құдайыңды ұмытқан екенсің, бәлем Жантас!

Бибіш. Ауылымыздан қатын тартып алғаның жетпеп пе еді. Ұмытты деп пе ең біз оны? Енді мынаған жеттің бе. Енді егескен соң әуелі сол қатыныңды көзіңше әкеп Мырза жігітке құң қатын қып қоймасақ, атымыз құрысын.

Болыс. Намыскерін бұл құлдың. (*Жылап жатқан кемпірді нұсқап*.) Міне, міне, намыскер болсаң мынаны көрсең еттің! Адыра қал! Жігерлі жігіт! Шыққан жері, шешесі, тегі қайда екен қазір! (*Нұсқап*.) Жетілдім деген күнде де басың аяғымның астында жатқанын сезіп пе ең, біліп пе ең, міне!

Есік ақырын ашылып, Жантас тұра қалады,
қолында жалаңаш сапы.

Көрініс

Ж а н т а с. Білгенмін. Жауыз дұшпан екенінді бұрыннан білдіргенсің.

Отырғандар шошып, алақ-жұлақ етеді, терезеге қарасады, терезеден Бөрбасар, Бойбермес, тағы бірнеше кісі мылтықтарын үңіліп тұрады.

Түр, анам! Адасқан, қаңғырған сорлы анам! Көзің жетті ме? Көеріңді көрдің бе? Көрсетті ме? Мені қарғасаң да, сені қуа келдім.

Д і л д ө (*ұмтылып*). Жарығым, жалғызым! Әпкет, әпкет, әпкет мені мына ысқырған айдаһардан!.. Мына дозақы дажалдан! Қуатым, жалғызым, садағаң кетейін!

Ж а н т а с (*болысқа*). Елді алдап, сытылып шығып шағым жүргізіп жатырсың. Елдің қырғынына тойлайын деп отырсың. Солай ма? Бауыздайын ба осы жерде, жауыз...

Б о л ы с. Мен елге әлі өтірікші болғам жоқ... Жүргелі отырмын.

Ж а н т а с. Шығарма үніңді, алдайтының бір біздің ел емес, бүгін бес болыс, тіпті бір дуан ел қарсы шықты. Құтылып көрші осы селімнен, бәлем Майқан!

Б ө р б а с а р. Аштырма аузын...

Д а у ы с. Алдама, жалтара алмайсың.

Ж а н т а с. Инге су құйып тұрмын. Шағым жүргізген өзің деп көрші.

Б о л ы с. Не тілейсің менен?

Ж а н т а с. Тілейтінім бе? Қазір мына шағымыңды тоқтатып, әскерді шығартпайтын қыл! Ел тынышталды де, ұқтың ба? Істеймісің?

Б о л ы с. Істейін.

Ж а н т а с. Е, әлі де тілек орындамақпысың? Әлде жібере тұрасың ба? Ал жарайды, түбінде сен менен құтылмайсың. Қоймаңның бәрін мен білем. Қуа-қуа өзің үйреткенсің. Өзіңнен сабақ алған қулардың бар айлаңды білетінін сезесің. Бірақ бір жолға тағы жіберем.

Қыдыш. Неге бүйтесің, қарағым Жантас, үйтетініңді айтсаңшы.

Жантас. Сөйлеме сен, ашпа аузыңды. Қу күйрық! *(Болысқа.)* Тілейтінім не? Қазір мына шағымыңды тоқтатып әскерді шығартпайтын қыл... ел тынышталды де...

Болыс. Істейін, қайтейін ел тілегі сол болса.

Жантас. Жоқ, құр сөзің болмайды, сырмінез ғой өз әдісің, жаныңды бер.

Болыс. Сенбегенің бе? Осынша қор қылайын деппең?

Бибіш. Мазақ етейін дегенің бе? Шіркін Жантас-ай, шынымен осындаймедің. Не күн туды осынша дұшпаным боп.

Жантас. Мазақ ететін біз емес, сендерсің. Бірақ мазақтай-мазақтай болғасың. Енді кезек...

Бибіш. Құдайыңды ұмытқан екенсің.

Жантас. Тарт тіліңді. Мен әлі саған түк істегем жоқ, Жүзтайлақ. Бірақ сұм қылықтарыңды қоймасаң, істейтінімді шын көрерсің.

Бибіш. Арам болармын.

Жантас. Ендеше, бәйбіше, уәде болсын. *(Қатты.)* Күн жетер, сонда ақ шабақтай қайраңға соғып, мына жігіттерімді сенімен тоятатармын. *(Ақырып.)* Ашпа енді аузыңды. *(Болысқа.)* Бер жаныңды, бересің бе, жоқ па? Болмаса қазір осы жерде бауыздаймын.

Болыс. Бердім.

Жантас. Берсең, Мықтыбай әруағымен ант ет!

Болыс. Осыдан өтірік айтсам, ел тілегін орындамасам, атам Мықтыбайдың әруағы атсын.

Жантас *(Қыдышқа)*. Сен, міне, осы анттың басындасың. Айт сөзіңді.

Қыдыш. Есіттім, куәмін.

Жантас *(болысқа)*. Енді алдыңда жалғыз кезең, жалғыз-ақ кезең! Бірақ оған жеткенде кінә бізде болмайды. Жаңағы айтқан әруағыңа шет болғандықтан соның өзі атты дерсің! *(Тоқтатып, суық жымып.)* Сен өтірік айтпайсың, әрине, ант-аманатыңа сеніп тұрғам жоқ. Бірақ итке жем қыламын – өз әдісің. Екінші уәдем сол. Мен уәдемді айтайын. Бізді жеңіп шығатын күнге жеткенде де игілігін, Майқан, сен көрмейсің. Мен қу жанды шүперекке

түйгемін. Жығылсам, үлкен жастық құшақтай жығыламын. Сенің антыңа сертім осы!.. Тарт, жігіттер!..

Жөнеле береді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ІІІ АКТ

Болыстың кеңсесі. Кешкі уақыт. Үлкен ақ үй, іші жасаулы. Сол жақта стол. Жұмсақ диван, екі-үш орындық және кеңсе қағазының шкафы.

Үйдің содан басқа жері тегіс қазақша, кілем, жүк. Оң жақта жақсы төсек, босағада сәнді ер-тұрман, кеңсе жақ бөлмеде бір қылыш, бір винтовка және сары жезді атшабар сумкесі ілулі тұрады. Кеңседе Нұрқан винтовканы қарастырып, сыртылдатып отырады. Босаға жақта Жұмажан.

Көрініс

Н ұ р қ а н. Тұқымыңды құртып мынамен басып салсам ғой серейесің де қаласың. Қолымнан кім алады сонда сені? (*Жұмажан ыржыңдап күледі.*) Ауылға кеп, жасағым боп отырған әскер анау...

Ж ұ м а ж а н (*күліп*). Апырым-ай, ә!.. Басып салса, табаныңнан жатқызар еді-ау, ә?.. Өзі неше атылады дейді осы, Нұрыш аға!

Н ұ р қ а н. Неше атылғанын не қыласың, сілейтейін бе осы, ә?.. (*Оқталады.*)

Ж ұ м а ж а н (*басын қорғап күліп*). Е, жазығым не?

Н ұ р қ а н. Жазығың сол, боққа жарамайсың!

Ж ұ м а ж а н. Жарамаймын деп жүрмін бе? Өзің емес пе жаратпайтын. (*Күліп.*) Нұрыш аға, әлгі бір айтқаның бар еді ғой. Әлгі уәдең! (*Күліп.*) Соны енді... Қашан болады...

Н ұ р қ а н (*өзгеріп*). Киші өзің ана сумкені мойнына! (*Жұмажан қуанып киеді.*) Мына жағаңа ана қылышты сал. (*Анау салады, мәз болады.*) Міне, адам боп қолыңнан іс келетін болса, осындай қылмас па ем мен сен итті!

Ж ұ м а ж а н. Енді өзің айтшы, сол істе дегенінді, шорт!
(*Ыржаңдап.*) Түрікпеннің төрінде болса да бір көрейін.
(*Сумкені қағып қожаңдайды.*)

Н ұ р қ а н. Астыңа сарқурай атты мінгіземін.

Ж ұ м а ж а н. Рас па, әттең, бір сыдыртса-ау, желмая
ғой, сорлы!

Н ұ р қ а н. Төбеңді көкке бір-ақ жеткізейін бе?

Ж ұ м а ж а н. Істесеңші енді солай, Нұрыш ағатай?

Н ұ р қ а н. Исі Борсақ жетпеген шенге жеткізем. Болыс-
тың атшабары дегенді білесің ғой. Ақеспені алып қалам.

Ж ұ м а ж а н. Бәлем, ана жылы Шатақан қандай
атшабар болды, сондай бір болайын. (*Сумкені қағып.*) Пай,
Шатақан дегенде елдің жылаған баласы уанды-ау сонда.

Н ұ р қ а н. Окоптан да алып қалам.

Ж ұ м а ж а н (*ыржаңдап*). Документіңмен не ақысы
бар. Жасым 18-де ғой. Акопты желкем шұқыры көрсін.

Н ұ р қ а н. Оттапсың. Есіңді ұрайын.

Ж ұ м а ж а н. Е, немене, 18-де ілінуші ме еді? Жасым...

Н ұ р қ а н. Адыра қал, жасың білуші ме еді. Тілмәштің
қолы біледі. Тіркеулісің.

Ж ұ м а ж а н. Қойшы, ағатай, оның не!

Н ұ р қ а н. Ендеше, іске бар.

Ж ұ м а ж а н. Айтшы енді сол айтатыныңды.

Н ұ р қ а н. Олай болса, Мөржанды қайтып алып кел.

Ж ұ м а ж а н. Қайтіп, ойбай-ау, жолын айтшы?

Н ұ р қ а н. Ертең әскер оларды қуады, Мөржан оларға
ерсе бір жерде оққа ұшады, не солдаттарға жем болады,
білдің бе?

Ж ұ м а ж а н. Бәсе, сорың құрғырды сөйтіп сор түртіп
жүр ғой.

Н ұ р қ а н. Сен бұрын бар да, қасынан қалмай
айналдыра бер! Қайт, үйге жүр де. Әйтеуір оңашалап
қақпалай бер, мен өзге бір ер жігітке тағы тапсырам. Орайы
келгенде ұстап, басып қалыңдар да, еріксіз алып келіңдер.

Ж ұ м а ж а н. Жарайды, ойбай... осы ма тәйірі, Нұрыш
аға! Мен әкелейін оны, әкеп тұрып Бибіш екеуіңнің қолыңа
берейін, шорт.

Н ұ р қ а н. Мұны істесең тағы бір сын бар.

Ж ұ м а ж а н. Ол не? Ол қандай? (*Ыржаңдап.*)
Қолымнан келе ме, әйтеуір.

Н ұ р қ а н. Келтірем десең келеді.

Ж ұ м а ж а н. Келсе болды, шорт, мен аянбайын, өл десең өліп, тіріл десең тірілейін, сөзім сол-ақ. Немене енді?

Н ұ р қ а н. Оны мына әскердің өзі де істейді. Бірақ бірдеме етіп қолдарынан келмей, ұстай алмай қалса, сонда сені салам. (*Анау түсінбейді.*) Жантас туралы, бірақ ол кейін.

Ж ұ м а ж а н. Ә, кейін болса болсын, жарайды, әйтеуір мені (*ыржаңдап*) қайрап-қайрап сала бер дедім ғой! Айдай бер. Осы бар ісіңе жараймын, Нұрыш аға, көрерсің.

Н ұ р қ а н. Ендеше, қазір ат қамдап өзірлене бер.

Қыдыш кіреді.

Көрініс

Қ ы д ы ш. Е, қарағым Нұрқан, не ойлап отырсың?

Н ұ р қ а н. Өз ойыңды айтыңызшы, Қыдыш аға. Болыс ағам да келмеді. Мен әзір мына оязға, әскерге не деп мәслихат беруді білмей, байлай алмай отырмын.

Қ ы д ы ш. Мен осы туралы айтайын деп едім. Біздің келінге сол жақтан бір жіңішке лақап хабар кепті. Ол жерде Борсақ үстем боп, содан қол арасында жік туатын түрі бар дейді, білдің бе?

Н ұ р қ а н. Жігі бар болсын, тарап құрып болғанша біздің барлық малды құртты ғой, өңшең сімтік, шашты ғой мүлкімізді, Қыдыш аға!

Қ ы д ы ш. Қарағым, бүгінше оны уайым қылмай тұра тұр. Елді қайта баурап алайық, олқысын бір-ақ күнде толтырамыз.

Н ұ р қ а н. Осының ашуымен сонда жүргеннің бәрін ақ-көк демей, Олжай болса Олжай болсын, тұтас қырса деймін.

Қ ы д ы ш. Мен нақ сол жеріңді айтпақшымын. Майканның ақылы, менің ақылым басқа еді.

Н ұ р қ а н. Жұмсатайық дейсіңдер ме?

Қ ы д ы ш. Жұмсақтау емес, жол сол. Елге қазір хабар таратайық, әсіресе қолға жетсін сол хабар.

Н ұ р қ а н. Не деген хабар?

Қыдыш. Қалың ел пәлен күн ішінде тарасын, сонда манифест болады дейміз. Керегіміз жалғыз Жантас пен Тәнеке дейміз, ана қу мұғалімді де ұстату керек. Қазір бір-екі кісіні бөгде адам қып шапқызсақ деймін.

Нұрқан. Ақыл осы дейсіз бе?

Қыдыш. Осы... осыған қазір бір-екі кісіні бөгде адам қып шапқыз дейім.

Нұрқан. Ендеше, әй, Жұмажан, сен сарқурай атқа мін де шап!

Жұмажан. Сарқурай? Шын ба? Маған мінгізгенің ғой, Нұрыш аға!

Нұрқан. Ұрлап мініп қашып шықтым де! Қолға жете бере жаңағы сөзді жосылтып тарата бер... Ұқтың бе?

Жұмажан. Ұқтым... Жөнелейін бе! *(Ыңғайлана береді.)*

Қыдыш. Ей, ана мойныңдағы сумкені таста. Бұл тұқымың құрғыр есалаң бір нәрсеге жараушы ма еді, Нұрыш-ау!

Нұрқан. Барсын, жарайды.

Жұмажан *(ыржыңдап)*. Е, жарамайды деп, о не дегенің, Қыдыш аға-ау?

Қыдыш. Бар, бар, сенің қолыңнан бәрі келетіні рас. Құдық қазғандағы қайратыңнан дәме қып ем. Осы сен жөйтбастың қолынан келетіні рас. Шап, ендеше.

Нұрқан. Ей, әлгі бағанағы айтқанды қолыңа түсіргенше, соның орайын тапқанша, сол жерден қайтпа!

Қыдыш. Е... рас! Әбден сенімін алып, бауырына кіріп ал Жантастың, білдің бе! Балдызы емеспісің, құдай атқыр!

Нұрқан. Ал жөнел! *(Жұмажан ыржыңдап жөнеледі.)* Тағы бір-екі кісі жөнелсін солай, қазір.

Бибіш кіреді.

Көрініс

Бибіш. Немене, Мырза жігіт? Ағаң жоқта ел тауқыметі ауыр тиіп отыр ма? Немене?

Н ұ р қ а н. Ауыр тиіп отырғаны рас. Ақыл қосшы, жеңеше, осындайда бір жол табушы едің ғой.

Б и б і ш. Ояз қасына бармай жасқанған кісіше отырғаның не? Үйреніскен кісіміз емес пе? Ағаңның досы ғой.

Н ұ р қ а н. Барам. Ақылдасамыз ғой. Өзіңнің не білгенің бар дейім. Жасақшың ұлық болады. Айтарың бар ма дейім енді.

Б и б і ш. Ай, шырағым-ай, менің көмегім шын керек екен ғой. Ендеше, мен ана жақтан хабар алдым.

Қ ы д ы ш. Осы сенің хабаршың кім, қарағым Бибіш?

Н ұ р қ а н. Бәсе, сол жансызыңды неге айтпайсың бізге?

Б и б і ш. Айтпаймын. Оны не қыласыңдар? Уәдеміз солай!

Қ ы д ы ш. Ал не хабар қыпты?

Б и б і ш. Бүгін кешке басшы кісінің бірі барады. Бүлдіргіштің бірі сол депті және қолдың ертең қайда қонатынын айтыпты.

Н ұ р қ а н. Не дейді? Қолмен келіп, қамсыз қап жүрмейік!..

Б и б і ш. Сөйлесуге келсе керек, бірақ қамданып отыратын осыған бір шара істеу керек, арттағы қол да сол істің ретімен болады депті.

Қ ы д ы ш. Ендеше, сол қамына кірісейін.

Шыға бергенде алдынан есік ашылады, сарала ояз және подьесаул Семенов кіреді. Бұлар тұрады, тұрып қарсы алады.

Көрініс

О я з. Господин подьесаул! Сіз жүрер алдында мен мына болыстан біраз көмек алып бермекпін сізге!

С е м е н о в. Слушаюсь, ваше высокоблагородие. (*Тітіркеніп.*) А-а, жайлау суық па, Бибіш! Үй суық па? Неге сіздің үй мұндай? Мен сізді мұндай деп ойламаған. (*Күледі.*)

О я з (*тітіркеніп*). Ха, ха! Жайлау суық па, Бибіш?! Үй суық па? Неге сіздің үй бұндай? Мен сізді бұндай деп ойламаған.

Б и б і ш (күліп, қозғалып барып сандықты ашып, қымбатты ішік алып, ояздың иығына әкеп жауып жатып). Біз суық емеспіз, тақсыр! Сізді тондырайық деген ниетіміз жоқ.

О я з. Рақмет! (Тұрып, қолын қысып.) Рақмет! Әй, жақсы, жақсы, хозайка Бибіш, тамыр біздің. (Арқаға қағып, Бибіш сызылып тұрады.)

Б и б і ш. Тондырсақ айыбымыз үшін мына ішікті жаптым. Менің сізді жылытқаным осы, тақсыр. (Күледі.)

С е м е н о в. Ваше высокоблагородие, какая она необыкновенная. Для киргизки, я бы сказал решительно, необыкновенная.

О я з. О-о, сіз білмейсіз, ол Бибіш! Ол на то единственная достойная киргизка. (Нұрқанға.) Жә, мына господин Семенов қазір әскерімен жүреді?! Осыған жерді жақсы білетін басшы керек. Қазір соны табындар.

Н ұ р қ а н. Бұған кім дұрыс болар екен? (Қыдышқа.) Өзіңіз қалай болар едіңіз, басында болсаңыз...

О я з. Ә, дұрыс! Мен де соны дұрыс деймін.

Қ ы д ы ш. Кім біледі, кәрі кісімін, ере алмай жүрмесем?

О я з. Жоқ, жақсы болады. Барасың, Қыдыш, бар.

Қ ы д ы ш. Жарар енді, солай ұйғарсаңыздар, болсын солай.

О я з. Не істейтініңді господин Семенов өзі біледі. Біз онымен қазір ақылдасып, бәрін шештік.

С е м е н о в. Да, сендер аз ғана помощь бересіндер. Көрсетесіндер. А, бунтовщиктерді қалай наказать етеді. Оны біздің карательная сотня өзі біледі. Біз ана көрсеткен Қарабұжыр, Көксу болысында. (Күліп.) Ну, общем көресіндер! Только жер білетін кісі керек.

Қ ы д ы ш (Нұрқанға). Бізге ақыл салмай-ақ өздері шешкен екен ғой, бұл кісілер. Бұнысы қалай? Бірақ осы ғой... Ә... солай ма?

Н ұ р қ а н. Ақыл салып-салмай немене. Бәрібір істейтін іс мәлім ғой, өздері біліп істегені жақсы. Аясын деп отырғам жоқ. Бүгін жан ашуының үстінде...

О я з (Нұрқанға). Онан соң, Нұрқан, сен ол қолдар жатқан жерді білесің бе? Сенде хабар болуға керек. Ертең таңертең қайда болады? Господин Семеновке ол да керек.

Н ұ р қ а н. Оны білуге болады, тақсыр. *(Бибішке.)*
Жаңағы айтқаның бар еді ғой, жеңеше!

Б и б і ш. Е, айтайын мен. *(Оязға.)* Тақсыр, ертең
Ақтомар деген жерде қонбақшы дейді.

О я з. Молодец. *(Шақырып, белінен құшақтап, арқаға
қағып.)* Бибіш молодшина!

С е м е н о в. Прекрасно, олай болса, біздің жұмыс
бітті. Қазір жүреміз, ваше высокоблагородие.

Үйдегілермен қол алысып қоштасып, Қыдыш екеуі жөнеледі.

Көрініс

О я з *(Жыланды болысының он шақырымдық картасын
ашып, қабырғаға іліп қойып, қызыл қарандашпен сызып
отырып).* Жыланды болысы! *(Сызып.)* Алтыншы ауыл,
төртінші ауыл, үшінші ауыл! *(Нұрқанға.)* Жетінші ауылдың
жартысы. Мына жақ Қарабұжыр, мынау Көксу, олардың
жері де осы арада, солай ма?

Н ұ р қ а н. Не туралы дейсіз, тақсыр?

О я з. Міне, мына жерде, Сарыкөл айналасында...

Н ұ р қ а н. Ия, тақсыр, солай, алтыншы — ауыл
Борсақ, төртінші — ауыл Қарсақ, анау үшінші, жетінші —
біздің Олжай жері, бірақ ол да жаман ел болып отыр. Мына
жақтарында көрші болыстардың елі, олар да жаман.

О я з. Борсақ және мына төртінші, үшінші, жетіншілер
бәрі де бұл жерде болмайды. Мына Сарыкөлден он
шақырым жерде *(көрсетіп)* Романовский станциясы
бар. Оларға жер, жаңа жер керек. Мына Семенов
командасындағы карательная сотня солар, жер береміз деген
оларға. Жыланды жаман болыс болды... Бұл жер соларға
берілетін керек.

О я з. Осы ауылдан спесікте қанша жігіт?

Н ұ р қ а н. Қанша дейсіз бе? Біздің болыс Майқан
барлық 400 жігіттің бәрін осы елдерден жаздырған еді.

О я з. Жақсы, жақсы. Майқан дұрыс істеген, оған
мен солай айтқамын. Болды... Бәрібір *(сызып)* ұзыны
жиырма шақырым, көлденеңі он шақырым. Бұл жерлер
қыстау ма?

Н ұ р қ а н. Қыстау, иә. Сол елдердің қалың қыстауы ғой.
О я з. Егіндік, пішендік жер, су бар. Азғана тоғай да бар, солай ма?

Б и б і ш. Бү кісі жақсы біледі екен ғой ол жерлерді. Оныңыз рас, бар...

Н ұ р қ а н. Онысы рас. Өзі бір жақсы қыстау. Біздің болыс сол жерден заимке сәлем деп еді. Борсақ бермей қоқандап жүр.

О я з. Бір заимке? А, ол Майқанға беріледі. Борсақ, мына төртінші, үшінші, жетіншілер, бәрі де бұл жерде болмайды.

Н ұ р қ а н. Иә, былтырдан бері осы жерлерді қазына алғысы келеді деген сөз бар еді. Соны айтасыз ба, тақсыр?

О я з. Соны айтам. Онда бұлар Петроградқа арыз жіберіп, кісілер жүргізіп жартысын алып қалған... Онда қазына алған. Жақсы ел деген (*қатайып*) енді... енді не айтады?!

Н ұ р қ а н. Рас, енді оған мал да, жер де арам.

О я з. Міні, рас айттың (*сызып*), Сарыкөлден он шақырым жерде (*көрсетіп*) бар ма... Жыланды жаман болыс болды. Значит, бұнда пасолке салынатын керек...

Н ұ р қ а н. Осыны переселен кеңсесі биыл көктемнен бері тағы сөйлеп жүр ғой дейім. Әлгі Тәнеке, Жантастар елді ерткенде осы жер жайып, жер тарлығын айтумен тағы да құтырып жүр.

О я з (*кекетін*). Жер тар... оған аман жүрген, ауылда жүрген тар болған... ну что же, жердің үстінде тар болса, жердің астына кіріп кең жер табады. (*Бәрі күліседі.*) Вот что!!

Н ұ р қ а н (*Бибішке*). Қалай айтады тақсыр. (*Оязға.*) Тақсыр, айтыңызшы.

О я з. Олар жаман ел. Ондай бәрібір керек емес...

Н ұ р қ а н. Иә, өңшең жалқау, құнсыз, кедей, өзі де елдікке жарамайды.

Б и б і ш. Қолынан бүлік қана келеді. Елдік шығушы ма еді?

О я з. Онда еңбек қылатын, жақсы ел отырамын керек. Мыналар өздері де жақсы істеді. Енді оларды только жоқ қылатын керек. Міні, решение... Губернатор бізге солай деген, ұқтың ба? Ре-ше-но! (*Қызыл қарындашпен крес сызады.*)

Н ұ р қ а н. Е, дұрыс, кетсін, барсын, сүйтіп тоз-тоз болып қалмай отыр... Осыныңыз әбден дұрыс. Көрсін болыс ауылына шапқанды.

Тәнеке, Бөрбасар кіріп келеді.

Көрініс

Н ұ р қ а н (*саскалақтап оязға, Тәнекеге қаран*). Е, тақсыр, міне, өздері де келді ғой... Мынау әлгі... Тәнеке!

Т ә н е к е. Саспай-ақ қой, сөйлесуге келдік. Ел жіберді, міне, мені. Жалтақтап артыңды тығып отырғаныңды білеміз.

О я з. Не сөйлейсің, айт! (*Бибішке.*) Сіз барыңыз, біз болыс екеуіміз сөйлесеміз онымен, әлгі кісіні шақыртып жібер мұнда. (*Тәнекеге.*) Да, не айтасың?

Бибіш кетеді.

Т ә н е к е (*оязға*). Бізді ел жіберді. Ұлық келді, сіз келді деген соң: “Алдына бар, елдің мұңын айт. Не тілейтінімізді жеткіз!” — деп жіберді. Мына болыстікінде жатыр деген соң, олар өтірік шағым жүргізіп, елді жазықсыздан былғайды, бос жамандайды, ел айыпты емес, соны білдір деп жіберді.

О я з (*есікке қарай беріп*)... Ну, не тілейсіңдер, не айтасың?

Т ә н е к е. Біз осы Жыланды болысындағы ылғи кедей, әлсіз, зорлық көрген елміз. Бізді ұлық бір ренжітеді... Бес старшын елдің қыстау, жайлау қылған алақандай жері бар еді. Сарыкөл. Соны бұрын үш рет кесіп-кесіп алып қатты тарылтқан еді. Қазір тағы алды деп есітеміз. Біз қайда бармақпыз? Былтыр жер азайып, пішендік кеміп қалып, қалың елге қатты тарлық болды. Содан келіп өткен қыста сол бес старшын ел ала бөтен жұтап шықты. Бұл бір зорлық, ұлық, сенің зорлығың. Түңлік басы салығы қырып барады. Недоимке, қарашығын дегеніңмен ел алабөтен жұтап шықты. Бұл мынамен, болыс, елдің саған, ұлық, саған қоятын кінәсі. (*Үш кісі солдат кіріп, арттарында тұрады.*) Екінші мына болыс зорлық етеді. Ол да сол жердің қалғанына қол сұғып қыстау салам деп отыр. Оның үстіне мына паверкеге баратын жігітті ылғи біздің елден жазды. Өзінің бай ру, жуан ауыл Мықтыбайы 30 ауыл, содан бірде-бір жігіт жазған жоқ. Осы не қылық? Бізді әдейі сорласын, басын тауға, тасқа ұрсын, содан барып

қырғын тапсын деген қылық па немене? Содан басқа жоқ деп білеміз. Мына ел бүлінбесін десендер, ең әуелі жерімізді қалдыр. Екінші, мына тізімді елмен отырып, өзіміздің келемізге салып отырып шешіңіз. Болыстың жалған, арам списогіне көнбейміз, оған бала бермейміз, одан да осы жерде қырып сал дейді мына ел. Бұл — барлық ел тілегі.

О я з. Болдың ба? *(Тәнеке үндемейді, солдаттарға.)* Заберите их, подлецов! *(Солдаттар ұстан, қаруын алады.)*

Т ө н е к е. Ай, ояз, ел жіберген елшіге істегенің осы ма? Ұлық-ақ екенсің!

Н ұ р қ а н. Құтырған неме ісінеді. Сол керек.

О я з *(алдына кеп жер теуіп, ұрсып)*. Сендер ақымақ ит! Ел талаушы!

Т ө н е к е. Сені кісі деген мен ит екем. Ендеше, сол ел үшін мен-ақ құрбан болайын. Білгеніңді қылып қал.

Н ұ р қ а н. Оңбағандардың көзін ою керек.

Б ө р б а с а р. Бәлем, Нұрқан, жазанды ел берсін! *(Бербасарды Нұрқан теуіп жібереді.)*

О я з. Сен бұзық! Антұрған ит! Саған не керек? Оны көрерсің! Нұрқан, қамат мыналарды, ертең қалаға жүреді. А, я поеду сейчас за отрядом.

Ояз шығады.

Көрініс

Н ұ р қ а н. Шатақан! Ендеше, қолдарына кісен керек, аяғына да кісен сал, Шатақан, уай, Шатақан! *(Шатақан есіктен қарайды.)* Әпкел, кісен әкелдір, қазір мына иттерге! Көгендетермін бәлем! Шарасынан асқан, тәубесінен жаңылған қулар... тәубеңнен жаңылған екенсің! *(Шатақан кісенмен, екі жігітпен кіреді. Солдаттар қолы байлаулы кісілерді соларға беріп шығады. Бибіш кіреді.)* Ауылыма шабатын, құтымды шайқайтын немесің ғой.

Т ө н е к е. Итаршы екеніңді ұмытып, өзің қылғандай боп тұрсың-ау. Менің арманым жоқ. Өмір бойы басымды қостырмай тоз-тоз ғып, әр жерге шаңға аунатып келіп ең. Тамам жылауларды соңыма ертіп, артыма қыруар ел жиып

кеп тұрмын. Соның көшін бастап өлсем арман емес маған,
көрің өтпейді, білдің бе, болыс!

Н ұ р қ а н (*қолдарын өзі байлап жатып*). Құл қылмақ
едің ғой! Қолың қысқа екенін біліп пе ең, иттің тұқымы?!

Т ә н е к е. Не ел тұрар, не сен тұрарсың.

Н ұ р қ а н (*ұрмақ боп ұмтылып*). Иә, тұрарсың сен,
тұрарсың, тұрғызармын, байла итті, кісенде тексіз итті! Бер
сыбағасын.

Жантас, мұғалім, Бойбермес бастаған бір топ қарулы кісі келеді.

Көрініс

Ж а н т а с (*тап беріп Нұрқанды бір-ақ бүктеп, алып
ұрып*). Бәсе, беріссең беріс сыбағаны!

М ұ ғ а л і м (*Шатақандарға*). Тапжылма бірде-бірің!

Б о й б е р м е с. Шығарма үндерінді!

Б и б і ш. Сұмдық-ай, мына сұмдар тағы жетті-ау.

Ж а н т а с. Жетпей, сенер деп пе ең сендерге? Қайтер
екен десем, қайратын бұның. (*Тәнекені босатып.*) Осы
иттерге сеніп қолсыз кетіп... Арандай жаздамадық па
аңғалдықпен!

Б ө р б а с а р. Өлтіріп кетеміз, алдымен мына тұрған
итті өлтіріп кетеміз. (*Қанжарын суырады.*)

Б о й б е р м е с. Үнін шығармай өлтір. Ас шаңыраққа!
Желбауды! Өз шаңырағына асамын. (*Нұрқанды Бөрбасар
сүйретіп ортаға әкеледі.*)

Б ө р б а с а р. Сал, сал мойнына арқанды!

Бойбермес мойнына арқанды салып жібереді. Сәруәр, Мөржан кіреді.

Н ұ р қ а н (*шошып, қалбақтап*). Ей, жандарым, ей,
ағатай, ей, Тәнеке ағатай! Шыбындай жаным, шыбындай
жаным!! Кеш, кеше гөр, құлың болайын. (*Аналар асуға
айналады.*)

Б и б і ш (*ұмтылып, мұғалімді құшақтап, жабысып*).
Мұғалім, жарығым... сәулем, жалғыз тілегім. (*Құшақтап.*)
Не тілесең садағаң болайын, өлтіртпе! Жалғыз ауыз сөзімді
тыңда.

М ұ ғ а л і м (*құшағынан босанып*). Ей, жігіттер, тоқтай тұр! Өлтірме!

Б ө р б а с а р. Ара түспе, мұғалім ағатай! Жібер, босат бізді! Рұқсат ет!

М ұ ғ а л і м. Жоқ, мен десендер өлтірме! Тұра тұр! (*Жұрт тоқтайды. Бибішке.*) Не айтасың, Бибіш ханым!

Б и б і ш. Тілекке тілек орай еді ғой, сөзіңнің қадірін ұқпап ем, бірақ ұмытқан жоқ едім. Қуатым, ара түс. Сонан соң мойныңа жіп тағылған күңім де! (*Жылап жібереді.*) У-ух... (*Қалтасынан хат шығарып.*) Мынау саған, сенікі, оқышы әуелі.

М ұ ғ а л і м (*жаны ашып*). Бибіш ханым, жапанда жалғыз сұлу ең, неге жыладың, бауырым? Қиналма, кинамашы мені, ұқтым. Нұрыңа сендім ғой, асыл гауһар.

Б и б і ш (*қалтасынан хат шығарып*). Мынау саған, сенікі. Оқышы әуелі.

М ұ ғ а л і м (*асығып ашып, оқып*). Мүмкін емес, жоқ рас, соның қолы, “Қазақ” газеті идарасынан. Ең басшы, ақжүрек азаматтың өзінен. (*Отыра кетеді.*)

Ж а н т а с. Не депті, не бопты?

М ұ ғ а л і м (*оқып*). “Елдің наразылығына сен де қосылатын түрі бар деп есітемін. Біз мұныға барымызша қарсымыз. Ол бүлікті қостама. Жігіттің берілгені игі. Біз солай ұйғардық. Миллат деген саналы азамат енді қайта жігітті бастап фронтқа барсын. Тез қатеңді түзе. Басқа жол жоқ. Біз тілімізді алған елдің бәрін де тоқтатып көндіріп жүрміз, елге жаның ашысын. Мағлұмың!”

Б и б і ш. Мен сен үшін, амандығың үшін сақтаған едім.

С ө р у ө р. Ненди сихыр, Сапа, син нешік ни ішлөп аңшылық хур боласың?

М ұ ғ а л і м. Жоқ, жоқ! (*Отырып қалған жерінен.*) Ондай сөз керек емес. (*Жігіттерге.*) Жігіттер, өлтірмендер, өлтірмеймін мен, ара түстім!

Ж а н т а с (*жігіттерге*). Босатындар!

Т ө н е к е. Қарағым, мұғалім-ай, адастың ғой, өкінесің ғой, өкінесің ғой. Өкіндіреді ғой бұлар.

Ж а н т а с (*жұртқа*). Жоқ, мұғалім дұрыс істеп отыр. Қаруымды бөлтірігіне қандамаймын, қанды ауыз қасқырдың өзі керек.

М ұ ғ а л і м (*отырып, басын ұстап мұңайып*). Мен білмеймін, қателескенім бе? Бұл нендей мүшкілдік?

Ж а н т а с. Тәйірі, мұғалім-ай! Ер болып төбе басына шыға алмағаның ба? Не көрсек те елмен көрдік десеп пе едік?

М ұ ғ а л і м (*хатты көрсетіп*). Мынаны қайтем?

Ж а н т а с. Алыстағы сәлемнен әзір тұрған құшағым игі демес пе ем мен болсам! Еліңнің құшағы емес пе?

Болыс кіріп келеді, жолдан келген беті, сәлем беріп, аңырып тұрып қалады.

Көрініс

Ж а н т а с. Ә, міне-міне, жаранды емдейтін шын дәрің, міне! Өзі келді, жігіттер!

Б и б і ш (*шошып айқайлан*). Сорлы қылған құдай-ай! Қайдан келе қалып ең ажалдың ортасына?!

Б о л ы с (*айнала қарап тұрып, күліп жіберіп*). Өй, не сөйлеп тұрсыңдар өздерің? (*Күліп.*) Неғып келгенімді білдіңдер ме менің?

М ұ ғ а л і м. Немене. (*Дәмеленіп.*) Не болды?

Б о л ы с. Сүйінші, сүйінші, бер сүйіншімді. (*Тәнекенің басындағы бөркін жұлып алады.*) Қыласыны әбден сен қып едің.

Т ә н е к е. Айтшы, кәні?

Б о л ы с. Сүйінші, шап, хабар тарат... сұра сүйіншіні. Босатты, азат болды жігіттер. Бүгін түсте жандаралдан шықтым. Әдейі ұшып жеткенім осы.

М ұ ғ а л і м. Қайдан кепті? Кім бұйрығы?

Б о л ы с. Петербордан, Санаттан! Ал шап! Не тұрыс бар? Мұғалім, саған Орынбордағы жігіттерден сәлем әкелдім... Айтам... Шап, Шатақан! Шабыңдар! Есіктен төрге сүйінші!

Ш а т а қ а н. Сүйінші, сүйінші! Садағаң кетейін, Майқан-ай, сүйінші!

Жөнеле бергенде Шатақан тоқтап қалады.

Ж а н т а с (*болысқа*). Сүйінші ме? Рас па?

Б о л ы с. Рас емей!

Ж а н т а с. Ендеше, мұнда жер тар. Даурықпайық!
Сүйіншің сүйінші! Бірақ осыны қазір өзің жүріп, анау
жиылған елге өзің барып мәлім етесің! Жүр!

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс! Жүр, жүр, өзің жүр!
Б ө р б а с а р. Дұрыс, өзің жүр... Өзін апарамыз!

Жұрт кимелеп, болысты ортаға алып әкетуге айналады.

Б и б і ш. Өңшең елден шыққан бүлік. Жақсылық
әкелсе де қадірін білмейін дей ме? Мұғалім, жаным,
сенің жолыңда мен айтқан тоқтың. Сәулем! Бар сен де!
Тапсырдым саған. Тұр, бар!

Мұғалім ойда, зорға тұрады.

М ө р ж а н (*шығатын жұртпен кетуге ыңғайланып*).
Арын сатқан арсыз еді. Аю қатын екенін білмеуші ме ең,
мұғалім? Сізге не болды, жібің босап. Мен айтайын ба
ақылды, бұныңыз не?

С ә р у ә р (*мұғалімге*). Ни болған, ни болған соң сиңә.
Ни ішләрмін. Ни әйтiргә. Әне Мөржан әйтті бит сиңә. Ол
білә бит ол қаһарні. (*Сілкіп оятқандай болып.*) Ни диәрмін,
нәрсе диәрмін мин, мен мұнан соң синің хақыңда?

Б и б і ш (*Мөржанға*). Құтыра тұрындар бәлем. Ішіңнен
жайлармын, астыңнан қырыққанымды көрерсің.

М ө р ж а н. Күймесең өртеніп өл. Енді ұсынсаң да
қолың жетпес.

Б и б і ш. Тұра тұр, жетпес деп саспа! Әлі-ақ аяғымның
астына түсерсің! Менің кісім, керек кісім, тап ортаңда!
Білерсің, төбеңнен ұрған күні.

С ә р у ә р. Уаллаһи ни айта бұл? Харап болдың бит,
Сапа! (*Екеуі де мұғалімге төнеді.*)

М ө р ж а н. Сұмдық қой мынаның айтқаны. Жүріңізші
өзіңіз. Жүріңізші, жүріңіз.

Екеуі мұғалімді алып бара жатады.

М ұ ғ а л і м (*түк ұғынбаған пішінмен*). Қош, Бибіш
ханым! Шұғылаңа тағы мас еттің ғой мені.

Б и б і ш. Қош, жарықтығым, болысқа пана бол, тапсырдым саған. *(Аналар тез серпіліп кетеді. Есі шығып, жалаңбас қалған Нұрқан енді есін жиып, арлы-берлі жүгіреді.)*

Н ұ р қ а н. Әттең, әскердің кетіп қалғаны-ай. Ауылда даяр жігіт жоқ, қайда, қайда, ойбай, ояз?

Б и б і ш. Ұш, ұш енді оязға!

Н ұ р қ а н. Әкпетті, әкпетті ғой, ойбай! Арыстанның аузына әкпетті ғой, қайран ағатайым!

Б и б і ш. Қайда, әскер қайда? Шап, шап әскерге!

Нұрқан шығып кетеді. Бибіш жылап, сілейіп отырып қалады.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

IV АКТ

Тау іші, кешке жақын. Әр жерде қос түгіндері, тас арасында қайнаған қол. Құралдар, найза, айбалта, аздаған мылтық – әр жерде тас басында қарауыл. Қолдарында қызыл жалау, найза. Қол бейбіт. Сондықтан кейде шырқаған, қосылып айтқан әндер естіледі. Дырду күлкі. Сойыл қағып, найза тіресіп, сапыласып өздерінше әскер ойындарын ойнап: “Қайт-қайт! Қашпа-қашпа! Қайда-қайда! Жекпе-жек, жекпе-жек!” десіп сахнадан өтеседі. Арасында қалмақша алысып, үш-төрт пар дөңгелесіп өтеседі. Алдыңғы бір таста мылтығына сүйеніп жалғыз Жүніс отырады. Түнерген.

Көрініс

Бір шал, бір кемпір шығады. Үрей жоқ. Қашқан, босқан елдің бірі.

Жүністі көріп шошып, бір-бірінен ығысып бұғып қалады.

Ш а л *(сыбырлап)*. Бұқ-бұқ, шегін, сорлы... Әне, отыр. К е м п і р. Сорлы қылған құдай-ай, енді алдымыздан шықты ма?

Ж ү н і с *(селт етіп, басын көтеріп қаран)*. Ей, сендер, кімсің!..

Ш а л. Уһ, қарағым-ай, ел екенсің ғой, зәрем кетті ғой. *(Талған күйде отырады.)*

Ж ү н і с (*қастарына келін*). Не болды? Қайдан жүрсің?
Кімсіңдер?

К е м п і р. Қарағым, не қыласың. Қара күн туды
ғой. (*Танып.*) Ойбай, қарағым, сен Жүніспісің? Қырды
ғой, шырағым, қан жоса қылды ғой, ойбай!

Ж ү н і с. Қай ауыл, қай елсіңдер, не болды?

К е м п і р. Уа, Олжаймыз, Жаманай ауылыныкіміз!

Ш а л (*бет-ажары қан, есін жиып*). Не болды дерің
бар ма? Жетті ғой әскері, бастаған Қыдырбай, бір жерде
отырған бес ауылдың жігіті Жантас, Тәнекеге еріп кетті деп
үйпап салған жоқ па, бүгін!

Ж ү н і с. Не істеді, анықтап айтшы?

К е м п і р. Бес-алты ауылды түгел өртеді, малдың бәрін
айдап алды, басып қалды, бауырын көтеріп қыбырлаған
жанның бәрін қырды. (*Зарлап.*) Қаршадай қызым, сәулем!
Он жасар балам шыға алмай оттың ортасында қалды.

Ш а л. Аң боп кеттік қой, қарағым, бостық қой. Осы
жол бойы ылғи адамын қырып, ауылын өртеп, қан жоса
қып келеді.

Ж ү н і с. Қай-қай елге соны істеген? Қашан бастады?

Ш а л. Өзен жағасында отырған елді, шетін Борсақтан
бастап, жолда Қарсақты, одан қала берсе Олжайға да ауыз
салды.

Ж ү н і с. Олжайға да тегіс тиді ме?

Ш а л. Жоқ. Оған аралатып тиіп жүр. Әлгі көрінде
өкіргір Қыдырбай жүр ортасында. Шықты ғой тажал боп.

Тағы екі қатын шығады. Алдыңғысы кеудесін басып жығылады,
бүйірі қан.

Көрініс

К е м п і р. Сендер кімсің? Сен де бір сорлысың ғой
түгі, біздей болған.

2- қ а т ы н. Жеттік пе, ойбай! Қайда азамат? Қайда
әлгі, қол жиды, қарсы тұрады деген азаматы қайда? (*Жұрт
жиыла береді.*)

Д а у ы с. Не болды, уа, не болды?

К ө п д а у ы с. Әскер жетті, қырды... Елді қырып
жатыр дейді.

Жүніс. Ой, жігіттер, тоқтандар, естідіңдер ме мынаны?
Дауыстар. Уа, не дейді? Не бопты? Айтсаңдаршы жөндеп?

Жүніс. Өзен жағасында отырған елге Қыдырбай бастаған әскер кеп, ауылдарды өртеп, елді шетінен қырып жатыр дейді.

Дауыс. Уай, ол ел тыныш ел емес пе еді? Бізге ермей қалған ел еді ғой.

2-қатын. Ермегені не керек? Мынау Борсақ, мынау Қарсақ деп атап-атап қырып жүр. *(Жылайды.)* Қуатым-ай, жарығым-ай, не болды сенен қалып.

Жүніс. Қой, қой ұстама. Кімнің қап еді?

2-қатын. Бесігінде жалғыз ұлым қалды, нем қалды? Неге тірі қалдым, ойбай, қу басым!

1-қатын. Жарығым, жалғызым... шауып өлтіріп кетті ғой, ойбай, көзімше.

Шал. Көрмеген сұмдық, дозақ заман жетті ғой басымызға! Қарағым, тілеуінді тілеген азаматым, не қып тұрсың, ойбай, түге? Қырды ғой мына болыс, мына Қыдырбай, өртеді, қырып салды әні, туған бауырларыңды. Ат тұяғына ездірді ғой қызыл шиет баланы...

Дауыс. Ой, жігіттер, бұл не тұрыс?

2-дауыс. Бәсе, бұл не? Қайда Жантас! Қайда Тәнеке? Жүніс, Жүке! Сен не дейсің? Бір басшы сен емес пе ең, неғып тұрсың? *(Тағы бір топ шығады. Кемпір, жас қатын-бала — бәрі де “қырды өртеп, қан-сел қылды, жойды, жойды” десіп жылап-сықтасады.)*

Дауыс. Уа, не дейсің бұған, Жүніс?..

Жүніс. Мені қайтесің, не істерміз. Бұның арты осы болатынын білмепшең! Әлде үсті-үстіне арандасайық па?

Дауыс *(алға бір жігіт шығып)*. Ой, тәйір, не айтып тұрсың, Жүніс, сен? Не аяйтын жан қалды... Ей, жігіттер, осы қырғыннан қалған жан — жан, мал — мал емес пе?!

2-дауыс. Бәсе, аяйтын неміз бар еді? Сен аянғанмен тыныш қойып отыр ма? Өне ермей қалған, көндім деген ел емеспеді анау Борсақтан, Қарсақтан, Олжайдан қырылған, өзен бойында қалған ел.

Дауыс. Руыңмен құртамын, үйелменіңмен өртеймін деген қимыл ғой мына...

Көп дауыс. Бәсе... бәсе... жүріңдер... жүріңдер, көріп аламыз, барамыз, соғамыз.

Ш а л. Оларың рас, қазақтарым. Тек қыруға, жоюға ғана шыққан. Сылтау таба алмай тұрған, әйтпесе бүйтер ме еді. Уа, жүр тегіс, кеттім міні мен, сонда кеттім.

Д а у ы с т а р. Бәсе, солай, соның ісі, бір бірігіп алғасын бұ жолмен істеп отырған мықты бай, соның жіберген, бастаған бес-алты адамы болар.

Д а у ы с. Ендеше, бетін қайтармай тұрамыз ба. Жүр, жүз бірің мергендер. *(Айғайлап.)* Қайда, қайдасың, Борсақ... Олжай, Олжай.

2-д а у ы с. Аттан, аттан, Қарсақ, Қарсақ!

Жұрт қым-қиғаш қаруларын алып жөнеледі, сахна сейілмейді, босып келгендер ғана сүйретіліп, шұбатылып, көрісіп, өксіп жылап, күңіреніп кетіп бара жатады. Жүніс баяғы қалпында күресіп, түнеріп қайта отырады. Жүгіріп Шатақан шығады.

Көрініс

Ш а т а қ а н *(жүгіріп)*. Уа, сүйінші! Сүйінші! Қайда мұның қолы, сүйінші. *(Жүністі көріп.)* Жүніс, Жүке.

Ж ү н і с. Шатақанбысың, ей? *(Анау жүгіріп кеп қолына хат сияқты бірдемені сұға салады.)* Ақырын, не болды? Немене?

Ш а т а қ а н *(айқайлап)*. Сүйінші. *(Жүніске жылдам.)* Болысты әкеле жатыр, зорлықпен әкеледі ұстап, Жантас, Тәнеке! Жүкетай, жаны қалар ма, жоқ па? Сүйінші! Сүйінші тілеп ұш деп еді Жүзтайлақ. Бибіш!..

Ж ү н і с. Бибіш, шіркін! Қысылып па едің? *(Атып тұрып.)* Жүгір-жүгір, сұрай бер! Құлақтандыр сүйіншінді!

Ш а т а қ а н. Өзіңіз, өзіңіз бірдеме берсеңізші. Белгі, белгі ғой мына жұртқа. *(Жігіттер тобы шыға бастады.)*

Ж ү н і с. Сұра ана жұрттан сүйіншінді. Ана елден сұра. *(Теріс қарап.)* Мен енді жазаға көнуім керек.

Ш а т а қ а н *(жүгіріп)*. Сүйінші, сүйінші, болыс келді.

Екінші жақтан Бөрбасар, Сөрүөр, Мөржан шығады, қарай қалады.

Манифест! Болыс келе жатыр өздеріңе, сүйінші, сүйінші!

Д а у ы с т а р. Не дейді мынау? Нені айтады мынау! (“Сүйінші” деген дауыстар сахна сыртына тарап, бірден-бірге кетіп жатады.)

Б ө р б а с а р (*сүйінші деп жалаңдап жүрген Шатақанды ұстап ап*). Ей, сен болыстың итаршысы едің ғой, тұра тұр, көп бүлінбе!

Ш а т а қ а н. Не дейді мынау, езуінді!.. Сүйінші десем, жақсы тілеу үстінде.

Б ө р б а с а р (*халыққа әйгілен*). Сенікі қай сүйінші осы? Ей, жігіттер, мынаның сүйіншісін білдіңдер ме?

Д а у ы с т а р. Уа, не? Немене, айтсаңшы? Қай сүйінші?

Б ө р б а с а р (*Шатақанды жібермей*). Тұра тұр, тапжылма! Бұның сүйіншісі осы қазір ашылады. Әлде бұл болысты, Майқанды ұстап әкеле жатқанға сүйінші сұрайтын шығар. Солай ма? Дәм-тұзын ақтаған екен, шіркін, сен де дастарқан аттадың ба?

Ш а т а қ а н. Ой, құдай жүзін көрмегір, көпір! Көпір екенсің ғой! Жаман иттің атын Бөрбасар деп, Бибіш текке қоймаған екен ғой.

Д а у ы с т а р. Не дейсің? Баста, ой, жаңағың! Жүр, жүрші былай.

Б ө р б а с а р. Жүр, алып жүріңдер. Ана жігіттердің ортасына апарып бұның қызығын естің... естіртемін мен қызығын...

Д а у ы с т а р. Жүр, жүр, алып жүр. (*Алып кетіседі.*)

Сахнада Мөржан, Сәруәр қалады. Сәруәр мұңды.

Көрініс

Ж ү н і с (*Сәруәрдің түсін байқан*). Сәруәр, немене? Сен неғып тұрсың? Осы Жантастармен ауылға сендер де еріп бардыңдар ма, немене?

С ә р у ә р. Иә, бу Мөржан анасын кургісі килді. Ә, мен!..

Ж ү н і с. Иә, сен-ші! Ауылда не қызық көрдіңдер? (*Мөржанға.*) Өздерің еркектер жүретін жолға жүріп, тіпті ер боп алдыңдар-ау. Айтсаңдаршы, о не? Кімді көріп едіңдер, не көрдіңдер?

М ө р ж а н. Ер болғаны бар болсын. Азғын еркек болғаннан да қатынның қоры болғаны артық шығар.

Ж ү н і с. Не дейсің? Өздерің бірдемеден түңіліп келгенсіңдер ме немене, түрлерің?..

С ө р у ө р. Қарап боп келгенбіз.

Ж ү н і с. Айтсаңдаршы, о не? Кімді көріп едіңдер, не көрдіңдер?

С ө р у ө р. Бибішті көрдік, Бибішті. Сиқырлы аждаһаны көрдік.

Ж ү н і с. Бибіш, Бибіш сайқал ғой. Не дейді, не деп отыр?

М ө р ж а н. Не десін? Қолда, басшы кісілеріңнің ішінде жансызымыз бар, кісім бар дейді. Басқан із, бар сырынды біліп отырам дейді.

Ж ү н і с (*атып тұрып, өңі қашып сұрланып*). Не дейсің? Ол ку, қанды қармақ, не деді екен тағы, ол пәле.

С ө р у ө р (*мейірленіп сеніп*). Бағрым Жүніс! Харап болдық бит. Ни әйтпінмін!

Ж ү н і с (*Сәруәрға тесіліп қарап, өзгеріп*). Сәруәржан, айтшы, рас па? (*Жылдам.*) Атын атады ма?

С ө р у ө р. Атамады шу... Атарміни суң анди мазлума?!

Ж ү н і с (*өзгеріп*). Жауыз ғой ол... Істейді ғой қулықты. (*Жылдам басып кеп кезек қарап.*) Әлде әдейі айтқан шығар. Сездірді ме кім екенін?

М ө р ж а н (*тесіле қарап*) Сездірді. Сезбей есуас боп па.

Ж ү н і с (*қайта өзгеріп*). Ендеше, кім? Кім деді? (*Мөржанға.*) Айт, Мөржан, маған! (*Ашуланып ақырып.*) Мен бұ қорлықты көтермеймін. Бұ не деген мазақ-қорлық. Айт, шапшаң!

М ө р ж а н. Жоқ, мен айтпаймын.

Ж ү н і с. Енді кім айтады?

М ө р ж а н. Айтса Сәруәр өзі айтсын. Бірақ мен емес.

Ж ү н і с. Айт, Сәруәр! Айт, енді мені қинама. Неге жүрмін, не естіп тұрмын! Кімге сенем мен, а!? Білдіңдер ме тап қазір сол кісіні.

С ө р у ө р. Нинди кіші, кімі? Анысы мұғалім түгіл шул, әммә біз шүбәләнәміз. Мин шоңәр қайғырам бит, бағырым Жүніс. (*Жылап жібереді.*) Ол хатын яуыз мөлғұн, Сапаны хорли бит!

Ж ү н і с (*өзгеріп ақырындау*). Не дейді? Не дейді, ойбай, құдай-ау. (*Ақырын.*) Мұнда ма еді? Не деді мұғалім туралы?

С ә р у ә р. Ул мұғалімгә Нұрқанды қорғатты, Сападан аны қорғауын талап етті, шарт етті.

Ж ү н і с. Ал Сапа ше?

С ә р у ә р. Ә, Сапа. *(Жылап.)* Аның тілін тыңдады. Сихырланды. Сихырланған түгілміни соң, Жүніс досхайым! **Н**әммә халық алдында мұғалім өзін ненди хор етіп көрсетті? И... Білсөң иді мәнім дәртімді. *(Қатты.)* Мұғалім ол хатын алдында тілсіз, көзсіз, пікірсіз құл болды бит!

Ж ү н і с. Өзі қайда? Қалып қоймады ма тек!

С ә р у ә р. Юх, қалмады. Біз Мөржанбілән аны алып шықтық, килә!

Ж ү н і с. Бәсе, бәсе. *(Тістенген пішінде.)*

М ө р ж а н. Немене? Немене? Сіз не айтпақ боласыз, Жүніс, айтыңызшы?

Ж ү н і с. Мен бұрын ішіме түюші ем... бірақ.

М ө р ж а н. Бірақ, кәне, кәне, айтыңызшы!

Ж ү н і с. Бірақ ешкімге білдірмейін, сыртқа шығармайын деп ем.

С ә р у ә р. Жүніс, Жүніс, ниләр айтасың син әлі. Шынында да харап болған екем. Жандарм шпионы болған-мни. *(Талып кетеді, Мөржан құшақтайды.)* Әле шыннан да харап болған екем, жандарым.

Ж ү н і с. Шошынып ем. Сезіп ем мен де бұрын.

М ө р ж а н *(Жүніске суық, қатаң.)* Жүніс, тоқтаңыз... болды. Қинамаңыз мына кісіні!

Ж ү н і с. Ә, рас, мынаны айтасыз ба?

М ө р ж а н. Иә, соны айтам. *(Қатаң.)* Әр дүниенің шегі бар. Бұл жазықсыз адам.

Ж ү н і с. О не дегеніңіз...

М ө р ж а н *(қатаң.)* Айттым сол, жітті.

Болысты алып Жантас, мұғалім, Тәнеке, басқалары шығады, ел бір жерге жиналып қалады.

Ж а н т а с *(айнала қарап, Бөрбасарды қолымен ымдап шақырып алып, ақырын оңашалау).* Қарауылда тұрған адамдарың босаң кісілер көрінеді. Қазір сенімді, мықты жігіттерді жіберіп, ауыстырсақ. *(Халыққа.)* Уа, жұрт, бері жиыл, бері келіндер, азаматтар.

Ел жақындай береді, болыс жалпылдап әрқайсысымен амандасқан болады.

Міне, мынау болыстарың. Кешегі кіжінгенің, кектенгенің осы болыс болатын. Сенің басыңа кер заманды туғызып ұлық тұрса, оның үстіне ширықтырған осының қылығы еді. Бүгін ауылыңа оязын әкеп, әскерін төгіп, ұлығына сүйеніп те, сипанып та отыр. Ал осы болыс және сүйінші сұрайды. Біз әдейі сендерге ауызба-ауыз өзі мәлімдесін деп алып келдік осында. Тыңдаймысың, жұрт, мұның сүйіншісінің жөнін, жоқ па?

Б о й б е р м е с. Тыңдамаймыз, тағы алдайды.

Д а у ы с. Керек емес, тыңдамаймыз.

2-д а у ы с. Жоқ, тыңдаймыз, айтсын! Айтсын, жақсылығы бар шығар. Айтқызыңдар... естиміз.

Ж а н т а с. Жарайды, ендеше, кәне, болыс мырза, айта ғой сүйіншіңді.

Б о л ы с. Ендеше, жігіттер, сен кешегі менің елім емес пе ең. Осы сенің қырылғаныңды, босып, тозып құрығаныңды мен тілейді деген қайдан шыққан сөз? Сен жоқ болсаң мен кіммен кісімін?

Д а у ы с. Бәсе, кіммен кісісің? Бұрыннан неге айтпадың мұныңды?

Б о л ы с. Бұрын ел боп менен сұрадың ба? Бұрын мұндай қауіп кеп пе еді басымызға. Бұрын мен де құтырып жүр екемін. Алды-артымды ойламаппын. Қайран елім, енді, міне, аппақ сүйек боп осы тау-таста қаласың ба, қырғын табасың ба деп қорықпадым ба мына мен бүгін. Шошындым ғой мен сен үшін!

Б о й б е р м е с. Алдама, өзің жылама.

Д а у ы с. Қой, ай, Бөрбасар тек тұр...

Д а у ы с т а р. Бөлмендер, сөзін бөлмендер.

— Немене, ұлыған қасқырша шулап.

— Жақсы сөз айтып тұр. Тыңда, тыңдат... бізге...

Б о й б е р м е с. Уа, сүйіншің, сүйіншіңнің жөнін айт.

Д а у ы с. Уа, соны айт, соны айт.

Б о л ы с. Сүйіншім — сүйінші, біз өнеукүнгі адвокат Кәрім екеуміз жердүниені шарламадық па?

М ұ ғ а л і м. Қайда, кімге бардыңыз?

Б о л ы с. Орынбор, Самар, Петербор бәріне бардық. Арыз бердік, сөйледік, өтіндік, жауабын кейін жібермек болды. Содан өзіміздің облысқа қайттым. Бүгін таңертең хабар жоқ па екен деп жандаралға кірдім. Кірсем — жақсылық. Босады, қазақ азат бопты деген хабар кепті.

Д а у ы с. Е, тілеуіңді берсін. Е, солай десеңші!

2-д а у ы с. Петербор хабары ма екен?

Б о л ы с. Е, Петербордан, патшадан, министрден.

М ұ ғ а л і м. Бағана Санаттан дегенің қайда?

Б о л ы с. Санаты не, министрі не? Біз оқымаған қазақ дәлін білеміз бе? Мұғалім, о не дегенің? Тіпті Кәрімнен де телеграмма бар.

М ұ ғ а л і м. О да солай деп пе?

Б о л ы с. Солай, солай депті.

Д а у ы с. Уа, ендеше, рас болғаны ғой.

— Шын болғаны ғой, ә, құдай, берерсің!

— Уа, шын тыныштық болғаны ма енді сөйтпін?

— Е, тыныштық емей.

Ж а н т а с (*болысқа*). Рас па осы айтқаның? Рас болса, Кәрімнің телеграммасын көрсетші, көне, мына мұғалімге.

Б о й б е р м е с. Иә, көне, рас, рас.

Б о л ы с (*қалталарын қараған боп*). Е, телеграмма бар. Міне... қайда еді? (*Таба алмайды.*) Қап, үйде чемоданда қалып қойыпты ғой. Қап, ескермегенімді-ай, әттеген-ай.

Д а у ы с. Рас деген соң рас болғаны ғой. Барған жерінің бәрін айтып тұр, болды ғой.

Т ә н е к е. Ой, халық, тұра тұр!

Д а у ы с. Уай, Тәнеке, қойшы, сен пәлеңе басшы бола бермей.

Т ә н е к е. Не дейсің түге. Көпе-көрінеу тағы алдайын деппең. (*Болысқа*). Жә, кеңшілік болса мына оязың, әскерің не істейді? Мынау елді, жігіт бермеймін деген осы жұртты қайтеді? Тыныш қайта ма, ана ұлығың?

Б ө р б а с а р. Бәсе, соны айт, соны айтшы, көне?

Д а у ы с т а р. Иә, қуғынға ұшыратпай ма?

— Ел тынышталғанмен, әскерің кеп қырып салса, қайтеміз?

Б о л ы с. Әскер тимейді. Әскер бұрынғы дақпыртпен шыққан! Ол қайтады.

Ж а н т а с. Солай деймісің? Ендеше, әскердің Борсақ, Қарсақты қырып жатқаны несі, мынау өзен бойында? Сенің осының алдау, бөгеу емес пе, әскерді тосып тұрған жоқпысың?

Б о л ы с. Әскерді мен көрдім бе әуелі? Аттан түскенім сол емес пе? Өз көзіңмен көрдің ғой!

Ж а н т а с. Ендеше, мына ауылдағы ояз бен әскерге жандарал бұйрық еткен шығар. Қырғынға шыққанын біледі ғой, сол бұйрығын істеді ме?

Б о л ы с. Істеді, қайтсын деді!

Ж а н т а с. Көне, ендеше, сол бұйрығын көрсетші!
(*Тым-тырыс.*)

Б о л ы с (*сасыңқырап*). Жоқ, бұйрық менде жоқ.

Ж а н т а с. Сен елдің қамын ойлаған кісі екенсің, әскер шыққанын білесің, неге шыққаны өзгенің бәрінен бұрын саған мәлім. Олай болса, жандаралға Жыланды болысына шыққан әскер жайында айтпайды екенсің, оныңды қалай дейік?

Т ә н е к е. Бәсе, сұрасаң осыны сұра!

Б о й б е р м е с (*елге*). Міне, босқа желпінесің, көрмеймісің тағы алдап тұрғанын.

Д а у ы с. Қарағым Жантас, жақсы лепес — жарым бырыс деп еді. Айтқан хабары жақсы еді ғой.

2-д а у ы с. Рас шығар әлде, неге сенбейміз?

— Ай, кім біледі, аяғы сұйылып кетті ғой.

Б ө р б а с а р. Өтірік, бәрі өтірік, білмеуші ме ең сырын?

Ж а н т а с. Ей, жұрт, мен бір сөз айтайын. Болыс сөзі рас болар деп дәме қылатының бар екен, олай болса, тосайық. Жарайды. Дегенің болсын. Бірақ жақсы хабар шын боп, аныққа шыққанша мына болыс біздің ортамызда болсын, кетпесін. Не көрсе бізбен бірге көрсін. Бұған не дейсің?

Д а у ы с т а р (*шулап*). Дұрыс, дұрыс.

— Бізбен болсын, болсын.

— Ортамызда болсын, тапқан ақыл.

Б ө р б а с а р. Жібермейік, осында ұстайық, көзіміз жетсін.

Ж а н т а с. Екінші, ел ішінде әскер, ортаңа келіп қырғын салып отырған ояз мынау. Қарсы болған жалғыз біз емес. Бес болыс ел, солармен хабарласамыз. Олар

болыстарына не қылды екен, көреміз. Бар болысты бір арада ұстаймыз, кепіл, кепіл!

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс, хабаршы кісі шаптыр! Олар да болыс-биін ұстаған.

Т ә н е к е. Е, дұрыс, міне, тоқтасак, қайтсақ сол елмен бірігіп отырып қайтайық!

Ж а н т а с. Үшінші, жаман айтпай жақсы жоқ, сақтықта қорлық жоқ деген. Әйтеуір жігіт алмайды екен ғой, ендеше, мынаның да керегі жоқ. *(Жанынан көп қағаз шығарып.)* Мынау список! Бүгін ояз бен Нұрқан өз қолдарымен тізген сендердің списоғиң! Жаңа әдейі барып осыны тартып алып келдім. *(Списокті көпке лақтырып, шашып жіберіп.)* Мә, мынаның көзін жоғалт.

Д а у ы с т а р. Уа, жолың болсын.

— Уа, тілеуің берсін.

— Уа, тусаң ту, Жантас.

— Жантас, Жантас, жолың болсын, жолың болсын!

Жұрт дар-дар айырады, улап-шулап қайта түзеледі.

Б ө р б а с а р *(Бойбермеске)*. Ал мына болысқа әзір сенім жоқ. Мықтап күтіндер.

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс, қашып кетпесін.

— Кете алмасын, жібермеңдер!..

Т ә н е к е. Жә, жігіттер, онан соң болыс сөзі өз алдына. Бірақ мынау әскер мен Қыдырбай қылығын естідіндер ғой. Өзен жағасындағы ел не көріп жатыр? Ереуілге шыққаның, шықпағаның бәрі бір. Бұл құртамын деген қылық. Солай ма, солай емес пе?

Д а у ы с т а р. Солай, солай емей немене?

— Бәсе, қырғызып қоямыз ба?

— Тұяқ серіппей өлеміз бе?

Т ә н е к е. Ел қырылды, жер кетті, неміз қалды. Өлісеміз.

Ж а н т а с. Бәсе, соны айт! Ендеше, жүр, қамданайық, жарандар! Тегіс ат-сайман қамдандар. Не олар өзі келер үстімізге, не біз соқтығайық. *(Жұрт тегіс дүрк тарайды. Жүніс пен Тәнекеге.)* Жүріңдер, қолды аралайық. Әзірленейік.

Бұлар да жөнеледі.

Сөйлеген жұрттың ар жағында, төрдегі тастың біріне байланып қалған болыс көрінеді. Бәрі де дәл шетте. Мұғалімді Мөржан мен Сәруәр ұстап қалады.

Көрініс

С ә р у ә р (*мұңды*). Халық! Бақытсыз халық! (*Қызына, рухтана.*) Ол өлсе де шатлықбілән улә біләді! Ә, біз кім? Біз ни болармыз!

М ұ ғ а л і м. Не дейсің? Не айтасың, Сәруәр?

С ә р у ә р. Ни әйтiргә? Нигә шықтық, нигә ердік біз бұл халыққа? Ей, Сапа, ей, мұғалім, халықтың сүйгән, ишанған мұғалімі! Нишләдің? Нишләдік біз? Шунди міні сізнің мидрәсәдегі хиялларыңыз. Сіз милләтқа қызмет деп янған тугіл-мә идіңіз!

М ұ ғ а л і м. Білмеймін, білмеймін, қияли болған шығармын.

М ө р ж а н. Неге олай дейсіз, мұғалім! Сіз басшы, бәрін үйреткен, барлығын баулыған. Бәріміздің ұстазымыз сіз емес пе? Не болды сізге?

М ұ ғ а л і м. Бәсе, не болды маған? Тілім ғана бар, қолымда қайрат жоқ. Жүрегімде дерт бар, жазылар шарам жоқ. Мен бір ғазиз бәндә.

М ө р ж а н. Шын айтасыз ба? Мұғалім ағатай-ау!?

М ұ ғ а л і м. Бәсе, не болды? Не істедім осы бүгін мен? Халық не деді?

С ә р у ә р. Ниләр дисін халық, аздың син.

М ұ ғ а л і м. Рас. (*Мұңайып.*) Аздым, аздым, гүнәһәрмін. Хат! Газет басындағы басшы азамат хаты. Мен не істейін, адасқан сияқтымын.

С ә р у ә р, М ө р ж а н. Расми, не дейсіз. Шын айтасыз ба, сұмдық-ау?

М ұ ғ а л і м. Хат, газет басындағы басшы азамат хаты... мен не істейін, мен адасқан сияқтымын.

С ә р у ә р (*қатты*). Мұғалім хайыр, мин синің туғырында хаталасқан икәм. Мин сізні ужданді дисәм. Син қара күңіл...

М ұ ғ а л і м (*селк етіп атып тұрып*). Тек, қой, Сәруәр, тоқтат! Мен ондай емес.

С ә р у ә р. Юх, син башқа түгіл.

М ұ ғ а л і м (*басын қорғағандай*). Жок, жок, жок, олай деме! Олай емес.

С ә р у ә р. Ә, син атап әйтiргә қорқасың, син хазiр син шпик. Мiне, син кiм?

М ұ ғ а л і м (*тұрып қатайып*). Ой, сендер не дейсiңдер? (*Мөржанға.*) Не деп тұрсыңдар осы? Ненi айтасыңдар?

М ө р ж а н. Сiз қатты айтасыз. Одан бұрын, әуелден аман емес, қиянат жолына бұрын шықты деп сезiктенiп тұрмыз ғой бiз.

М ұ ғ а л і м (*қатты*). Қандай қиянат! Қайдан алдыңдар бұл сөздi. Мен Нұрқанды арашалағанымды, халықты наразы қылғанымды ғайыбым деймiн.

М ө р ж а н (*ұмтылып*). Сол ғана ма, мұғалiм ағатай-ау?

М ұ ғ а л і м. Ендi не?

М ө р ж а н. Ойбай-ау, бiздi, Сәруәрдi өртеген Бибiш сөзi емес пе.

М ұ ғ а л і м. Қандай сөз? Неге айтпайсыңдар? Ол менен арашала деп тiлек тiледi. Мен соған бостық қылдым. Мен соған айыптымын.

М ө р ж а н. Олай емес, одан басқа ғой.

М ұ ғ а л і м (*сабырсызданып*). Не дедi, немене, неге айтпайсыңдар?

М ө р ж а н. Қолда, басшы кiсi iшiнде тыңшы бар, жансызым бар. Барыңды сол айтады, ашады. Түбiңе жетедi деген жоқ па сiздiң көзiңiзше?!

С ә р у ә р (*түйiлiп, кекетiн*). Иштiмеген боларсыз? Мен дейурсин, шулай түглмни?!

М ұ ғ а л і м (*ашуланып кеп*). Мен ненi айтады десем, бұларың не? Нендей масқара? Сәруәр, мен бе екем сондай кiсi? Қайтып ал қазiр сөзiңдi, қайт, болмаса мен өлермiн, өлермiн қазiр, мұндай ғазаптан баддұға оқып өлермiн саған. (*Жылап жiбередi.*)

С ә р у ә р (*жүгiнiп кеп құшақтай алып*). Бағрым, бағрым Сапа, ғафу ет. Мин ғайыплi! Бiз ғайыплi икәнбiз. Мөржан ишандым, аңғар, ол ялған әйтми, көрәсiң ми?

М ө р ж а н. Уһ, жүрегiм жаңа орнына түстi ғой.

С ә р у ә р. Уһ, кiм суң индi, ол яуыз хатынның сөзi.

М ұ ғ а л і м. Бәсе кiм? Кiм, жүр, жүр тез қазiр, Жантас-ты табайық, бiлдiрейiк, бiлейiк ол кiсiнi?

Жөнеледі. Бөрбасар, Бойбермес шығады.

Көрініс

Б ө р б а с а р (*болысқа келіп*). Ә, болыс, мен Бөрбасар, Бөрбасар! Өздерің қойған ат! Сен бөрінің үлкені едің, мен Бөрбасар екем! Танып қойғанбысың, қалай?

Б о й б е р м е с. Уа, мен Бойбермес! Әлде аузына құдай салды ма екен Бибіштің, Жүзтайлақтың, сені бөрі қып, бізді Бөрбасар қып?

Б о л ы с. Қарақтарым, көресіні көрдім ғой, дәм-тұзым сіңбеп пе еді. Босатыңдар!

Б о й б е р м е с. Е, мен Бойбермес қой! Өз айтқаныңнан өзің қайтармысың.

Б ө р б а с а р. Сендер қойған атты ақтамасақ бола ма? Дәм-тұзың атпай ма?

Б о л ы с. Өле-өлгенше жақсылықтарыңды ұмытпайын, қарақтарым.

Б ө р б а с а р (*күзетшіге*). Мықтап бақ. Не жаныңды аяйсың мына болысыңнан. Ол 15 жыл баққан. Қарызы қайда? Дәм-тұзы атады. Не қыласың, байғұс.

Бойбермес екеуі кетеді, аздан соң Жүніс шығады.

Көрініс

Б о л ы с (*дәме қып*). Жүніс қарағым, Жүніс, Жүке!

Ж ү н і с (*күзетшіге қарап тұрып*). Тыңдамаймын, айтпа! (*Күзетшіге*.) Сен, ана жерде, бұлақ басында менің атым тұр. Соны алып кел, мен күзетем. (*Жігіт кетеді*.)

Б о л ы с. Қарағым Жүніс. Ұлықтан сен де жаманшылық көрмеп ең ғой. Өзің де ұлық боп. (*Жантас тас артынан ақырын шығып қарап тұрады*.) Жолың ашылып келе жатыр еді ғой. Босат мені.

Ж ү н і с. Болды! (*Жылдам кеп шешім жібереді*.) Жөнел, мына тастың түбінде менің атым тұр.

Б о л ы с. Ұмытпаспын, ұмытпаспын. (*Тас жаққа қарап жүддырығын түйіп*.) Бәлем өңшең бөріала!

Жөнеле береді.

Ж а н т а с (*шыға бере*). Тоқта! Тоқта, қатырамын, тоқта!
(*Анау қаша береді. Басып салады, болыс серейіп құлап түседі.*)

Тәнеке, мұғалім, Жантас, Мөржан, Сәруәр, тағы бірнеше кісі жүгіріп шығады.

Д а у ы с т а р. Қашты ма, бұ несі?
— Кім босатты? Кім?

Бөрбасар Жүністі көрсетеді.

Ж а н т а с. Жә, Жүніс бұның не?

Ж ү н і с (*қатайып*). Бұным сол.

Ж а н т а с. Неге босатасың деймін? Достығың ба, қастығың ба?

Д а у ы с т а р. Неге аттың, неге аттыңдар? Бүлдірдіңдер ғой, ел бетін көрмейтін қылдың ғой, түге, түбімізге жететін болды ғой, енді ұлық. Пәле ме еді іздегендерің?

Т ә н е к е (*ақырып*). Е, қайтушы еді? Аянатын нең қалып еді?! Алдағанын енді көрсеңші, міне! Адал болса, неге қашады?

Б ө р б а с а р. Қашқан соң атпай қайтушы ек? Барып әскер әкелейін деді ғой.

Ж а н т а с (*Жүніске*). Жүніс, жауабын бер мына елдің? Ел емес пе еді қалсын деген? Неге қашырасың?

Ж ү н і с. Ел қалсын десе де, өлсін деген жоқ. Көр ана көптің ниетін.

Ж а н т а с. Неге қашырасың?

Ж ү н і с. Кетірейін деген мен. Рас, мен босаттым. Біз ұлықпен алысып жүрміз. Қазақтан жау көбейтіп керек емес. Кеткені ақыл еді.

М ұ ғ а л і м. Оны елге неге салмайсың?

Б ө р б а с а р. Өз әміріңмен неге істейсің?

Ж ү н і с. Ел не білуші еді? Ел қырылса не істегенін білмей қалады. Пәледен елді аулақ етейін деймін. Несі айып екен?

М ө р ж а н. Істеуін істеп ап ақталады екен!

Ж ү н і с (*ашулантып*). Ақталмағанда қаралайын деп пе ең?

М ө р ж а н. Жазықсыз кісіні де қаралап ең ғой.

Ж а н т а с. Не дейсің, Мөржан? Сенің не білгенің бар?..

Ж ү н і с (*айқай салып*). Уа, қайдасың, Қарсақ-Борсақ, Олжай-Қарсақ, шыға ғой олай болса! Өлейін мен мұның қолында. Қайдасың, мен деген ел. Шық мен жаққа, керегі жоқ! Асқан екен бұл Борсақ! Тамам елдің төбесіне шығып. Қатынына шейін басыма ойнатайын ба?

Ж а н т а с. Жә, болды, өрекіме! Еліктірме елді.

М ұ ғ а л і м. Оқыған азаматсың. Шақырсаң игілігіңе шақырсаңшы, әрекеге шақырмай.

Сырттан шу, айқай шығады. “Аттан-аттан” деседі.

Ж ү н і с. Қайдасың, мен деген ел. Шық мен жаққа! Керегі жоқ. Мен бұның қатынынан, бассыз бала-шағасынан қорлық естиім деп кепдем. Асқан екен бұл Борсақ!..

Т ә н е к е. Қой, шырағым Жүніс. Бостан бос ашу шақырма, ірітпе елді.

Ж а н т а с. Ал жау қаптады, ұста тегіс қаруыңды!

Жұрт жапыр-жұпыр қаруына жүгіреді. Жүніс пен Тәнеке қалады.

Т ә н е к е (*Жүніске қатаң*). Әне, жау келе жатыр. Өзің ниетің не? Болдым мен сені естіп.

Ж ү н і с. Не қыл дейсің?

Т ә н е к е. Бөтен ойың болса бетіңнен жарылғасын. Әне, кете бер, бар, жібердім! Болмаса ірітпе елді, білдің бе? Мына Майқанның өлігінен аттап өткен соң, енді өлітірінің арасындамыз бәріміз де! (*Ашумен.*) Қылыш үстінде серт тұрмайды, Жүніс, біліп қой. Бер жауабыңды, қайда барасың?

Мылтық тарсылдайды.

Ж ү н і с. Не айтып тұрсың өзің, Төке! Мен жаңағы бір сөзге ашуланғанымды байқамай қаппын. (*Мылтығын қамдап ап.*) Битке өкпелеп тonymды отқа салмаймын, мен бірге өлемін. Баста, Жантас!

Ж а н т а с (*шыға кеп*). Е, жүр олай болса! (*Тасқа шығып айқайлап.*) Ат, жаудыр оқты. (*Өзі қарауылдап, бой салып*

қаран.) Мына жақта, мына келеді! Шегіне-шегіне ат. *(Өзі атып-атып жібереді.)* Тәке, Жүніс! Кейін осы шатты өрлеп, кейін бастыра беріңдер. Біз бөгейміз!

Он шакты мерген шығып жатып атады, шегіне беріседі.

Дәл байлап ат!

Б ө р б а с а р *(мергендер ішінде атып жатып)*. Ұшты біреуі, екеуі... бас... бас! Мынау Борсақ үшін! Ұшты ма? Мынау жазықсыз қырылған кемпір-шал, қан жылаған ел үшін! Серейді ме? Мынау Қарсақ үшін! Мә, ұлық, мә, төре! Саған, саған атамын, қылжиды біреуі тағы да.

Ж а н т а с. Шегін, шегін, енді аттарыңа мініп баса бер. Беті қайтып қалады. Баса алмай қалды.

Б ө р б а с а р. Е, жан керек екен бөлем саған да.

Б о й б е р м е с. Қол матайды дейтін шығарсың. Ал ішінді...

Жөнеліп кетіседі. Аздан соң ояз, Қыдыш, Нұрқан, Семенов, тағы басқа әскер ілгері шыға келеді.

Көрініс

Қ ы д ы ш *(айнала қарап, жылдам басып болысқа кеп)*. Ойпырым-ай, сұмдық-ай, арысым-ай.

Н ұ р қ а н. Ойбай-ойбай, бау-уы-рым!

Д а у ы с т а р. Бауырем, ойбай, бауырым!

С е м е н о в. А, еще пуше? Этого мне и надо.

О я з. Бей поганых, жги! Режь! Всех до единого! Освобождаю армию от них, от поганых! *(Қылышын суырып, әскерін ертіп жөнеледі. Қыдыш дөңбекшіген бетінде анау кеткесін сөйлейді.)*

Қ ы д ы ш *(оязға)*. Кес-кес! Ойбай, тақсыр ояз! Он мыңнан кес! Төнеке, Жантас басына! Ұстат, дарға ас! Өрте мына қырылғырдың елін!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

V АКТ

Найзатастың бауыры. Жантастың соңғы бекінген жері. Азгана тоғай, үйілген тас, төрде шаншылған биік жартас, арты көлбеп, үлкен жар боп сахнаның сол жақ төріне қарай кетеді. Тас баурында от жаққан жер. Қазан-ошақ, шәугім, киіз, көрпе, жастық, сүйеулі қару-сайман. Сахнада Жантас, Тәнеке, Мөржан, Ділдә, Сәруәр, мұғалім, Бөрбасар, Бойбермес.

Көрініс

Ж а н т а с. Айналаны қусырып келеді, ә?

Т ә н е к е. Қарабұжыр, Көксу, Теректі, Қызылжар болыстарын тегіс басты. Бастықтарын ұстапты. Жігіттерін тізіп жатыр дейді! Онда да момын елдің қырғын, шығыны мол. Қыласыны қылды ғой мынау ояз!

М ұ ғ а л і м. Рас па осы хабар?

Т ә н е к е. Рас, анығын жаңа білдім.

Ж а н т а с. Тізе қоса алмадық. Болмаса бұл қанішер ояз, қанішер ұлыққа әлекті салар едік.

Т ә н е к е. Бірінен бірі айырып әкетті. Ел-елдің болыс-биі астынан ит жүгіртіп, үстінен құс ұшырған жоқ па аңқау елдің!

Ж а н т а с. Бес болыс ел боп тұтасып алсақ, содан қиянға қарай бассақ бір сәрі болушы еді. Көрбаламыз ғой, басшылық ете алмадық білем.

Б ө р б а с а р. Басшылықтан ба? Мызғып жатқан елдің өзі ғой.

Б о й б е р м е с. Болысты өлтірген соң-ақ басылып қалды түге. Іріткіні де салып жатыр. Басшыларынан басқаға жаза жоқ. Қайта келсін, Тәнеке, Жантасты ұстап берген кісіге бес мың, он мың деген хабар келген сайын елдің қайтқысы кеп, тарағанша асық боп отыр.

Ж а н т а с. Шыны осылай ғой өзі, солай ма? Тегін байқадыңдар ма?

Б ө р б а с а р. Солай, солай боп барады. Көрініп отыр. Буыны босап кетті.

Ж а н т а с. Әр жерден бұрқ-бұрқ етіп ұшқындап шықты да, тұтаса алмай енді, міні, біртіндеп суып жатыр.

М ұ ғ а л і м. Басына ерік жоқ, малына орын жоқ. Көргені қорлық, мазақ, зорлық. Енді мынадай қара күн туғанда сол маздап жанатын қаудай болмасын де. Тұтасып, қаптап селдей баспас па еді? Болмады, басында лап етіп шықса да, қайда барарын, не қыларын білмей тығылып қалды.

Ш а т а қ а н. Сол ғой, сонымен отырмыз ғой. Бір шығар, бет нұсқар жол бар ма? (Мұғалімге.) Не істейміз, не істе дейміз.

Б о й б е р м е с. Бәсе, осы ғой, міне! Кектенгенім болыс еді, көзін жойдық. Спасікті өртедік. Түйемізге қой жазып келген болыс, би еді. Екі аяғын бір етікке тықтық. Ал енді не істейміз, өзге біздей болған елдің бар жігітін бергелі жатыр.

Б ө р б а с а р. Ия, ендігі осы көпті ертіп, көпшен жүріп істейтініміз не болды?

Ж а н т а с. Көр баламыз ғой, басшылық ете алмадық білем. Бір шығар бет, нұсқар жол бар ма? (Мұғалімге.) Не істейміз? Не істе дейміз?

Б о й б е р м е с. Қайда барамыз? Не істейміз? Анада бір Қытай деп едік, соған кетеміз бе? Мына жақта құм бар дейді, сонда барамыз ба? Әскер бейбіт елді қырып барады.

Ж а н т а с. Бәсе, ендігі істейтін іс туралы не ойлайсыз?

М ұ ғ а л і м. Білмеймін, еш нәрсе айта алмаймын.

Т ә н е к е. Соғыс созылса патшасы құлайды, азат боламыз деп едіңіз, сонымыз қайда?

М ұ ғ а л і м. Ие, соғыс болып жатыр, ә, патша әлі тұр.

Ж а н т а с. Әйтеуір түбі бір саңылау болатын болса, шыдап көрер ек.

М ұ ғ а л і м. Түбі болар. Бірақ қашан болар? Ел шыдай ма? Менің ойым онға, саным санға бөлінеді, осыны ойлап. Бірақ шығар жол көрсете алмаймыз. Қытай алыс. Құм ба? Құмға, алыс құмға көп халықты тағы жеткізе алмаймыз.

Т ә н е к е. Ой, жігіттер, бірдемеге байлайық. Біз ғой, неде болса қайтар жолды кескен кісіміз. Әйтеуір түбін күткен адамбыз. Ел толқыса ықтияры, жіберейік.

Б ө р б а с а р. Ие, қалған аз ғана ел соның жауабын күтеді.

Ж а н т а с. Болды, ендеше. Елді таратайық та, қалғанымыз екшеліп кетейік. Ерем дегені ерсін, өзгесіне рұқсат. Біз енді қашқын боп күнелтеміз. Сол құмға қарай барамыз.

Т ә н е к е. Байлау осы, соған, міне, осы отырғаның не дейсің? Еретініңмен баталасамын.

М ұ ғ а л і м. Мен өз басым білмеймін, бөгет болармын деймін.

Ж а н т а с (*тым-тырыстан соң*). Мұғалім, сіз қысылмаңыз. Сізге де рұқсат, бұл күнге шейін ақылыңыздан пайдаландық. Енді уақыт солай болған шығар, бүгін шығарып саламыз сізді. Бұл маңайға тоқтамаңыз, басқа бір жақтан барып шығыңыз.

М ұ ғ а л і м. Түн. Қара түн! Тұяқ серпіп еді. Елді көрсетіп еді. Бишара миллат ә, зұлмат түні әлі баста... Арылған жоқ.

Ж а н т а с. Еш нәрсе етпес. Еттен өтіп, сүйекке жеткен қорлық, зорлық еді. Әйтеуір соған қарсы бір де болса қылыш суырып, оқ аттық. Қалғаны не болса да арман емес. Маңдайымызға жазғанын көріп аламыз.

Т ә н е к е. Өкініш жоқ.

Б ө р б а с а р. Тәйірі өкініп, неге өкінейік. Кетеміз ана құмға, қолына тіпті де түспейміз.

Ж а н т а с. Міне, осы байлау. Ал, мұғалім, Сәруәр, сіздердің жолдарыңыз болсын. Біз былай көшеміз, сендер енді жолға қамданыңдар.

М ұ ғ а л і м. Әлде окопқа барармын, жігіттерді бастармын, солардың ішінде болармын.

С ә р у ә р. Мұғалім, син шынында да Жантаслардан қаласың, айрыласың міни?

Ж а н т а с. Жоқ. Сәруәр, жолдарың болсын, бөгелме!

С ә р у ә р. Ұят тугіліміни?

Ж а н т а с. Олай деме. Біздің жол қиын, ол қашқындық. Апа, Мөржан, осы сендер қайтер екенсің?

Д і л д ө . Қарағым, жарығым, өзің біл, өзің айт! Не қыл дейсің?

М ө р ж а н. Қалып қор болғанша, не болса да бірге көреміз, ереміз біз.

М ұ ғ а л і м. Мөржан бауырым, жақсысың, ерсің сен. Жақсы айттың, құрметті қарындасым. Сендей адал, жақсы жар туғызған ел өлмес.

М ө р ж а н (*қысылып*). Мен не көріп, не білсем Сәруәрмен бірдей ұғындым. Онан соң осы Сапа ашты

көзімді. Бірақ сонда да, сіз мақтарлық әлі түк ісім жоқ. Жантасқа масыл болумен келемін.

Т ә н е к е. Ендеше, қарағым, міні осыдан соң септігің тиеді. Мынау кәрі енеңе өзің сүйеу боп едің. Бас-көз бол.

Д і л д ө. Бірге жүріп, құдай тыныштық берсе, асуларыңды әзірлейін, мен де әлі онша құрап тұрғам жоқ.

Үш кісі келеді. Көптің елшісі.

Көрініс

1-к і с і. Уа, Жантас, Тәнеке, ақылдасып болдыңдар ма? Ел жауап күтіп тұр.

Ж а н т а с. Немене, ел асығайын деді ме?

1-к і с і. Асықпағанмен мезгілі өтіп барады. Бір сөткенің ішінде келетіні келіп болсын депті.

2-к і с і. Сендерді қимағаннан тұр ғой мынау елің. Болмаса ұрланып-жырланып кетіп жатыр ғой, әне, талайы.

Ж а н т а с. Жарайды, онысына рақмет елдің!

3-к і с і. Ел әйтеуір екеуіңнің тілеуінде!

1-к і с і. Әскері тағы молайды дейді. Қыдыш пен Нұрқан қазақтан да үш кісі қосыпты. Өздері тағы бастап шығады дейді.

Ж а н т а с (*тұрып, тас басына шығып*). Жарайды, мен енді халыққа барып, қайтқысы келгеннің бәрін қайтарайын. Сөйлесіп екшейін. Сендер: апа, Мөржан, мұғалім, Сәруәр, сіздер де қамдана беріңдер. Қазір жөнелеміз.

Тастан әрі түсіп кетеді, келген үш кісі бірге кетеді. Жұмажан, Жүніс бір жақтан шығады. Арттарынан Бөрбасар кіреді.

Көрініс

Ж ұ м а ж а н. Ассалаумалейкүм! Амансыңдар ма? Аман жатырсыңдар ма! (*Мөржанды көріп ұмтылып.*) Мөржан, апатай, зар қылдың ғой бір көруге. Шешең зарлап жатыр.

Басыңды қатерге байладың ғой, апатай. *(Құшақтамақ болады.)*

М ө р ж а н. Тоқтат! Неғып жүрсің? Қайдан жүрсің өзін!

Ж ұ м а ж а н. Ойбай, сендерді мен іздегелі қашан?

Ылғи адасып әбден діңкем құрыған жоқ па, шорт.

Ж ү н і с. Қарауылда отырсам, қалқалақтап келе жатыр, алып келдім.

Т ө н е к е *(Жұмажанға)*. Қайдан шықтың өзін?

М ө р ж а н. Иә, жөніңді айтшы?

Ж ұ м а ж а н. Ойбай, діңкем құрыған жоқ па іздеп.

Әнеуігі бір күн жатақтарыңа жаңа жете бергенімде, тарсылдап мылтық атылып, жүрегім тас төбеке шықпады ма, шорт. Арада сандалып жүріп оққа ұшармын деп, қайта қаштым.

М ө р ж а н. Бізді не қылайын деп осы іздейсің?

Ж ұ м а ж а н. Көрмеймін бе сені, аман-жаманыңды білмей отырамыз ба? Тіпті ана кәрі шешең жанымды жағамнан алған жоқ па?

Б ө р б а с а р. Ал сарқурай атты, Нұрқанның сарқурай атын мініп жүргенің не?

Т ө н е к е. Не дейді?

М ө р ж а н. Ал оның не?

Ж ұ м а ж а н. Қашып шықтым, о несі екен? Сендерге баратынымды айтқам жоқ, әйтеуір қашқан соң деп сарқурай атты мініп қаштым, шорт.

Б ө р б а с а р. Сен оны мініп жүргенде өзгелері қайда екен? Шатақан қудың көзі неғып шалмады?

Ж ұ м а ж а н. Бәрі тік көтеріле кеткен жоқ па? Ауылда тірі тышқан жоқ. Биенің бас сауымы бола бергенде, желі басында тұр екен, сарқурай атты жылқы қайырамын деп мініп алып, ызғыттым-ау.

Т ө н е к е. Ал Нұрқандар қайда? Қайда кетті? Әскері қайда?

Ж ұ м а ж а н. Жүзтайлақ болыстың өлген жеріне бата оқи кетті, өзі осы арадан жақын екен ғой! Сол жерде құран аудартып, хатым қылдырмақ. Елдің бәрі сонда.

Ж ү н і с. Әскер өз бетімен кетті. Мына Көксу болысына жігіт жөнелтпек дейді.

Т ө н е к е. Неғып бәрі бейбіт бола қалды?

Ж ұ м а ж а н. Е, тіпті бейбіт деймін, айтам ғой. Тіпті құлаққа ұрған танадай, шорт. Бұл жақты тоқталды

деседі. Жантас пен Төнекенің басына бәйге тігілді, өзге ел азат. Сондықтан қол тарап, қайтқалы жатыр деп хабар соғып жүр.

М ө р ж а н. Тағы хабар беріп пе?

Ж ү н і с. Оттапты, о не қылған алып-қашты?

Б ө р б а с а р. Ел құлағы елу, есітпей тұра ма?

Ж ү м а ж а н. Оларың рас па, тегі, Мөржан апатай? Енді не болса тыныштық болғанша қасында болам, шорт. Болмаса ана шешен қарғап-сілеп өлтірер болды.

М ұ ғ а л і м. Онда бұл жерден көшпесе де болар ма, қалай?

Ж ү н і с. Көшем деген кім?

Б ө р б а с а р. Бұнда солай деп қамданып жатырмыз.

Ж ү н і с. Жок, көшпейміз, осы күнде қайда екеніңді білмейді, бата оқыр жасап бейбіт жүрген жау анау.

Т ә н е к е. Ей, шырағым, білмеймін. Осы сенгіштікті қойсақ екен.

Жантас шығып тыңдайды.

Ж ү н і с. Жүре берсең көзге түсесің қайта! Енді ел тарайды, аз кісі боламыз. Әбден ел арылып болған соң, бар-ақ жалт береміз.

Ж а н т а с. Сен өзің еремісің? Солай байлағаның шын ба?

Ж ү н і с. Неге ермеймін? Енді мен қайда бармақпын?

Ж а н т а с. Біз мұғалімді қайтсын дестік, ол кісі жүргелі отыр.

Ж ү н і с. Неге қайтады? Келіп-келіп тастап кете ме?

М ұ ғ а л і м. Менің ықтиярым әлі өзімде шығар, Жүніс әпәндә?

Ж ү н і с. Жан тәтті ме екен? Бізден ардақты болайын деп пе ең?

М ұ ғ а л і м. Мен сізді білмеймін.

Ж ү н і с (*қатуланып*). Ендеше, біліп болғанша кетпейсіз!

М ұ ғ а л і м. Не айтпақ боласыз?

Ж ү н і с. Ақжүрек азамат атанасыз! Қысылған жерде жалт бермексің. Әлде Жүзтайлақ бір көрсем деп айтады дейді. Соған соғатын шығарсың.

М ұ ғ а л і м. Мені хақараттамауыңызды сұрар едім.
(Жантас, Тәнекеге.) Мен сіздермен бұлай ажырасамын деген жоқ едім. Батаға да кірмедім.

Т ә н е к е. Жоқ, мұғалім, біздің сізге ренішіміз жоқ. Жолыңыз болсын, біз батаға кірмеді деп айтпаймыз.

Ж ү н і с. О не қылған бата?

Ж а н т а с. Біз бірге өлеміз деген кісімен баталастық. Мұғалімді өзіміз азат қылдық.

Т ә н е к е. Қырғын болса, бәріміз кеткен жақсы ма? Тым болмаса бірен-саран болса да артымызда айта жүрер қалсын, аман болсын...

Ж ү н і с. Мен неге болмаймын ол батада? Немене, сендер осы жасырынбақ ойнаған кісідей?

Ж а н т а с. Біз сені ермейді ғой дедік. Көзі қарақты адамсың. Біздей надан емессің, басқа бір жарыққа шығып кетсең күн көруің де оңай. Біздікі енді тар жол, тайғақ кешу ғой.

Ж ү н і с. Мен неге қалам, не деп қалам?

Б ө р б а с а р. Ойбай-ау, біз сізді бүйтер деп ойламадық қой.

Ж ү н і с (Жантасқа). Ой, шіркін Жантас, сен мені танымай жүр екенсің ғой әлі. Мен естіп келдім. Қарабұжыр қимылына бастық болған адамның бәрін ұстапты. Ішінде мен сияқты орысша оқыған біреу бар екен, білдіңдер ме не қылғанын?

Ж а н т а с. Неғыпты?

Ж ү н і с. Халықтың көзінше дарға асыпты. Асқызыпты анау ояз Казанцев. Оның қолы қатты. Қылышынан қан тамып тұр. Білмеймін бе мен? Мұғалім, саған қайтпа дегенім де сол болатын, бірақ сен өзін біл.

М ұ ғ а л і м. Мен бұл жақта, бұл уәлаятта тұрмаймын, солай кетермін.

Ж а н т а с. Жарайды енді, біз де аяйды деп жүргеміз жоқ. Біз жазғанын көрерміз, болдың ба, Сәруәр?!

Сәруәр әзір, Мөржанмен сөйлесуде.

Жүріңдер, біз де жөнелеміз.

Т ә н е к е. Әйтеуір түбінде бір саңылау болса болды, неде болса қалған өмірді жағаласып өткізем сол ұлығымен, бұзығымен. Болды. Ал, қарағым мұғалім, жолың болсын енді.

Сәруәр, Мөржан, Ділдә, басқалар қоштасып жөнеле береді. Оны
Бәрбасар бастайды. Мұғалім бөгеліңкіреп қалады.

Көрініс

Мұғалім (*Жантастың қолын ұстап*). Қош, азаматым,
бауырым. Әлсіздігім болса ғапу ет. Қош, қайран ағам,
Тәнеке. (*Ділдәға қоштасып.*) Қош, ана! (*Мөржанның бетінен
сүйіп.*) Қош, бауырым, адал ниет, ақжүрек ұмыттырмас!
(*Жөнеле беріп.*) Бірақ тез көшіндер! Бүгін де болса бұл
жерден жөнеліндер!

Жантас қоштасып, шығарып салып, аздан соң қайта кіреді.

Көрініс

Жантас. Ал енді біз де көшеміз, болыңдар, киінін­дер.
Жүніс (*саспай*). Жоқ, мен киінбеймін. Тап осы жерден
бүгін алатын жау жоқ.
Тәнеке. Бұл жері құрғырды неменесіне қимай
отырсың?
Жүніс. Апыра-ай, Тәке, бала ма едіңіз! Кететін елдің
арты әбден сейілісін! Олай беттегенімізді ешкім білмейтін
болады деп отырмын! Тіпті болмайтындарың не?

Мылтық атылады.

(*Ішінен.*) Бөгеп отырғаным осы еді.

Мылтық тарс-тарс атылады.

Дауыстар. Қапта-қапта!
— Түс-түс!
— Пли! Пли!
— Бей! Бей!

Бойбермес пен бес-алты жігіт жүгіре кіреді.

Жантас. Тос, алдын тос.

Жігіттер мен Тәнеке атысып ілгері басып шығады.

Дәл байла!

Өзі де тастан тасқа секіріп бұғып атып жүреді.

Апа, Мөржан, шық тасқа, тасқа шыға бер. Осы биік тастың басымен әрі жоталап тарта бер. Біз бөгеп тастап жетеміз.

Д і л ө. Қарағым, ақсарбас әруақ, ия, бабам... Аман алып шыға көр!..

М ө р ж а н. А, құдай, құлың емеспем, аман сақта.

Бір топ жігіт артта мылтық даусы шыққан жаққа қарай кетеді. Тас-тастың арасында бұғып жүрген Жұмажан Мөржанды етегінен тартады.

Көрініс

Ж ұ м а ж а н. Барма, жетті, ерме енді оларға! Өзім алып кетем, сарқурай дайын тұр.

М ө р ж а н. Қуарған, не деп тұрсың, Жантастан қалушы ма ем?

Сыртта атыс.

Ж ұ м а ж а н. Қал деймін, шорт, керегі жоқ. Бір қашқынға талақтай жабысып не құдай атты сені. Әдейі алып қайтқалы келдім, ересің, шорт!

М ө р ж а н. Аулақ менен, ендеше. Сорлы сұмырай. Құлқынына сатылған есік қақты!

Ж ұ м а ж а н. Шын айтамысың, ендеше, міне, шорт, байың Нұрқан! Күң қатын қып беремін тура соған. *(Алысып жібермейді, екеуі де тас басында.)*

Мылтық атыла-атыла жақындайды. Қаша ұрысқан Жантас, Жүніс, Бойбермес, тағы бес-алты кісі қайта шығады.

Ж а н т а с (*әр жерде секіріп атады*). Ал серпіле беріңдер, атқа, атқа қарай. Ата отырып шегін, түге, Тәнеке, Тәнеке, ой, Тәнеке қайда?

Қайта ілгері басып бәрін жиып алады. Мылтық даусымен Жұмажан қаша жөнеледі.

Б о й б е р м е с (*Жантасқа*). Саспа, Тәнеке аман! Атына барып мінді, Қыдышты сілейтіп кетті, кегін алды. Көрдіндер ме? Бөрбасар Сәруәрды алып құтылды!

Ж а н т а с. Анық па, көрдің бе?

Ж ү н і с. Көрдң бе, не дейсің, рас па?

Б о й б е р м е с (*ата жүріп*). Көрдім, кетті, ал біз де кетеміз. Агты әкелеміз, бөгей бер.

Ж а н т а с (*ата жүріп*). Бар жылдам, тез әкпел, әкпел!

Ж ү н і с (*ата жүріп*). Қап, қап! Қысып кетті, молайып кетті. Бері, Жантас, бері, маған, маған таман.

Жантас әр тасқа секіріп атып жүріп, аяғы Мөржан мен Жүніс тұрған тастың бержақ жотасына, бір мұрыншығына шығып жатып атады.

Сонда жан-жақтан, жоғары-төмен орыс-қазақ қаптайды. Мөржанның аржағынан да найза көрінеді.

М ө р ж а н (*отыра қап*). Қаптады, қоршады ғой, қош, жаным Жантас!

Ж а н т а с. Тұра тұр, жастығым, жастығым. (*Төменнен бір бұрыштан ояз, Нұрқан шыға береді.*)

Ж а н т а с (*оязға оқталып*). Ә, келдің бе, әйтеуір. Бөлем, қанішер ояз!

Мылтығын қайырып ата бергенде, сыртынан Жүніс бассалады, тым-тырыс.

Ж ү н і с. Ә, Жантас, бір алысатын кезегім келген еді! Тосқаным осы еді.

Жантастың мылтығын сыртынан қайыра жұлып алады, жұрт қаптап шығады. Алдында ояз, Нұрқан. Бұлар төменде.

Ж а н т а с. Ә, сен осындай ма едің?

Екеуі алысады. Жантас Жүністі таудан төмен қарай кеудеден серейте ұрып құлатып жібереді, артынан мылтығын кезеп тұрған Нұрқан атып қалады. Жантас құлап түседі. Бибіш шығады. Киімі қаралы, шаршысын шорт байлаған.

Ж ү н і с. Тірідей, тірідей бермегін қолына. *(Бибіш шыға қалып қарайды.)*

Ж а н т а с *(жерге алып ұрады)*. Азғын дұшпан, соныңды білсем жерге қақпас па ем! *(Басқа тебе бергенде.)*

Н ұ р қ а н. Қағарсың! *(Ояз тоқта дегенше болмай атып жібереді. Бибіш те ұшып келеді, бірақ кешігіп қалады. Жантас құлап түседі. Бибіш сілейіп тұрып қалады. Шаршысын шорт байлаған.)*

Ж ү н і с *(тұрып)*. Мен өлтірсем қолымнан келмеппеді, тірідей берем демеппе ем.

О я з *(қатуланып, адымдап келіп Жантасты теуіп жіберіп)*. Ә, жаман сасық малай, саған ұлыққа қарсы тұратын керек болған.

М ө р ж а н *(тас басына шыға келіп, аяғымен басып тұрып)*. Ал, құдай, мені де...

Б и б і ш *(селк етіп жоғары қаран)*. Ә, жүзіқара, бақыты күйген сорлы күң, сен әлі де аяғыма шырмалып жүр ме едің? Әкпеліндер ұстап ана күнді!

Мұғалімді, кемпірді алып шығады.

Ж ү м а ж а н *(Нұрқанға)*. Ал, Нұрқан аға, осы жерде Жүкең әдейі бөгеп еді. Көнбеді ана қырсық. Міні, ал енді, құдай алдында аманатсыз бердім. Шорт, күң қып ал.

Н ұ р қ а н *(өзі де ұмтылып, тасқа қарай басып, бұйрық етіп)*. Әпкел, түсір ана менің күңімді.

М ө р ж а н *(айналадан жұрт қамайды)*. Бұл қорлықты көргенше бірге өлейін, жолыңда өлейін, жаным, қарағым.

Б и б і ш. Адыра қал, әлі де тілеуі бар мұның. Көптікен боп қадалғанымды білген шығарсың. Ұста бермен. *(Сол уақытта мұғалімді алып шығады, кемпірді де сүйреп шығарады.)*

М ө р ж а н. Садаға кет, садағасы кетіңіз.

Н ұ р қ а н. Ал, жұлып ал бермен. *(Бірнеше әскер қамай жүгіреді.)*

М ө р ж а н. Қош, қош, мұғалім ағатай! Өлдім мен Жантасымның жолында. *(Тасқа шығып, секіріп өліп түседі.)*

Б и б і ш. Жат сүйтіп ит жемі боп, ендігі қалғаның түге сенің қырғыныңды, өлексеңді көрсем деп келдім бе осында. *(Тасқа отырып.)* Құшағымды серпіп ең, жат! Суытып ең бауырымды!

Д і л д ө *(өліп жатқан Жантасты көріп)*. Ойбай, жалғызым, жарығым, ойбай, ал, құдай, мені де. *(Талып үстіне құлайды.)*

М ұ ғ а л і м *(жан-жағына кезек басын изеп)*. Қош, қош, жарықтығым. Түн еді, меңіреу кара түн еді, үміт қарлығаштары! Қанды тырнақ кара жау, темір бұғау шырмады ғой тағы!

О я з *(жылдам басып кеп)*. Сен не айтасың, подлец. *(Жақтан ұрмақ болады, мұғалім қолын қағып ұрғызбайды.)* Байла мына итті. *(Әскерлер келе мұғалімнің қолын байлайды.)* Мен көрсетермін, көрсетермін, бұл шпион – түрік шпионы!

М ұ ғ а л і м. Көрсетсең, көріп алармын, бәлем, сенің де күнің бітер... Өтер зұлмат түні!

О я з *(қатты)*. Таптармын мен сені, өртермін тегіс, дұшпан!

М ұ ғ а л і м. Дұшпан екенім рас. Дұшпаным сен. Саған оқ атқан *(Жантасты көрсетіп)* мынау асыл ұлдар! Өлтірдім дейтін шығарсың! Жоқ, бұл сияқты әр ұлдарыңның қолымен біздің де дала дабыл қақты. Сарын қосты, сол даланың азаттығына біз құрбанбыз.

Б и б і ш *(қасынан өтіп бара жатқанда жолында сазарып тұрып)*. Садағасың арысымның жолына, құлымызсың сен. Байлат ана кемпірді, бауыздат ана *(Бойберместерді көрсетіп)* тексіз құлды да.

Б о й б е р м е с. Кегімді алар, алар бәлем, Бибіш, Нұрқан сенен...

Н ұ р қ а н *(оязға)*. Ойбай, тақсыр, әлгі Тәнеке, Бөрбасар аман кетіпті, қусын, қырсын әскер.

О я з *(әскерге.)* Қу, ұста! Бұларға қосылғанның бәрін, бәрін, барлық елді қыра өлтір. Никакой пощады! Білсін олар Қазанцевтің, ұлықтың жұдырығын.

Жөнеліп кетеді.

Көрініс

Ж ү н і с. Жалғыз мен қалдым, Бибішжан. Ардан, аби-
үрдан аттағанмен, ит болсам да сөзімнен шықтым.

Б и б і ш (*басын иіп*). Мен бұл күнде қаралымын. Бірақ
ер соңымнан.

Ж ү н і с. Жаным, арманым, садаға бір сенен.
(*Ұмтылады, анау сырт айналып жүре береді. Мынау қолын
созып ереді.*)

Артында жеке жерде Жүніс тұрып қалады. Қарсысында Бибіш.

М ұ ғ а л і м. Ажал сағатың соғар. Түбіңе жетер осы
сарын. Тұсау кестің, қанат қақтың, қанат қақтың, қайран
елім, жаса, көгер, елім!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

С о ң ы



А Б А Й

Төрт перделі, жеті суретті трагедия



Қ а т ы с у ш ы л а р

- А б а й — атақты ақын, 50 жаста.
Ә й г е р і м — оның әйелі, 36 жаста.
М а ғ а у и я (Мағаш) — баласы, 24 жаста.
Ә б д і р а х м а н (Әбіш) — баласы, 26 жаста.
М а ғ ы ш — Әбдірахманның қалыңдығы.
Қ а р л ы ғ а ш — Абай ауылындағы жас келіншек.
А й д а р — ақын. Абайдың шәкірті, 25 жаста.
А ж а р — Айдардың қалыңдығы.
К ө к б а й — ақын, Абайдың шәкірті, 34 жаста.
Д о л г о в (Шодыр) — айдаудағы революционер, 30 жаста.
О р а з б а й — рубасы, 60 жаста.
Қ а н і к е й — оның әйелі.
Ж и р е н ш е — би, 56 жаста.
Н а р ы м б е т — Оразбайдың туысқаны, Мағыштың ағасы.
К е р і м — ақын. Абайдың жақын ағайыны.
Т ә к е ж а н — Абайдың бірге туған ағасы.
Ә з і м х а н О с п а н о в — оқыған қазақ, жандарал тілмашы.
Б а й м а ғ а м б е т — ертекші, Абайдың досы.
З е й н е п — соқыр ақын, әйел, 45 жаста.
Д ә у л е т — кедей, 65 жаста.
О р м а н — жас жігіт.
М е с — Оразбайдың жігіті.
С ы р т т а н — ақсақал, ара би.
Ж і г і т т е р, қыздар, тойдағы қонақтар,
болыстар, полицейлер.

БІРІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші сурет

Залдың шамы сөнісімен шымылдыңтың арт жағынан үлкен бір шу білінеді. Шапқан ат, қағысқан сойыл даусы естіледі.

– Аттан! Аттан

– Ұста!

– Байла!..

– Сал!..

– Өлтір! — деген айқай шығады. Сол дабырдың арасынан “Абай аға! Абай!..” деген жалғыз оқшау үн, қатты айқай естіледі.

Шымылдық ашылады.

Сахна. Жартас, селдір тоғай иығынан мөлдір көлдің бір түбегі көрінеді. Шымылдық ашылғанда дабыр басылмайды. Сол жақта киімі жыртылған Айдар мен қара жамылған Ажардың қолдарын байлап жатады. Бұларды қамаған топтың ортасында: Оразбай, Қанікей, Нарымбет, Оразбайдың атарманы — Мес. Қамаушылардың қолдарында қамшы, шокпар, кейбірі кесек-кесек тас ұстаған, тегіс оқталып тұр.

Көрініс

Н а р ы м б е т (*Айдарға*). Қаңғырған саяқ, төгермін қаныңды!

О р а з б а й. Менің ауылымнан, Ерденнің қолынан қатын тартып алатын сен құлмысың?

Қ а н і к е й. Ажар, жүзіқара, жерге кір бүйткенше!

А ж а р. Қанікей, өлтірсең де тілің тарт!

Қ а н і к е й. Қаралы қатын, ноқталы жесір!

Н а р ы м б е т. Менің жесірім, көзімнің тірісінде не қорлық, не сұмдық?!

Қ а н і к е й. Мес, жоғалт мынаның көзін!..

Мес жетіп барады.

А ж а р. Тарт қолыңды!
О р а з б а й. Шығарма үніңді, ардан кешкен, атадан азған!
А й д а р. Ақсақал! Оразбай! Зорлықшыл зорлықтан қаза табатын. Тоқтатамысың мына зорлықты? Қой деуге табыламысың, жоқ па?
О р а з б а й. Ә, ақылшы боп кеп пе едің?.. Ақылыңмен жерге қағайын... Жой көзін!

Нарымбет, Местермен бірге өзі де тап береді.

А й д а р. Абай! Қайдасың? ...Абай!
О р а з б а й. Ә, сенгені – құдай емес, Абай ғой? Я, әруақ, әруақ!
Қ а н і к е й. Асқан екенсің, түге. Аяма!

Арпалысып Әйгерім, Мағауия, Көкбай, Керім жүгіре шығады.

Көрініс

М а ғ а у и я. Ореке! Араша!..
К е р і м. Араша!.. Тоқта!..
Ә й г е р і м. Керім, тоқта, құтқар Айдарды! Ұмтыл!
(*Көкбайға.*) Көкбай, жүгір, шақыр Абайды. Жетсін жылдам!
К ө к б а й. Мен кеттім... Аянбаңдар, бермендер Айдарды...

Жүгіріп кетеді.

К е р і м. Араша. Тоқта! Әпкел бері.

Местің қолынан сапыны жұлып алады.

О р а з б а й. Не дейді мынасы? Ара түсетін кім? Кім алады қолымнан?
К е р і м. Не болды өзі?
М а ғ а у и я. Айтып өлтірші!

О р а з б а й. Нені айтушы ем, көрмеймісің? Жылына жетпеген қаралы қатын... Нарымбеттің інісінің қатыны... Әмеңгері мінекей, көзі тірі... Құдай қосқан иесі. Соны Айдар алып қашады... Қаңғырған атасыз, тексіз саяқ әпкетеді. Өлмей неге берем!.. Өлтірмей неге жіберем? *(Қозданады.)*

К е р і м. Ореке, Нарымбет, ендеше, жол бар, жора бар емес пе еді? Қолда көз жоқ. Қол қимылы жолдан тайдырмаушы ма еді? Жолсыз жазаға соқпаушы ма еді?

О р а з б а й. Доғар, керегі жоқ сөзіңнің... Мұның бәрі данышпан... Жеткізгенің мынау ғой. Токтай тұр, түп тамырыңа да жетермін!

М а ғ а у и я. Сал жолыңа... Қол тигізбе, бермеймін. Ара түсем Айдар үшін.

О р а з б а й. Түсірмеймін араға... Тарт аяғыңды..

Ә й г е р і м. Араша да бермеймісің?..

О р а з б а й. Бермеймін.

Тәкежан, Жиренше кіреді.

Көрініс

Ә й г е р і м. Ендеше, әне ұлығың, болысың!.. Соған да осыныңды айт.

О р а з б а й. Ә, сен келдің бе, жақсы келдің... Көрдің бе?

Т ә к е ж а н. Естідім, біліп келдім.

О р а з б а й. Ұлығымсың... болысымсың. Құнанбайдың баласысың... Бауырың. Абай өсіргені мінекей, мына жау... Уа, береке беремісің үй ішіме, жоқ па?! Жауабымды сен айт, кесіп айт...

Н а р ы м б е т. Өлтіремін!..

М а ғ а у и я. Өлтіртпеймін!..

Ә й г е р і м *(Ажарды қоршан)*. Тарт қолдарыңды, өлтіріп көр кәнекей!..

Жұрт іркіліп қалады.

Ж и р е н ш е. Немене, екі туып бір қалғаның ба еді?

М а ғ а у и я. Туғанына қасқыр да қайырылады.

А й д а р. Айналайын Мағаш-ай, есімнен кетпес сөз айттың-ау!

Ж и р е н ш е (*Мағауия мен Айдарға*). Айтарсындар әлі, осы елдің игі жақсысын қиянаттап, “қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне” деп, жас-көріге жар шашып жүрген сен сұм емеспісің?

М а ғ а у и я. Оны айтқан бұл емес.

О р а з б а й. Енді кім?

М а ғ а у и я. Айтқанның басын алсаң, табылады, айтқан — Абай, менің әкем.

А й д а р. Жазған Абай, айтқан мен, айтқызған сендерсің.

Ж и р е н ш е. Кім дейсің? Өзің кім? Халық ортасында кімнің абыройын төгесің, сен сұм?

М е с. Оны бұл қанқұйлы талай топта сарнап жүр.

А ж а р. Қанқұйлы өзің, садаға кеткір!

А й д а р. Ажар, жаным!..

А ж а р. Неге бермейсің сыбағалы жауабын?

М е с. Айтып көрсін, тексіз құл!

А й д а р (*Ажарға*). Қиналма! Қапқан иттен өш аламын деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалар енді?

Ж и р е н ш е. Естимісің, түге, көрдің бе? Бұл сұм мынау ісімен бір өртесе, тіл-жағымен тағы өртеп жүр. Жер өртеп жүр. Ит дегені кім? Көздерің бар ма, көремісің, жоқ па?

О р а з б а й. Не дейді? (*Мағашқа қадалып.*) Осыны әкеліп тұрған дұшпаным әлде сен бе едің? (*Әйгерімге.*) Сендер ме ең?.. Айт жөніңді!

К е р і м. Жолға сал... Бер жүгініске!..

М а ғ а у и я. Жөніңмен алмай, тобыңмен алмақ па едің? Бермеймін.

Ж и р е н ш е. Не деп тұрсың? Ей, балам, телі мен тентек сені тапса, сені де құдай табар, ұлықтан көр кетсе, халықтан ар кетеді. Қорлық пен сұмдық ат мініп, түйе жетелеп келмес, келгені мынау ғой!..

М а ғ а у и я. Тәкежан аға, тоқтат, басу айт мынау жұртқа!

Т ә к е ж а н. Тоқта, орағытпа алдымды. Басу айтпаймын, ашу айтам. Жолдан шыққан содырға, елден

шыққан дем берер деп, елден шығар жайым жоқ. Бердім, Оразбай, жау аяған жаралы қалады. Аяма, жол-жора сол...

О р а з б а й

Н а р ы м б е т } Жой, жоғалт көздерін! (*Тап беріседі.*)

М е с

М а ғ а у и я (*Айдарды өз денесімен қоршай қан*). Тоқта, бермеймін!

Н а р ы м б е т. Өлтіремін!

М а ғ а у и я. Өлтіртпеймін!..

О р а з б а й. Түр былай!.. Әкет мыналарды.

Оразбай жігіттері Әйгерімді, Мағауияны, Керімді ығыстырып шетке қағып әкетеді.

Сал арқанды мойындарына, әпкел анау аттарды!

Айдар мен Ажардың мойнына арқан салынады.

Мес атқа мініп жетіп келеді.

М е с. Әпкел, байла аттың құйрығына. (*Байлайды.*)

А й д а р. Әйгерім апа, арызымды айт Абай ағама, бақұл болсын!

О р а з б а й. Тарт! Әруақ, әруақ, қайдасың? Әруақ!

М а ғ а у и я

К е р і м } Абай, Абай аға! Абай!

Ә й г е р і м

“Әруақ” деген дауыстармен қатар жарыса, Мағауия ұмтылып Местің атының басын ұстай береді. Сол кезде сахнаға тасырлатып шауып Абай шыға келеді. Қасында Көкбай.

А б а й (*ат үстінде*). Тоқтат, араша, доғар жазаны! (*Жұрт үнсіз іркіліп қалады.*) Кес, бұлай!

Көкбай барып, арқанды кесіп жібереді.

М е с. Тарт, тиме арқанға!

К ө к б а й. Жоғал! Арқаның қолқаңа кетсін, мә! (*Бос арқанды лақтырады.*)

А й д а р. Абай аға, келдің — болды, арманым жоқ!

О р а з б а й (*Абайға*). Неге келдің сен мұнда?

А б а й (*Оразбайға жауап бермей, үлкендерге жағалай қарап, Тәкежанға қадалып*). Ә, сен де мұнда ма едің? Бүйтетін кім? Кімге құрық беріп тұрсың? (*Тәкежан үндемейді. Абай аттан түсе береді. Тәкежанға төніп кеп.*) Сен екеуміз бір Құнанбайдың баласымыз. Қастың қасы, найза басы сен етпек қой. Жеткен жерің осы ма? Қара суыр секілді, ініңді бері қазады десе, кері қазайын деп пе едің?

О р а з б а й. Ей, Абай, ақ-қараны судай сапырасың. Бірақ кірісер жеріңе кіріспейсің, бұл араға килікпе!

А б а й. Килігем. Ара түсем.

О р а з б а й. Кімің еді бұл сенің?

А б а й. Айдар — балам мен бауырымнан артық асылым менің.

Т ә к е ж а н. Не дейсің, не дедің, Абай?

А б а й. Я, солай деймін.

Т ә к е ж а н. Елді бұзған бұзақы ма еді, ендігі барып тапқаның?

А б а й. Ел кім, ел сен бе едің?

Ж и р е н ш е. Ел біз емес, құл-құтан ба еді?

А б а й. Ел сен болсаң, ел ұлына жаның ашыр еді ғой?

Ж и р е н ш е. Сөйтіп, біз бір төбе, мынадай жалғыз-жәутік бір төбе десеңші!

А б а й. Алмастың түймедейі түйедейі тастан әбзәл. Ездің мыңын қайтемін? Өзімнен тумай, елден тусын, бірақ өнері бар ер тусын. Естерің болса, Айдардың сол екенін ұғар едің-ау!

О р а з б а й. Е-е, сөйтіп, балаңнан артық болса, иесі сен екенсің ғой.

А б а й. Иесіз деп талап өлтірмекшімісің, ендеше, талатпас үшін иемін.

Ж и р е н ш е. Ей, Абай, Тобықтының Қабекеңнен ардағы, атасы бар ма еді? Соның салған жолын қайда тастайсың? Еңлік пен Кебекті неге ұмытасың?

А б а й. Атаң істегеннің бәрін істесең, атаң сенің бусанып тұрған қан жеген. Қабекең десең, Кебек тұсында қалың қарындас халқынан қарғыс алып “қабан” деп атанған. Табынғаның сол ма еді?

О р а з б а й. Ой, сұмдық, әруақ! Айналайын ата-баба!..

Ж и р е н ш е. Астапыралда, кеше гөр бізді. Отты қол жақпайды, тіл жағады. Тобың болып тіл безеп, жұртқа шашқан өнегең осы ғой? Я, бабам Кеңгірбай, кеше гөр бізді!

О р а з б а й. Ей, әруақ, ей, әруақ, көр мынаны, не дейді?

Ж и р е н ш е. Ей, халайық! Тобықтыда Қабекеңнен артып кім туып еді? Қасиетті бабам емей, кім еді?

А б а й. Қасиетті бабам дейсің ғой, ей, Жиренше, топырағын тауап қыласың ғой. Ендеше, сол Кеңгірбай сонау қатал жазасын жұдырықпен шешпеп пе еді? (*Жиренше үндемейді.*) Айт деймін!

К ө к б а й. Жүгініспен, жолмен. Сал жүгініске.

Д а у ы с т а р. Бер, жолға бер, қолға берме, жолға сал, биге бер!

А б а й. Ал сал төреге, жүгініске бер, ара биің кім? Айт соны.

О р а з б а й. Жә, сонда айтысатын кім? Мынау жалғыз саяқ сандырақпен айтысам ба?

А б а й. Айтысатының табылады.

О р а з б а й. Жауапкерім сенбісің?

А б а й. Жауапкерің — мен.

О р а з б а й. Сөзің бұлай болса, арыла сөйле: мал-басыңмен жауаптысың ғой?

А б а й. Басыммен де, малыммен де жауапкермін.

Н а р ы м б е т. Ендеше, қасың өзім десеңші.

О р а з б а й. Жауапкер сен болсаң — жетті.

А б а й. Даугерің кім?

О р а з б а й. Менікі — мына Жиренше, ара биім — анау Сырттан ақсақал. Сен даугерінді айт.

А б а й. Мен даугерімді кейін айтам. Жауабын ертең аласың.

Ж и р е н ш е. Жә, жүгінісің — жүгініс, оған шейін мына қанды мойын айыпкер қайда болады?

А б а й. Ол екеуі кепілде болады.

Т ә к е ж а н. Кепілі кім? Анау Ажардың амандығына сен кепілсің. Сенуші ме едіңдер мынаған?

О р а з б а й. Сенемін. Болсын, бердім.

А б а й. Айдарға мен кепілмін. Жаза күні менің қолымнан аласыңдар. Жә, шешіндер, босатыңдар.

Көкбай, Керім Айдарды босатады. Әйгерім Ажарды шешіп жатады.

О р а з б а й (*өз тобына*). Кім еді бұл? Кімі еді Айдар мұның?

Ж и р е н ш е. Ақыны, шәкірті. Көрмеймісің, жанын салып тұрғанын? Абай жазады, ол жаяды бұл жұртқа. Сөзімен бір өртеп, қолымен қоса өртеп отыр — жиған жасағы ғой.

О р а з б а й. Атасыз, тексіз қиқымды жиып, тапқан екен теңдесін!

Н а р ы м б е т. Осының бәрі қанаты мен құйрығы ғой.

Ж и р е н ш е. Жұртқа жайған сөздерін естіп түршігіп ем, түрлерін көріп шошыдым ғой; қанатын қырықпай, құйрығын күземей, көз ашылмас. Қам ойла, қам ойла!

Қ а н і к е й. Асты ғой бұл...

О р а з б а й (*Қанікейге*). Тәкежанның қолына барды ана қатын. Сөйлес, тайдыр ниетінен. Жүгініске бармай, қайтсын райдан. Болмаса — өледі, ит жемі боп өледі. (*Нарымбетке*.) Сен шап, шақыр, шақырт мұнда Әзімханды. (*Сыбырласып қалады*.)

Тәкежан Ажарды өз қасына алады. Айдар Мағауия мен өзге жастардың тобында.

М а ғ а у и я. Өкінбе де қамықпа, Айдар.

А й д а р. Мені қойшы. Қолмен істегенді мойынмен көтерет те. Қанталаған көздерін қайтейін! Тақымына толатын қасын тапты да, зорға тыныштық тапты ғой. Абай ағамды аяймын. Мені айырам деп, кескілескен жау таппады ма? Қайран ел, талай жақсыңды талап өлтірген азу тісі балғадай осы жыртқыштар ғой.

О р а з б а й (*өз тобынан оқшау шығып, Абайға қарсы кеп*). Босаттым деп жауланып тұрсың ғой. Жоқ, әлі босатқан жоқсың, көрермін!

А б а й. Ағаш оғыңның бәрін емес, мыңын ат, тәуекелмен шыдармын.

О р а з б а й. Атадан бір бездің, ағайыннан екі бездің, қасым сенсің.

Ж и р е н ш е. Тіленіп келген өзіңсің. Тілегенің қарныңа қастық басы осы деп біл!

О р а з б а й. Әруақ бары шын болса, қанат-құйрығыңды отармын.

А б а й. Сен не дейсің? Сақал, шашың ағарғанша, жақсылыққа шақырған бір лебізінді естімей өттім-ау! Ей, қу-қу заман, әзелде тағдыр бұйрығы сол болса, қу сыбағам арпалыспен өтер болса, тым құрыса жыртқыш емес, адам ұлымен алыстырсаң етті... Сендер ме? Жақсылықпен кімді сүйсіндірдің? Ендеше, жаманшылықпен де кімді таң қалдырамын дейсіңдер? Бүксіп, бықсып өтерсің! Я, күттім, тостым, тәңір бұйрығын!

Жұрт үн қата алмай сілейіп қалады. Оразбайлар шыдамай тайып кетеді.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет

Шаңқай түс. Жайлаудағы ауыл. Сахнаның бір шеті. Абайдың үлкен үйінің іші. Екінші шетте ақ отау – қонақ үй. Онда Долгов, Көкбай, Баймағамбет, Айдар тұрады. Үйлер арасынан көлдің шеті және бір жақтағы ауылдар көрінеді. Шымылдық ашылғанда Әйгерім қонақ үйге келе жатады. Алдынан бір топ әйелді нөкер ертіп, Қанікей шығады.

Көрініс

Қ а н і к е й. Әйгерім, мен қыдыра келгем жоқ.
Ә й г е р і м. Қыдыра келсең де құп аламын, Қанікей, қонақ бол!

Қ а н і к е й. Қонақ десең, маған берген сыйың сол болсын, әне Ажармен тілдесе келдім, көмек ет.

Ә й г е р і м. Өттең, Қанікей-ай, сұлусың да естісің-ау, бірақ осы мінезің-ай!

Қ а н і к е й. Мін таға бастадың ба?

Ә й г е р і м. Ажар тентек те болса, жынысың емес педі, аясаң нетті?

Қ а н і к е й. Айтарсың. Ораза-намаз тоқтықта ғой, шырағым. Одан да ана Ажар келеді, бердің бе тілегімді?

Ә й г е р і м. Берейін, бірақ бар сөзіңді бастан-аяқ естимін.

Қ а н і к е й. Қанеки, жалғыз-ақ менің сөзіме араласпа, тек отыр.

Ә й г е р і м. Болсын.

Ажар келеді, қасында күзетшідей баққан кәрі кемпір.

Қ а н і к е й. Жә, Ажар, оңаша сөзіміз бар, барыңдар!

Барлық қатын кетеді.

Көрініс

Ә й г е р і м. Ажар, отыр, қарағым... Сау-сәлеметпісің?

А ж а р. Шүкір.

Ә й г е р і м. Сенімен мына Қанікей сөйлесем дейді...

Қ а н і к е й. Ажар, мен өздігімнен келгем жоқ, кеше сен жер ғып кеткен елден кеп отырмын. Артында ел күңіреніп отыр. Үйреніскен ұясын аяр бар ма, жоқ па — жауабын айтсын дейді.

А ж а р. Ұям екені рас еді. Бірақ ұяда не көрсе — үшқанда соны алады. Аяуды айтасыз. Мен аяныш көрдім бе сол ұядан?

Қ а н і к е й. Кеден кеден болды, кедергі неден болды деп, өзіңнен емес пе еді?

А ж а р. Мен кісі баласына не қастық еттім?

Қ а н і к е й. Мені алып кел деп жіберді, қайтсын дейді райдан.

А ж а р. Қайтар жолды өздері кескен жоқ па?

Қ а н і к е й. Қайтып үйірін тапса, адасқанның айыбы бар ма еді?

А ж а р. “Жетім қозы — тас бауыр, түңілер де отығар” деген сөзі бар еді Абай ағамның. Мен түңілгем ол ұядан.

Қ а н і к е й. Сөзің бұлай болса, ендеше, қанына қарайып отыр қалың ел. Айдарға қостырмайды сені, бұған не дейсің?

А ж а р. Қайтейін, құдайдың бір салғанын көрем де...

Қ а н і к е й. Ендеше, біліп қой: қайтпасаң — басың қатерде...

А ж а р. Махаббатым үшін, Айдар үшін, мен неге болса де бекінгем.

Қ а н і к е й. “Мапахат” деген пәле шығыпты ғой. Ол немең, ендеше, тумай түгесілер. Өкініп өлерсің — өлгенде.

Долгов үйден шығып, екі қолын артына ұстап тыңдап тұрады.

Көрініс

Д о л г о в (*адамның бас сүйегін алақанына салып, Қанікейге созып*). Қанікей, мынаны қарашы, мынау не?

Қ а н і к е й (*шошып қап*). Қураған неме, мынасы не, әрмән!

Ә й г е р і м. Адамның басы дейді ғой.

Қ а н і к е й. Сұм қадам, не дейді?

Аяңдап Баймағамбет, Айдар келе жатады.

Д о л г о в. Бұл кімнің басы?

Айдар Ажарға қарай жақындай береді.

Қ а н і к е й (*ашулы*). Тарт әрмән! (*Айдарға*.) Саған не бар, Айдар?

Кемпір келіп, Ажарды қара шапанмен қоршап қалады.

К е м п і р. Жолама, Айдар...

Қ а н і к е й. Аулақ, Айдар!

Ә й г е р і м (*салмақпен*). Айдар!

Айдар еріксіз бұрылып кетеді.

Қ а н і к е й. Мен арылдым, Ажар, сөзің сол ғой?

А ж а р. Сөзім сол.

Қанікей белгі етеді, кемпір Ажарды алып кетеді.

Көрініс

Баймағамбет, Долгов басты қарап тұрады.

Ә й г е р і м (*Қанікейге*). Еркегі ашу айтса, әйелі басу айтады деуші еді, сен тіпті ердің аузы бармайтын сөзді де айттың ғой, неткен жансың?

Қ а н і к е й. Уа, қой, жаным, жуас түйе жүндеуге жақсы. Айтатыныңды айт.

Б а й м а ғ а м б е т (*сөздерін бұзып*). Уа, Қанікей, Әйгерім, дөт депті-ау, дөтің болса айт депті. Ертеде бір Итальян деген ел бопты. Сол елде Мыңетек пен Көпетек деген екі атаның баласы кескілескен жау болыпты. Күндердің күнінде сол елдің жарылмаған қауын, шайқалмаған уызы – екі сұлу жасы бопты. Аттарын Рама, Жөлөйт дер екен. Бірақ ағайын араз. Қия бастырмайды. Біріне бірінің ғашықтығын білгенде бұрынғыдан да түлен түртіп, екеуіне бірдей қатер туыпты.

Қ а н і к е й. Жарайды, білдім, өтірігіңе береке берсін! Жұмысымнан қалдырма!

Б а й м а ғ а м б е т. Тоқта... Сол заманнан белгі қапты, мінекей – мынау. Шодырдың қолында тұрған бас тап соның айғағы дейді.

Ә й г е р і м. Не дейді, жаным-ау?

Қ а н і к е й. А, қойшы, карағым?!

Б а й м а ғ а м б е т. Уай, Шодыр, жөнін айтшы мыналарға.

Д о л г о в. Рас, әдейі осы бас сол заманнан қалған, жерге батпай, дүние жүзін қаңғып кеткен бас дейді.

Қ а н і к е й. Өй, төбеңнен ұрғыр!

Ә й г е р і м. Бұл кімнің басы дейді сонда?

Б а й м а ғ а м б е т. Жаңағы екі жасты айырғанның ішінде елден ерекше қақап тұрған қас дұшпан бір жеңге бар екен, аты кім еді, Шодыр?

Д о л г о в. Аты ма? Аты. Ханака... дейді.

Б а й м а ғ а м б е т. Уа, құдірет!

Ә й г е р і м. Ой, қақпас, десеңші!...

Б а й м а ғ а м б е т. Со, тіпті қақпас емес, жап-жас кісі дейді. Осы өздерің құрбы. Не көрінді десеңші? Ал сол өзі де өлердей сұлу болған деседі. Сұлулығы ма? Тіпті дәл осы өзіміздің Қанікейдің сұлулығымен барабар болса керек деседі.

Қ а н і к е й (*атып тұрып*). Өй, төбеңнен ұрсын шетіңнен, ырымы құрығырдың ырымы қалай жаман еді?

Қатындарын ертіп жөнеле береді.

Б а й м а ғ а м б е т. Тап өзінің басы... (*Күледі.*)

Анадайдан бұның әңгімесін естіп, Абай, Көкбай және Мағауия шығады.

А б а й. Бәке, сен Ромео – Джульеттаны айтқанда, руларын Мынетек, Көпетек дейсің, оны өзіңнің үйсінің ғой деп жүрмісің? Монтекки, Капулетти демеп пе ек?

Б а й м а ғ а м б е т. Өй, Абай-ай, сәнін ойлап жатам ба, сәті келіп қалған соң. (*Күлкі.*)

А б а й (*Әйгеріммен оңаша*). Ажар көңілі берік пе екен, бәйбіше, не білдің?

Ә й г е р і м. Белін бекем буыпты, берік екен. Қанікей қанша қорқытса да қайысқан жоқ.

А б а й. Махаббат жалын болса, Қанікейлердің үгіт сөзі жел ғой. Жел жалынды өшірем деп үрлер-ақ, бірақ өшіре алмай, өсіре түсетінін қайдан білсін.

Ә й г е р і м. Жалғыз-ақ, Айдармен екеуі құр көзімен жыласады. Сорлылар бір ауыз сөз қатыса алмады.

А б а й. Біздің бәйбіше жастарды аяйды, тілдесе алмады деп аяйды. Бірақ шыны. (*Өлең оқиды.*)

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,

Көзбен көр де – ішпен біл.

Сүйісер жастар қате етпес,

Мейлің илан, мейлің күл...

емес пе еді! Берік екен Ажар. Ендеше, бізге де берік бол дегені ғой!

Осы кезде “Ақсақал... ақсақал Сырттан, Сырттан келеді!” деп жұрт жапырайды. Сырттан шығады.

Көрініс

С ы р т т а н. Абай, ертең әлгі бір немелеріңнің тергеуі деседі. Ағайының өтіл салды... Алмасымды аламын, басқа жерге барсам да.

А б а й. Ақсақал, Айдардың тілегі де сенсің, біз де сені құп көрдік.

С ы р т т а н. Ендеше, ара ағайын, ара бимін, мойнымда қарыз қалмасын, арыла келген үш сөзім бар.

А б а й. Айтыңыз, ақсақал!

С ы р т т а н. Ағайынның жүгініске барғаны – жұлысуға шыққаны. Билікке барып перде жырттып қайтесің, тоқтау тап.

А б а й. Немене тап дейсіз?

С ы р т т а н. Кетіспе Нарымбетпен. О да сенің құдай дескен құдаң. Балаң Әбіш қалыңдығы соның қарындасы емей кім?

А б а й. Оны қайт дейсіз?

С ы р т т а н. Нарымбетке Ажарды қайтар да, Айдарға тыю сал. Не дейсің?

А б а й. Ақсақал, еккенің жақсылық болса, қырманың толы дән аларсың, жамандық еккен кісінің нәр алғанын көрдің бе? Бұл дегеніңе мен жоқпын.

С ы р т т а н. Ара ағайынмын, тағы арылам, екінші сөзім, мына Айдардан бойың тарт. Сорлатпаймын дейді екенсің, бірақ қолтығыңа алма.

А б а й. Жалғыз жырып шығарып, кешегідей талата алмаймын. Ақсақал, мұныға да жоқпын...

С ы р т т а н. Сау басыңа дау тілеп, не бар осы? Басыңа не қысым келді, Абай, сенің?

А б а й. Ақсақал-ай, жан күйерің зынданда отырса, өз басың бақта отырғанмен рақат табар ма ең?

С ы р т т а н. Қорғаймын деп сорлатып жүрсең қайтесің?

А б а й. Мен алысамын бұл үшін.

С ы р т т а н. Ара ағайын, ара бимін, соңғы сөзім. Жау

жоғары, мол, Абай. Және бұл жолғы кегінде шек жоқ. Бір Айдар емес, бар ұяңа және тіпті өз басыңа жауығып жүрсе қайтесің?

А б а й. Бәсе, бұл дүлей топтың жауыққаны жалғыз Айдар емес, мен бастаған барлық шәкірт достарым ғой. Бірақ біз жарым жолға шығып қалдық. Өкінбейміз деп шықтық. Жер астында жау бар деп, жарым жолдан қайтпаспыз. Сол себепті, әсіресе, қорғаймын Айдарды, аянып қалар түгім жоқ.

С ы р т т а н. Олай болса, даугерінді айт.

А б а й. Даугер өзімін. Мен сөйлеймін.

С ы р т т а н. Жоқ, сен сөйлемейсің.

А б а й. Неге? Бас кеспек болса да, тіл кеспек бар ма еді?

С ы р т т а н. Кеше Жиренше үстірт айтты ма деп едім. Жаңа өзім арылдым ғой. Жаңылмасам, жауапкермін деген жоқпысың? Айыпкер болсаң, даугер қайтіп боласың?

А б а й. Қап, не дейді? Осындайы тағы бар ма еді?

С ы р т т а н. Сөзіңді ұстар биіңді айт.

А б а й. Ендеше, біздің сөзімізді ұстайтын кісі – Керім.

Мағауия, Долгов, Керім шығады.

К е р і м. Абай аға, бұл қалай, мені қойсаңыз етті.

А б а й. Ия, Керім, сен ұстайсың. Айдарымның тілегі мен Ажардың тірлігі сенің қолыңда, сенің еңбек өнеріңе тапсырамын, жолың болсын. (*Сырттанға қарап.*) “Дән көтерген құмырсқаға тимесеңізші: алысқаны – өмір ғой, өмір сондай әбзәл ғой”, – деп еді Фирдоуси. Айдардың да көтергені сол дән еді. Асыл дән, ел дөні еді. (*Керімге.*) Ең сүйікті досымның амандығын ең жүйрік деп – саған тапсырамын. Ақтайсың, жеңесің, ұқтың ба? Сөзіміз осы, ақсақал.

С ы р т т а н. Болды, жә, мен жүремін.

А б а й. Аттандырыңдар.

Жастар тегіс еріп шығады, ақсақал кетеді. Көкбай, Мағауия,
Керім оңаша.

М а ғ а у и я. Қатал билік қалпы еді, қатерде қалды-ау Айдар.

К ө к б а й. Тек жолыңды оңғарсын, Керім. Айдар – Ажар тағдыры енді сенің қолыңда.

М а ғ а у и я. Ажар кетсе – Айдар жоқ, Айдар кетсе – амандығымыз адыра қалсын! Кесір күннің қабағы түйіліп тұр. Керім, әр нәрсемен алданған болады, бірақ ағамның да іші толқын.

К ө к б а й. Керім, тек жолың болсын, жаныңды сала гөр!
К е р і м. Көрерміз, мен Айдардан несін аяр дейсіңдер.

Айдар, Зейнеп, Баймағамбет шығады.

А й д а р. Абай аға, ақын кепті, атақты Зейнеп апай кепті бізге.

А б а й. Уа, Зейнеппісің, хош келдің! *(Екеуі амандасады.)*
Я, жол болсын, қайдан келесің?

З е й н е п. Алатау сарқытын саған әкелдім, сенен сарқыт алып, оларға апармақшымын.

А б а й. Құп айтасың. Қадірлі қонағым бол!

З е й н е п. Асыңа бола келгем жоқ, сөзіңе қонақ бола келдім.

А б а й. Зейнеп, мұндағы да сенімен бір ұядан ұшқан ақындардың бір тобы еді. Талауға түсейін деп тұр, естідің бе?

З е й н е п. Сенің сөздеріңмен ілесіп, осы соңғы жылдар Айдар сөздері де тарап жете бастап еді құлағыма. Бірақ шырқаған әуенін естимін деп келсем, шырқыраған жан азабын еститін сәтке кеппін.

А б а й. Өз құлағыңмен тыңдап тұрып, тоқып ал ертең. Меңіреу қара түндерде өнер менен жарықтың жақпақ отын жағам деген жалғыз-жарымға жабылып жатқан дүлей топ қандай екен? Таңбалап ал, танып ал да, жетсең – Жайыққа, апарсаң – Алатау апар осы қасірет дастанын.

А й д а р. Абай аға! Ә, топ бөлек те, көп бөлек қой. Көп – біздік. Ендеше, алысып өтпек едік қой. Қынжылмасақ қайтеді?

А б а й. О, бәрекезде, Айдар, жақсы айтасың. Бәсе, міні осылай сүйген көңілге күйініш жат болмаққа керек қой. *(Күлкі.)*

А й д а р. Абай аға, рас, жаңағыдай күйініп айтқанша, өзімді қалжың етсеңіз де, осындай әзіліңізді айтсаңыз екен. *(Күлкі.)*

А б а й. Ей, жарандар! Мынаны махаббат қандай масайратып тұр, байқаймысындар, рақат қой?

А й д а р. Тәңір, Оразбай өшіреді екен деп қалжыңымыздан қаламыз ба?

А б а й. О, өркенің өссін, ендеше. Біз өмірді мадақтаймыз. Махаббат – сол өмірдің алғүлі. Дегенің шын болса, осы күйде дәл сенен бір аса жақсы жыр да шығайын деп тұрған сияқты, жазсаң нетеді?

А й д а р. Дәл таптыңыз. Осы екіталай күндерде менің ойымдағы бір мұратым шын болса еді. Кеше өзіңіз әңгімесін айтқан Еңлік — Кебек жайын жыр етпекші боп тұрмын.

А б а й. Бәсе, меруерт толқын атқан суда туса, кейде сап таза жыр толқыған ойдан туатын. Еңлік пен Кебекті жаз, жазшы осы сен!

К е р і м. Абай аға, кеше сіз бәрімізге сол Кебектің әңгімесін айтқанда, менің де жазғым кеп еді. Біз де жазсақ болмай ма? Айдарға ғана тапсырғаныңыз қалай? Әділет таппадым-ау, Абай аға.

А б а й. Жоқ. Зұлымдық үшін дүние тар көрінгенмен де, жақсылықтың әр алуаны бір ұяға сыя алады. Жақсылыққа дүние кең емес пе?

К е р і м *(ойланып, бұрыла беріп)*. Айдарға солай-ақ, бірақ аяғыңды етігің қысса, дүниенің кеңдігінен не пайда?

М а ғ а у и я *(Керімге)*. Жаным-ау, екіталайдың үстінде ғой. Шер кімдікі болса, зар соныкі болмайтын не қисыны бар?

Әзімхан келеді. Абайға хат береді.

Көрініс

Ә з і м х а н. Әбдірахман мынау хатты жіберіпті. Аз күнде келем депті.

Жастар тегіс ду етеді, шүйінші деп Әйгерімге жүгіреді. Әйгерім үйге кіреді.

Әйгерім. Ә, құдай, рас па екен?

Абай. Бәйбіше, балаң Петербургтен шығыпты, жақында келеді. Ал енді Нарымбет Айдар ісімен кекті ғой, сол құрғырлар “қарындасымсың, намысымды ойла” деп, Мағыштың жүрегіне қозғау салмасын.

Әйгерім. Осыны естіп жүрмін. Өзім де сізге айтайын деп едім. Қайтсем екен?

Абай. Мағышқа Қарлығашты жіберіп, шақыртып алшы. Мен шақырады де, қазақтың ырым-жырымын, ұят-сұятын қойсын. Үш жыл бойы келмеген күйеуі келе жатыр. Менің ауылымда болып, Әбіштің алдынан шықса, әбден ризамын. Тез осында келсін десейші.

Әйгерім кетеді.

Долгов (*басты қарап отырып Әзімханға*). Сен қайда істейсің осы күнде?

Әзімхан. Мен жандаралдың кеңсесінде істеймін.

Абай. Не дейсің, тілмәш болдың ба?

Әзімхан. Иә.

Долгов. Петербургте университет бітіріп келіп, жақсы-ақ орналасқан екенсің.

Әзімхан. Ол не дегенің?

Долгов. Жай, сенен басқа кімнің қолы жетсін дегенім ғой.

Әзімхан. Қолы жеткеннің бәрін теріп қайтеміз. Біреулер ол болса, тағы біреулер көр ақтарып, қорқау қасқыр тәрізденіп бас кеміріп жүреді.

Абай. Ол не дегенің?

Әзімхан. Осында ел ағасының барлығы қатты наразы, бұған да бүлініп жатыр. Мені әдейі сізге жіберді. Мына Долговқа тыю салсын, көр ақтартпасын дейді.

Абай. Долгов – ғылым адамы. Бұл антропология ғылымын зерттейді. Зерттеулер арқылы қазақ халқының тарихын жазбақ. Мен сонысына тілеулеспін, жәрдемдеспін.

Әзімхан. Ғылымнан бұрын обал керек, намыс керек емес пе?

Абай. Ой-бұй... Жә, қой-ақ қой! Қаңғырлаған қоңыраудың іші қуыс екен ғой, тәйір. Оразбайыңа айт, сандалмасын,

мұның да жауабын менен алсын. Долгов та менің досым, бермеймін. Және еңбегін қорғаймын деп айтты де, сол.

Ә з і м х а н. Ел намысына тиетін жұмыс қой.

Д о л г о в. Не дейсің осы сен? Мен болсам, көр ақтарсам да, жер астында қалған басты жарық дүниеге шығарады екем, өліні аршиды екем. Соным сенің жандарал кеңсесінде тіріні көмгеніңнен сұм болып па? (*Жастар күледі.*) Елге жаның ашыса, жандарал қасын ықтар ма ең, досым.

Ә з і м х а н. Ә, ө, сіз солай дейсіз бе, көрерміз.

Кетіп қалады. Тыста Керіммен сөйлесіп отырады, Үйде Абай,
Долгов, Баймағамбет.

Д о л г о в (*аздан соң*). Абай, осы Жиреншемен алысуға Керімнің шеберлігі жете ме?

А б а й. Жетпегенде, кімнен көмек сұраймыз?

Д о л г о в. Жиренше деген қауіпті қу, қатер ғой.

А б а й. Білемін, бірақ қайтемін? (*Қайта кітап оқиды.*)

К е р і м (*тыста Әзімханмен сөйлесіп отыр*). Мен азбақпын ба сонда, маған нені ұсынып тұрсың өзің?

Ә з і м х а н. Абай қыңырайған бетімен кетер. Кеткенде жалғыз кетер. Сен сонда қанжығасында кетпек пе ең? Ана жақтың ашуы қатты, жаулық шексіз алысқа кетер түрі бар. Бүгін Абай қасында кім қалса, соның бәрі қатерде.

К е р і м. Не дейсің, не деген сұмдық ниет?

Ә з і м х а н. Бірақ сен бе? Сенен ел мен ұлық басқаны күтеді, дәмесі зор... Мен де әрқашан сенің қасындамын. Сенен күткен ел үміті көп, сен соны ақтайды деп сенеді. Түптің түбінде ел иесі – Абай емес, сен деп біледі. Атаның әруағын, құдайшылықты, ел намысын ойласа – ойлайтын, жоқтаса – жоқтайтын сен ғана деп біледі. Ендеше, сал таразыңа! Ел қарызы жеке адам қарызынан зорырақ. Бірді мыңға сатамысың? Мыңды бірге сатамысың? Таңдау өзінде. Айдар емес, тіпті Абай да емес, сында тұрған – сенің басың, ойлан. Қалай шешсең де – ойлап шеш. Жауабыңның керегі жоқ. Ертең билік. Ойлан, мен кеттім.

Кетеді. Керім жалғыз.

К е р і м. Айдар емес... Тіпті Абай да емес, сенің басың?
(*Ойланып.*) Мыңды бірге? Бірді мыңға? Мыңға? Сатам ба?
Кімді сатам? Қарызды достыққа қиям ба? Достықты қарыз
үшін қиям ба? Ойлан! Ертең билік!..

Ш ы м ы л д ы қ

ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Үшінші сурет

Шаңқай түс. Абай ауылының жанындағы бір төбе, кең жайқын,
апайтөс бір өлке. Алыста мыңғырған мал. Шұбартқан қалың ел, жайлау.

Оқшауырақ бір төбенің басында бір топ мола. Шошак бейіт, төрт
құлақты бейіттер. Осы елдің арғы аталарының зираты. Шымылдық
ашылғанда Қанікей, Нарымбет шығады, алдыңғы жаққа қарап алаңдап
келе жатысады.

Қ а н і к е й. Келе жатыр, өне келеді. Тоқтат, қайтар
кейін.

Н а р ы м б е т. Алтын басты әйелден бақыр басты
еркек артық деген осы-ау. Бір туғаның мынау сияқты қыз
болмай, жаман да болса, еркек болса, бұл күнде Абайдың
қолында өлер еді-ау. Жесірімді бермеймін деп, мен қандай
отқа күйіп жүрмін? Бұл болса, желкілдеп келе жатқаны
мынау.

Қ а н і к е й. Азғырудың кесірі ғой, азғырып жатыр ғой
мұны да... Айт, ақыл қылып айт... Қайтар...

Қарлығаш пен Мағыш шығады.

Көрініс

Н а р ы м б е т. Мағыш, не ғып жүрсің, қарағым? Жоқ
ырымды бастап, қайда барасың?

Қ а р л ы ғ а ш. Не ғыл дейді? О несі? Шақырып келем.

Қ а н і к е й. Өздігіңмен шақырдың-ау, бүйтпесең
жеңілтек боламысың?

Қ а р л ы ғ а ш. Жо-оқ, өздігі несі?

Қ а н і к е й. Енді кім шақыр деді?

Қ а р л ы ғ а ш. Ақкем шақыртты, о несі?..

Н а р ы м б е т. Онысы кім?

Қ а н і к е й. Абайды айтады, тәйір. Бәсе, айтпап па ем!

Н а р ы м б е т. Қарлығаш, құдай ұрсын! Мағышқа
жақын болып, апа болғандағы бар тапқаның осы ма?

Қ а р л ы ғ а ш. О-о, құлқының... Нарымбет аға, не
дейсің сен?

Н а р ы м б е т. Қарлығаш, сен тоқтай тұршы, менің
Мағышпен екі ауыз сөзім бар.

Қ а р л ы ғ а ш. Ал, о несі екен? *(Тайып кетеді.)*

Н а р ы м б е т. Мағыш, барма Абайдың ауылына, қайт
қазір үйге.

М а ғ ы ш. Неге, Нарымбет аға, не болды?

Н а р ы м б е т. Өттең, тәңір-ай, айтып ұқтырайын ба?
Өзің білмейтін не жөнің бар еді?

М а ғ ы ш. Немене, сен араз болды деп, мен де безем бе?

Н а р ы м б е т. Абай кескілескен дұшпаным менің. Қара
жамылған жеңгенді әкетіп отыр, қойнымдағы қатынымды
әкетіп отыр. Туысқан болар, тәтті болар нем қалды? Сол
жауға сені мен қайтіп қиям?

М а ғ ы ш. Құдай-ау, не сұмдықты айтып тұрсыз?

Қ а н і к е й. Нарымбетті аямағанда, сені аяр деп пе
едің?

Н а р ы м б е т. Бүгін жүгініс, Ажар, Айдардың кесігі
болады. Қазір Абайдың белі сынады. Кесір орнап жатқан
ауылға келіп нең бар деймін бүгін?

М а ғ ы ш. Мен Әбіштің алдынан шыққалы келем, ол
екеуміздің жазығымыз не?

Қ а н і к е й. Әбішке өзіңнің иманың берік қой, тегі.

М а ғ ы ш. Күткенім кім еді талай жыл? Сақтағаным
кім еді?

Қ а н і к е й. Қарағым-ау, ойлансаңшы, не айтып тұр?
Саған Әбіш жат боп кеткен деп тұр ғой.

М а ғ ы ш. Кім айтты?.. Сенбеймін... Айтпаңдар оны
маған.

Қ а н і к е й. Айтарсың... Көнбедің ғой, ендеше, барсаң

да біліп бар. Әбіш Петербургте орыс қатын алыпты. Сүйгені сонда. Шоқыныпты ол құрыған.

М а ғ ы ш. Ия, жасаған!.. Әбіш... Әбдірахман... Менің жарым. Не дейсіңдер? Кім айтты?

Н а р ы м б е т. Әзімхан айтты анығын. Екеуі Петербургте бірге болған емес пе, бірге оқыған. Әзімхан айтып кеп отырған жоқ па? (*Мағыш жылайды. Нарымбет кеп бетінен сүйін.*) Бауырым, жан дегенде жалғыз бауырым... Қайтіп қиям? Мазағына не деп жіберем мен сені? Қайт деймін.

М а ғ ы ш. Жоқ, Нарымбет аға, тоқта... Адастырма, жылатпа мені.

Н а р ы м б е т. Қайт деймін... Қайтшы өзің!..

М а ғ ы ш. Сенбеймін. Ажар кетті деп айырбасқа салмақ па ең? Намысың мен тартысыңа менің басымды құрбан етпексің ғой.

Н а р ы м б е т. Қайт деймін...

М а ғ ы ш. Қайтпаймын, барамын, Қарлығаш!

Қ а р л ы ғ а ш. Е, бәсе, Мағышым, өне апаң да келеді.

Әйгерім, Мағауия, Көкбай шығады. Нарымбет, Қанікей тайып кетеді.

Көрініс

Ә й г е р і м. Мағышым, алтыным. Бәсе, ақылың бар деп сеніп ем. Айналайын. (*Бетінен сүйеді.*)

К ө к б а й. Мағыш, үлкенді-кішілі боп әдейі алдыңнан шықтық, жүр, ұялма.

М а ғ а у и я. Денің сау ма?.. Ағам жіберді, алдыңнан шығарды. Ұялмасын, тіпті үстіме келсін дейді.

Бұлар қозғала бергенде, Оразбай, Жиренше, Тәкежан шығады.

Көрініс

Абай мен Керім шығады.

К е р і м (*Абайға*). Абай аға, Айдар – Ажар өтініш етіпті. Тергеуіне бізге де рұқсат етсін депті, қайтеміз?..

А б а й. Қой, қара құлақ қасқырдың шамы деп Ажарды көріп тек отырар деймісің?

К е р і м. Ендеше, Айдар болсын... Айдардан халық алдында зар шықса, сүйеу ғой маған да.

А б а й. Қой, доғар оны, Оразбайдың қолына тағы бір шоқпар бермек пе ең? Одан да осы араға халықты, ара ағайын, көлденең көпті шақыртыңдар. Бар, Мағаш, шаптыр кісілерді. Куә болсын, елдің өзін шақырт.

Б а й м а ғ а м б е т. Абай, мені Шодыр мен Зейнеп жіберді. Тергеуін тыңдамай қайтіп отырамыз дейді.

А б а й. Бәке-ау, той деп тұрмысың? Саған дос Шодыр Оразбайдың көзіне оттай басылмай ма? Сәлем айт Федор Ивановичке, ренжімесін, болмайды.

Б а й м а ғ а м б е т. Ал Зейнеп ше?

А б а й. Зейнепті өзің ертіп кел. Бірақ үндемеңдер. Тек отырып тыңдандар. Екеуің де. Бүгін тергелетін Айдар — Ажар ғана емес, ақын, ақындық тергеледі. Бірақ шын айыпкердің аты аталмай тергеледі. Осыны айт Зейнепке.

Ақсақалдар шығады, жұрт тегіс түреген, ортаға жоғарыға шығарады. Екі жақ екі жарылып отырады. Төменірек отырған Көкбайдың жанына Қарлығаш лып етіп келеді. Басқа әйелдер жоқ. Қарлығаш басына тымақ, үстіне шапан киген. Көкбай жоғары қарап отырғанда, Қарлығаш иығынан қағып қалады. Көкбай қарағанда:

Қ а р л ы ғ а ш. Ассалаумағалайкум. *(Көкбайды қойып қан, күледі.)*

К ө к б а й. Әй, саған не бар? Тұу, сарамас...

Қ а р л ы ғ а ш. Үндеме. Билік қандай болады екен, көрейін деп келдім.

К ө к б а й. Оразбай білсе, пәле шығады.

Қ а р л ы ғ а ш. Қойшы, қатындар жіберді, жеңешем жіберді, естіп кел деді. Әй, сен маған бәрін айтып отыр, білдің бе?

Осы кезде, ақсақал барып отырған соң, бір жағынан Керім, бір жағынан Жиренше барып отырады, Қарлығаш Көкбайды қойып қалып, мінбелей отырады. Не болады деп емесісі құрып, жанып отыр.

Әй, ананы қара... Ананікі несі, Аққемнен жоғары шыққан несі, ойбай, сорақы... Әй, айтсаңшы! *(Көкбайды қағып қалады.)*

К ө к б а й. Тек отыр.
Қ а р л ы ғ а ш. Айтсаңшы, құлқының құрғыр!
К ө к б а й. Өй, мас немемісің?
Қ а р л ы ғ а ш. Құлқының құрғыр, мен түк білмеймін
деймін, айтсаңшы!
К ө к б а й. Е, мен сенің тілмашың ба едім?
Қ а р л ы ғ а ш. Қысқарт, айтасың!
К ө к б а й. Жандаралсымай, тек отыр.

Ақсақал таяғын көтереді. “Тоқта! Өне, тында! Тоқта” деген дауыстар шығады. Жұрт жым-жырт болады.

С ы р т т а н. Ей, ағайынды қарындас. Күн райы бұзылды. Бейбіт елдің бейқам көшін көремісің? Қай сорға кетіп барады? Отқа түсе ме, опқа бата ма, қайда әкетіп барасың! Тату едің, тәтті едің, қарға тамырлы қарындас ең. Кер кезеңде керісіп тұрғаның мынау. Не тығырыққа қамалдық? Қиялап шығар жол бар ма? Әлде заман азды, заң тозды дермісің? Бірақ қисайта қылыш сермейсің, кессең өз қолыңды кесерсің. Кімді мәнсұқ етерсің? Кесір насырға шапсын ба? Жо, телегей толқын сабасына түссін бе? Барар бетің немене? Алдыңды тостым, ағайын...

Пауза.

Қ а р л ы ғ а ш. Кімге болысты? Не деді?
К ө к б а й. Екі жаққа бірдей сөз тастап отыр.
С ы р т т а н. Сөйлеңдер!

Жиренше қамшысын тастайды.

Қ а р л ы ғ а ш. О несі? Қамшысын тастағаны несі?
К ө к б а й. Сөйлеймін дегені, тыныш отыр!
Ж и р е н ш е. Тағы да тас қияда қағысып тұрмыз. Тағыдайын шайнастық. Төменде, құзда “қанды басың бері тарт” деп құлағанды тосып, түпсіз терең тұңғиық тұр. Тұрсын солай, болсын солай. Бас пәлесі емес, ел пәлесі. Кімнен шықты, неден шықты? Неден шықса да, елді аямас қатыбас тастан шықты. Улы қанжар буынған қастан шықты. Заман азды деймісің? Заман азған жоқ. Күн

орнынан шығады, ай орнына батады. Заң азды деймісің? Заң азған жоқ, баланың аты бала, бөрінің күшігі емес. Қатынның аты қатын, қаншық емес. Ел азды деймісің, ел азған жоқ. Атам — қазақ, руым — Тобықты. Абай, елімді аздыра алмаймын. Ендеше, бүгін қолымдағы жесірімді алатын, ертең қойнымдағы қатынымды алам дер. Мұның аты кім? Ел қауына өрт қойған қас емей, кім осы? “Мен қастық” деп кеп тұрса, қасқара шаппас нем қалды? Қан болмай неге жіберем? Шабыспай неге шайлығам? Уытын жаяр усойқы, тамырын жұлмай қалам ба?.. Талабым талғау емес, байлауым біреу... ел бүлігі екі сұм — екеуі де өледі... Өлгенде ат құйрығына байлап тұрып, қалың елдің жайлау бойын жосытып, сүйрете тартып жөнелтсін. Ит жемес боп өлсін. Ұл-қызым көзі көрсін.

Жым-жырт. Керім қамшы тастайды.

Қ а р л ы ғ а ш. Құдай-ай, не дейді? Енді қайттік?

К ө к б а й. Тоқташы, сөзі қалай жат еді?

С ы р т т а н. Сөйле, Керім.

К е р і м. Қазақ, қазақ дейсің-ау, жер-жаһанға көзің сал. Қазақ та адам баласы. Қалың адам баласынан қазақтың қасқасы бөлек емес. Заман азбасын. Бірақ заманның күні-түні бар. Бәйшешек атқан сәуірі, сықырлаған қарлы, суық қаңтары бар. Бар кәрі саған ұсаса, сен аязды қаңтарсың. Бар жас бірден тыныс етсе — ол сәуірдің таң шапағы. Қабысармысың, ұғысармысың? Мөңкімей тұрып, мойның бүр. Жас дәуреннің шамшырағы, махаббат дегенді естіп пе ең, я ұмыттың ба? Ләйлі мен Мәжнүн, Жүсіп пен Зылиха, Көрпеш пен Баян. Және ана Баймағамбет айтады: Ромео мен Джульетта. Сол шерлердің қанды зарын естігенде, қай адамның қабырғасы қайыспайды? Тобықты емес, шүршіт бол, шіміркенбей тыңдаған бар ма? Ажар бар да, Айдар бар. Ажар жетім еді, жетім қозы түртіншек. Кім бастайды, қайдан бастайды. Ажарға не кінә бар? Балық басынан... не десең де Айдарды айтарсың... Бірақ Айдар кім еді? Айдар — елдің Айдары, көп торының ішінде ақты-бозды жүйрігі, қайтіп қолың батады? Рас, алтын ерің атқа батса, талқан қыл да отқа жақ дерсің, ұя бұзды, шідер үзді,

ортама от тастады дерсің Айдарды. Бірақ Айдар кім еді? Айдар – елдің думаны. Қайтіп отқа қиясың?.. Рас, шеттен келсе шебіме тиіп несі бар, дос болса бедел сақтамас па еді? Ата-бабам әруағына, ағайынның ұйтқысына қас боп келді... келді де бұзды. Бірді бұзбады, елді бұзды дерсің Айдарды. Бірақ Айдар ақының... асылың... Ол жас емес пе? Жастық албырт емес пе? Намысымды таптады дерсің Айдарды, не демек керек... Бірақ Айдар ақын... Албырт, қайтіп қиясың?..

Ж и р е н ш е (*кекесінмен күліп*). Айтар сөзің албырт қой. Албыртса, тегі тергеу жоқ қой? Адамды қой, албыртқанмен, хайуан екеш хайуан да артын ойлайды ғой. Екі мысық қарықса, ол да адамның панасын іздеп келеді. Өзге мысық таламасын деп қара тартады. Ол екеш ол да жалтақтайды ғой.

К е р і м. Жиренше, сіз үлкен кісісіз. Жол айтуым жөні жоқ, бірақ біздің бастан тарақ қалғалы қашан деп таз қыз айтыпты ғой, сол тәрізді ұмытқан нәрсеңізді қозғап қайтесіз? Болмаса, сүйіскен жастың жүрегінде не бар, басында не қалды, оны ұғар едіңіз. Жалғыз-ақ зәу-шайтан өш мысықтан өзің қысылған шағыңда маған кел дер ем. Не керек. Ұмытыпсың ғой.

Ж и р е н ш е. Жоқ, мен түкті де ұмытқам жоқ. Бәрі есімде. Ұмытқан сенсің, болмаса жесірдің жақсысы Қыз Жібек еді, есіңе алсаң оны неге ұмытасың. Оны қойып, қайдағы Жұлыпкетті деген неменді ұсынасың. Ұя құрған үлгі емес, ұя бұзған Жұлыпкеткен абзал дейсің ғой. Кәпірістан бол дейсің. Болмаса кәпір ертегісін айтар ма ең ? Сен әлде жақында осы елді шіркеуге де бастарсың.

М е с. Астапыралда... Е, бәлем!

Н а р ы м б е т. Жер-жебіріңе жетті ме, бәсе. (*Жұрт жым-жырт.*)

С ы р т т а н. Сөйле. (*Жым-жырт.*) Сөйле! (*Жым-жырт.*)

К ө к б а й. Тәйірі-ай, мынаны қара басайын деді ме?

О р м а н. Не боп кетті мынаған?

Қ а р л ы ғ а ш. О не, не болды? Насыбайың берші. (*Көкбайдың шақшасын өзі алады.*)

К ө к б а й. Құрып қалғыр, не ғып отыр?

Қ а р л ы ғ а ш. Не боп қалды, айтшы, әй. (*Шақшаны қайтадан қалтасына салады.*)

К ө к б а й. Енді сөйле деп бір қайырса? Бітті. Жиренше сөзі — сөз.

Қ а р л ы ғ а ш. Құдай-ай, не дейсің, қойшы?

К ө к б а й. Тек, тек отыр.

С ы р т т а н. Жә-ә, сөйле! (*Керім қамшысын тастайды.*)
Сөйле, Керім!

Қ а р л ы ғ а ш. Я, тәңір, бере көр!..

К е р і м. Көңіл бітеу, көзі көр несін демеу етеді? Білмесін мақтан ете ала ма? Қараңғыда тас сүзесің. Болмаса Ромео – Джульеттаны, олардың зарлы шерін білмейтін адам баласы жоқ. Білмесең, қайыспасаң, сен ғана қайыспайсың. Алысты қояйын. Саймақтың сыбызғы сазын сүйіп қашқан қалмақ қызын кім сөгуші еді. Күңірене тындамаушы ма едіңдер? Ажар Айдардың ақындығын, тәтті сазын сүйген жоқ па?

Ж и р е н ш е (*лып етін*). Жарайды, айтқаның Ажар ғой. Ажарды шығардым былай, жолға бердім.

Қ а р л ы ғ а ш. Ә, құдай, Ажарды ақтады. Тым құрыса, бірін айырды.

К ө к б а й. Не боп барады?

Ж и р е н ш е. Балық басынан сасиды дедің ғой. Азғырған Айдар... Бас екені рас: ендеше, кебім Айдарда. Атаған жазам жаза, сол Айдардың басына.

К е р і м. Бұтаға қорғалаған торғай да аман қалмаушы ма еді? Айдар шеттен келген жалғыз жан еді. Зығыр жеп кеп еді. Абайды қорғалап келмеп пе еді? Абайды қорғаласа, әруақты ел деп, сені қорғалап келгені емес пе? Абайдың абыройын қайтесің? Абай елдің Абайы емес пе еді? Кімнің сағын сындырасың?

Ж и р е н ш е. Ей, шырағым, алыстан арбалағанша жақыннан дорбала деген. Сен бағанадан бері талай елді шарладың, талай ертегіні тердің ғой. Мен алысты сүзбейін, осы елдің кешегі көз алдынан өткенін, өз ішінен іздейін. Мамырды бұзып Қалқаман тап бүгінгідей ағайын құтын шайқағанда, Әнет бабам, осы елдің әулие, кәрі бабасы не ғып еді? Бұзақысың деп Көкенайдың садағына байлап бермеп пе еді? Арғын мен Найманды тап бүгінгідей Кебек пен Еңлік бүлдіргенде, бергі атам — қабілетті Қабекең не ғып еді? Өз билігімен екеуін де мойындарына арқан тағып сүйретіп өлтірмеп пе еді? Сол Қалқаман, Кебек осал

жандар ма еді? Ақын дейсің, Қалқаман, Кебектен асыл ма? Олар бұл елдің бұрын маңдайына бітпеген еңіреген ері емес пе еді? Бөтен емес, өзі еді: ет-бауыры еді. Ел тыныштығы үшін сонысын да аяп па еді?.. Жә, қорғалаған дедің ғой, енді соныға келейін: кеше киелі Кеңгірбай заманы болса, сол қорғалаған бұтасымен өртемес пе еді? Бірін-бірі бөрі ұлып табады. Мына жауды мал мұңдалап, шақырып отырған кім? Абай мен сен! Ендеше, қанды мойын өледі. Сендер ме? Ел бүлігі үшін, осы қорлық үшін сендер, сендер қоса күйесің. Құтылмайсың, тәліміңмен тапқаның ғой. Қылша мойның талша, қолың етті, көтересің! Би емессің, әуелі айыпкерімсің сен. *(Керімге.)* Үлкен жауабым сенде. Мынау отырған Абай, сенде.

О р м а н. Жаным-ау, мынау қалай шалқиды?

Д ә у л е т. Айтпап па едім, әулігүін қарашы, құдай ақ та!..

М е с. Бәсе, жатқанымен тұрмасын!

С ы р т т а н. Сөйле! *(Жым-жырт.)*

М е с. Сөз бітті, не сөйлейді?

Н а р ы м б е т. Қақалды білем.

С ы р т т а н. Сөйле!

Қ а р л ы ғ а ш. Тағы не ғып қалды анаған?

К ө к б а й. Қайдан білейін несі барын?

Қ а р л ы ғ а ш. Тамағына тас тығылды ма, жаным-ау?

С ы р т т а н. Жә, сөйле? *(Керім төмен қарап қалады.)*

А б а й. Ей, кәрия, уау, о заманда бұ заман, бір тойда екі жар бар ма? Бір жүгіністе екі дау бар ма?

С ы р т т а н. Е, жоқ, о немене?

А б а й. Жә, ендеше, мынау Жиренше Айдар мен Ажарды тергеп отырған жоқ, мені де тергей бастады ма? Ол — ол ма? О заманнан бұ заман, жүгініске келген бидің өзіндей, тең қарсы биді қанды мойын айыпкер етіп, тергеуге алғанын көрген бар ма? Көп жасаған, көпті көрген кәрісің. Ақсақал, осы-дағы жол ма екен?

С ы р т т а н. Жол емес ол. Жөн емес.

А б а й. Ендеше, теңдік ете бер. Орайымды айтқыз мына Жиреншеге.

О р а з б а й. Айтқызба, сөйлетпе!

К ө к б а й. Сөйлет, айтқыз!

Д а у ы с т а р. Сөйлет, айтқыз жауабын! Сөйлет!
Сөйлетпе!

С ы р т т а н. Тоқта! Орайың бар, датың орынды. Айт,
Абай!

А б а й. Ей, Жиренше, Қалқаман мен Кебекті айттың,
Әнет пен Кеңгірбайды айттың, текке айтқан жоқсың.
Табандап тұрып, тап жығарым деп айттың. Жасағыңа
өлі әруақты жиып кепсің. Өткенді айтып өктейсің кеп.
Қойшысы ұйқыда, қойы қасқырмен бірге өрген күн еді
демексің. Солай ма екен? Сен айтқанды айтты ма екен сол
өткен күннің халқы? Сен айтқанды айтты ма екен мына
бүгінгі ұрпақ, мынау отырған халайық? Айтпайды, үйткені
өткені үшін күңіренген халық бұл халық. Өткен күннің
қаттыларын, қаталдығын даттайсың. Қаттылық бір мен
екіде, халықта ма еді? Сол қаттылар не көміп, нені егіп
кетті... Қараңғылық, надандықты көмбе ғып кетті. Еккенің
тікен болса, орарың балауса болмас. Нені мұра ғып кетті?
Ұлыңа тұсау, қызына нөқта кидіріп, құл мен күң етіп кетті
халықтың жас ұрпағын.

О р а з б а й. Тұсауы не, нөқтаң не сенің?

Ж и р е н ш е. Ақ тілек, ақ батаны айтамысың нөқта
деп?

О р а з б а й. Аттанып тұрып алысқаннан басқа түк
қалдырма тек, арыл, арылып бол, жалғыз-ақ!

А б а й. Ат мініп, аспап асынып, алыстан жау іздеп қайтесің
сен, Оразбай! Сенің жауың өзінде, өз ішінде. Ол — осы тұрған
надандығың, қараңғылығың... Сен жабыссаң — өткен күннің
қараңғылығына жабысасың. Мен алыссам — келешектің
жарығын іздеп талпынам ғой. Бірақ қанды ауыз қасқыр өзін
жейтін жолбарыс барын ойлай ма? Сені жейтін жолбарысың
сол соқырлығың ғой. Бірақ мен елді қайтіп қиямын? Жә,
Жиреншенің дауына келейін. Қалқаманды Көкенайдың
атқаны рас. Бірақ соның арты не боп еді? Оны Жиренше
жасырды ғой, Көкенай оғы жара салғанмен, жыққан жоқ-ты
Қалқаманды. Сол Қалқаман осындай оққа байлап, қаттылық
еткен қарындастан қатты түңіліп, қош деп бір-ақ кетпеп пе еді?
Кетерінде қарап тұрған қалың ел күңіренбеп пе еді? Үзеңгісіне
оралып, кеше гөр деп жалынып жылап тоқтатпақ болған
кім еді? Ей, осы отырған жас-кәрі, сендердің ата-анаң еді.
Қарғағаны Қалқаман ба еді сол елдің? Жоқ, Көкенай еді. Сол

Көкенай ел қарғысын алып, лағнат қамытын киіп, ұрпақсыз өтпеп пе еді.

Д ә у л е т. Ой, аузыңнан айналайын, рас, рас!

О р м а н. Солай, рас!

А б а й. Айдар Қалқаман болсын, ал мен шығарып берейін, бірақ қарғыс атқан Көкенай менмін, бүгінгі күннің қанішері менмін деп қайсысың шығасың?! Кәне?..

Д ә у л е т. Ой, өзімен кетсін!..

Д а у ы с т а р. Өзі ома қапсын, құрысын өзі!

А б а й. Кебекті айтты ғой Жиренше. Оның да артын айтқан жоқ. Әдейі айтқан жоқ. Еңлік пен Кебекті өлтірген күні сонау шеткі Ақшоқы басында сол сорлылардан қалған жас нәресте, жазықсыз ұрпақ, жөргектегі екі айлық жас ұлан жылап жатпап па еді? Бейуаққа шейін жылап жатып, жоқ болғаны кәне? Соны естіген қарындас жүрегі мұздай қатпап па еді? Еңіремеген кім еді? Қаттылық бір мен екіде, халықта ма еді? Сұрашы халықтан! Кеңгірбайды құптай ма екен? Кебекті айтып жылай ма екен? Аямаса қанға жерік Жиренше аямасын, ей, халайық, нақақ қаннан сен аулақ бол!

Д ә у л е т. Айтқаның жөн, Абай!..

О р м а н. Жолыңды оңғарсын, Абай аға!..

Қ а р л ы ғ а ш. Тілеуің берсін, айналайын Ақкем-ай!

К ө к б а й. Тек отыр, деймін сен.

С ы р т т а н. Сөйле! (*Жым-жырт.*) Сөйле!

О р м а н. Е, бөлем, қақалдың ба, Жиренше!

С ы р т т а н. Жә-ә, сөйле! (*Жиренше қамшысын тастайды.*) Сөйле, Жиренше!

Ж и р е н ш е. Е, Абай, алыстағы атадан, Әнет бабаң, Кеңгірбайдан безіп шықтың ғой. Атаны қояйын, ал бірақ кешегі Қүнекенді – өзің туған әкенді қайда қоясың? Тап осындай Қодар мен Қамқаны – ел бүлігі екі сұмды, нар түйеге мойындарынан қосақтап астырып өлтірген дәл сенің өз әкең емес пе еді? Ел сұмдықтан тыйылсын, көріп көзі қансын, түңіліп көңілі шайлықсын деп істемеп пе еді? Сенің әкенді мен өз көмгеніммен куә етейін. Бұған не дейсің? Тіпті әкең ғана емес, өзіңді және куә етейін, бала күнінде менімен ере барып, тап өз көзіңмен көрген сен емес пе едің? Абай емес пе едің?

А б а й. Бәрекедді, көргенмін, көргенім анық. Жақсы айттың. Ендеше, сол сұмдықты көргендіктен әлі күнге есіме түссе ет жүрегім қан жылайды. Сол сұмдықты көргендіктен бүгін Айдар мен Ажардың тілеуін тілеп кеп отырмын. Оны сен де көрген едің, Жиренше, бірақ тағы да қисайта айтып, теріс айтып отырсың. Түйеге асып өлтірген еді дейсің. Сол ғана ма еді. Түйеге асып, соның артынан құз басынан құлатып, ақырында қырық рудың адамына қырық кесек атқызып, таспен мылжалап өлтіріп еді. Неге сүйтті? Қодарға тағылған кінә – шын кінә емес, жала еді. Аққарасына жетпей-ақ өлтіру керек болды. Соның жауабын жалғыз алмай, көпке жаймақ үшін қырық атаның баласы өз қолдарымен кесек атты. Сол кесек атқанның бәрі де Қодарды өлтірушілер еді. Онда сенің атаң, Жиренше, сенің атаң, Оразбай, сенің атаң, Нарымбет, – баршасы да бар еді. Бастығы – менің әкем. Ал осы әкелерді ақтаймын ба мен? Ей, халайық, біл міне, куә бол, ақтамаймын, қайта “ақ еді” деп жанын берсе, Жиренше берсін. Мен болсам, сол әкемнің және Жиренше, Оразбай, сендердің әкелеріңнің сол күнәлары үшін мына халық алдында қарыздармын деп санаймын. Ол қарызым – адамшылық, әділет қарызы: қарыздармын, халық, сенің алдында! Әлім жетсе, қолымнан келсе, сол қарызымды ақтамақпын... Бүгінгі елдің жетім қызы, жалқы жігіті, сені ақтасам, сол Әнет, Кеңгірбай, Құнанбайлар сияқты, келер ұрпақтан қарғыс алмаймын деп ақтаймын... Байлауым сол, өлтірем деген сөз жойылсын! Екі жастың тілеуін оңғарсын... Малмен тарқар түйінге мен жан, малмен жауаптымын. Сөзім осы, халайық... Ал енді мынау қария кесігін айтсын.

Д а у ы с т а р. Уа, жолың болсын! Сөзің жөн! Барды айтты Абай! Болды!.. Жетті, байлау осы!

С ы р т т а н. Сөйлер бар ма тағы? *(Жым-жырт.)*
Сөйле! *(Жым-жырт.)*

Қ а р л ы ғ а ш. Бітті, ууһ, бір құзғыны тағы шыға ма деп ем сұңқ етіп... Айналайын Ақкем-ай!.. Насыбайың берші. *(Көкбайдың қалтасын ақтарады.)*

С ы р т т а н. Айтылар сөздер айтылды ғой, ағайын!

Д ә у л е т. Уа, кәрия, айтылғаны рас... Абай айтты...

Д а у ы с т а р. Бұл күнде Әнет, Кеңгірбай жоқ. Нені айтсаң да ойлап айт.

О р м а н. Бүгін халық сені тыңдап отыр, кәрия.

С ы р т т а н. Айтылар сөз айтылды ғой... Мынау сақал-шашымның ағында, төрімнен көрім жуық шағымда қол-басыма қара жамылып, сақал-шашым күнөға батып, нақақ қанды мойныма жүктеп, құдай алдына не деп барам? Барар дәрменім жоқ... Сол екі сұм ит те болса, тірі болсын.

Д а у ы с т а р. Уа, айтқаның келсін!.. Бәсе! Дегенің болсын!.. Тілеуің берсін!

А б а й. Көкбай, шақырт... Ажар мен Айдарды әкел.

Қ а р л ы ғ а ш. Шүйінші, шүйінші! (*Жүгіре жөнеледі.*)

Д а у ы с т а р. Шүйінші, қайда, сорлылар, шүйінші...

О р а з б а й (*кекетін*). Шүйінші ме? Көрермін. Бүгін сүйінші дерсің, ертең той етіп те тайраңдарсың. Бірақ тап со тойыңның үстіне тас төбеңнен жай түсірермін.

Ж и р е н ш е. Не дейсің? Билігін қайттік мынаның?

О р а з б а й. Мұндай күйге жеткен соң, би – би емес, білек би. Көрдің ғой айтқанын. Өре баспайды бұл билік. Топшысын үзіп тонамай, асты-үстіне келтіріп, бар ұясын ойрандамай тыныштық жоқ. Жаулық пенен кегіңнің беті, міне, енді ғана ашылды. Жүр, түге, бері. Байласатын сертім бар. Құтқардым дейсің ғой, құтқарған жоқсың: әлі өзің де құтылған жоқсың.

Ә з і м х а н (*Керім қасында*). Ойпыр-ай, қуалауға қалай шебер едің? Бұл жүргеннің ішінде сенен өрісі ұзақ жан көрсемші?

К е р і м. Сөз емес, осы бұралқы сөзіңді аулақ әкетші осы.

Кете береді, Абайға келеді.

А б а й (*Керімге*). Неге мойып қалдың? Жарықтың бәрі гүлді әпере бере ме? Жеңілдім деп жасыма. Тегеурінің жетіле келе, Жиреншені әлі-ақ талай жеңерсің. Көтер басыңды!

К е р і м. Абай аға, өзімді-өзім кешпестей түңіліп тұрмын.

Кетіседі. Сырттан да кетеді, оны Мағауия, Керім шығарып салады.

Д о л г о в (*келіп, ұмтылып, Абайды құшақтай алып*). Абай! Абай аға, құттықтаймын! Қуанамын, қатты қуанам! Жеңіпсің жауыздарды... Аб-бай, аға!..

Абайды қатты құшақтап сүйіп алады.

А б а й. Қайран, Федор Иванович... Әттең, сенің жүрегің бір сен емес, көпте болсашы...

Д о л г о в. Сен жеңдің ғой... Тыйдың ғой...

А б а й. Тыйылу ма? Ол жоқ, жоқ қой, Федор Иванович...

Д о л г о в. Неге? Біткен жоқ па?

А б а й. Ақыл-қайрат, өнер-талап неге сарп боп жатыр? Кімді жеңдім? Оразбайды ма? Несін медеу етейін. Неме маз болайын?

Д о л г о в. Надандық пен зұлымдық өктеп тұрған заманда ақын жолы тыныштық жол болмайтын. Ақын ең алдымен қалың елдің дәме қылған азаматы... Ал азаматтың қазақтағы екінші аты сойыл соғар емес пе еді? Бұл жалғыз сенің тағдырың емес еді ғой.

А б а й. О-һо, олай кеттің бе, Федор Иванович? *(Күліп.)* Онда мен тегі дауласпаспын сенімен... Мынау көрген күйден туған жәй бір күйік еді.

Айдар, Ажар шығады.

К ө к б а й. Абай аға... Өй, жігіттер, былай қарашы, анау бір шаң келеді.

Д а у ы с т а р. Шаң келеді, қатты келеді...

К ө к б а й. Абай аға, осы Әбдірахман. Әбіш! Ойбай, Әбіш кеп қалды!

О р м а н *(жүгіріп келеді)*. Шүйінші, Абай аға, ана келді, Әбіш келді.

А б а й *(тұра беріп)*. Ия, құдай, шүкір... Бір балам шыңыраудан шықса, бір балам алыстан түлеп ұшып келе ме? Қос қанатым жетілгендей болды ғой.

Айдар, Ажар шығады, ұмтылып құшақтасады.

А б а й *(екеуін құшақтап)*. Түз-еңбегің жарасқан ұзақ өмір тілеймін, құтты болсын, қарақтарым!

А й д а р. Абай аға, алғыс айтар да дәрменім жоқ...

А б а й *(күліп)*. Алда бақыр-ай, айтпай-ақ қой, ендеше. Әлі ақын дейді!

А й д а р (*күліп*). Бірақ оны айтпасам да, басқа бір айтар төуір нәрсем бар...

А б а й. Айт, ендеше, соныңды!

А й д а р. Өзіңіз тапсырған “Еңлік — Кебек” дастанын бітіруге тақап қалдым. Бір қызығы мынадай, арқадан аяз қысқан өзгеше болады екен. (*Күліп.*) Және де дән көтерген құмырсқа деп едіңіз, сол болған екем деп мақтаншақтығым да ұстады білем.

А б а й. Мақтаның ақталсын десең, дастанын жақсы болсын. Енді сені қатты сынаймын. Сенің алатын параң сол ғана, білдің бе?

Күлкі. Айдарды Ажар құшақтайды. Әйгерім, Қарлығаш, Мағыш және көп әйел-еркектер шығады.

Көрініс

Ә й г е р і м (*Ажар мен Айдарды сүйіп*). Қайырлы болсын, құтты, қызық өмір берсін, қарақтарым!

Қ а р л ы ғ а ш. Әбіш! Әбіш!

Барлық жұрт Әбіш, Әбіш деп, шетке қарайды. Мағауия, Керімдер қоршаған Әбдірахман шығады, үстінде офицер киімі.

Ә б д і р а х м а н. Жеттім-ау, ақыр еліме!

А б а й (*Әбіштің үстіндегі киіміне қарап құшақтан*). Әбішім, мынаның несін кие келдің?

Ә б д і р а х м а н. Аға, дұрыс айтасыз, кешіріңіз, қаталық. Асығып шыққандық қой.

Абайлар басқа жаққа кетеді.

Ә й г е р і м (*құшақтан*). Айналайын, аман-есен келдің бе? (*Тағы сүйіп.*) Келдің бе, мына туған-туысқандарыңды таныдың ба тегіс?

Ә б д і р а х м а н. Неге танымаймын, апа?

Ә й г е р і м. Ендеше, міне, мынаны таныдың ба? (*Мағышты қолтығына алады.*) Әдейі алдыңнан шықсын деп

шақыртып алдық. *(Әбіш жиырынып, тартынып қалады.)* Неге амаңдаспайсың? Мағышым ғой, Әбіш? Тосқаны сен ғой!

Ә б д і р а х м а н *(болымсыз ғана басын иіп).* Апа-ай, ұсынбай-ақ қоя тұрсаң етті, қашан тілеп едім? *(Әйгерім сескеніп қалғандай болады.)*

М а ғ ы ш *(Әйгерім қолтығынын сытылып шығып оқшау қалады).* Құдай-ай, қор болғаным осы ма еді? Қайда, қайда әлгі?

Жұрт тегіс кетіп қалады. Нарымбет шығады.

Нарымбет аға! *(Мағыш жылап жібереді.)*

Н а р ы м б е т. Айтпап па едім? Біліп ем ғой, сорлы бауырым!

М а ғ ы ш. Айтпашы, қойшы, жерлемеші!

Нарымбет жүгіріп кеп ертіп кетеді. Оразбай, Жиренше шығады.

Нарымбет келеді.

Көрініс

Н а р ы м б е т. У үстіне у құйсын, нем қалды? Не сақтанарлық жаным қалды?

О р а з б а й. Не болды?

Н а р ы м б е т. Келместе жатып кеудеге тепті, әнекей. Мағышты қуып тастапты мынаның төре баласы. А, құдай-ау, көремісің, қайдасың? Не қылсам рауа мына жауға, мына дұспан Абайға? Шабармын ауылын, қазір бара аттанамын жүз жігітпен, қолында өлемін.

О р а з б а й. Тоқта, тулама!

Н а р ы м б е т. Тоқтарым жоқ, не қалды?

О р а з б а й *(қатты).* Тоқтат енді! Барың болса, баяғыда салмас па ең? Сенің жайыңды ойламай, нені ойлап отырмыз? *(Жым-жырт.)* Жетеріңе жетті ғой... Менен аяған несі қалды? Шөк-шөкпенен келіп ең тегіс, көресінді көрдің бе, көздерің жетті ме? Енді Абайды аясам ит болғаным емес пе? Оқшау жауым, жалғыз жауым өзі боп шықты ғой.

Н а р ы м б е т. Абай, Абайға қоса бар ұясы, бар тобы ойран болсын! Аяма, аузыңды баса көр, Ореке!

Ж и р е н ш е. Елді кернеп сөзі кетті. Шырық бұзып ісі кетті. Ата жолының жауы болып шықты. Аяма! Арылып болдық. Аясатын түк те жоқ.

О р а з б а й (*ойланып*). Ендеше, енді Абайға өлім ғана қалды, басқа түк жоқ. Қарғыс еді ғой... Қарғыс! Олай болса, өлі әруақты қорлағаны үшін, тірі туысқанды жаралағаны үшін шын қарғыс, міне! (*Қалтасынан тас сауытты шығарады.*) Мынау у! Жазбай өлтіретін у! Ішкен кісі иттей қатып барып, жиырма күнде өледі... Абайға арналған ата қарғысы осы.

Н а р ы м б е т. Бер, бері әкелші, ендеше, маған. Мен берем, көзір берем.

О р а з б а й. Тоқта, сен емессің... Отқа түсесің... кімге берсем? Кім қолымен берсем екен?..

Ж и р е н ш е. Тоқташы... Шекіскенмен шекіс деп еді ғой. Аңғардыңдар ма, мен бүгін жан көрдім-ау!? Шыққыр көзім шықпаса, түпсіз терең шыңырау көрдім-ау... Абайды басар қанды қақпанды мен тап Абайдың өз ұясынан таптым.

Н а р ы м б е т. О кім? Кімді айтасыз?

О р а з б а й. Кімді айтушы еді? Әзімхан күдер үзген жоқ деген, бәсе? Бетің дұрыс, Жиренше!

Ж и р е н ш е. Таныдым, таптым. Біз сырттан қармасақ, ішіне кіріп ап, іштен шалатын кісі қандай керек. Жол-жораға қарсы болса су да ішпес, бөтуә тілесе қан да төк деген шарият. Бері әпкел... Маған жібер! (*Уды алып қалтасына салады.*) Қарғыс болса, алыстан атпасын, дөп тиетін боп жақыннан атсын, байлау осы. Ауыздарыңа берік бол!

О р а з б а й. Берік бол.

Н а р ы м б е т. Берік бол.

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Төртінші сурет

Қанаттастырып тіккен үйдің іші. Сахна сыртында ескектеп айтылып жатқан жыр сарыны кеп тұрады. Анда-санда сүйсінген күлкі, дырду.

Ә з і м х а н. Анау кім осы сарнап жатқан?

К е р і м. Айдар “Еңлік – Кебек” деген жыр жазыпты. Соны кешеден бері қайта-қайта айтқызып, тындасып жатыр.

Ә з і м х а н. Ә-ә, рас-ау... Айтпақшы, жыры бүлік дейді ғой. Сен естідің бе?

К е р і м. Естідім, бүлік екені рас... Кеңгірбайды қабан депті.

Ә з і м х а н. Бәсе, Оразбайлар, үлкендер соны естіп, тағы қатты бүлініп жатыр еді. Жесірін бір алып, атасын және қорлады дейді.

К е р і м. Қайт дейсің?.. Құрық беріп отыр.

Ә з і м х а н. Жә, ендеше, ойланып болдың ба кешегіні?

К е р і м. Кешегіні? (*Әзімханға қадала қарап тұрып.*) Ойланып деймісің? Кәне, бері әкелші? (*Қолын созады.*)

Ә з і м х а н. Е-е, бәсе! (*Қалтасынан сауыт алып, Керімге береді, бұл сауыт өткен сахнада Оразбайдан Жиренше алған у сауыты.*) Болды, жарайсың!

К е р і м (*Әзімханға сынап қарап тұрып*). Сен бұл ұды маған Абайға беріп, жоқ қыл деп ұсынып тұрсың ғой, ә? Берілмейді бұл у, сандалмандар!

Ә з і м х а н. Керім, мұның қалай?

К е р і м. Сен өзің Абайды Тобықтының ғана Абайы деп білсең керек, оның тауарихтың Абайы екенін ойламаймысың?

Ә з і м х а н. Ал тауарихта ел бүлігі болмай ма екен? Мұның жолы...

К е р і м. Мұның жолы теріс беттеп келе жатқан жол.

Ә з і м х а н. Бәсе, не десіп ек.

К е р і м. Мен әсер етемін де, өзгертемін Абайды.

Ә з і м х а н. Абайды үйтіп ала алмайсың, барған сайын қанат-құйрығы жетіліп, тобы көбейіп барады.

К е р і м. Тобы ма? Тобы тозады... ұзамайды.

Әзімхан. Өзі тозбаса, тобы да тозбайды.

Керім. Менің Абаймен пікір тартысым бар, бірақ қара басына қастығым жоқ. Кейін кеңірек сөйлесерміз. Әзірше біліп қой. Мынау сұмдықты істетпеймін мен сендерге.

Әзімхан. Өй, тоқташы өзің. *(Долгов шығады. Өз-өзіне.)* Тағы да түңілтем деп әуресің ғой. Жоқ, шырақ, мен енді күдер үзбейтін болғам...

Көрініс

Долгов *(Керімге)*. Керім, сен Әзімханды европаша оқыған, білімді деп бағалайсың, білемін. Бірақ Европа білімінің екі жүзді семсер тәріздісі де бар. Жандарал қазынасы соған ғана толы болмасын. Есінде болсын. *(Күледі.)*

Сол кезде жастар жабырлап шығады. Ортаға Қарлығаш, Мағыш. Қарлығаш Әбдірахманды ерте кеп, сөзін бастай береді. Баймағамбет бірге келген, Долгов күлген бойында солай кетеді.

Көрініс

Керім *(Әзімханға)*. Осыны кетірудің бір амалын істеші.

Әзімхан. Асықпа, ескергем.

Керім. Діні, қаны жат демей, бұл да қанат бопты. Бірақ тайдырсаң, ешкім секем алмастай қып, сездірмей тайдыр.

Әзімхан. Бұл арадан тиетін кісі жоқ. Ұлық өзі әпкетеді. Өнеугі бас жөнінде қағаз түсірген... Бұл доктор, бүгін әсіресе керексіз доктор боп тұр.

Керім кетеді.

Көрініс

Әйгерім *(сөйлеп келе жатады)*. Ажар – Айдардың амандық тойы... Әбішім, сенің де келген тойың.

Әбдірахман. Рақмет, апа! *(Үй жасауына қарап жүреді.)*

Әйгерім. Қызық үстінде қызық өссін деуші едім, Әбішім! Мен сенің Мағыш туралы жауабыңа қана алмадым ғой!

Әбдірахман (*басын шайқап*). Тағы айттыңыз ба?

Әйгерім. Айтамын, қарағым... Не ойлағаның бар? (*Жауап жоқ.*) Ана жолы Мағыш сенің түріңнен именіп, жүдеп кетті.

Әбдірахман. Қойсаңызшы, апа, япырмай!

Әйгерім. Сен Мағыштың кім екенін білмейсің. Онымен тең жан таппайсың, айтсаңшы бізге?

Әбдірахман (*Мағашқа*). Осы сенің де айтпағың осы ма?

Мағайя. Енді қайтейік! Өзгеден бұрын Нарымбет бар, барлық анау жауласып отырған Оразбайлар бар. Мағышты сыртқа серіпсек, ағайын жаулығы бұрынғыдан шиеленісіп болады. Соның бөрінің зілі кімге барып түседі? Тағы айналып кеп кәрі әкеңе салмақ боп түседі ғой?..

Әбдірахман. Ия, соның бөрі қиын болған, ең оңайы менің халім боп па? (*Сырттағы әнді тыңдап қап.*) Анау шырқап жатқан кім осы?

Мағайя. Айдар ғой. “Еңлік – Кебегін” жырлап отыр. Жұрт қоймастан қайта-қайта айтқызып жатыр...

Әбдірахман. Ә-ә, Еңлік пе? Жыры жақсы-ақ екен, қайырлы болсын.

Мағайя. Осы иен жайлаудың қалың елі кеше мен бүгінгінің өзінде-ақ жаттап, таратып әкетіп жатыр талайға.

Әбдірахман. Бақыттысың, Айдар!

Мағайя. Мен тағы барып тыңдайыншы. (*Кетеді.*)

Әбдірахман (*өз ойымен*). Тым құрмаса, сен бақытты болшы. (*Мағышты ертіп Қарлығаш келеді.*) Мен ше? Сен де бір кірпіш дүниеге. Кетігін тап та бар қалан... (*Күрсінеді.*) О-о, өмір!

Әйгерім кетеді. Жастар алдыңғы үйге орналасып отырысып жатады.

Қарлығаш (*Әбдірахманды оңашалап*). Сен өзің бері қарашы осы, қайным! Мағышты өзің кім деп жүрсің? Атаң күйеу, апаң қалыңдық болмағандай, әлде өзің еліңнің заңын ұмытқанбысың? Бір емес, екі емес ол келеді, тіпті сен күйеу емессің, ол күйеу, ол қалыңдық емес, сен

қалыңдық боп талдырдың ғой, сығыр мұндар. *(Көпке.)* Беті ашылмаған қайным ең, әлде бет ашарыңды алайын ба? *(Жұрт күледі.)* Ал амандас, өне, заңдарың қалай болушы еді? Құшақтасушы ма едің? Иіскеуші ме едің, қайтушең? Амандас.

Ә з і м х а н *(күліп кеп).* Ал, бәлем...

Ә б д і р а х м а н *(Мағышпен амандасып).* Осылардың екеуімізді тели беретіні несі, лайық па осылар?

М а ғ ы ш. Лайық емес, Әбіш... Рас айтасыз... *(Қарлығашқа.)* Әркімнің төресі өз жүрегі ғой. Бекіне ме, шегіне ме – кісінің өзі білсін де.

Ә з і м х а н. Әй, Мағыш-ай, соның жүрегіне билетіп қайтесің? Жүрек бақыр тұтқын болмай, сау жүр деймісің?

М а ғ ы ш. Тұрпайы айтса да, тура айтты-ау, *(Бетін басады, жым-жырт.)* Қайдан білейін?

Қ а р л ы ғ а ш. Қойшы тәйірі, біресе бірің толқып, біресе бірің лоблып. Үндеме, үндемеші осы... Өзім бір ебін тауып тұрмын. Бір тал шашын ғана өперші. Бағана жолшыбай бақсыға сөйлесіп келіп ем. Бәлемді шындап қолға алайын, көресің. Үндеме, ойнай бер.

Мағыш, Әбдірахмандар кетеді. Жалғыз қалған Қарлығашқа Көкбай келеді.

К ө к б а й *(өлеңмен).*

Қарлығашым, қалам қасым,

Шырай берер күнің бар ма?

Онда, құдай, көздің жасын!

Абай шығып, тындап тұрады.

Қ а р л ы ғ а ш. Құлқының құрсын!

К ө к б а й. Алда тәңір, не дейді? Айнадағы ақ бөпем...

А б а й *(күліп).* О-о, сорлы Көкбай, неғып әукең түсіп тұр? Не деп тұр мынау, Қарлығаш?

Қ а р л ы ғ а ш. Абай аға, не береке бар дейсіз осының сөзінде?

А б а й. Жоқ, шынын айтшы?

Қ а р л ы ғ а ш. Өлдім-талдым деп өзеуреген болад та, тәңір.

А б а й. Бәсе, олай болса, ақыл білсең аяма, Қарлығаш, мұны.

К ө к б а й. Абай аға, тұз-еңбегін жарастырады десе кісінің, мұныңыз не, сығыр?

А б а й. Уай, Көкбай, құдайдан да қорқу керек емес пе? Осы өлдім-талдым дегеннің талайын білуші ем ғой? Қайсысының қасында қалдың? Кімге опа бердің? Қарлығашты қайтіп алдатам саған?

К ө к б а й. Ойбай, құдай-ау, куәлік айтыңыз деп қашан шақырдым осы? Бұл шам, мен пәруанасы боп өтсін дегеніңіз бе? Мұныңыз не, қарап тұрып?

Қ а р л ы ғ а ш. Құлқының құрсын, пәруанасы не өзінің?

А б а й. Уа, тәңір, көбелекпін дейді. Көбелек боп отыңа күйдім дейді. Көбелек деген, тым құрса, қағылез болса керек еді. Осындай, дәл дөңбектей көбелек көргенің бар ма, Қарлығаш!

Қ а р л ы ғ а ш (күліп). Құлқыны құрсын.

А б а й. Ендеше (өлеңмен):

Көбелекке шамнан әсте

Рахым жоқ! — де.

К ө к б а й (өлеңмен).

Бірақ сол шам

Жалғыз жанар,

Жақын жоқ!.. — де.

Оған Қарлығаш не дейді?

А б а й. Арғы жауабын Қарлығаш енді өзі айтады...

Кете береді.

К ө к б а й (өлеңмен).

Жүйрік тіл, терең ой,

Сол күнде қайда едің?

Ғашыққа мойын қой,

Жеңілдің, жеңілдің... —

деген өзі емес пе еді? Жоқ, қанша жақсы болса да, тап осы жолғы істеп кеткені тіпті жақсылық емес, тыңдама. Кәне, не дейсің?

Қ а р л ы ғ а ш. Ішің жарылсын! (Күліп жөнеледі.)

К ө к б а й. Қап, жолы болмас жігітті түйенің үстінен де ит қабады деген осы екен, ө!

Керімді ертіп Тәкежан шығады.

Т ә к е ж а н. Әй, осы естіп-көріп жүрмісің мына пәлені, жоқ па? Бар жайлаудың бала-шаға, құл-құтанына шейін Қабекенді қабан деп, мынаның жырын жайып әкетті. Ана жақта Оразбай, Жиреншелер естіп түлен түтіп жатыр, тыясың ба, жоқ па? Бұ не қара басты Абай екеуіңді?

К е р і м. Мен қайтейін, бәрі-бәрі Абайдан. Қолыңнан келсе, тыйсаңшы өзің?

Т ә к е ж а н. Мен Оразбай алдында арылдым. Менде кінә жоғын олар біледі, бірақ осыны көріп үндемей отырған саған ба?.. Бар пәле саған үйіледі. Қашан айттың деме!

К е р і м. Өзіне батпай, ізіне батып, бұ не дегендерің осы?

Т ә к е ж а н. Бар тетік сенде, сенде дейді ғой? Сал салмақты, тый мынаны, болмаса, көріскеннің алды-арты осы.

Кетеді. Мағауия, Көкбай, Абай, Зейнеп, Баймағамбеттер Айдарды қоршап шығады, қуанышты.

М а ғ а у и я. Өлеңінде ұзақ өріс, жатық шабыс бар.

К ө к б а й. Өріс болғанда, өрге де шауып шығам деп тұр ғой.

К е р і м. Уа, қойшы, шын айтамысың осыны? Тіпті жақсы емес...

К ө к б а й. Е, несі жақпады?

К е р і м. “Жеңсікшіл ел жетпей мақтайды, желөкпелер шын деп ойлайды” деп еді Абай ағам.

К ө к б а й. Әй, қойшы, тәйір!

З е й н е п.

Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп

Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы, –

деп еді-ау Абай. Шәкірт болса, ұстазын қуантар шәкірт болсын да. Онан соң мен осыны Жәнекеме тартқан желді аяқ көрдім, әйгілі Жанақты айтам.

М а ғ а у и я. Ә, болды, Зейнепке ұнаса шынымен қайырлы болсын!

К е р і м. Мен жазсам, тіпті бұлай жазбас ем.

А й д а р. Керім, енді мұның әділет емес қой. Сен жазғанның көшірмесін жазсам, мен Айдар да болмас ем ғой?
(Күлкі.)

А б а й. Тіршілік – бәсеке, жарыс; дүние – бәйге үлестіруші. Өнер жарысын айтамын. Ол Оразбайдың жарысы емес қой, игілік жарысы. Өнер жарысында бәсекелессең де әділ бол. Сап сұлу өнер бықсық ойдан тумайды, шыншыл таза жүректен ғана туады. Бәсеке “Неге озасың?” – деп құйысқаннан алу болмасын. “Неге қалам?” деп өзінді өзің камшылауың болсын. Сонда ғана мін емес. Ә, тоқтандар, Зейнепке тыңдатып, осының бағасын бір естісеңдер етті. Талай өр сөздің төркіні осы Зейнептің шыққан ұясы ғой.

Д а у ы с т а р. Ал, Зейнеп апа, Зейнеп апа, өзің, өзің айт!

З е й н е п (өлеңмен).

Жан сүйінер өлең айт ел ерерлік,
Өлеңге қыбырлатып жан берерлік.
Қапа көңіл қайғысын таза жуып,
Сергек дене мас болып сенделерлік.
Естісем бұл лебізді, Айдар, сенен,
Байғазым осы болсын мен берерлік.

Д а у ы с т а р. О, қайырлы, қайырлы болсын, Айдар!
Тойыңа той ұлассын!

З е й н е п. Айдар, құтты болсын! Осыны өзім айтып жүрейін, үйретіп жіберші маған. Абай, бірақ қолқам онымен бітпейді. Әуелі осы дәл өз басыңа арналған орайлы дауымды осындайда бір айтайыншы.

А б а й. Айтарын балаларға айтар ма деп ем, сен нысанаңа мені байлайын дедің бе? Қайтейін, айт.

З е й н е п. Айтсам, осы білегі күшті нені айтады? Күшсізге еткен зорлығын айтады. Күшсіз несін айтады? Күштіден көрген қорлығын айтады. Мен бұл жолы жынысымның даугерімін. Осы көпшілігің, бастығы, Абай, өзің, әр жайды айтасың, жақсы айтасың, бірақ осы бір ғана жерге сылти басасың-ау...

Б а й м а ғ а м б е т. Я, о қай жер, жазған-ау?

З е й н е п. Осы сүйдім-күйдімді көп жазасың, түге, қас-қабағың жарасқан қызды ғана көресің білем. Жаппай

жылаған қыз, жағалай жесірді неге бір көрмейсіңдер, неге соны жырламайсыңдар?

Б а й м а ғ а м б е т. Қап, болмас, түп етектен алды-ау, кеп!

А б а й. Бәрекедді, Зейнеп, тауып айттың! Көріңдерші, анау Пушкин орыс қызының ой-сезімін қалай айтқан? Ерлі әйелдің қасірет-зарын Толстой қалай жеткізген? Ойланып, толғанатын шағымыз жеткен еді. Айдардың мына жыры осындай бір жаңа жырдың басы есепті. Соған қуанамын. Көк қанат балапан жұтсын шаң, тапсын заң деп еді, бүгін Айдар шырқап ұшып, қанатының бір ұшын көрсетті. Жаңа Еңлік – Кебек бұрын жолсыз жазамен өліп кетсе, бүгін Айдар қайта туған Кебек боп тұр. Сол ауыр күннен өнер ала туып тұр. Осы менің қайырлы болсыным. Айдар, Ажар және барлық ақын достар – бәріңе де айтамын.

К ө к б а й. Ойпыр-ау, Айдар, тіпті төбем көкке жеткендей болдым ғой, сен үшін.

А й д а р. Абай аға, мені біржолата еліттіңіз ғой!

Абай Зейнеппен сөйлесіп отырады.

К е р і м. Шынды айту керек қой, мен сенің еңбегіңнен о қасиетті көргем жоқ.

М а ғ а у и я. Неғыл дейсің, Керім, несі олқы?

К е р і м. Әй, қойыңдаршы, осы елдің жесірін бір алып, атасын бір нәлеттеп, қайда барасыңдар? Елге не дейміз? Намысын шабақтай бермесендерші беталды?

А й д а р. Япырай, Керім, сүйтіп пе едім? Сен не дедің, батыр-ау?

М а ғ а у и я. Тіпті мынау бадырайтып тұрған қызғаншақтың сөзі ғой!

К е р і м (*ашуланып*). Жә, болды, тыңдамаймын...

Б а й м а ғ а м б е т. Е-е, дәт депті, дәтің болса – айт депті-ау. Ертеде бір Италиян деген елде Матсар, Салгері деген күйші болыпты-ау... Матсар кеудесінен күй саулаған, бармағынан бал тамған, құдайыңның өзі сүйген өнерпаз екен. Өзгеге қиын бұған оңай екен дейді... Салгері... Салгері болса тырысумен, тырбанумен күйші екен. Бірақ қанша тырысса да, Матсардың соңына ілесе алмайды екен. Күндерде бір күні

Салгері Матсарға кеп отырса, Матсар бір жаңа күйін ойнайды. Сүйтсе қара шапан жамылған, бір қаралы жан келіп, жоқтау күйін жазып бер депті де, соған шығарған күйі екен. Салгері келіп, әлгіні естіп, күйіне құмартады. О, құдай, тілегенге бермейсің, тепкілегенге бересің? Тілегенге берсең, маған берер едің-ау... Мынау неткен мазағың деп қиналып кеп, ақыры, бір байлау жасайды. Кесел байлау жасайды. Бір қой сойып, үйіне Матсарды түстікке шақырып отырып, өз қолынан у беріп өлтіріпті дейді. “Дозақтан бетер қызғаныш” деген нақыл содан қалыпты-ау...

К ө к б а й. Ендеше, тап сол Матсар біздің Айдар деймін...

А й д а р. Қой, қойшы.

М а ғ а у и я. Айдар екені рас.

Ә з і м х а н. Онда Салгері кім болғаны?.. Оны да табарсындар.

А б а й. Қой, қойыңдар, шек жоқ болса да, әзілде кек жоқ. Ол заманның мінезі бұл ортада жоқ... Шек біліңдер...

Әйелдер тола шығады, қыз-келіншектер қоршалап Ажарды ертіп кіргізеді.

К ө к б а й. Уау, құтты, құтты болсын! Ау, ал мен бет-ашар айтамын.

Уау, келінді көріңдер,

Көрімдігін беріңдер,

Береріңді бүркемей,

Қолыңа ала келіңдер!

Жылқы берсең — аттан бер.

Түсі келсін ақтан кер.

Абай аға — қайын атаға бір сәлем!

Күліп, Абайға өзі сәлем етеді.

Түйе берсең — түстісін,

Сүйсіндірер сүттісін...

Әйгерімдей қайын енеге бір сәлем!

Өзі тағы иіледі. Күлкі.

Атаңдар, атай отырыңдар.

А б а й (*Әйгерімге*). Мынау екеумізден алмай қоймас,
сірә.

Ә й г е р і м. Аңдыған жерін көрмейсіз бе, кім айтқызды
өзіне?

К ө к б а й. Ә-ә, қысыла беріңдерші, тым құрыса, сүйтіп.
Абай аға, бағанағының кегі. (*Күлкі*).

А б а й. Құдай сақта, сүйткенмен, сазайыңды Қарлығаш
берсін.

Қошқар берсең — түктісін,
Жұт, індетке мықтысын.
Қайнаға Әбіш жанға бір сәлем!
Ешкі берсең — жеке бер,
Бақырауық теке бер.

Осы кезде қоңыраулатқан арбаның дыбысы естіледі. Тасыр-тұсыр...
Үйдегілер: “Бү кім? О кім?” десіп қожырая бастайды... “Былай тұр,
былай тұр” деп есіктегілерді қағып, асығыс басып атшабар кіреді.

Төсінде үлкен жез знак, мойнында үлкен былғары сумка.

А т ш а б а р. Долгов, Долгов, бармысың?

О р м а н. Әне, бақырауық текең өзі де кеп жетті.
(*Күлкі*.)

А б а й. Жә, тоқта, немене?

А т ш а б а р. Тыста пристав тосып тұр... Долгов, сені
тез шақырып кел деді. Тығыз бұйрық бар...

Д о л г о в. Қазір...

А б а й. Бү не өзі, немене екен?..

Д о л г о в (*шығуға ыңғайланып*). Е, айдаудағы Долгов
ұлыққа керек болса, мәлім ғой, құдалық жайын сөйлеседі
деймісің, Абай. (*Күліп, кетеді*.)

А б а й. Бү не екен өзі? Біліңдерші, білейікші...

Жұрттың бәрі тұрып ере шығады. Үйде Айдар, Керімді ұстап қалады.

Көрініс

А й д а р. Керім, мен мына мерекенің үстінде жұрт
көзінше тоқтап қалдым жаңа... Осы сен маған наразы
сияқтысың ғой? Жөніңді айтшы.

К е р і м. Наразымын, кінәлаймын мен сені...

А й д а р. Тек қызғаныш емес қой өзі?..

К е р і м. Доғар сол сөзді.

А й д а р. Ендеше, кінәңді айт. Айтып өлтір.

К е р і м. Сен өлеңіңнің ішінде Кеңгірбайдың әруағын күңіретіпсің.

А й д а р. Е, Еңлік пен Кебекті, екі ғашықты параға сатып, ат құйрығына байлатып өлтірген сол емес пе еді? Оны Абай ағам да айтты ғой жүгіністе...

К е р і м. Ол барымтасы. Айтылды – кетті бір жел сөз. Сен ше? Сен балталаса кетпестей таңба басып отырсың. Қабан депсің. Ол таңба – осы елдің сүйегіне басқан таңбаң. Бұ да намысы бар аталы ел, ел арына шабуыл жасап отырсың. Мен кешпеймін мұныңды, әруақ кешпейді! Әруақ қарғысы жетер саған да.

А й д а р. Ей, Керім, сені мен жаңа тани бастадым ғой. Сенің жүгіністе сөйлеген сөзіңнің бірін естіп, мен екі ұдай боп қап ем. Шынға – шын орай болсын. Олай болса, Жиреншемен қарсыласқанда, әуелі Айдардың, сонан соң Абайдың жонын төсегенің шалалық емес, әдейі төсеген екенсің ғой.

К е р і м. Тоқтат сұмдық жалаңды. Осы елдің өлісін бір, тірісін екі жараламақ пе ең?

А й д а р. Абай ағам сені Жиреншеден қорыққандықтан жасқанып қалды деп еді, шіркін, қайран Абай осы саған да сеніп жүр-ау...

К е р і м. Е, елден елді айырып болып ең, енді кеп ініден ағаны айыруың қалды ма? Жылжи-жылжи енді соған да жеттің бе? Ендеше, сені атпаған әруақ – әруақ болмай, саған тимеген қарғыс – қарғыс болмай кетсін.

Ажар, Қарлығаш жүгіріп шығады.

Көрініс

А ж а р. Айдар, бауырым... Жақсы күніңді осындай жаман сөзбен лайламақ па ең? Тоқтат... Қойшы, жүрші...

А й д а р. Төреңе құлдық... Ажар қалқам... айып етпе... Жаңылған екем.

А ж а р (*Керімге*). Керім, сен де айтар сөзіңді тапқан екенсің... Не боп отырсың?

Айдарды ертіп кетеді.

Көрініс

Қ а р л ы ғ а ш (*Керімнің қасына отыра қап*). Қайным, айналайын жақсы қайным, неғып қиналып отырсың?.. Әлде құлқыны құрғыр әлгі қалжың сөздер батты ма? Неге катуландың? Қойшы... (*Керім үндемейді.*) Насыбайыңды берші! (*Керімнің қалтасына қолын салып жіберіп сауытын алып, қарамастан тығынын алып алақанына сала береді, сөйлеп жатады.*) Дос-құрбыңның жақсылық тілеуі емес пе? (*Шақшаға қарап.*) Апырай, мынау шақшаң не деген жақсы еді!.. Маған... (*Алақанына сала береді.*)

К е р і м (*жалт қарап, сауытты бас салып*). Өй, тоқта, бері әкел!..

Қ а р л ы ғ а ш (*шошып қап*). О, құлқының... Шошып қалдым ғой. Алмайым шақшаңды.

К е р і м. Бері әпкел, бері. (*Жұлып алады.*)

Қ а р л ы ғ а ш. Насыбайың бер дейім... Берші атайын!..

К е р і м. Бұл насыбай емес, дәрім... Мә, насыбай!

Шақшасын береді. Қарлығаш атып алып, шығып кетеді. Керім жалғыз.

Алдында үстел үстінде жасаулы қымыз. Қолына у сауытын ұстап қадалып қарап отыр.

Қара түнде жұбанарлық ұл туса, түнде қандай жазық бар? Жарқыраған тал түсте жан шырағы сөнер болса, жарығында қасиет қане? Қаталдық, сұмдық түні емес, туғызары игі болса. Қара жерден алтындай дән шықпай ма? Жазаның бәрі қаза емес... Жараны емдер жаза да бар. Мен тарихтың тай тұлпары емеспін. Орыстан барып өнеге іздер Абай емеспін мен. Надандық пен қараңғыны қармайтын Оразбай да емеспін мен. Мен Керіммін. Жолым даңғыл. Құбылам менің орнында. Ислам! Мәңгі бағыт, жарқын жолым, бәрінен де жақын жолым бір ислам, дін – ислам... Бүгін сарбелге жеттім. Адасқан жол артта қалдың, қош бол! Енді қайрылмаспын.

Сен қисыққа кеттің ғой, кінә өзіңде. Саған жоқпын. Жаңа желі байладым... Жаңа тілеу бастадым. Сен емес, мен бастаймын ендігі елдің иен көшін. Айрыламын мінекей... *(Сауытқа қарап.)* Айырар сына сен боп тұрсың... Сағатына кез келдің. Біте қайнап қалған бірлік оңайлықпен айрылмайтын, жыртылып қана айрылар. Қан ақпай қалмас сірә де.

Уын бір кесеге асығыс салып жіберіп шайқап қояды. Әзімхан есіктен қарап Керімнің сауытын көреді де, дәмеленеді.

Ә з і м х а н. Орайы келер, ойланарсың деп едім, Керім...

К е р і м *(сауытты ұстан)*. Ия, ойланып болдым...

Ә з і м х а н. Бәсе, дер кезі екен.

К е р і м. Сен не білдім деп тұрсың?

Ә з і м х а н. Мынау ше?

К е р і м. Тапқан екенсің, қанжығада жүретін жан торсығыңды. Мен ашумен біраз қиналдым да, ақыры, міне, жаман ойдың бәрін жойдым. Қураған уың мынау ма, ал мінекей көзің жетсін. Қас етпейді, жоқ болады.

Ә з і м х а н. Жаным-ау, әзіл ме, шын ба осы? Сыр ұшығын қашан білем мен бұдан?

Керім удың аузын ашып, шашып отқа өртеп жіберіп, сауытын іргеге тастайды. Осы кезде әлгі кеткен жұрт қайта келеді. Керім, Айдар, Абайлар қатар отырады.

Көрініс

Д о л г о в *(қымызын қайта көтерін)*. Достар, бұйрық кепті, мен бұл өңірден кететін болыппын.

Б а й м а ғ а м б е т. Не дейді, қайда, Шодыр!?

К ө к б а й. Келгені ғой, әттең!

Д о л г о в. Достар, қоштасарлық шақ жетті. Айдау орнын тағы ауыстырғалы отыр маған. Енді қайтіп, қашан көрем? Көрермін бе, туғандарым? Ұлыққа біздің достығымыз жақпапты. Сезікті достық деген ғой. Бүйте берсе орыс, қазақ бірін-бірі ұғынып... *(Әзімханға қарап.)* Қойдым... қойдым, Әзімхан, қадалмай-ақ қой. Қош болыңдар, достарым. Айдаудың қараң жылдарын аса

қымбат жыл етіп едіңдер. Қайда жүрсем де кемеңгер досым Абай аға және барлық басқаларың бар, ұмытарым жоқ. Сендер маған өз халқыңды, қазақ халқын сүюді үйреттіңдер. Ғасырлық қайғы шерін маған да танытып едіңдер. Тағы жақпады-ау, Әзімхан... Жарайды... Басқа жайды айтайын. Достарым, менің туған елімнің бір әдетінде сүйікті жанның құрметіне ас көтеру бар еді. Осы тойда Айдар, Ажар екеуіне зор қуаныш, бақ тілеймін! Екеуінің қатарына қазақтың бақытты болған ұл-қызы тізілсін! (*Айдарды сүйеді.*)

К е р і м (*Айдарға бағанағы у салған кесені беріп жатып*). Біз көп емес едік, аз едік. Ортамыздан тағы бір дос кетіп жатыр. Бағанағы сөздер ашумен айтылып қалған қалас сөздер еді. Тастайық. Қуанышың қайырлы болсын... Мә, іш! (*Айдар ішін жібереді.*)

Д о л г о в. Ал, енді мен жүремін.

А б а й. Федор Иванович, ұмытылмас досымсың. Қайда жүрсең де тілеуім бір, біраз айтысып қалатын сөзім бар. Жүр, мен сені шығарып салайын.

Құшақтап алады, бірге шығады.

Д а у ы с т а р. Жүріңдер, жүр... Бәріміз де шығарамыз.

К ө к б а й. Қайран ұл, тусаң осындай ту, қабағын да шытпайды-ау! Осындай ерді тапқан ана да емес пе! Жүріңдер.

Барлық жұрт кетеді. Ажар, Айдар ғана есік алдында.

Көрініс

А ж а р. Жаным Айдар, Керіммен жарастың ба?

А й д а р. Тастайық деді ғой өзі. Жақсы күнімді мұнарға бастырып нетемін?

А ж а р. Не керек бәсе, қуанышым!

А й д а р. Бір сөзі тастай тиіп еді, Абай ағама айта жаздап ем.

А ж а р. Қандай сөз?

А й д а р. Тек аға-інінің арасын айырмақсың деді де, аузымды тылсыммен бұғандай ғып қойды. Енді аузымнан шығарар дәрменім жоқ...

А ж а р. Әйтеуір, қалды ғой бәрі?

А й д а р. Қалды ғой, қалқам, көңіліңе алмашы енді.

А ж а р. Құдай-ау, жеткіздің бе тілегіме, көз жасымды идің бе? Айдар жаным! (*Құшақтайды.*)

А й д а р. Ажарым... Енді біздің бақытымызға байлау жоқ... Тек қана ұзағынан!..

А ж а р (*құшақтап сүйін*). Әмин, ұзағынан!

А й д а р. Ұзағынан ғана сүйіндір. (*Сүйіседі.*)

А ж а р. Жасаған!..

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Бесінші сурет

Сахнаның бір шеті Айдардың отауының іші. Алысырақта өзге үйлердің төбелері көрінеді. Тыста сахнаның екінші шетінде, кілем үстінде Әйгерім, Мағыш, Мағауиялар отыр. Үй ішінде бұрынғы жасау... Биік төсекте әл үстінде Айдар жатыр. Төсек жанында Абай, Әбдірахман, Ажар.

Көрініс

А й д а р (*есін жиып*). Дәрігер де кетті, жүріп кетті ғой?

А б а й. Жүріп кетті, қарағым!

А й д а р. Текке кеткен жоқ, біліп кетті ғой.

А б а й. Түк білмейтін жаман дәрігер екен, құрғыр.

Ә б д і р а х м а н. Долгов та болмады-ау.

А й д а р. О да менің сорым да. (*Тоқтап.*) Абай аға, қолыңды созшы маған! (*Абай қолын ұстайды.*) Жан аға, қысылдым ғой... Тақау ғой.

А ж а р. Құдай-ау, рахымың қайда? Көз жасым аз боп

па еді? Бақыты күйген мен сорлы, қаралы аспан басымда еді. Жарық жұлдызым, ағып өтіп сен де кетпек болдың-ау? Сенен қалып не болам?..

Ә б д і р а х м а н. Ажар, бауырым, сабыр етші!

А й д а р. Қолымнан ұстап, отқа бірге түсіп ең. Сенімен кешкен аз күнім, азғантай күнім, көлеңке жоқ, ымырт жоқ, түні жоқ жалғыз жарық күн еді. Өттең, жалғыз-ақ күн болғаны несі? Әділет пе? Бір сәт те қабақ шытып көріскен жоқ ек. Алғыстан басқа айтарым не? Қайтейін.

А ж а р (*құшақтап жығылып*). Жоқ, өлмейсің, өшпейсің сен, жарығым... Атама, айтпашы! Кетпейсің сен, қалмаймын, мұндай сұмдық жаза шегер жазығымыз жоқ-ты біздің, жасаған! (*Үнсіз құшақтап қалады, Абай жылап отыр.*)

А б а й. Я, қу тағдыр, сен не деген қызғаншақ ең? Неткен әділетсіз, қатал едің?

Жым-жырт, тыста жүдеп отырған жандарға Баймағамбет асығып келеді.
Сыртта дабыр естіледі.

Ә й г е р і м. Немене? Бұл не дабыр, құрып қалғыр?

Б а й м а ғ а м б е т. Нарымбет! Нарымбет кепті, Мағышты шақырып жатыр.

М а ғ а у и я. Тоқтат, тоқтатшы ана құрғырды!

М а ғ ы ш. Қайтпаймын мен, не деп кетем мынау күйдің үстінде.

Ә й г е р і м. Ендеше, барсын, кетсін деші!

Н а р ы м б е т (*даладан дауыстап*). Бол, қайда Мағыш, жүр бері.

Тәкежан шығады.

М а ғ а у и я. Тоқтатсаңызшы ана бір құрғырыңызды.

Т ә к е ж а н. Тоқтамайды, неге тоқтайды, қарындасына кеп тұр. Екіұдай қылып, не мазағы Әбдірахманның?

А б а й (*үйден*). Әбіш, бар, тоқтатшы. Бұл қай кеселдері?

Әбіш шығады.

М а ғ а у и я (*Тәкежанға*). Япырай, Тәкежан аға, сіз қалай едіңіз?

Ә б д і р а х м а н. Тоқта... Доғар сөздеріңді. Неткен жансыңдар?

Т ә к е ж а н (*Мағышқа*). Айдардан, жаттан айрылам деп жылайсың. Ана жеңген, жақының кеткелі жатыр. Оны неге ойламайсың сен?

Ә б д і р а х м а н (*жақындап*). Тоқтаңдар, не болған сендерге?

Тәкежан кетеді. Сырттан Нарымбет дауысы. “Қоймаймын, қарамаймын өлгеніне, алып кетемін”. Әбдірахман Мағауияға жетіп келіп.

Уа, қушы, Мағаш, кетірші мына кесірді, не керек өзіне?

М а ғ а у и я (*шығады*). Не боп кеткен, жандарым-ау?

М а ғ а у и я (*Әбдірахманға*). Нарымбет Мағыш туралы. Мазағы жетті, алып кетем дейді.

Ә б д і р а х м а н. Сұмдық, мынау өлім үстінде. Кетір, ендеше, бәрін кетір.

А б а й (*Әбдірахманға*). Тоқта, бұл кім өзі, Нарымбет пе?

Ә б д і р а х м а н. Сол.

А б а й. Не ғыл дейді?

Ә б д і р а х м а н. Жай, сандалып жүр.

А б а й. Жай емес қой... Мағыш жайы ғой.

Ә б д і р а х м а н. Аға, Айдарға барайық та.

А б а й. Білемін. Бірақ мен Мағышты қатты аяймын, қимаймын.

Ә б д і р а х м а н. Құдай-ау, сондайды ойлар сағат па? Айдар ше?

А б а й. Білемін. Барамын қазір... Бірақ Мағышқа да өлім сағатын күткенмен тең. Қазір кетсе, біржола кетеді. Жетті. Әділет керек оған да, не деуші едің?

Ә б д і р а х м а н. Менің сөйлер мұршам жоқ.

А б а й. Неге, неменең бар?

Ә б д і р а х м а н. Сізді аяймын. Айта алмаймын.

А б а й. Мені аяса, тағдыр аясын. Сен аяғанмен қолыңда не түр сенің.

Ә б д і р а х м а н. Қабат қаза ғазап қой. Қиналасыз ғой!

А б а й. Шыдадым, күттім. Айт, балам!

Ә б д і р а х м а н. Ендеше, аға, мынау Айдар өлім үстінде жатыр. Одан бір айрыласың. Екінші, мен де бұл

дүниелік жан емеспін. Мен де өлім жазасына бұйырылған жанмын.

А б а й. Қуатым-ай, не дейсің?

Ә б д і р а х м а н. Мен құрт аурумын. Ауру жеңді, өшіп барамын. Білемін. Мағышты қайтіп сорлы етем?

А б а й. Қараңғыда қамалған еліңе сен білім жарығын әкелген күні мен еңбегі жанған әке болармын деп ем. Жаңа күннің жыл құсы боларсың деп ем Айдар екеуіңді. Бар үмітім, бар қуатым... Қос қанатым. Қос қалқамды қоймаған дүние-ай, неткен зұлым ең?

Ә б д і р а х м а н *(әкесінің құшағында)*. Әділетсіз жаратылыс! Бүйтер болсаң, неге әкелдің бұл дүниеге?.. Өлім өкініш емес, аға, жанбай сөнген жасымды қайтем? Еңбегімнің жемісін елге әкеп екпек ем. Қайран әкем, тәрбиеңді ақтамақ ем. Енді міне, біткелі тұр сапарым. Айдар да бір, мен де бір...

А б а й. Қарағым... Ендеше, сенде жазық жоқ. Бірақ Мағышқа да кінәм жоқ. Тым құрмаса сол қарғамай кетсін. Шыныңды айт. Бақыл болсын. Арыздасып айрыл, бар. *(Абай жылаған бойы шөгіп, отырып қалады.)*

Н а р ы м б е т. Қайда деймін, Мағыш? Жүр бермен.

Ә б д і р а х м а н. Мағауия, айтшы анаған. Мағыш қазір барады деші.

М а ғ ы ш. Не дейсің, Әбіш! Не жазығым бар еді?

Ә б д і р а х м а н. Мағыш, бері келші! *(Мағыш келеді.)* Мұны сөйлер кез емес еді. Көріп отырсың. Бірақ Нарымбет аяйтын емес қой. Жаным Мағыш, менің саған зәредей де кінәм жоқ. Қайта, көріп-танып білгеннен бері, соншалық бір ғазиз жанның мен деп бейіл бергеніне бар өлімше қуанам да алғыс айтам. Бірақ тағдыр мені аямады. Жаңа әкеме сырымды айттым. Амалсыз айттым. Айдар қазасының үстінде, қабат қаза көргендей, ғазапта отыр, өнекей. Саған да сол шынымды айтам. Мен науқаспын. Жазылмастай науқаспын, аз-ақ күндік өмірім қалды. Бақыт үшін, тірлік үшін жаралсам – сенен басқа жан таңдамас едім. Бірақ мына өшіп бара жатқан шағымда, сені қоса дертті қып, сорға бастар халім жоқ. Кінәлама, кеш мені.

М а ғ ы ш. Әбіш, танымай ма, ойламай ма деп едім, ішіңнен барды біліпсің. Білмесең де, ойламасаң да сүйіп

ем. Сенің дертің менің дертім болар. Бар жүрегім бір өзіңе берілген. Басқа өмірден менің күтер сәулем жоқ. Науқасың болса – қасыңыздамын. Барым сенсің.

Ә б і ш. Мағыш! Менің өмірім азғантай. Сен жассың. Науқасым жұқса, саған да қатер. Мен сені өлімге жетектеймін бе?

М а ғ ы ш. Сенен бөтен тірлігім жоқ, Әбіш! (*Жылайды.*)

Ә б і ш. Қалқам-ай, неткен жақыным ең?

М а ғ ы ш. Өлім маған қауіп емес.

Ә б і ш. Өлімге де қимаймын.

М а ғ ы ш. Қума, жарым, қасыңнан!

Ә б і ш. Өшесің ғой. Бірақ басқа өмірге не деп қиям. Мағышым, жарым! Қысқа күнім сәулесі.

Құшақтап жылайды. Зейнеп шығады. Әйгерім екеуі Айдардың үйіне кіреді, ақырын жүреді.

З е й н е п (*Айдарға жақындап*). Қарағым Айдар, сөзіңді ұғып қанып ем. Ел бағына туған ұлан, жарқ етіп бір шығып ең, сормандай ел маңдайына сыймадың ба, қайда кетіп барасың?

Айдар үнсіз жылап отырып қалады. Тыста жалғыз бүгіліп Абайдың қасына келген Керім бағанадан сөйлеп отыр.

К е р і м (*Абайға*). Сол, Абай аға! Айдардың көңілін сұрай бір келсем, екінші, сізбен қоштасып аттанбаққа келдім. Сапар жүрем, ұзақ сапарға ниет қып тұрмын.

А б а й. Тоқта, көрмеймісің Айдарды? Көкірегім уға толы. Менде қазір ой да жоқ... Қайда қалам?... Кіммен қалам?!

Әзімхан, Орман, Баймағамбет шығады. Тыстағылардың қасында.

К е р і м. Ауыл үйдің әлегімен менің де күнім өтіп барады. Қазақтан бөтен ел көріп, мұсылман ғаламын аралап, дүниеде не тыныс бар – біліп келем. Көп жерде көп мінім бар да, кінәм бар. Адам болып арыламын. Ұяңнан ұшқан мен де бір балапаның. Өріс тауып: еліме де, өзіме де жол тауып арыламын.

Сыртта дабыр, Нарымбет шығады.

О р м а н. Ой, Нарымбет, неткен жансың? Осыншалық көпір ме едің?

Н а р ы м б е т. Өлсе қайтейін Айдар. Қарғыс! Қарғыс жетіп өлген де. Білсін қарғыс жетіп өлгенін. *(Өзіне-өзі.)* Шын жылау бұл ғана емес, жылағанның әкесін кейін көресің!

А й д а р *(үйде есін жиып)*. Қарғыс! Кім айтты! *(Шошынып көтеріле беріп.)* Қайда естідім? Осыны бұрын да бір естіп ем, кімнен естідім? Қарғыс? Шақыр... Шақыршы Абай ағамды...

Ә й г е р і м *(жүгіріп Абайға кеп)*. Абай, сізді шақырады! Жүріңіз, бірдеңе айтқалы жатыр.

А б а й *(үйге кіріп жақындап)*. Не айтасың, қарағым Айдар?

А й д а р. Абай аға, қарғыс... қарғыстан адам... өле ме?

Осы кезде Керім, Әзімхан ентелеп Абайдың қасына кеп тұрады.

А б а й. Жоқ, қарағым, бекер сөз ол, жоқ сөз.

А й д а р. Ендеше... *(Әлсірей беріп құлай бастан.)* ... Ендеше... біттім... Әттең... *(Керім мен Әзімхан жаққа қолын созып, алақанын көтеріп, сілтеп, сілтеп.)* Сенбе! Сенбе! *(Құлап кетеді.)*

А ж а р. Не деді? Құдай-ау, не деді?.. Айта алмай кетті-ау арманын! *(Абай қиналып, айнала береді.)* Неден өлдің? Кімнен көрем? Кімнен көрем, жалғызым?

К е р і м *(Абайға)*. Мынау Әзімханды айтты. Жек көруші еді, осы құрғырды. Кетіру керек еді. *(Орман естіп тұрған.)*

О р м а н *(Әзімханға)*. Өй, жаным, осы жемтік аңдыған қарақұс тәрізденбей кетші сен, кетші осы арадан!

Ә з і м х а н *(өз-өзіне)*. Білерсің, шын жылаудың әкесі өлі алдыңда. *(Орманға.)* Токтай тұр, бөлем, сен, сен құл ма?

О р м а н. Жоғал көзден!..

Айдап салады, үй іші қайғыға батады. Жым-жырт. Айдар үзіліп барады.

Абай шыдамай еңіреп, сыртқа шығып отырып қалады.

А б а й. Не дедің? Не жұмбақпен кеттің, қарағым? Арманың сенің кеудеңде кетті. Өспей орган өмірің, жанбай

сөнген шырағың, кара түндей қайғы ішінде арман болып менде қалады. Қайтіп шыдап қалармын, қайдан қуат табармын?

К е р і м. Қиналмаңызшы, өзіңізді де, бізді де аяңызшы, Абай аға, өлместі құдай жаратып па еді?

А б а й. Қайда кетті? Қайда кеттің, Айдарым!.. Кімді медеу етермін?!

К е р і м. Ауыр қаза үстінде ант етейін, Абай аға... Айдарыңды жоқтатпасқа ант етейін, мінекей. Жыламашы, киналмашы. (*Жым-жырт.*)

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

ТӨРТІНШІ ПЕРДЕ

Алтыншы сурет

Сахна: сайлауға тігілген үйлер. Үш қатар боп араларынан түп-түзу көше сияқты жол қалдырып тігілген. Өңшең ақ отау. Кестелі дөдегелі отаулар да бар. Алыста мұнартқан тау, ен жайлау, әрлі-берлі сабылып өтіп жатқан болыс, би, старшын, атшабарлар. Бәрі де үй-үйлерге нәрсе кіргіздіріп жайғастырып жүр. Қозғалыстарында асығыстық, сарп ұрғандық бар. Үстеріне оқалы шапан киген, мойындарына знактарын салған бір топ болыс, байлар, оқшау шығып, алысқа қарап тұр. Орман шығады. Қасында бір топ жай халық. Болыстарға қарап, күлісіп тұрады.

О р м а н.

Мәз болады болысың

Арқаға ұлық қаққанға. (*Күлкі.*)

1-к і с і.

Оңашада оязға

Мақтамаймын елімді,

Өз еліме айтамын

“Бергем жоқ” деп белімді... (Күлкі.)

Дәл өздері.

2-к і с і. Осыларды көріп айтты-ау Абай!..

Көрініс

Б о л ы с т а р. Жүріңдер, ұлық кеп қалады. Жылдам,
алдынан шығайық ұлықтың!..

Тегіс бөріктерін алып, қолтығына тымақтарын тығып, қалбақ қағысып
жөнеліседі. Ормандар күлісіп тұрады. Оразбай, Жиренше, Нарымбет,
Тәкежан шығады.

3-к і с і.

Табаныңнан тозасың,

Құр жүгіріп тарпылдап.

О р м а н.

Ант ұрғанмын өзім де,

Бір мінезбен өтпеймін. (Күлкі.)

О р а з б а й. Не шатып тұр мына біреулер?

Н а р ы м б е т. Өлең айтып тұр. Абайдың өлеңін айтып,
болыстарды мазақ етіп тұр шеттерінен.

О р а з б а й. Е-е, бұ да Абайдың пәлесі деп біл!

Н а р ы м б е т. Анау өзге болыстар жапырласып тұр,
шықпаймыз ба алдынан?

О р а з б а й. Е, жарайды, солар-ақ жалбақтап болсын.
Өзіміздің Әзімхан ғой.

Ж и р е н ш е. Өзіміздің Әзімхан болғанмен, өзі
советник, жандаралға советник болды деді ме осы?

Т ә к е ж а н. Сайлаушы болып келе жатқанынан
көрмеймісің? Советниктен кем болмас.

Н а р ы м б е т. Бұл советник ояздан қалай болады
екен өзі?

Т ә к е ж а н. Ой, тәйірі, ояздан осал деймісің?

Н а р ы м б е т. Түу, жап-жас болса да, барып қапты-
ау, ал, пақырым!

Ж и р е н ш е. Жасына қарамай ма? Тегінде бар ғой,
марқа тоқты текті жердің бірі емес пе? Содан шығып отыр ғой.

Мес жүгіріп кіреді.

М е с (*Оразбайға*). Ойбай, Ореке, не қарап отыр-
сыңдар?

О р а з б а й. Е, шұнақ, не болды?

М е с. Бәле, ана жақта елді де, елу басыны да бұзып
жатқан жоқ па?

Н а р ы м б е т. Не дейді? О кім? Қайсысы?

М е с. Е, тәйірі, Абай да.

Н а р ы м б е т. Тағы да Абай ма, бөсе?

Т ә к е ж а н. Не депті? Не ғып жатыр?

М е с. Е, Нарымбетті болыс сайламаңдар. Елге жаны
ашымайды. Жылайсыңдар тек, қан қақсайсың, ол адам
емес, жыртқыш дей ме, әлде не дейді.

Ж и р е н ш е. Елу басының бәрін жиып па? Бәріне
де айтып па?

М е с. Жоқ, бәрі емес, төрттен бірі болар. Бірақ
тобыңмен де сөйлесем деді.

Т ә к е ж а н. Өз құлағыңмен естідің бе осыны?

М е с. Е, тәйірі, оңбай кетейін!

О р м а н (*бағанағы топтармен жабысып*).

Жайы мәлім шошқаның

Түрткенінен жасқанба...

1-к і с і.

Одан үміт кім ғылар

Жол табар деп сасқанда...

М е с. Әне...әне біреулердің сөзін қарашы! Осы топтың
бәрін кернеген ылғи осындай бүлік сөз. Абай сөзі.

Ж и р е н ш е. Е, тәңір, Нарымбетті сайлатпаймын деп,
қарсы атып жатқан оғы емес пе... көрмеймісің?

О р м а н (*күліп, өте беріп*).

Сүйтсе-дағы елімді

Ұстай алмадым мығымдап.

Кетіп қалысады.

Н а р ы м б е т. Япырау, қалары бар ма, соңымнан қала
ма мынау Абай, жоқ па?

О р а з б а й. Ей, Тәкежан, менің сөзім сенде.

Ол туысқаның болса, мен құдай дескен құдаңмын. Тоқтатамысың, жоқ па? Не дейсің мынауыңа?

Т ә к е ж а н. Ой, Оразбай-ай, маған бастатудан кетпеп пе еді ол?

О р а з б а й. Ендеше, тек қолымды қоя берші, олай болса!

Т ә к е ж а н. Мен айтайын... Тағы бір, ақырғы жол, ағайын қарызынан құтылайын.

О р а з б а й. Тоқтамаса қайтейін?

Т ә к е ж а н. Тоқтамаса білгеніңді қыл... Мен де болдым. Қажыдым.

О р а з б а й. Арылар болсаң, мынаны айт: тыйылсын да аяғын тартсын! Болмаса тек жазым болады бұ жолы. Мен бүгінде бабымдамын. Біліп қойсын, сөзім сол... Әне, Әзімхан да келеді.

Әзімхан шығады, бәрі жапырласып амандасып жатады.

Көрініс

Ж и р е н ш е. Е, жолың болсын, қарағым Әзімхан!

О р а з б а й. Мәнсәбің құтты болсын! *(Нарымбет, Тәкежан да соны айтысады.)*

Ә з і м х а н. Айтқаныңыз келсін! Жә, күйлерің қалай? Нарымбет, сен қалайсың? Осы жолы болыстыққа Шыңғыс сені айтады деп естідім бе? *(Оразбайға.)* Рас па?

Н а р ы м б е т. Е, енді әйтеуір, Әзеке, бұйырса, өзің де сәтімен...

О р а з б а й. Атайық деп тұрмыз...

Ә з і м х а н. Дұрыс, ендеше, ел де, елу басы да түгел десеңші.

Ж и р е н ш е. Әй, шырағым-ай, ел шіркін ырыққа көнуші ма еді? Ненің түгелі болсын!

О р а з б а й. Абай тұрғанда, түгелдік қайда?

Ә з і м х а н. Немене, Абай әлі баяғысы ғой?

О р а з б а й. Абай елге іріткі сап, тағы бүлік басы болғалы тұр... Осы ұлықтың да не қарап жүргенін білмей кеттік.

Әзімхан. Ұлықты Абай туралы кінәлап не ғыласыз? Мен айтайын сіздерге, Абайды бастығы жандарал боп, өлердей жек көреді.

Жиренше. Тілеуің бергір, сүйдеші.

Оразбай. Жарайды, шырағым Әзімхан, алдаразы болсын. Тіпті осы сөзің жетті де тұрды, ендігісін өзіме қоя бер.

Әзімхан. Ойбай, ол баяғыдан солай ғой. Жалғыз-ақ, қырда беделі бар деп жасқанып келген ғой. Ал енді қазірде нағыз беделі бар кісі Абай емес, басқа болғалы тұр.

Оразбай. Ия, ол кім?

Әзімхан. Ол дәл осы өздерің білетін Керім... Ол осы жолы көп дүниені аралап, біржола биіктеп келген көрінеді.

Жиренше. Е, аралағаны Меке ғой.

Оразбай (*күліп*). Е, тәйірі, Меке жарықтық жақсы болғанмен, осы әлі өзіміздің Күпшекбай барып қайтатын Меке ғой. Күпшекбай тілеуің құрғыр сонда барғанмен де, әлі баяғы жүн жеп, жабағы саңғыған Күпшекбай көрінеді ғой. (*Күлкі*.)

Әзімхан. Жоқ. Керімнің жолы – бір басқа, тегі түп ниеттерің сонымен қабысар.

Керім шығады, амандасу.

Көрініс

Оразбай (*жұрт жабырлап Керімнің қолын алып жатқанда*). Ой, құдай-ау, Мекеден келіп пе еді деген осы-ау! Жас жігітті де көрі әруақтай тауап қылады екен-ау! (*Күліп амандасады*.)

Керім. Ореке, көп жасағанды айтпа, көп көргенді айт деген. (*Күліп*.) От басында өзім бар, өзім барда кімім бар дейсің де тұрасың-ау, жарықтық... Жә, менің мынау Әзімханмен сіздерден бөлек біраз сөзім бар. Маған оңаша бере тұрыңдаршы.

Әзімхан. Құп, Керім.

Өзгелер кетеді.

Немене?

К е р і м. Жә, ел қалай көрінеді?

Ә з і м х а н. Өзім де жаңа келдім. Естіп-біліп тұрмын. Оразбай елу басылыққа өткен көрінеді. Осы жолы, Абай туысқаның тоғытылар білем.

К е р і м. Әзімхан, мен әдейі сол жөнде асығып келдім. Ойнасаң да саңыраудың астына түспе деп, мен мына топты білем ғой, Абай сайлауда ұтылып, елдің аталы жақсысы жеңсе жеңе берсін. Бірақ Абайдың өз басы бізге керек, Абайды топтарыңа қосам деп көп жерде уағда беріп келдім. Түсінер болсаң түбін ойла, жаным, Абай жазым болып жүрмесін.

Ә з і м х а н. Келісіп те болғамыз жоқ! Бұйрық етесің ғой өзің тіпті. *(Күледі.)*

К е р і м. Ол – бұл болса, тура сенің өз арыңа тапсырамын, ұқтың ба?

Керім кетеді. Оразбай шығады.

Көрініс

О р а з б а й. Жә, не дейді? Не дейді мына Абайдың інісі? Өзі тіпті омырау ғой, байқасам.

Ә з і м х а н. Қатаң ниетің болса, оныға қарсы болмаспын дейді, Ореке. *(Күліп.)*

О р а з б а й. Уамай-ау, ат айналып қазығын табады. Білгемін. Шынымды айтайын, Тәкежанды болыстықтан түсіргелі отырғаным да осындайынан, осындай жалтағынан. Тек, Әзімхан шырағым, әлгіге енді менің ішімді ашпа... Кәне, үйге жүр. Ей, бастандар ұлықты!

Жиренше, Тәкежан Әзімханды ертіп кетеді. Оразбай Нарымбетті ұстап қап.

Тоқта!.. Қол болмай – жол болмайды, білдің ғой?

Н а р ы м б е т. Ия, сүйтіп?

О р а з б а й. Сайлау ертең. Бірақ істің бәрі бүгінгі түнде ғой. Әлгі жан аямас жансерілерің қайда? Қазір бәрін әзір ұста.

Көрініс

А б а й (сөйлеп келе жатады. Жүдеу, сақалы ағарған).
Ұлы ұяда, қызы қияда жылайды. Елеген кісі көрдің бе?
Елді аяйтын кімді көрдіңдер? Ұлығы опқа қамаса, жуаны
жүт боп жалайды. Тағы бір аямас қасты қайтіп қалайды?

Д ө у л е т. Ай, қарағым Абай. Осыныңды айт... Ораз-
бай — арлан бөрі, Нарымбет — бөлтірік бөрі. Тағы баулып
қосайын деп жүр ғой.

О р м а н. Болыс боп ап, етіне қанды тұмсығын салайын
деп жүр ғой.

А б а й. Тоқтамаймын, сөйлесемін анау ел басыларға.
Сайлатпаймын Нарымбетті. Көкбай, бар, тілдесіп кел.
Жиынына айтатын сөзім бар. Менімен бір тілдесуге
жайлары бар ма, жоқ па? Бар болса, бастарын қоссын. Бар,
жауабын алып кел.

Керімді қоршап Көкбай, Баймағамбет, жай жігіттер шығады.

Көрініс

Керім, Абай көріседі, амандасады.

А б а й. Немене, ұзақ сапар шегем деп ең. Тоқырау
жерің. Ақыр аяғы қажы боп шықтың ба? (Күледі.)

К ө к б а й. Керім Керім емес, қажекең бопты, Абай
аға, енді мұның қолын ұстау да тәбәрік бопты...

К е р і м. Абай аға, қажы болғанмен де, Күпшекпай
ғана болмасын, басқа да ала келген сарқытым бар.

А б а й. А, солай ма? Оның не?

К е р і м. Ендеше...

Оқшаулана береді. Көкбайлар кейін сырғып кетеді.

Абай, Керім оңаша.

Кейін ұзақ, оңаша сөйлесерміз. Әзірше көрген жерде
айтсам-ау деген бір жайым бар еді. Соны айтамын... Мен
бұл жолы Сәйхіл исламды көрдім. Онан соң Түркия, Иран,

Арабстан, Үндістан бар және Россия мұсылмандарының зиялылары бар, Муфти бар, баршасын көріп, көп мәжілістес болдым.

А б а й. Тәңір-ай, жаңа қоныс тауып келді ма десем, баяғы сары жұртқа қонып кепсің ғой. Ойлайтынымыз халық қамы болса, ел көшіне дін жолы бір тар соқпақ. Халық көші ендеп жүрер кең өріс — ғылым, өнер ғана жолы да. Ол қайда? Кімде? Соны тауып қайтады десем, қайта соған жат боп қайттым десеңші! Бүйткенше, апашық Таһіліл айтып, таспиқ тартып келсең нетті... Ел жөнінде менің құбылам — Меке де, шарық та емес, осы күнде батысқа көшкен.

К е р і м. Сіз шарықтың зиялыларын — бәрін де тастап кеттіңіз осы. Менің даулы жерім...

А б а й. Мен Пушкин, Лермонтовтарды аударып жүрмін, ендеше. Халық Татьянаны Қыз Жібектей біледі, тыңдап көр.

К е р і м. Менің сүрелі сөзім осы...

Көкбай шығады.

А б а й. Немене, Көкбай, не десті?

К ө к б а й. Жиылысып жатыр, келсін, айтсын дейді.

А б а й. Қазір барам, бара тұр. (*Керімге.*) Сүрелі сөздің аты сүрелі сөз ғой сол. Менің мұнда басқа бір міндетім тұр. Ел міндеті.

Тұрады, Керім кетеді. Абай жүре бергенде, көлденең Тәкежан шығады.

Көрініс

Т ө к е ж а н. Абай, тоқташы, сен қайда барасың осы?

А б а й. Немене, жиынға барам.

Т ө к е ж а н. Барма, тілімді алсаң — барма бұл жиынға.

А б а й. Оны қайдан шығардың? Барамын.

Т ө к е ж а н. Туысқандықпен, достықпен айтамын, барма!

А б а й. Татымсыз достық пен қасиетсіз туысқандықты мен әлдеқашан ел қарызына құрбан еткем. Былай тұр.

Т ә к е ж а н. Ендеше, мен де қарызымнан құтылдым. Қашан айттың деме! (*Жол беріп.*) Бар, бара бер!

А б а й (*тоқтаңқырап, ойланып қалады*). Не дейді осы?

Жүріп кетеді. Абай қатар үйлердің екіншісінен өте бергенде, қараңғыдан біреу шыға келеді.

1-к і с і (*көлденең тұра қан*). Қайт, қайт!

Абай сол жаққа жалтара береді.

2-к і с і. Бас көзінді... Бас!

Абай кейін шегіне бергенде, арт жағынан үш-төрт кісі шығады.

Д а у ы с т а р. Қапта, қапта, жой, жой көзін!

Бер жақтан Көкбай шыға келеді.

К ө к б а й. Абай аға, Абай! (*Жауларды көріп.*) Жоғал, бұл кім?

Тап береді. Сол кезде бірінші үйдің тасасынан Нарымбет жалт етіп шығады. Көкбай шоқпарымен салып жіберіп, қалпақтай түсіреді. Қамап тұрғандар осы белгімен Абайға тегіс қамшы, шоқпар көтеріп алып, жабыр-жұбыр сатырлатып жабылып кетеді. Абай құлап түседі. Ұйқы-тұйқы. Орман, Дәулет, Көкбай жүгіріп шығады.

Д ә у л е т. Абай! Абай! Қарағым!

Ұмтылады, айғай. Жаулар бұларға да жабылып сабап жөнеледі. Төбелес. Әлі ұйқы-тұйқы. Керім жүгіріп шығады.

К е р і м. Масқара, сұмдық! Тоқтат! Тоқтат!

Мылтық асырып атып-атып жібереді. Жаулар қашып кетеді. Керім, Көкбай, Дәулеттер үнсіз жатқан Абайдың басына үңіліп қалады. Бергі жақтан бір шеттен Оразбай, Жиренше жүгіріп шығады.

Көрініс

О р а з б а й. Бәлем, артың не болса о бол... Талайдағы шер-шерменім жазылды ма?! Я, әруақ! (*Мес жүгіріп келеді.*)

М е с. Ойбай, Ореке, сақ бол. Халық естіп, біліп қапты. (*Артына қарап.*) Әне келеді. Қаптап келеді... Қаш!

Ж и р е н ш е. Ал кеттік... Қаш, жөнел!

Қашып жөнеледі. Керім, Ормандар Абайды көтеріп бері алып келіп жатқызады, халық кеп қалады.

Д а у ы с т а р. Бұ не? Не болды? Сұмдық-ай! Абайға қол тигізген қандай жауыз? Не сұмдық? Не деген сұмдық? Садағаң кеткір кім өзі, қайда сол көпір?

О р м а н. Басқан ізінен садаға кетіндер! Оразбай ит, Нарымбет жауыз! Қайда? Қайда?

Д ө у л е т. Уай, халық! Осы Абайдан... осыдан аяп қалған жанды да жан дейміз бе? Ұста, сой, тегіс қапта!..

Халық: “Қапта-қапта, өлтір, өлтір”, – деп шулап қуа жөнеледі. Қарлығаш, Ажар жүгіріп шығады. Ажар Абайдың басын құшақтап жығылып.

А ж а р. Ағекем, жалғызым!

Орман сабап отырып, Әзімханды сүйреп алып шығады.

О р м а н. Тіпті ұлық болмай, құдай болып кет! Бәле басы – мынау ит!

Ұрып-ұрып жібереді. Әзімханның қалпағы ұшып кетеді. Омырауы талқан болған бірінші болыс жүгіре шығады.

Ә з і м х а н. Ей, бауырым, ей, ағатай, оңбайын, олда оңбайын!

А ж а р (*Орманға жабысып*). Орман, бауырым, құлдық! Жалғыз ауыз сөзім бар мынау итте. (*Орман тоқтайды.*) Осы келді дегенді естіп әдейі кеп ем. Айдар өлер сағатында, осыған сенбе деп еді. Артынан ұстай алмай қалып ем. Кетіп

қап еді. Айдар басына қас еткен осы ит пе деймін. Айтқыз соны, сонысын айтқызшы.

О р м а н. Әй, жауыз ит! (*Жұлып етпетінен түсіріп, қанжарды сілтеп тұрып.*) Айт, айт жаныңның барында! Қас етіп пе ең Айдарға?

Ә з і м х а н. Ағатай, құлдық... Шыбын жаным отқа өртенсін, мен емеспін?

А ж а р. Мен емес?

О р м а н. Енді кім? Айт шапшаң?

Ә з і м х а н. Мен емеспін, өзге болса – іздей бер. Ізде...

К е р і м (*Абайдың қасынан атып тұрып*). Жоғалт итті! Сайлау жоқ. Сабап-сабап айдап таста. Сайлау бермейді бұл ел... Мұндай ақылсыз итті жіберген ұлық өзін-өзі кінәласын.... Айда, қу өзін! Абай ағам есін жиды, әпкет жауызды!

Жұрт Әзімханды сүйреп алып кетеді. Абай аздап есін жияды. Жұрт тегіс осылай ауысады. Зейнеп жүгіріп шығып, Абайды құшақтай алады.

З е й н е п. Шыбыным Абай-ай!.. Қолы сыңғыр, қай садаға кеткірдің қолы батты қадірліме!?

А б а й (*Көкбай, Зейнеп, Баймағамбет құшақтап көтере береді*). Не болды?.. Кімнен көрдім? Тәкежан, Тәкежан! Тәкежан!.. Мені шағатын жылан менің баурымда. Менің койнымда отыр ғой, қайтіп қалам?! Қайтіп тұрам бұл жерде? Баймағамбет, әпкел, атымды әкел! Кеттім, кеттім біржола. Енді жоқпын. Әпкел, тұр, тарт!

Баймағамбет жүгіріп атты өкеледі.

Б а й м а ғ а м б е т. Қайда, қайда тартам?

А б а й. Батысқа! Әкет мені батысқа!

Д а у ы с т а р. Қарағым Абай, қайда тастап кетесің? Кімге тастайсың? Халқыңды қайтесің? Тастама, кетпе!

Атын ұстай береді, Абай атқа мініп алған.

А б а й. Қайран елім, саған менің кінәм жоқ! Бірақ мұнда қалар нем қалды? Бақыл бол, туған жұртым! Өлер

сағатымда да сенің тілеуіңді тілеп өлермін. Бірақ сен кеш мені. Кеттім, міне!

Зейнеп. Жаным Абай, сүйген ұлы мерт болса, санадан ана солмай ма? Сол ана – ел анаң емес пе сенің. Күңіретіп қайда тастап кетесің?

Абай. Зейнеп, Бәке... Елімнің екі асыл көзі!.. Екі досым... Ең болмаса, екеуің мені мынау Оразбай, Тәкежандай жыландардың ортасынан алып кетші... Жүріндерші... Кетейікші. Тарт!

Керім. Абай аға, ағатай, кеше көр. *(Шылбырына оралады.)*

Абай. Тарт былай...

Керім. Ендеше, оралдым, міне, шылбырыңа. *(Бүк түсіп.)* Жаным құрбан жолыңа... Жаттым аяқ астыңа, таптап кет. Өлігімнен аттап кет!

Абай *(тебініп)*. Тарт, кеттік, әпкет... Мені...

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Жетінші сурет

5. 9-б. **Хилькевич** – Е.Г. Брусиловскийдің “Алтын астық” операсының либреттосын С. Мұқанов жазған) қоюшы режиссері. Өмірі мен шығармашылығы жайында дерек табылмады. Брусиловскийдің деректеріне қарағанда Өзбекстанда қызмет еткен. “Социалистік Қазақстанда” шыққан “Алтын астық” операсының қойылымына қатысты мақалада Е.Н. Ингвальд-Хилькевич деп аталған.

6. 9-б. **Брусиловский** – Е.Г. Брусиловский. М. Әуезовтің 1930 жылдары жазған театр тақырыбындағы мақалаларында бірнеше рет айтылған. Өткен томдардың түсініктемелерінде мәліметтер берілген. Осы сөзде аталатын “Алтын астық” операсының композиторы.

7. 9-б. **Евгений Григорьевич** – Брусиловскийді айтып отыр.

8. 10-б. **Зильбер** – Зильбер Александр Александрович (13.3.1899, Псков – 29.4.1970, Москва) – композитор. 1935–1940 жылдары Алматыда тұрды. Либреттосын М. Әуезов жазған “Бекет” операсы музыкасының авторы.

9. 10-б. “**Когда я принес сюда пьесу “Абай”, то писатели сказали, что надо внести поправки и я вносил их в свою пьесу без ведома даже соавтора, который был в отъезде**” – М. Әуезовтің “Абай” трагедиясын жазу барысында пьесаны өзгертіп, өңдеп отырғаны белгілі. Осы томдағы “Абай” трагедиясына берілген ғылыми түсініктемені қараңыз. Пьесаның “соавторы” деп отырғаны – Леонид Соболев.

Р. Әбдіғұлов

“Евгений Онегин” на казахском языке”

Мақала орыстың ұлы ақыны А.С. Пушкиннің қайтыс болғанына 100 жыл толуы қарсаңында жазылып, тұңғыш рет “Казахстанская правда” газетінің 1937 жылғы 5 қаңтар күнгі санында жарияланды. Бұл мақаланың қазақшасын жазушының өзі аударып ұсынуымен “Социалды Қазақстан” газетінің 1937 жылғы 8 қаңтар күнгі санында жарық көрді (Қараңыз: 50 томдық, 12-том).

Мақаланың қолжазба нұсқасы жазушының мұражай қорында (“Әуезов үйі” ГМО. 238-бума. 89—98-бб.) сақтаулы. Жазушы шығармаларының 50 томдық академиялық жинағына газеттегі басылым салыстырылып, негізгі нұсқа ретінде қолжазба мәтіні жіберілді.

Автор аталмыш мақаласында Пушкиннің қазақ тіліндегі аудармалары, оның жетістіктері мен кемшіліктері, жалпы аударма өнерінің поэтикалық шеберлігі жайында кең толғап, келелі, кемел пікірлер айтып, нақты теориялық тұжырымдарға тоқталады. Пушкин аудармасындағы үлкен жетістікті бағалау тұрғысында Ілияс Жансүгіровтің тәржімесіне тұшынып, өрелі ой сабақтайды. Негізінен Ілияс “Евгений Онегинді” аудармас бұрын, Абайдың тәржімесін көп оқып, көп зерттейді. Ол 1934 жылы “Әдебиет майданының” № 11—12 сандарында “Абайдың сөз өрнегі” деген көлемді мақала жариялағанда, әуелі, өзіне теориялық-практикалық тәжірибе жинағаны байқалады.

Жалпы алғанда, біздің қазақ ақын-жазушылары ұлы ақынның шығармасын аударуға өсте жеңіл-желпі қараған емес. М. Әуезов бұрын-соңды аударма өнері туралы айтып, жазып жүрген өресі биік тұжырымдары мен толғамдарын бұл мақаласында кең қамтып, көп айтыпты. Мұндағы Абай мен Ілияс аудармаларына ерекше тоқталуының себебі – М. Әуезов тәржіме табиғатындағы басқалардың жетістігін, ерекшеліктері мен өзгешеліктерін баса көрсетіп, үлгі етеді де, өзіміздің кейбір ұлттық таным-түсінігімізді айрықша ескеруді ең басты ұстаным ретінде қарауға назар аудартады.

1. 18-б. “Ошибка Абая при переводе отрывков данного романа заключается в недооценке смысла и значения именно первой главы.

Иначе, при правильном понимании корней и логики образа Онегина, он не сунул бы в его руку пистолета для самоубийства” —

“Мен бұрылып түзеле алман,

Қайтсін дедің сорлыңды...

Атам, апам — қара жер,

Сен аша бер қойыңды.

Сенен басқа еш жерден

Таба алмадым орнымды”

(Абай Құнанбаев. II т. Алматы: Ғылым, 1977. 51-б.).

Осы кезде М. Әуезов Абай түпнұсқаның мәтінімен еркін айналысқан деп есептеді. “Евгений Онегиннің” ең басты мазмұны “әр қырлы ойлардың тереңдігінде” жатқанын айтады.

2. 20-б. **“Правда, это положение, конечно, не надо доводить до печального примера переводчика “Гамлета” на узбекский язык, давшего Шекспира невероятно арабизированным”** — Мұнда 1934 жылы “Гамлетті” (Veijam Shekspir. Hamlet. Samargand, 1934.) аударған өзбек ақыны Чулпанды (Абдулхамид Сулейманов) айтып отыр. Каншиннің орыс тіліндегі прозалық аудармасынан жасалған бұл тәржіменің өлеңмен аударылған (актерлер интермедиялары, Офелияның есінен ауысуы. Сахнадағы партия және мүрдешінің әні) кейбір жерлерінен басқасы қара сөзбен аударылған.

М. Әуезовтің өзбек тіліндегі араб, парсы сөздерінің қолданылуына қатысты “Әдеби тілді қосымшалардан жасалған жаргоннан мүмкіндігінше арылту” және “бізде мынадай қосымшалар тек қана қазақ сөздерімен алмастыруға болмағанда ғана”, “тек жөнімен ғана” деп, жүзеге асыру қажеттігіне тоқталады.

1975 жылы өзбек әдебиеттанушысы Д. Гулямов “Гамлет” өзбек тілінде” (“Гамлет” на узбекском языке. Сборник о мастерстве перевода. М., 1975. С. 323.) атты мақаласында аудармада қазір ұмытылып кеткен, қолданылудан мүлдем шыққан араб, парсы, шағатай сөздерінің көп екенін айта келе, “тым архаикаландырылған лексика қазір әдебиеттанудың дамуына қызмет ете алмайтыны анық” деп, өзбек ғалымы ондаған жылдар өткеннен кейін барып, М. Әуезовтің ойларын қайталап отыр.

Р. Қайшыбаева

“Оның аты екінші”

М. Әуезовтің “Оның аты екінші” очеркінен үзінді алғаш рет осындай атпен 1940 жылдың 6, 18 шілдесінде Семей облыстық “Екпінді” газетінде жарық көрді. Онан кейінгі кезеңде “Майдан” деген атпен “Социалистік Қазақстан” (1940. 18 тамыз), “Алтын жүзік” деген атпен “Лениншіл жас” (1940. 29 тамыз) газеттерінде үзінділер жарияланды. Ал шығарма толық күйінде тек 1967 жылы жазушының он екі томдық шығармалар жинағының 2-томында жарық көріп, кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томына (Алматы: Жазушы, 1951. 127—164-бб.) енгізілді. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында очерктің екі нұсқасы сақталған. Оның біріншісі (51-бума. 1—56-бб.) М. Әуезовтің латын әрпімен жазылған өз қолжазбасы да, екіншісі (352-бума. 1—49-бб.) латын әрпінде машинкаға басылған нұсқа. Қолжазбалар жақсы сақталған. Өз қолымен жазылған нұсқа мен машинкаға басылған нұсқа арасында елеулі айырмашылықтар бар. Бұл өзгешеліктер жазушының машинкаға бастыру барысында енгізген түзетулері болса керек. Томға сол түзетілген латын әрпінде машинкаға басылған нұсқа (352- бума. 1—49-бб.) бойынша беріліп отыр. Ал “Майдан” және “Алтын жүзік” деген аттармен “Социалистік Қазақстан” және “Лениншіл жас” газеттеріне очерк түрінде жарияланған үзінділер толық нұсқадан өзгеріссіз алынғандықтан, бұл басылымға енгізілмеді.

1940 жылдың 23 ақпаны күні Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің № 91 қаулысы шығады. Қаулы Семей және Шығыс Қазақстан облыстарында ұзындығы 806 шақырымға созылатын “Шығыс сақинасы” (“Восточное кольцо”) аталған жол құрылысын салу жөніндегі колхозшылар ұсынысын қолдауға арналады. Сол тұста “патриоттық” деп аталған бұл бастаманы Шығыс Қазақстан облысына қарасты Киров ауданы “Красный партизан” колхозының колхозшылары көтерген еді. Бастаманы іле-шала Семей облысы Жарма ауданы “Расцвет” колхозының колхозшылары қостайды. Осы қаулының негізінде 1940 жылдың 20 мамырынан жол құрылысына Семей және Шығыс Қазақстан облыстарынан жиырма төрт мың жұмысшы жұмылдырылады. 1940—1941 жылдардың жаз айларына

жоспарланған бұл алып құрылыстың алғашқы жылында 438 шақырымын игеру көзделеді.

1940 жылы Семей облысында Георгиевка-Көкпекті бағытындағы 138 шақырым, Шығыс Қазақстан облысында Өскемен-Малокрасноярск бағытындағы 300 шақырым жол іске қосылады. Ал науқанның екінші кезеңі 1941 жылдың маусым-шілде айларында жалғасып, қалған 368 шақырым жолдың құрылысы 26 күнде аяқталады. Осылайша 1941 жылдың тамыз айында екі облыс аумағында 700 колхоз, 20 МТС, 8 аудан орталықтарын қамтыған 806 шақырымдық “Шығыс сақинасы” толығымен пайдалануға беріледі.

Колхозшылар бастамасымен алып құрылыс жүзеге асырылғалы жатқанда сол тұстағы ресми идеологияның жаршысына айналған Қазақстан Жазушылар одағы да бұл науқаннан тыс қала алмайды. Жазушылар одағында 1940 жылдың 9 маусымы күні болған жиналыстың қаулысына (№7 хаттама) сәйкес жазушылар М. Әуезов, П.Н. Кузнецов, Д.Ф. Снегин, Ф. Мұстафиндер осы жылы маусым айының 10-нан шілденің 10-на дейінгі аралықта аталған құрылысқа іссапармен аттанады (ҚР ПА, 708-к., 5/1-т., 706-т., 38-п.).

Шығарманың “Оның аты екінші” аталуының да өзіндік сыры бар. Ол жайында М. Әуезов очерктерінің жазылу тарихын біршама тиянақты зерттеген Ғ. Зұлхаров былай деп жазады: “Мұхаң өз очеркін “Оның аты екінші” деп атауының Семей облысындағы Аягөз ауданына тікелей қатысы бар. Өйткені, жол құрылысының Аягөз ауданына берілген бөлшегі екінші учасок деп аталды. Екінші учасок сол Мұхандар келгенде Семей облыстық партия комитеті мен облыстық Советі атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туын Шар ауданы колхозшыларынан жеңіп алған еді” (Әуезов очеркінің кейіпкері // Шығыс Қазақстан облысы Большенарым аудандық “Еңбек туы” газеті. 1987. 22 қаңтар). Екінші учасоктың М. Әуезов очеркіне арқау болуы осы оқиғамен байланысты болса керек.

Очерктің латын әрпіндегі қолжазбасында (51-бума) шығарманы автор “повесть” деп береді. Ал машинкаға басылған нұсқасында (352-бума) шығарманың атынан кейін астына “Шығыс жолы туралы” деп тырнақшаға алып берген. Жалпы шығарманы жазу барысында М. Әуезов сол тұстағы нақтылы болмыстан еш ауытқымай, мейлінше шынайы суреттеуге тырысқан. Ғ. Зұлхаровтың “Очеркте ұзын саны 27 кейіпкер бар болып шықты. Соның он бесі Аягөз ауданынан, қалғандары Үржар мен Шар аудандарынан екен. Олар Семей өңірінің алуан-алуан еңбек адамдары – жер қазушы колхозшылар, топырақ тасушы шоферлер, ат-көлік айдайтын әйелдер, партия-совет қызметкерлері”, – деп жазуына қарағанда, шығармадағы

кейіпкерлердің барлығы да сол кезде жол құрылысына қатысқан, өмірде болған адамдар.

Жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 8-томына (“Жазушы”, 1981) енген нұсқада сол тұстағы колхоз аттары өзгертіліп берілген. Мысалы, “Молотовты” – “Октябрь”, “Сталинді” – “Ленин” деп берсе, ал Каганович атындағы колхоздың атын атамай, “бір колхоз” (153-б.) деп береді.

М. Ахетов

“Второй участок”

М. Әуезовтің “Второй участок” очеркі “Әуезов үйі” ҚМӨ архивіндегі қолжазбасы бойынша (325-бума, көлемі 68 бет) беріліп отыр. 1940 жылы жазылған очерк бұрын еш жерде жарияланбаған. Орыс тіліндегі очерктің мазмұны “Оның аты екінші” очеркінің мазмұнымен бірдей. Очеркке қажетті деректер П.А. Кузнецов, Д.Ф. Снегин, Ғ. Мұстафиндермен бірге болған іссапар кезінде 1940 жылдың 10 маусымы мен шілденің 10-ы аралығында жиналған. Очеркте суреттелген оқиғалар, өмір шындығы нақты деректер негізінде берілген.

Очерктің жазылу тарихы жайында “Оның аты екінші” очеркінің ғылыми түсініктемесінде айтылған. Қазақ тіліндегі очерк туралы әдебиеттанушылар, тарихшылар, журналистер жазған. Өндіріс тақырыбына жазылған очерктің дүниеге келуіне әлеуметтік тапсырыс әсер еткен. Бұл тақырып кейін М. Әуезов шығармашылығынан ысырылып, суреткер шығармашылығының дамуы барысында басқаша көркемдік сипаттарға ауысты.

Очерктегі колхоз аттары түпнұсқа бойынша “Сталин” колхозы, “Каганович” колхозы болып берілді (жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 8-томында Сталин атындағы колхоз Ленин атындағы колхоз деп берілсе, Каганович атындағы колхоз мүлдем берілмеген). Орысша мәтінде (325-бума. 19-б.) жол құрылысының озаттары Жақсыбаев, Утемисов, Атамановтар аталса, 20 томдықта берілген қазақ тіліндегі нұсқасында Утемисовтың орнына Өтеменов деп берілген. Орысша мәтіндегі Тайлақпаева қазақша мәтінде Тайлақбаев деп берілген. Орысша мәтіндегі “Его поддержали Исаков, Ожан Султанов”, – деген тіркес қазақ тіліндегі нұсқада “Соны Сқаков, Ожан, Сұлтан қостады”, – деп беріліп, кейіпкер саны үшеу болып тұр.

М. Әуезовтің публицист ретіндегі, суреткер ретіндегі шығармашылық жұмысы очерк мазмұнының даму сипатына ықпалды әсер еткен.

Әуезов қоғам дамуы, басқару әдісі, көпшіліктің шығармашылық тұрғыдағы саналылығы, адам тәрбиесі, оның іс, жұмыс, туған жер, қоғам алдындағы жауапкершілігі сияқты күрделі мәселелерді алып, терең зерттеген. Әрбір нақты жағдайда таза өндірістік мәселелердің өзін сәтті шешудің кепілі басқарушының іскерлік

қасиеттері ғана емес, сонымен қатар оның адами тұрғыдағы елгезектігі, құрылысшыларға деген сезімтал көзқарасы дейтін Әуезов концепциясы нақты оқиғалар мен өмір шындығын көрсетуде айқын байқалады (Омаров, Ильиних образдары).

Автордың жалпы еңбек ахуалын, бар күшін бір бағытқа, бір мақсатқа жұмылдырған жол салушылардың ынтасын түйсінуі де анық.

М. Әуезовтің жол туралы ойлары да қызық, мұнда дала жолдары туралы тарихи шолу да, рухани-танымдық символдар да жол ұғымымен байланысты ұлттың сана-сезімі тұрғысында суреттелген. Даланың ескі жолдары естен шығып, жаңа бейнеге ие болады, өмір, тұрмыс, әдет — бәрі де өзгереді. “Второй участок” очеркінде өмірдің осындай күрт өзгеру кезеңі суреттелгендіктен, М. Әуезовтің рухани өмірдің жол ұғымымен байланысының нәзік қырларын байқауға, суреттеуге тырысуы заңды.

“Второй участок” очеркінде еңбектің ерлік рухын суреттеумен қатар, материалды игеруде тұрмыс пен әлеуметтік жағдайды да қамти отыратын публицистикалық сарын да бар.

Әрине, очерктік жанр эстетикалық емес мәселелерді де алды. Мұнда публицистикалық көтеріңкі екпін, әсіре патетика, партиялық өмірмен бетпе-бет келуге шақырған ұран да бар. Бірақ Әуезов публицистикасы, документализмі әңгімелік суретке, лиризмге ауа береді.

Оның беллетрист болып кетпеуі кездейсоқ емес.

Жолдың поэтикалық символикасы өткір лиризм: “Два пика Буркутты как-то отодвинулись глубоко в даль, в точную мглу и погрузились в дрему”, т.б.

“Второй участок” очеркі өте ширақ жазылған, автор жол құрылысындағы адамдардың қажырлы қайраты мен рухани күшін, адам мінезінің әлеуметтік тұрғыдан маңызды қырларын ашты.

Р. Қайшыбаева

“Қанат қақты”

“Түнгі сарын” пьесасының алғашқы нұсқасы осылай аталған. Кейінгі жарияланымдарына негіз болған бұл туындының басқа бір түрі бұнымен бірге жазылған (129-бума, автордың беттеуінде: 1—60, 1—75, архив беттеуінде: 1—99). Бірімен бірін салыстыра қарағанда едәуір айырмашылықтардың барлығына көз жетті: кейінгі нұсқасының көп тұстарына белгілер қойылған, сызылған, өшірілген. Мұнда шығарма атауы да, оған қатысатын адам аттары да көрсетілмегендіктен, ең алғашқы нұсқасы “Қанат қақтының” жалғасы ретінде саналып, бүгінге дейін елеусіз, ескерусіз қалып келген.

Алғашқы нұсқа ретіндегі “Қанат қақты” 1934 жылдың шілде-тамыз айларында жазылды. Бұл қолжазбадағы үлкенді-кішілі отызға жуық көріністер кейінгі нұсқасына, яғни жарияланымдарына енбей қалған. Өңдеу-жөндеудің басқа да түрлері мәтіннің кез келген тұсынан көптеп кездесіп жатады. Осылардың ең алғашқысы:

“К ө р і н і с

М ө р ж а н. Қорлыққа көнгенше өлгенім артық, көнбеймін...

Б и б і ш. Жә, жұлынба. Жұлынып жалғыз кімнің алдында түтенесің?

Ж ү н і с. Мөржан құрбым, сен не қыласың жұрттың қытығына тие беріп. Жеңешемді ашуландырғаның жол емесін білесің бе?

Н ұ р қ а н (*күліп*). Сорың құрғыр, мені сен қатуландырайын деген екенсің.

М ө р ж а н. Шыбын құрым болма дейсіңдер ме, шыбын да қорғайды.

Н ұ р қ а н (*тамсанып*). Әлде ырыс, әлде сор.

М ө р ж а н. Мазак ет те, былқ етпе де. Не жазығым бар еді.

Б и б і ш. Күң, қатыны болғанға неге қуанбайсың сен, күң, садағасы кеткір.

М ө р ж а н. Құдай-ай, не деген қорлық еді. (*Жылап жібереді.*) Мен де біреудің қаршадай баласымын ғой.

Ж ү н і с. Шырағым-ау, саған не жазыпты осы жұрт. Біле білсең, қамыңды ойлағаны емес пе. Қой бұны.

М ө р ж а н. Қойыңызшы сіз, құрыққа сырық жалғамай.

Н ұ р қ а н. Қызық көр, дәурен сүр десе де жазады екен саған. Ендеше, құтылып көр менен.

М ө р ж а н. Құтқармасаңыз өлтірерсіз енді азар болса, со ма? Не қылсаңыз да көріп алдым енді...

Б и б і ш (*Нұрқанға ашулы*). Немене күнұзын жауаптастырып тұрғаның.

М ө р ж а н. Жеңеше-ау, тасбауыр болсаңыз да жынысыңыз әйел емес пе еді. Сіз аясаңызшы тым құрмаса.

Б и б і ш. Аядым міні, намыскерін мұның. (*Нұрқанға*.) Жігіт боп көрмегенбісің? Мен үйретейін бе, жүр бері, алып жүр. (*Жүре береді*.) Жауабын мен беремін. Бәлсінгені несі.

М ө р ж а н. Асқан екесіз, жеңеше.

Б и б і ш (*ақырып*). Алып жүр құманды. Ауылға қайтамыз, о несі екен. (*Бәрі қозғала береді*.)

Н ұ р қ а н. Енді өз пәлең өзіңе, Мөржан. Жақсы айтқанды тыңдайын дедің бе? Менің қолымнан кім алады сені осы?

М ө р ж а н. Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар.

Н ұ р қ а н. А, сенгенің бар ма? Ендеше, қорғаның бар екен, тіпті жақсы. Күресіп жыққан қандай абзал. Болмаса нашарға қиянат қылдың дей береді мына Жүкең сияқты ақжүрек оқығандар.

Ж ү с і п. Мөржан шырағым, тіл алсаң, қой. Айттым да қойдым. Жетті. (*Мөржанды Нұрқан қақпайлай береді*.)

М ө р ж а н (*Бибіштің артынан шығып бара жатып*). Қойыңыз, болмаса мен айғай салып анау мұғалімді шақырамын.

Н ұ р қ а н. Шақыр. Сүйенген күштеріңнің қайратына көзің жетер. Шақыр. (*Keticedi.*)” (122-бума. 5—7-бб.) дегендей көлемде болса, қалғандары да осы көлемнің ар жақ-бер жағындағы үзінділерден тұрады. Бұл нұсқадағы өз есімімен көрінген Бибіш қалған жазбалардың барлығында да Жүзтайлаққа өзгертілген, ал карательный отрядтың бастығы подъясаул Семенов жаңадан қосылған.

Т. Әкім

“Абай” (трагедия)

Ақын туралы романына төрт-бес жыл бойында тынымсыз деректер жинаумен болған қаламгер оны жүзеге асыруды шындап қолға алған кезде кенеттен ол жөнінде драма жазуының қажеттігі туындады. Сонда ол жаңағы аса ауқымды қарқынмен басталған романын тоқтата тұрып, алдымен қазақ, соңынан орыс тіліндегі “Абай” аталатын трагедиясын жазуға кірісті. Қазақша нұсқасы 1950 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жеке кітап болып шыққанға дейін оның үзінділері “Қазақ әдебиеті” (1940. 5 қаңтар) газеті мен Қалижан Бекхожиннің құрастыруындағы орта мектептің 10-сыныбына арналған хрестоматияда ғана (Екінші акт. 1947. 227—245-бб., Бірінші акт. 1948. 233—252-бб.) жарық көрді. Соңғы жөндеуі “Қараш-Қараш” атты жинақ (Алматы: Қазақ көркем. әдеб. баспасы, 1960. 403—473-бб.) пен бертініректе жарық көрген он екі томдық шығармаларының тоғызыншы (Алматы: Жазушы, 1969. 445—515-бб.), жиырма томдықтың оныншы томында (Алматы: Жазушы, 1982. 307—383-бб.) басылды. Ал орыс тіліндегі нұсқасы қазақшасына қарағанда жазылып бітісімен-ақ газет-журналдар мен жекелеген жинақтарда жарияланды.

Аталмыш трагедиясына қажетті деген деректердің негізі романға деп жинаған дүниелерінің ішінен табылып жатуы авторға көп көмегін тигізді. Алды Алматыда басталып, жалғасы Мәскеуде өріс алған туындының араб әрпіндегі бастапқы қолжазбасы мен кейінгі өңдеу-жөндеулерінің арасында айтарлықтай айырмашылықтар болды. Осының әуелгі жазылуындағы біраз кейіпкерлер кейінгі латын әрпіндегі нұсқаларында (99, 100, 101, 102, 103, 166-бумалар) жаңа есімдерге ауыстырылды. Шығарма сарыны осы жол, осы леппен жетілдірілді. Әсетті — Зейнепке, Ақсақалды — Сырттанға, Қалшаны — Жиреншеге, бертін келе Еркежанды — Әйгерімге, Ерденді — Оразбайға, Долгополовты — Долговқа ауыстыруларынан және әрбір қолжазба мен қолжазба, басылым мен басылым барысындағы бірде өңдеу, бірде жетілдіру сияқты лабораториялық жұмыстарынан шығармашылық ізденістің талай қатпарлы қабаттары елес береді. Бұларды нұсқалық дәрежеге көтерілді деуге келмегенімен, осындағы әрбір жазбасынан үлкен ауқымдағы еңбектенулерінің қыры мен сыры елес беріп жатады. Мұндағы тағы бір ойды аударарлық басты нәрсе — кесек-кесек мәтіндердің

кейінгі жарияланымдарына енбей қалуы... Жалпы құрылымдағы үлкенді-кішілі жаңартып-жаңғыртуларында кейіпкерлеріне лайық сөз оралымдарын орын-орнына қоя білуі бар.

Алғашқы қолжазбасынан бастап кейінгі кітап болып шығуына дейінгі аралықта белгілі бір шешім, тоқтамға келуінен үнемі дамытып, жетілдіруді машықты әдетіне айналдырғандығы көрінеді. Осы секілді алуандықтар сан қырлы болғанымен, туындының жазылуына айтарлықтай қиындық туғыза қойған жоқ, себебі бұған арқау боларлық өмірлік, философиялық дерек көздерінің барлығы дерлік романға деп жинаған дүниелерінің ішінен керегінше табылып жатуы еді.

Ал бұл трагедиясын қолға алған кезде романның алғашқы кітабы тарауларынан үзінділер газет-журналдарда қазақ, орыс тілдерінде қабаттаса жариялана бастаған. Уақыт сұранысымен жазылған осы туынды сол жариялана бастаған роман тарауларының ысырыла тұруына себеп болды. Сонда пьесаның екі тілде бірдей жүзеге асуы авторды еңбектің қиын шығарманына салды, оның толып жатқан жоба-жоспарлары, қайта-қайта жазылуы көз алдыға осыны әкеледі. Осындай кезде ол адамдар құрамын өзгертумен және оның басқа бір көрініс-шешімін таптырумен шектелмей, құрылымы мен мазмұндық сапасының да дамып, салмақтана түсуіне айрықша мән берді. Эпопеяда орын алған Дәрмен, Мәкен, Шұбар сияқты кейіпкерлер бұл шығармада Айдар, Ажар, Керім атымен көрінді. Жинаған деректерінің ішіндегі “Абай айтар болса” деген атпен орын алған сөз оралымдары мен тіркестері романына да, драмасына да кеңінен пайдаланылды. Бұлардың ішінен драмаға жарайды-ау деген мына сияқты жазбаларына қойған белгілері көп жайдың сырына көз жеткізеді:

“Өткеннен өкіндім, көргеннен күңірөндім *(Абайға лайық сөз)*.

Алған өздігінен бермейді, көрген өздігінен айтпайды *(Мақал: Керім – Айдар)*.

Табыстырар жол қалдыр, мәңгілікке кеспесеңші.

Инемен құдық қазу көкіректен қаскөйлікті *(төкаппарлықты)* қуудан оңайырақ *(Абай, Айдар – 2-перде)*.

Зорлықшыл кісі зорлықтан қаза табар *(Айдар ұр дегенде айтқан)*.

Мансаппен адам қасиет таппайды, адаммен мансап қасиет табады *(Абай Әбдірахманға)*.

Ат мініп аспабыңды асырып, жауыңа аттанып қайтесің. Үлкен жауың өзіңнің ішінде – нәпсіңде *(биліктегі Абай сөзі)*.

Алмастың түймедейі түйедей тастан артық. Жүз оқ атып желге кетіргенше, бір оқ ат та жебе бұз *(Ерденге)*.

Отты тіл жағады *(Жиренше Абайға)*.

Қаңғырлаған қоңыраудың іші қуыс екен ғой *(Абай Әзімханға)*.

Әзілде кек жоқ, өсекте шек жоқ.

Бұлбұл үнін есек баспай ма *(Зейнен)*.

Аяғыңдағы етігің тар болса, дүниенің кеңдігінен не пайда.

Қапқан иттен ош алам деп мен де қапсам, аузымда не қасиет қалады? *(Айдар Ажарға)*.

Жауызга еткен жақсылық суға жазған сертпен тең (*Абай Керімге, Төкежанға*).

Өзі толы ыдысқа құйғаның текке төгілер, менмендікке жаның толы екен, не құйса да бос төгілер бойға қонбай (*Абай Әзімханға*).

Жасқа – жас, іске – кәрі бол (*Абай*).

Қойшысы ұйқыдағы қозы қасқырмен бірге өреді (*Абай билікте*).

Жақсы сөз жақсыдан қалады, жаман ат жаманнан қалады.

Бадахшанның лағыл тасын сындыру оңай (*Шаух Сағди – Абай*).

Жолға қарсы болса су да ішпе, пәтуә, серт бұзса қан да төк (*Жиренше*).

Уытын қайтарар басыртқы болмағандықтан у қауіпті (*Абай*).

Жанкүйерің зынданда отырса, өзіңнің бақ ішінде отырғаныңмен рақат табар ма ең.

Ұлы қатты дертті болса, санадан ана солмай ма? (*Айдар*).

Еккенің тікен болса, орарың балауса болмас.

Елін жылатқан қасқыр да (*Абай Нарымбетке*). 29-бума. 79—80-бб.”

Мақал-мәтелге айналып кеткендей осы алуандас сөз оралымдары мен сөз тіркестерін автор алды трагедия, содан кейін эпопеясында Абай мен Мағауияның және өзге де кейіпкерлерінің аузына жиі салды. Бір бұл емес, мұндай ойлар топтамасы жазушы жазбаларының өзге тұстарынан да көптеп кездеседі. Сонда бұл туындының негізгі түпнұсқасы қазақ тілінде болды да, оның орысшасы кейінгі іс-шаралармен қатар жүзеге асырылды.

“Первая картина

.....

Вторая картина

Акыны, Абай, Долгополов, приезд Асета...

Акыны Семиречья, Джамбул (*оценки Абая народом и его родом. Новая песня – это письмо Татьяны*). Абай просит Айдару спеть настоящую [.....] Керима. Ссора.

Приход аксакала. О суде. Назначение Керима. Диалог Керима и Азимхана о речи на суде: теряешь – выигрываешь.

Третья картина

Суд: 1) Ситуация Абдр. Магиш через Оразбая и Азимхана. 2) Идеальный спор Абая и Азимхана. 3) Клятва Оразбая. 4) Ожидание и приезд Абдрахмана в форме. 5) Еркежан, Магиш при встрече с Абдр.

Четвертая картина

Свадьба: 1) Отравление. 2) Ер. — Магиш, Абдр. 3) Реплика Азимхана о Петербурге. 4) Яд (Оразбай, Керим). 5) Абай представляет народу Абдр. как свою надежду.

Пятая картина

1) Смерть Айдара, его коштасу о песне. 2) Зейнеп. 3) Диалог Абая с Абдр. — свадьба, туберкулез. 4) Клятва Керима — я твой помощник.

Шестая картина

Избиение: 1) Оразбай, Такежан, Жиренше и Нарымбет вышли из суда о барымте. Что произошло в антракте. Абдр. женился, уехал, в чем суть приговора, как использовать недовольство. 2) Народ с Абаем — недоволен Оразбай, подсылает бандитов. Избиение. 3) Кокпай, Магавья прекращают. Возносят Абая: на запад! Керим в ногах. 4) Разоблачение Асетом, народ бросается мстить Оразбаю.

Седьмая картина

Обыск. 1) Магиш — Магавья, выясняется, Абдр. умер. 5 лет она тоскует. Выходит Абай, утешает, уводит Магиш. Магавья, Еркежан все плохо. Долгополов, его оптимизм. Абай, их разговор (степь, пикет... и т.д.).

Азимхан, прокурор и полиция, арест Долгополова, обыск (Лермонтов, Пушкин), кровь у Магавьи. Прощание Абая с Долгополовым. Это моя смерть... Уводят. Абай — Магавья.

Восьмая картина

Абай в постели 40-й день. Приезд Керима. Диалог. Дети и песня. Народ у могилы Абая.

Пятая картина

Внутренность юрты. Айдар и Ажар. На высокой кровати с костяной резьбой лежит при смерти Айдар. На улице около юрты друзья, родные — Еркежан, Магавья, Кокпай, около постели больного Абай, Ажар и Абдрахман. Очнувшись, Айдар спрашивает: уехал ли врач? Отвечают, что уехал. Айдар догадывается, что его болезнь безнадежна. Прощание его с Абаем. Убита горем Ажар. Протест, отчаяние у Ажар.

На улице к омраченным друзьям Айдар торопливо подходит Баймагамбет. За сценой шум, голоса. Это Нарымбет уводит Магиш. С Нарымбетом Такежан, осуждающий Абдрахмана. Растерянность у Еркежан. Слышен сердитый голос Нарымбета. В юрте это слышит Абай. Абдрахман идет остановить шум, голоса раздаются вновь. Это говорит Такежан – Айдар чужой, а вы теряете своего человека. Выходит Абай. Абдрахман узнает от Магавьи о Нарымбете. Он возмущен, не до этого сейчас. Абай выясняет причину скандала у Абдрахмана, который отвечает односложно. Абай выпытывает истину, считает, что Абдрахману необходимо сказать, наконец, свое решение. Не сегодня. Снова допытывает Абай. Абдрахман – жалеет отца. Абай настаивает. Абдрахман отстраняет остальных, наедине открывается Абаю, что и ему не долго жить, он носит смерть в себе. Я разлагаюсь, не хочу губить чужую жизнь. Абай удручен новым несчастьем. Два крыла моих, оба сбиты в один день. Арман Абдрахмана. Снова наглый голос Нарымбета. Абдрахман требует у Магавьи выгнать его из аула. Абай останавливает, советует сказать всю правду Магиш, чтобы она не осуждала его по ошибке.

Сцена Магиш и Абдрахмана. Магиш: позволь высказать все то, что годами жило во мне. Нас стараются разлучить, одно твое слово, и разрыв произойдет со стороны моих родных. Будут роды. Но во мне другая любовь, Татьяна права и я понимаю ее сейчас всем своим существом и согласна видеть хоть раз в год тебя. Тронут ее душевной чистотой Абдрахман. Говорит ласково с ней, но печален. Она требует объяснения. Он говорит об обреченности своей на смерть.

Советует ей не связывать свою юность, судьбу с ним. Магиш это не останавливает, она предпочитает смерть с ним всякой жизни иной. Абдрахман целует ее и плачет. Явились Азимхан, Керим; Орман возмущенно требует у Азимхана его ухода. Стервятник, чуешь смерть. *(Это были слова Айдар на тое, его монолог – остыл)*. Азимхан уходит озлобленный. Остается Керим.

Зейнеп идет к Айдару. Очнулся Айдар. Зейнеп слагает прощальную песню акына. Айдар просит вывести его на улицу. Занимается заря. Его коштасу: обращение к первым лучам солнца. Светите вы, я угасну. Утешает Абая тем, что он слышал... Она обещала быть верной Магавье. Последние слова об Ажар, жалость к ней. Но что сказать? Что просить за нее? Нет у него ответа. Угас недосказанным Арман. Потрясенный Абай говорит, что не было более горестной и тяжелой утраты для него. Зарыдал, обнимая Айдар. Утешения Керима... Голос совести в нем. Он видит исход для Абая, предлагает его. На безнадежное отчаяние Абая: кто заменит мне Айдара? Где мой Айдар? Он отвечает: я замену тебе его. Прими ближе к сердцу меня.

IV акт Шестая картина

Аулы ожидают выборов, ждут чинов из города. Вдали горы и густо населенные жайлау, там пестрят табуны, дымят костры. На сцене ряды уходящих вглубь белых юрт. Управители и бии со знаками, в дареных халатах, рассыльные с бляхами на груди”. (339-бума. 1—10-бб.).

Пьесаның эпилогымен бір дәптерге жазылған осы жоспар бұл туындының қазақшасы мен орысшасының бір мезгілде қатар жүзеге асқандығынан хабардар етеді. Негізінде эпилог араб әрпіндегі алғашқы қолжазбасы мен латын әрпінде машинкада басылған бір данасында бар да, кейінгі жазылымдарына бұның Әсетпен байланысты көріністері ғана енгізілмеген, оның орнын ауыстырған Зейнеп болса, ол өз сөз, өз толғаныстарымен көрінеді. Ең алғашқы қолжазбасы мен машинкада басылған бір данасында бар эпилогтың Әсетке қатысты мына мәтіннен басқаларын ең соңғы көрініске қосып жіберген.

“А б а й (қолын сермеп қиналып). Тимендер, тимендерші балаларыма, шақыр, шақыршы, Еркежан. (Еркежан балаларды шақырады. Жым-жырт. Еркек балалар келіп, аяқ жағында жылап отырады). Ей, жазықсыз сәби, жас нәресте, келешектің қауымы, келер нәсіл, арызымды тыңдармысың. Жарылқаушым сен ғана. Жазықсыз болсам, сендерден басқа тілек тілемес едім. Күнәм болса, кеш мені. Соқтықпалы соқпақсыз жерде өстім, мыңмен жалғыз алыстым, кінә қойма. Екі күймек бір жанға әділет пе, сен есірке, тыныш ұйықтат, бақ сөзіме. (Жастығын алып қатты жығылады. Үнсіз үзіліп барады. Үйлер жым-жырт, ол ақыры үзілді, үзілгеннің жым-жырты. Үйге халық тола береді. Дәулет, Орман және басқалары ауыз үйде, ауыр күңіренген дауыстар). Қайран асқар алыбым, жалғыз жанған жарығым. Кімді медет етеміз, кімге тастап барасың? Қайран ағатайым, Абай аға! Қайран аға, қайда кеттің? (Бір кезде осы қалың елдің ортасы жарылып, жол түседі. Ауыз үйдің есігі ақырын ашылып, Абайдың көрі достары екі қарт кіреді. Әсет пен Баймағамбет. Екеуі де Абайдың қасына кеп тізе бүгіп отырады. Аздан соң Әсет тіл қатады. Жұрт жым-жырт. Осыдан соң ұйығандай жүдеп, мүлгіп үнсіз қалған.)

Ә с е т. Қош, қош енді, топырағың торқа болсын, жарықтығым, Абайжан! Тірлігіңде досым деушең, сен жоғыңда жоқшыңмын деп айтамын. Мен еліңнің тілімін. Сен деп жоқтау айтушы үйің менен ауылың емес, үйелменді елің бар, қалың қазақ қарындас.

Сен сөзімнің басы едің,
Мен шебінде нөкерің ем.
Қандауырды жолатпаспын,
Қабырыңда шырақшыңмын.

Өксікпен өткен өмірін
Көкейімнен кетпес менің.
Елің боп жылап өтпеппек?
Тұман басқан далаңа.
Тұманынан зар шеккен
Халқың үшін қан жылап,
Жау тұсауын кеспепең?
Өтер жылдар, келер күндер,
Келер ұрпақ нәсілге
Бір түйірін жоғалтпай
Жеткізермін жемісіңді.
Жер үйектей жайлауда,
Бақ шырағы жанған елде,
Ел өлмесін көргенде,
Ер алмасын аузымнан
Сол ұрпаққа берермін.
Сондай нұрлы күн туғанша
Өлмен, өлмес күшім бар,
Сертім осы басыңда. (*Жұрт жым-жырт.*)”
(101-бума. 91—93-бб.).

Мұндағы Әсет ең соңғы суреттің алдыңғы актыларында алыстан, Жетісу жерінен келген шәкірт ретінде көрінеді. Ақын ауылына жеткенге дейін ол қонған, түстенген жерлерінің барлығында бұрын құлағы шалмаған бөлек бітімдегі, мүлде тың сарындағы сазды, мұңды әуенді жиі-жиі естумен келсе, оның төркіні келіп-келіп дәл осы ауылға тірелгеніне көзі жетті. Ел жайын, хал-күйін сұраған ақынға: “Бір жаңалығым, сол жақсының сөзі де Алатауға жетпей жатқан жоқ. Ауық-ауық барып тарап жатыр. Түбі кім, төркіні кім десіп көп сұрайды. Бір өзіңе сілтей берем әйтеуір... Соңғы жаңалығым – осы жақында бір тың өлең барды. Әні де бөлек. Өзі бір біз көрмеген соны, сол өлеңнің төркінін іздеп келем. Сонау Алатаудан бері қарай сүзіп келем, айтып келем. Әлі менікі деген біреуі жоқ. Бірақ әйтеуір осыны жетелеп отырып түп иесін табармын деймін” деген.

Бұл жерде автор Абайды өз төңірегі мен айналасындағы өнер, өлең иелері ғана емес, алыс елдерде де жоғары бағалайтын, қадір-қасиетін ардақ тұтатындардың болғанына назар аударды. Оны Әсеттің келуімен көрсетпек болды, бірақ сол ақынды басты кейіпкерлерінің біріне айналдыру бағытын ұстанғандағы мақсаты шығарманың алғашқы нұсқасынан кейін-ақ күрт өзгерді. Кейінгі қайта жөндеп-өңдеулері, өзгертулері барысындағы жаңа бағыт, жаңа сарындағы ізденістері ол ақынның орнын Зейнепке алмастырды. Бұдан кейін қазақ, орыс тілдеріндегі жазбалары қабаттаса, қатар жүріп отырды. Жоба-жоспар сияқтанған сан алуан бағыттағы жазбалары өз алдына сөз етуді қажет етеді. Бір ғажабы, бұлардың барлығын автор дәл жазбаларындағыдай сол күйінде кәдеге асыра берген жоқ. Мысалға кей тұстарын бір сыпыра толықтыру,

жетілдірулермен өз орнын таптырса, көпшілігі алғашқы жазылған күйінде қалып қойды. Әрі қосымша, әрі жоспар ретінде бір топ жазбаларының бас жағындағы – “Ең соңғы варианттың ең алғаш жазылған қазақшасы. Осыдан подстрочник аударма жасалған. Содан екі автор бірге отырып орысша тексті бітірген” дегенінің өзі оның бастапқы ұстанымы мен мақсат-мұратын танытады және бұл сөзінен алғашқы нұсқасы мен кейінгі өзгерістерінің арасында ұдайы жетілдіру бағытындағы еңбектенулерінің қилы-қилы белестері жатқандығы елес береді. Сол енгізілмей, көрінісін таппай қалған қолжазбаларының өзінде де назарды аударарлық қаншама ойлар мен таным соқпақтарының белгі-ізі жатқандығы көрінеді. Бұлардан аса мәнді дүниелердей ізденіс жолдарының қабат-қатпарлы қыртыстары ашыла түскен сияқтанады. Мына төмендегі жазбалары соның бір ғана көрінісіне жатады.

“А б а й, К е р і м.

А б а й. Сөз маған ауысқанда тынысың тарылды ма?

К е р і м. Абай аға...

А б а й. Менің басым ба екен сөз болған, менің ісім емес пе? Ол іс сенің де, бәріміздің де ісіміз емес пе еді? Қайта соған жеткенде сен барыңды құлаштап, қайнай салып, самғап шықпас па ең. Әлде ісімізге сенімің мұқалды ма сенің... Солай дейін бе? Сенімен әлі үлкен сөзіміз бар екен біздің.

Е р д е н, Т ә к е ж а н.

Е р д е н. Тәкежан! Есіттің бе, көрдің бе міні?! Болысым сен боп, көргенім мынау ма? Сенің достығың қастығыңнан қымбат түспеді ме маған! Аяспайтын жайға аянкес, майысқақ құрал сілтеп адасыппын мен. Жетті, болды. Енді кінәң жоқ. Қайта сайлау жасатам, қатты болыс қойғызам... Қайда Әзімхан...

Т ә к е ж а н. Ерден, мен бе едім айыпты. Аямайық демеп пе ем.

Е р д е н. Жок, босат енді шылбырымды. Шырмауын өзің аш, қолымды бөгеместен сайлауға әзірлік істе. Әзімхан сайлау істейді.

Т ә к е ж а н, К е р і м.

Т ә к е ж а н. Қабекенді қабан депті. Талқан боп жатыр ана жақта.

К е р і м. Мен қайтейін. Бәрі Абайдан, айтсаңшы. Құрық беріп отыр...

Т ә к е ж а н. Бірінен бе, бөрінен бе. Бірақ бар пәле, бар ауыртпалық маған түсіп жатыр. Сен болыс болмасаң, мен бұны көрермем деп, Ерден қайта сайлау жасатам дейді. Мені түсірем деп жатыр. Тиді ғой қырсығы, бар кеселі бұған тиді ғой бұл Айдардың, мен сорлайтын болдым ғой. Айырылдым ғой енді өмірден. Алсаңшы, салсаңшы барыңды.

К е р і м. Мен қайтейін...

Т ә к е ж а н. Сенде, бар тетік бүгін сенің қолыңда дейді

ғой. Сен айтқанға көнсе, барлық пәле жайғасады, тыныштық болады дейді ғой. Истесеңші сол тілектерін. Орында, орындашы сол айтқандарын.

К е р і м. Сен де тілеймісің?

Т ә к е ж а н. Туысқандық қарызым болсын, орында, ұмытпай орында.

К е р і м. Ендеше, Абайға барып салмақ сала бер. Кінәла, тый де анау Айдардың кесел қырын. Пәле сонда. Бар ашу, бар салмағыңды соған сал.

Алтыншы сурет

Абайдың қысқы үйі. Биік төсек үстінде ауру Абай, айнала жастық, төсек жанында қасыққа дәрі тамызып Долгополов тұр.

Д о л г о п о л о в. Іш, ішші, Абай. *(Абай ішпейді. Тарт дегендей белгі етеді)*. Тағы ішпейсің бе? Астан тыйылдың, дәрі ішпейсің. Өзіңді өзің өлтіру ғой бұл, Абай. Бүйтер болсаң, мені несін шақырттың?

А б а й. Досым Федор Иванович, айдау күні бітті, босанды деп есіттім де, қоштасуға шақырттым сені. Қырқы жетті баламның, менің де соңғы күнім жетті. Ой-қиялыммен ғасырларды кезіп, халықтардың хан қазынасын аралағанда сен айнымас жетекшім болып ең. Ішімнен ылғи алғыс айтушы ем сенің достарыңа. Бақыл бол, орыс халқының адал ұлы. Керім, Керім шақырылды ма?

Д о л г о п о л о в. Шақырылды, Абай. *(Керім келеді)*.

А б а й. Менің жазуымның бәрін әкелсін деп ем, әкелдің бе?

К е р і м. Әкелдім, Абай аға...

А б а й *(жастық астынан газет алып)*. Менің өлеңімді мынау газетке осыншалық бұзып басуға қолың қалай барды сенің, Керім?

К е р і м. Абай аға, осындай сағатта кешірім айтпай, үкім айттыңыз ғой маған. Қайтейін. Осылай етпесек баспайтын болды ғой. Қасыңызда қалған жалғыз жақыныңыз мен ғой... Қайтсем де сіздің атыңыз паш болсын дедім. Болмаса, жарыққа шықпаса ұмытылады ғой жарқын атыңыз.

Д о л г о п о л о в. Бекер... бекер айтасың, Керім. Мен көп даланы кезіп келдім осы жолы. Әрбір жыртық лашық, жүдеу үйде екінің бірі — көрі-жас, тіпті кемпір-шалға шейін Абай өлеңдерін айттыра алады. Талай жерде “Татьянаны” көшіріп жатқан жандарды, жаттап жатқан жастарды көрдім. Бар сахарادا Абай үні күңіреніп тұр. Барлық үлкен-кіші асусыз адыр, сүрлеусіз жолдармен Абай өзі жаңа ғана жүріп өткендей. Артында ылғи жазылып жол қалып жатқандай. Нені айтасың сен.

К е р і м. Ол таратып жүргендер әнші менен ақындар. Бірақ өмірі қанша олардың? Ақын өлді, ән де өшті, ұмытылды айтқаны. Мынау газет, мынау баспа мәңгі емес пе тірлігі?

Д о л г о п о л о в. Халық жүрегінен шыққан сөз айтушы өлсе де өлген емес, өлмейді. Өлтірем, өртейім деушілер болса

да өлтіре алмайды. Халықтың ойында, аузында жүрген сөздерін жырып алып көрсін, тыйып көрсін.

А б а й (*Керімге*). Сен екеуміз түпсіз шыңыраудың екі жағында қалысқан екеміз. Қолыңды қанша созсаң да, енді табысар түріміз жоқ. Мәңгі айырылысыппыз, Керім. Зура, менің кешегі ең соңғы сөзімді оқы мынаған.

З у р а (*оқиды*). Өлсем орным қара жер...

А б а й. ...Сырымды тоқтатайын айта бермей... қайтар барлық өлеңімді.

К е р і м. Жоқ, Абай аға... Мен сақтаймын, мен ғой сақтайтын.

Е р к е ж а н. Қайтар. (*Керім шығарып береді.*)

А б а й. Ал, Зура, қолыңа ал да, екеуің сақта. (*Абай әлсірейді, үнсіз Керім қасында қалады. Зура қолжазбаларды алып, Шодыр мен екеуі көтеріп сүйек шафты жақындатады.*)

З у р а. Шодыр, жүр, мұнда әкел, мында, мынау жерде ендігі өмірімнің бар сүйіктісі, бар қасиеті — жанымдай асыл мұраларым. Мынау Айдарымның хаттары, мынау “Еңлік — Кебек”, мынау Айдардың жүзігі, мынау соңғы “Еңлік — Кебекті” жазған қаламы. Осында, осында болса Абай ағам сөздері, мынау белдігі еді Айдардың. (*Қанікейдің сауытын алып.*) Мынаны біздің той күні отаудан тауып алып ем.

Қ а р л ы ғ а ш. Ой, Зура, мынау Керімнің сауыты ғой. Той күні көріп ем, ішінде дәрі деп еді ғой.

Д о л г о п о л о в. Той күні? Дәрі... (*Алақанына қағып дәмін көріп.*) О, о... тоқта, тыңдашы. (*Үшеуі сөйлесіп қалады.*)

К е р і м. Абай... (*Толқып тұрады...*) Абай... Жауабы.

З у р а. Сыр ашылу... қарғыс...

Керім қашады. Жұрт жүгіріп қуып кетеді. Абай әлсірей бастаған.
Еркежан ғана қасында.

А б а й. О, о, Айдарым, бауырым, айта алмай кеткен шының, ашылмаған жырың қандай күйік еді...

Д о л г о п о л о в (*жүгіріп кен*). Ұстадық, байлап салдық Керімді.

Е р к е ж а н. Шодыр... тоқта... үндемеші. Қоштасу ғой. Қадірлім, жарығым Абай...

А б а й. Монолог.

Төртінші сурет

Айдар, Зура.

З у р а. Айдар!

А й д а р. Зура, жүрегім! (*Ұмтылып, табысып.*)

З у р а. Екеуміз, оңаша... екеуі ғанамыз. Айдар, күнім! Дауыл өтті, жарқырап күнім туды, жан күнім!

А й д а р. Тілім мынау, сөз олақ, әлсіз, қайтем, не десем...

З у р а. Үндеме, сөз қажет емес, үн қатпа. (*Сүйіседі.*)

А й д а р. Жаныңа жаным табыссын. Тынысымыз біреу ғана болсын... сенің кеудеңмен тыныс алайық, өмір оты, Зурам менің, сөнбес шырағым...

З у р а. Жан саям, қоңыр кеште қалқып жүрген әсем өнім! Ей, жарым, өз сұлу, аспандай зор жырым менің, сен өзің құшып тұрған, сүйіп тұрған жарым өзің, жарым өзің...

А й д а р. Зуратай... жан сырымды тағы да тұт жадында. Саған жеткен көп жырымның ішінде аты аталмаған бір күйігі бар-ды. Қарыздарым сол. Мына сәтке, осындай алтын шақта мұңдасым сол, ол Абай ағам.

З у р а. Жақсы айттың, екеуміздің осы өмір таңын тосып тұрған шағымызда, таң сахарда сертіміз, антымыз сол болсын. Жанымыздың атасы, мәңгі қарыздар ақыны Абай ағам болсын.

Аяғы

А б а й (*оқшауырақ, тау басында қызарып бара жатқан батысқа қарап тұрып*). Ей, сұм тағдыр, кең даланы менен аяған... Мен ішпеген у бар ма тағы! Жүрегім-ай, көрші міні. Жарадан сау жер қалды ма... Мұншалық азап шеккендей не жазық, не айыбым бар?.. Соқпақсыз, сорды кешкен өмірім жетсін-ақ қатер шегіне: бітсін сапар... батсын ғазап күнім қызарып, жазықсыз жанды бекер жазалап өткеніне қызарсын, нем қалды? Сарылған ұлан ұзақ сар даланың шетінде, көкжиекте сол жотаның басында жалғыз түп көк ағаш болып еді. Көктеген бұтақтары, көкшіл салқын саясы бар еді. Дала дауылы, тау селі, қыс аязы жыққан жоқ еді жалғыз ағашты. Бар бұтағы қаусады, ортасынан опырылып белі сынған жалғыз серек жаралы ағаш қалды. Төбеде қырысқ күннің қызарып батар алдында жаралы ағаш мұң айтты. Нем қалды? Келерім не? Не болар? Азды күнгі өмірімде, өз үміттің көктемінде аман күнге тапсырып гүл атып, ұрық шашып ем. Талай дала ескегі, таудың талай таң желі сол ұрықтарымды әкетіп еді қиянға... Қайда барып түсті екен сол ұрықтарым.

(*Зура келеді.*)

С ы р т т а н. Сен келіпсің. Сергелдең көрген сорлы әйел. Бір жағың ор, бір жағың топан сел. Сен келіпсің, қалың қазақ ел, күнә кара су қарсы ақпаған, кара тас қаңбақ сынды көшпеген. Бағыдан баба, баладан ата атымен мынау сақал көп күйіктен ағарса да бүгінгіні көрмеген. Қаралы күн ұясына жетпей байыған емес, қаралы нокта өздігімен шешілмей кесілген емес. Сенің пердеңді жыртқан өзің емес. Ноктаңды үзген өзге қол, Айдар қолы. Сен еріксіз кеттің, жетекте кеттің, мойныңа ал.

З у р а. Қадірлі ағалар, ауыр жолым алдарыңызға кеп тіреліпті, әлсіз басым иіліпті. Біріңізге немере, біріңізге баладаймын. Өлім алдында үш тілек айтқызбаушы ма еді? Бұйырғанды айтпай шыбын кеудем толы, қаралы жаным толы шынымды, сырымды айтсама болар ма?

С ы р т т а н. Сөйле сырынды... Бірақ дінің, жаның кепте болатын сырынды айт. Бір тәңірінің, зор тәңірінің алдында ғана аян болар шыныңды айт. Елден ел кетседі, ерден ер төгіседі. Ант аман, жан күмән ер басына сын болса, өмірден оны өктем білетін ұғармысың осыны, адасқан әйел... неліктен жеттің бұл күнге? Өмірінде бір-ақ ашылар сырынды аш, бір-ақ айтылар шыныңды айт...

З у р а. Құлдық еттім, қария... Неліктен келдім, қалай келдім бұл күнге? Мен өзім де қайранмын. Анадан, әкеден, өзімнен бұрын бірде-бір сахра қызынан өз жайымдай жайларды естіген емес едім. Бірақ қаралы күніме, қатал ноктама қарсылық болды ма, күпірлік болды ма көңілімде? Құдай куә, ұзақ, ауыр жыл бойында ол жоқ еді. Қайта қаралы күн емес, қараңғы көрге де көніп ем. Күндегі көкшіл бейуақта өз өмірімнің сөніп бара жатқан үнсіз, жым-жырт артын көрушем. Көк тамырда ыстық қан емес, өлім көлеңкесі қыбырлағандай болатын, ақ жүзімде сарылған сарғыш уайым болатын. Болғанын қарғағам жоқ, ата, тағдырым деп көнетұғым. Сол шақта ұйқысыз, ұзақ улы түннің бірінде құлағыма сахраның түнгі баяу желімен бірге алыстан бір ән келді. Қара түнде жалғыз нәзік ән... Басында мен ашумен тыңдадым. Лағнет айттым. Бірақ ән кеш сайын, түн сайын құлағыма келе берді. Естімеген әнім еді. Айтушы кім, білмедім, іздемедім. Ән соншалық таза, мұңды жанның үні еді. Бара-бара менің өз жанымның елсіз түнде, жұлдызды аспанда сахраның айтқан жалғыз ертегісі тәрізді болды. Ол айтылып жатқан менің зарым еді. Сол әнді енді менімен көрге бірге баратын мұңды серігім деп білдім... Жан тынысым болды шыншыл, нәзік ән. Естімесем көксей бастадым. Түсімде де шырқалды сол ән... Бір ауыр азап түнінде сол әнді тыңдап тұрып, қаралы өмірімнің иманы есепті мүлги тыңдап тұрып өлмек едім. Шаңырақтан желбауды түсіріп ілмек етіп, жалғыз сырласым осы әнмен соңғы жасымды төгіп қоштасып тұрып ілмекті мойныма салдым. Енді бір-ақ сәтте жоқ болушем. Сол кезде ілмекке бір қол тиді, әлгі ілмек кеңейіп кеп, қасымда қараңғыда екінші адамның бірге өлгелі тұрғанын таныдым. Ол Айдар еді. Мен өлген жан едім, көрден алып қайтты. Өшкен өмірім бар еді, әнімен қайта жандырды. Өліп-тірілген өмірім енді сол әндікі. Енді Айдармен бірге екеніне көзім жетті. Мен өмірге қайта тудым, өзі берген өмірін өзі алмасқа жол ма еді. Ол өлімге бірге ермек болғанда мен өмірге қайта шақырдым, өзім жетектедім. Ол жанының әнін құрбан еткенде мен алғысым деп, мен тірлігімді құрбан еттім. Ерткен ол емес, мен. Құдай алдында жан сырым сол, қария...

С ы р т т а н. Мынау сырды естіген соң сенен қолқа ала алмаспын, Абай... Билігім өтпесе, тілегім өтпес, даугеріңді айт.

(Сырттан кеткен соң Абай Әбішке.)

А б а й. Зура, Зура, шыншыл жүрегіңнің бір ғана сыры ұзақ бір өмірден асыл болды-ау... Әуремен кешкен ажарсыз өмірімнің алғыс айтқызар бірде-бір күні болса, осы сенің мұңыңды естіген күнім дермін. Әбіш, Зураны шақыртып өзін тыңда деген сен едің. Сенің кеуденнен шыққан үн, адамшылық тәрбиесін алған жаңа адамның үні еді. Зураның соншалық ақтағанын қайтейін. Айдар, Зура, сендердің бақытың үшін алысқаным өз еңбегімнің мағынасы үшін алысқаным болар.

15-бетке

А й д а р. Абай аға, бүркегенмен мәлім ғой, өмірім екіталайда, білемін. Мезгіл қысқа, орын тар. Тек қана бітірсем екен. Неліктен, неден туды. Айтып болмаққа, адақтап шықпаққа неге асығам. Өмірімнен қымбат па? Жұбантар болса аз айтылып па еді ащы шер. Бірақ бір шындықты іріккенім жол емес. Айтып өтпекпін, Абай аға, тыңдар болсаңыз. Еңлік — Кебек қайғысымен бүгін менің жан жүрегім, тәнім тұр. Өткен, өшкен екі асық қос сорлының шер лебі кеп шарпып тұр. Жүрегім мен жүзімді. Өз тынысым сол күрсінмен туысып тұр. Еңлік жылап тұрғанда Зурам еңіреп тұрғандай, Кебек күңіренгенде өз кеудем қарс айрылғандай. Махаббатыма қимас сұм тағдыр, тым құрса күрсініп өлер тыныс та бермей ме, зар етіп лағнет оқыр үн қимай ма тым құрса. О-о, Зура, барлық ойым, тым құрса тірлігім бір өзіңе мәлім, қаралы түннен келген нұр барын, кеудемде күн туғандай етіп ең. Соңғы тынысым, соңғы дұғам, жалғыз қыблам деп саған ғана бас ұрғам. Еңлігім сен, тірлігің қимаса қызғаншақ дүние өлімін өзіңмен бірге берсін. Абай аға, қайран аға, күндерде бір күн осы айтылған жан зарына куә бол.

Керім, Айдар.

К е р і м. Айдар, бүгін бәріміз де ауыр өткел күнде тұрмыз. Сен өзіңді аямадың. Сенің ақындығың албырттығыңнан қымбат еді. Қимас қасиетті сарапқа салдың, не дейін. Күйзелттің ғой сен тобыңды.

А й д а р. Керім, қатал ақылмен сынасаң, мен айласызбын. Ал жаныңмен ұғар болсаң, онда менің өзімді өзім ақтауым қажет емес.

К е р і м. Сенің басың ғана болса бір сәрі. Сен Абай ағамды ойлаймысың. Ізіңмен жау берсең, мынау сөзіңмен досын да айырып жүрсең, қайтейін.

А й д а р. Мен әлі досты қуар түк айтқам жоқ. Бітіргем де жоқ қой, Керім.

К е р і м. Мен бігіру емес, тыйылсын деп ем.

А й д а р. Не дейсің? Өлсең сөзің тұншығулы кетсін дейсің бе? Аяғаның осы ма? Абай ағам өзі қуанған жоқ па?

К е р і м. Абай ағам сені мен мені қия ма. Соған орай біз де оны сақтауды ойлау керек емес пе.

А й д а р. Жоқ, Керім. Мен өлім алдында жан жарымды айырса да, жалғыз зарымды ала алмайды тіршілікте. Сен Абай айтқанды айтып тұрған жоксың (123-б.).

Шестая картина

А б а й. Ей, жұртым! Күнде көріспейміз. Бірақ күнде мұң қосушем сенімен. Тіршілігім — сол адал тілегімде болатын. Жаным, үнім өзіңмен еді. Қазір менің көңілімнің жарасын, көңілімнің қарғысын ала кеп тұрмын сенің алдыңа. Жан түршігер жауыздық көріп келдім мен. Ол жауыздықтың беті жарқын, ол алдыңда тайтаңдайды, басыңа ойнайды. Шындық бетін бұл бүркемек, қаралы қып қанға көмбек. Бірақ мен қазір оң топшымнан оқ тиіп, кеудемді от алып, қансырап кеп тұрмын.

Д а у ы с т а р. Не дейсің, Абайжан! Не қорлық көрдің? Кімнен көрдің? Айт, айтшы бізге.

А б а й. Асыл серігімнен айрылып кеп тұрмын. Қаза тапты Айдарым. Серігімнен мен айрылсам, өз азаматыңнан сен айрылдың, жұртым! Жаныңда жалыны бар жаршың еді ол. Көзі көрген зұлымдыққа кектеніп, ел анасы, сенің анаң мұра қылған шақпақ отты жаққан ол еді. Өшпес от еді. Келешектің алтын таңына нұр, сәулесіне сөнбей жарық қосылатын өмірменен бақыт отын тауып еді ол. Кешпеді сонысын жаулары, қара түннің қараңғы күштері. Таң жаршысы ақының өлді. Шыншыл зары сыңды оның. Сарнаған үні үзілді. Өт жырының үні өшті. Өшірген кім? Бұғып жүріп борсықша соратын дұшпаның. Ол қазірде сенің алдыңа шыға алмайды, естіп тұр, бірақ қарсыма шығып көрсінші — шыға алмайды. Жүрегі жауыз, жүзі қара болғандықтан шыға алмайды. Мен ақырып тұрып ашу айтар ем тобына. Бірақ суық, меңіреу тас арасында жалғыз шырқаған жандай болсын тас қамауы қамап тұр. Бірақ айырып көрсін мені сенен. Жоқ қып көрсін жарық күннің жарығын. Жалынды жырдың шындығын. Бірінің аты — ұлық, бірінің аты — надан, есер қара заң, бірінің аты — шоқпар, сойыл қара күш, ойланып берген у. Улапты Айдарды, у беріпті. Берген бүгін, мына өмір беріпті. Қолдарына алғалы отырған обырлар Нарымбеттер. Айыптаймын, ақталып көрсін, көзім жетті. Өлтіруші Нарымбет. Сол Нарымбет қан сорғалаған қолымен бүгін сенің тізгініңді алмақ, алмақ па! Кімді аяйды, кімді сатпайды. Кімніңді улатпайды сорлы, жұртым. Сайлама оны... күшнің жетсе, лағнет айтып, қу араңнан.

Д а у ы с т а р. Лағнет тисін оларға, жоғалсын көздері, артындамыз, Абай. Қуамыз...

Н а р ы м б е т (*кісілеріне*). Аянба... тос, бол... Бітір бәрін, өшір үндерін... (127—128-бб.).

IV суретке

1

К е р і м (*жалғыз*). Мен қызғанам ба? Жо-оқ. Ол жыр шырқап жатыр әні. Оны тыңдап жатыр барлық ел. Құмарлана тыңдайды. Оны жаттап та жатыр көпшілік. Мені ше? Мені бүйгіп тыңдаған емес-ті. Менің жырым жатталған емес. Қызғанам ба ендеше, жоқ! Менің жолыма, асқар асатын жолыма қызғаныш серік емес. Ол ұзақ, құнсыз сезім көңіл түбіндегі бір ылай әншейін. Маған сезік болатын қатал ой, суық қайрат. Мен қызғанбаймын, кінәлаймын, жиреніп тұрып кінәлаймын.

2

Айдар, Керім.

К е р і м. Абай аға, менің ойымша, осы Айдардың мынау Еңлік, Кебек туралы ойлануыңыз керек-ау деймін. Қатал би, ұрпақ қойған атың қабан, азуыңа табынды тобың надан. Қарғысың бұ мезгілде күңіренген, ұғындым зарын тыңдап ел анадан дейді. Сіз айтпаған, сіз айтпайтын сөзді айтып барады. Осының жырының беті сіздің жолыңыздан басқа сияқты.

А б а й. Менің дос-жараныммен айтқанды ғана айтпақ па екен. Мен кім онша? Пайғамбарымсып әулігейін бе әлде? Жоқ, біз ақын ғанамыз. Ендеше, біреудің біреу ізін баспай, соны тауып отырсын. Сонда мен айтсам-ау деп жүрген, көксегем жерімнен Айдар түсіп отырса, мен құптауыма керек.

К е р і м. Онда сізден ара түсіп, сіздің тізгініңізді Айдар алмақ па? Алған күні теріс әкетсе қайттік? Онда барлық іс, ниетіміздің нәрін жоймай ма. Мынау соның нышаны, тыю керек сияқты.

А б а й. Тыймау керек, қайта тарату керек. Оның айтып отырғаны шындық жыры. Осы шындық халыққа жетсін, шама келсе, тіпті әлемге паш болсын.

К е р і м. Шындық бір тайпа ел Тобықтыны масқаралайтын болса қайттік... Кеңгірбай болса біздің туған атамыз емес пе еді.

А б а й. Ол сыбағаны Ерденге берсеңші. Атаның ұлы емес, адамның ұлы бол.

К е р і м. Ендеше, сіздің әкеңіз, менің атам Құнанбай ше. Ертең сол Айдар Қодар, Қамқа жәйін тағы жырласа қайтеміз.

А б а й. Несі бар, жырлау керек. Тіпті өмірім, күшім жетсе, мен өзім де жырлаймын.

К е р і м. Абай аға, сіздің тәрбиенізде өскен ең жақын мұрагерлеріңіздің бірі мен болсам, мен бұлай демес ем.

А б а й. Керім, сен жаңыласың. Мал-мүлікті ғана туысы жақын мұрагер алады. Өнер мұрагері қаны жақын емес, еңбегі жақын, жаны жақын адам болады.

3

Ерден, Әзімхан келеді. Долгополов шығады.

Е р д е н. Мынау не сұмдық, Абай? Қатал би, ұрпақ қойған атың қабан. Азуыңа табынды тобың надан деп сарнап жатқан анауың. Бұл пәле неден? Дәл кешегі сенің биліктегі сөзіңнің арты емес пе? Бекер деші. Ең соңғы рет кеп тұрмын, тый, тый мынаны.

А б а й. Сен әр өлеңге найза ала шабатын болсаң, соңғы рет емес, әлі талай өлең шығады осындай. Талай шабарсын...

Е р д е н. Осының шының ғой? Өрт қой мынауың! Елдің досымын дейсің, бала-шаға кешегі әулие атаға қарғыс айтып жатыр. Достығың осы ма? Өрт десеңші...

А б а й. Өрттің бәрі бірдей залал емес, Ерден. Алабота, түйеқарын, итсигекті өртеп тұрып орнына алтын дөнді көкорай шығаратын, алкүрең жеміс те шығатын.

Е р д е н. Ендеше, өрттен қалмай құтыларыңды ұмытпа. Өртке қарсы өрт салып құтылатын.

А б а й. Сенің өртің бас қорғаудың өрті ғой. Ерденнің ауыл-аймағын ғана сақтаймын деген өрт қой.

Е р д е н. Тый деймін, тыйғыз мынау өлеңді.

А б а й. Тыймайды, қайта жайылады жалпыға.

Е р д е н. Ендеше, бүлік болады, біліп қой. Ертең сайлау жасатып билікті қолға алып, ел ішінен аластатып айдаймын осы барлық бұзар сөздің иесін.

А б а й. Айдасаң онан сайын өршиді, сен де біліп қой. Сен ақынның қолын байларсың, бірақ та тіл мен сөзіне тұсау таппассың.

Е р д е н (*тытырлап*). Ей, Долгополов, сен басқа атаның баласысың, көлденең кісісің. Осы сөзіне куә бол, сені куә етемін мен. Ұқтың ба?

Д о л г о п о л о в. Осыны шын тілеймісің?

Е р д е н. Ұлық алдына сені де апарам. Жаңағы естігенінді айтасың, шыныңды айтасың.

Д о л г о п о л о в. Дұрыс, ендеше. Мен орыс халқын тегіс куә етейін. Еске жақсы салдың. Айдардың жырын орысшаға аударамын.

Е р д е н. Не дейсің сен? Кеңгірбайды қабан деген сөзді орыстың қатынына шейін аңыз етсін деппедің? Шыныңды жақсы айттың ғой.

Д о л г о п о л о в. Саған жағу қиын екен, Ерден. Мен куәнің санын көбейтейін деп тұрмын ғой.

Е р д е н. Анық бұзушы өзәзіл өзім десеңші...

А б а й. Өзәзіл емес, ең әділ куә сол. Долгополов, Ерденнің де көмегі тиді-ау осы. Жақсы ойды есіңе салды ғой. Шынымен аудар да, таратшы сен.

Е р д е н. Көрепмін, енді аянсам ит болайын, Абай. (*Kemedi.*)

Ерден, Әзімхан, Керім.

Е р д е н. Көрдiң бе, Әзімхан, мынаның азғырушысы қолтығында отыр ғой, жаңағы орыс қой, Долгополов қой пәленің басы. Ең әуелі осыны жыру керек Абайдан. Қушы, әпкетші осыны.

Ә з і м х а н. Керім, сен не дейсің? Долгополовтың пайдасы қанша осы.

К е р і м. Қаны тіпті жат демей... бұ да қанат бопты. Кетіп, кетірші осыны.

Ә з і м х а н. Ә, мұның мақұл, бәсе, көзің жетер деп ем. Өзің сұрадың ба?

К е р і м. Жалғыз-ақ өзіңе сезік қалдырмайтын қып кетіп.

Ә з і м х а н. Ендеше, ескергем... *(Ол кетеді.)*

4

Д о л г о п о л о в *(кетерде)*. Айдар, мен кетерде тағы бір тыңдап кетейін жырыңды, айт, айтшы тағы. Қайта келіп соққанда аудару үшін көшірмесін әкетем. Маған бір көшірме жасатып қой.

Х а л ы қ д а у с ы. Айдар, жырыңды айт! Тағы айт, мұнда көпке келіп айт, көні айт, шырқа тағы да!”

(166-бума. 113—132-бб.)

Міне, бұл трагедияның алғашқы жазылымының қағазға түскен жоба-жоспар сыпатындағы үзінділеріне жатады. Осындағы Әсет, Зура, Ормандар және бұлардан басқа мәтіндердің көпшілігі кейінгі нұсқаларына енгізілмеді, көрінісін тапқандары болса басқа мән, басқа сыпатқа ие болды. Тапсырыспен әрі тез, әрі сапалы жазылған осы трагедияның 1940 жылдың басында мемлекеттік драма театрында алғашқы қойылымы болды. Бұған дейін “Известия”, одан соң “Социалды Қазақстанда” М. Әуезов пен Л. Соболевтің (1939. 16 желтоқсан) сұхбаттары жарияланды. 1940 жылдың көктем, күз айларында шығарманың сахналануына байланысты көп пікір-ойлар айтылды. Айдостың (Қазақ әдебиеті. 1940. 5 қаңтар), Қ. Аманжоловтың (Соц. Қазақстан. 1940. 26 қазан), Ғ. Пұсырмановтың (Лениншіл жас. 1940. 25 қазан), Қ. Хасановтың (Соц. Қазақстан. 1940. 25 қазан), Е. Ысмайыловтың (Әдебиет және искусство. 1940. № 3. 103—111-бб.), Ғ. Мүсіреповтің (Лениншіл жас. 1940. 3 қараша) мақалалары, пьесадағы бас қаһарман Абайдың бейнесін қалай сомдағаны жөнінде Қалибек Қуанышбаевтың (Соц. Қазақстан. 1940. 25 қазан) сұхбаты жарияланды. Жас режиссер Асқар Токпанов автордың ақыл-кеңесімен қойылымды ойдағыдай етіп шығара алғандығы айтылды. Театр осыдан кейін өзінің әр жылдағы маусымын осы спектакльмен ашуды әдетке айналдырды.

Т. Әкім

“Абай” (орысша нұсқасы)

1940 жылы қазан айында Қазақ ССР-ның құрылуының 20 жылдығы мемлекеттік деңгейдегі мерейтой ретінде алдын ала жан-жақты дайындық жүргізіліп, республика бойынша кең шеңберде атап өтілген. Мерейтой қарсаңында, мерейтой кезінде осы датаға қатысты мерзімдік басылымдар бетінде көптеген мақалалар, очерктер жарияланып жатты. Республиканың 20 жылдығына арнап әдебиет, өнер қайраткерлері арнайы шығармалар тудырды. Бұл процесс үкіметтің жіті қадағалауында болды. Сонымен қатар 1940 жылы Абайдың туғанына 95 жыл толуы да атап өтіліп, ақынның 100 жылдық мерейтойын өткізу жайындағы мәселелер көтеріле бастаған. Республиканың 20 жылдығына орай атқарылатын үлкен шаралардың бірі қазақ әдебиетінің 1917—1940 жылдардағы жай-күйін көрсетуге тиісті жинақ шығару болатын. Дайындалуы үкімет орындары тарапынан қатаң бақылауға алынып, Қазақстан Жазушылар одағы құрастырған жинақ 1941 жылы Мәскеуде “Сборник современной казахской литературы” деген атпен шықты (осы томдағы “Казахская литература за 20 лет” мақаласының түсініктемесін қараңыз). Төрт бөлімнен тұратын жинақтың екінші бөлімінде М. Әуезов пен Л. Соболевтің “Абай” трагедиясы берілген. “Абай” трагедиясының жазылуына мемлекеттік, шығармашылық ұйымдардың қатты көңіл бөліп, қатаң бақылауға алып отыруына жоғарыда айтылған үш себеп: республиканың 20 жылдық тойы кезінде бетке ұстар сахналық қойылым дайындау, қазақ әдебиетінің 20 жыл ішінде әр жанрларда жеткен табыстарын көрсету үшін көркемдік қасиеттері жоғары драмалық шығарма ұсыну (жоғарыда аталған жинақ үшін), Абайдың 95 жылдығын өткізу мен ұлы ақынның 100 жылдығына дайындық жұмыстары әсер етіп, осы себептер шығарманың екі тілде қатар және шұғыл жазылуына ықпал еткен. М. Әуезов бұл кезге дейін Абай Құнанбаевтың шығармалар жинақтарын шығаруға атсалысып, ұлы ақынның ғылыми өмірбаянын жазып, абайтану ғылымының негізін салған болатын. “Абай” романының алғашқы томын жазып, 1937 жылдан бастап мерзімді баспасөз беттерінде романның үзінділерін жариялай бастаған

М. Әуезовтің қолында болашақ ұлы эпопеясы — “Абай жолының” төрт томына қажетті дерек дүниелер түгел бар болатын. Роман эпопеяның негізгі кейіпкерлерінің бейнелері ой-санасында пісіп-жетіліп, көлемді туындының сюжеттік желілері, композициялық құрылымы, фабуласы анықталған, белгіленген болатын. Осындай шығармашылық дайындықтағы М. Әуезов “Абай” трагедиясының сюжетіне “Абай жолы” роман-эпопеясының 4-томына қатысты оқиғаларды таңдап алған. М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығына қатысты құжаттар, қолжазба материалдар деректері “Абай” трагедиясын жазу жұмысы 1939 жылы басталғанын көрсетеді. 1939 жылдың 8 желтоқсанында берілген телеграммада:

“...Жолдас Әуезов, сіздің хатыңызды алдым. Сіздің жұмысыңыздың аяқталып келе жатқанына мен қуаныштымын. Шынын айтқанда біз “Абайға” үлкен үміт артамыз және біздің кеңестік көрермен шын Абайды, нағыз біздің Абайды көре алады деп ойлаймын. Біздің өтінішіміз — тезірек аяқтаңыз. Леонид Сергеевич Соболевке бізден сәлем айтыңыз. Сәлеммен, Д. Кулитов”, — делінген. Бұл Мәскеуден Алматыға жіберілген жеделхаттан “Абай” трагедиясының жазылуы Мәскеудегі тиісті ұйымдардың да назарында тұрғанын, пьесаның 1939 жылдың қарашасында бітуге таяу екенін, телеграмма берілген кезде М. Әуезовтің Л. Соболевпен бірге жұмыс істеп жатқанын байқаймыз. Жазушы мұражайының қорында сақталған М. Әуезовке Алматыдан жазылған хатта 1939 жылы “Абай” трагедиясының жұмыстарымен Мәскеуде болып, тұрған адресінің “Националь” қонақ үйінің 324-бөлмесі екені көрінеді. Тағы бір телеграммаларда: “Алма-Ата Редакция Казправды Шариповой Гайше Телеграфурий можешь ли в ближайшие дни выслать для Московского издания отрывки Абая тчк нужны третий, четвертый, пятый отрывки первой главы тчк Приветом — Мухтар”; “1939 Алма-Ата Редакция Казправды Шариповой Гайше отрывки необходимо выслать хоть двадцать пятого тчк отправь адрес Соболева приветом — Мухтар”, — дейді. Еш өзгеріссіз беріліп отырған телеграммаларда М. Әуезов пен Л. Соболевтің пьесаны жазу үстіндегі шығармашылық лабораторияларынан нақты деректер беріліп тұр. Бейсембай Кенжебаевтың естелігінде (Біздің Мұқтар. Ақылғөй ағамыз. Алматы, 1976) М. Әуезовтің 1940 жылы Мәскеуге екінші барғанында қазақ өкілдігі үйінде Соболевпен бірге жазған “Абай” пьесасын оқып бергендігі жөнінде айтылған. Осындай шымыр шығармашылық жағдаймен жазылып біткен пьесаны 1940 жылдың 18 қазанында Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесінің жанындағы Өнер істері басқармасының көпшілік қойылымдар мен репертуар бөлімінің актісімен қабылдап, төмендегідей ескертпелер айтылған:

1. Жиренше бейнесін ширата түсіп, Абаймен айқаса алатын қу, ақылды, қайратты би дәрежесіне жеткізу.

2. Абайдың әйелінің, Әзімханның, Долгополовтың роліндегі актерлерді ауыстыру керек.

3. “Абай” спектаклін 1-пунктте айтылғандарды ескере отырып, 19/Х айдан 5 қарашаға дейін қойып, 6 қарашадан бастап 2-пункттегі талаптарды да орындап барып қою керек.

Пьесаның көпшілік алдындағы премьерасы 30 қазанда болды. 1940 жылғы ҚазССР-ның Репертуарлық комиссиясының жоспарларында “Абай” трагедиясы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының да, Орыс драма театрының да репертуарында бар. Бірақ 1940 жылы пьесаның орысша қойылымы болғаны жайында дерек табылмады. Қазақ театрларының репертуарларына қатысты құжаттарды қарау барысында жоспарға кірген пьесалардың сол жылы қойылмай қалу фактілері жиі кездесетіні байқалады.

Пьесаны Мәскеуде арнаулы білім алып, МХАТ шеберханасынан өткен жас режисер А. Токпанов қойды. Қойылымның суретшілері — Э. Чарномский мен Қ. Ходжиков. Премьера өтісімен мерзімді баспасөз бетінде қойылым жайында көптеген мақалалар шықты. Ғ. Мүсірепов “Лениншіл жас” газетінің 3 қарашадағы санында шыққан “Абай” атты мақаласында: “Абай” әлеуметтік өмірдің кең арнасына құрылған трагедия... шебер жазылған. Уақиғаның өрістеп келіп шыңына шығып шешуі, бәрі де қатты қызықтырады. Қашан үстінен түсіргенше оқиғаның алдын болжата қоймайды. “Абайды” бірінші рет қойып отырған академиялық театрдың еңбегі де олқы емес... жас режиссеріміз Асқар Токпановқа да риза болуымыз керек”, — деп жазды. Осы сипаттағы ойларды басқа да авторлар айтты. Қазақ ССР Халық Комиссарлары Кеңесі жанындағы Театр бөлімінің Академиялық драма театрының “Абай” трагедиясын қоюдағы жұмысы жайлы бөлім меңгерушісі Рутковский қол қойған шешімінде: “Спектакль дұрыс шешімін тапқан, жақсы қойылған. Образдардың терең ашылуы режиссердің ойлы жұмыс жасағанын көрсетеді. Режиссер Токпановтың “Абай” трагедиясын қою сияқты жауапты міндетті жоғары дәрежеде атқарғанын атап өтуіміз керек. Режиссерге тек спектакльдің ритмикалық жағын ширата түсу керек. Спектакль ритмі шұбалаңқылау, онша айқын емес, кібіртіктейді.

Спектакльдегі актерлер жұмысы бірдей дәрежеде емес. Өз рольдерін өте жақсы атқарған актерлер: Қуанышбаев — Абай, Жұмағұлов — Ерден. Әзімхан және Еркежан роліндегі артистерден басқалары тәуір шыққан. Бұл спектакльде ең нашар ойнаған Атабаева, оны ауыстыру керек.

Спектакльді безендіру жақсы жасалған. Суретші Чарномский киын мәселені шеше алған.

Академиялық драма театрында қойылған “Абай” спектаклі театрдың даусыз табысы, жаңа жетістігі”, – деп ресми баға берілген. Бұл баға негізінде театртанушы мамандардың да пікірлерімен үйлеседі. Қазақ драматургиясының алтын қорына қосылған трагедия ұзақ жылдар бойы қазақ театрлары сахнасынан түспей, 1962, 63 жылдары Мәскеуде Ә. Мәмбетовтың қоюында Кремль театрында көрсетілді (“Абай” трагедиясының қойылымдары жайында “Қазақ театрының тарихын” (Алматы: Ғылым, 1975) қараңыз.)

М. Әуезов пен Соболевтің “Абай” трагедиясының үзінділері қазақ және орыс тілдерінде 1940 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 5 қаңтардағы, “Литературная газетаның” 10 ақпандағы сандарында жарияланды. Пьесаның орыс тіліндегі мәтінінің толық нұсқасы алғаш рет 1941 жылы Мәскеуде шыққан “Сборник современной казахской литературы” жинағында (осы томда беріліп отырған “Казахская литература за 20-лет” мақаласының түсініктемесін қараңыз) шықты. Бұдан кейін 1945 жылы (кітаптың сыртқы мұқабасында 1944 жыл, ішкі титулды бетінде 1945 жыл деп көрсетілген, кітапты шығаруға 22. XII. 1944 датасымен қол қойылған) Мәскеуде “Искусство” баспасынан жеке кітап болып шыққан. Бұдан кейінгі басылымдары: “Советская драматургия” альманағы, 5-том (М.; Л.: Искусство, 1948. 179–235-бб.), “Советская казахская драматургия” (М.: Искусство, 1958. 73–134-бб.), Л. Соболев. “Десятилетия дружбы” (Алматы: Жазушы, 1971. 183–247-бб.), Л. Соболев. Собрание сочинений в 6-томах. 6-том (М.: Художественная литература, 1975. 375–437-бб.), М. Әуезов. Собрание сочинений в 5-томах. 4-том (М.: Художественная литература, 1975. 375–437-бб.).

М.Әуезовтің орыс тіліндегі бес томдық шығармалар жинағының төртінші томында берілген “Абай” трагедиясының түсініктемесінде “Написана на русском языке ... в переводе на казахский — в газете “Казах адабиеты” ... на русском языке — в “Литературной газете” деген мәліметтер берілген. Жазушы мұражайының архивінде сақталған “Абай” трагедиясының қолжазба нұсқаларымен танысу барысында пьесаның алдымен қазақ тілінде жазылғаны анықталды. Мұны М. Әуезовтің қойын дәптерлеріндегі мәліметтер де дәлелдейді (пьесаның қазақша нұсқасына жазылған түсініктемені қараңыз).

“Абай” трагедиясының орыс тіліндегі алғашқы толық басылымы (1941 жылғы “Сборник современной казахской литературы” жинағы) төрт перде, жеті сурет және эпилогтан тұрады. Пьесаның бұл нұсқасын М. Әуезовтің 12 томдық, 20

томдық шығармалар жинағында берілген қазақ тіліндегі нұсқамен салыстырғанда қамтыған кейіпкерлері жағынан да, көлемі жағынан да бірдей болып шықты. Оқиға желісінде ешқандай өзгеріс жоқ. Қазақ тіліндегі нұсқадағы кейіпкер диалогтарының бәрі бар. Өзгеріс тек стильдік тұрғыда. Кейбір диалогтардың көлемдік жағынан өзгеріске түскен жерлері кездеседі. Эпикалық, реалистік сипаты басым қазақша нұсқаны драмалық бағытқа ойыстырып, драмалық типтендіру, драмалық техникаға бағындыру сипатындағы өзгешеліктер енгізілген.

Пьесаның 1945 жылы жеке кітап болып шыққан нұсқасы төрт актыдан, алты суреттен тұрады. Эпилогы жоқ. 1941 жылы шыққан нұсқаға қарағанда көлемі кішірейген. Мұнда қазақ тіліндегі және 1941 жылғы орыс тіліндегі нұсқада бар кейіпкерлер — Баймағамбет, Зейнеп, Дәулет және Ормандар жоқ. 1945 жылы жеке кітап болып шыққан трагедияның соңында Николай Львовтың “О трагедии “Абай” атты “Краткие сведения” деп берілген мақаласы бар. Мақалада бұл нұсқа туралы “Қазақстаннан тыс жерлердегі орыс театрлары сахнасында қою мақсатында пьеса авторлары Қазақстанда түсінікті болғанмен, орыс көрерменінің түсінуіне ауыр қазақ халқының әдет-ғұрпына, тілінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты кейбір жерлерін қысқартып жеңілдетті”, — дейді. Осы қысқартылған нұсқа жоғарыда аталған 1948, 1958, 1971, 1974, 1975 жылдары шыққан басылымдарда сол қалпында еш өзгеріссіз берілді. Н. Львовтың аталған мақаласы Л. Соболевтің өзінің өтінуімен алты томдық шығармалар жинағының 6-томындағы “Абай” трагедиясының түсініктемесінде қайта берілген.

Л. Соболев пен М. Әуезов 1935 жылы танысқан. Ленинградтық жазушылар бригадасын бастап келген Соболевті күтіп алған М. Әуезов ленинградтық жазушыларды Шығыс Қазақстан өңіріне бастап барып, кенді Алтайдың өндіріс орындарымен танысу кезінде бірге болған. Бұл таныстық үлкен достыққа ұласып, шығармашылық қызметте көп жылға созылған әріптестік қарым-қатынасқа айналды. 1939 жылы Әуезов пен Соболевтің авторлығымен “Очерки истории казахской литературы” (Литературный Казахстан. 1939. №8—9. 91—116-бб.), “Эпос и фольклор казахского народа” (Литературный критик. №10, 11. 210—233-бб.) атты көлемді мақалалар жазылды. Бұл мақалаларды жазу барысында Л. Соболев М. Әуезовтің көмегі арқылы қазақ әдебиетінің тарихымен жан-жақты танысып, Абайдың өмірі мен шығармашылығына қатысты терең мағлұматтар алған. “Абай” романының бірінші кітабын жазу үстіндегі М. Әуезов 1939 жылы Л. Соболевтің қатысуымен “Абай” трагедиясын жазуды бастайды. Трагедияның орыс тіліндегі 1945 жылы жеке кітап болып шыққан

нұсқасына жазылған мақаласында Н. Львов пьесаны жазу туралы идеяның аталған екі мақаланы жазу барысында туғаны туралы айтқан. “М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресіндегі” деректерге қарағанда жұмыс екі жақты, Алматы мен Мәскеуде жүрген. Шежіреде М. Әуезовтің осы мақсатпен Мәскеуге барып тұрғанынан, Л. Соболевтің Алматыға келіп тұрғанынан мәліметтер беретін деректер бар. Жоғарыда аталған Н. Львовтың мақаласында “Абай” трагедиясының жазылуы жайында” Пьесамен жұмыс істеу әдісі қызық та тосын болды. Көптеген пікір алысудан, ой бөлісуден, айтысулардан кейін пьесаның әрбір репликасына дейін анықтап жазылған либреттосы дайындалды. Осы либреттоның негізінде қазақ және орыс тілінде бір-бірінен еш ауытқымаған екі пьеса жазылды. Пьесаның бұл нұсқалары Алматыда Қазақстанның 20 жылдық тойы кезінде қойылды”, – делінген.

М. Әуезов мұражайының архивінде сақталған 141-бумада (46-б.) М. Әуезовтің: “Бұрын қазақша ең алғашқы текст жалғыз істелген. Аудару үстінде ақылдасу арқылы азырақ өзгерістер болды. Бірақ қазақшаның мына соңғы редакциясына келгенде оның көбі қайтадан түсіп қалды. Мынау қазақшаның ең үлкен өзгерісі. Барлық қосымша өзгерістер Алматыда жалғыз істелген”, – деген түсінік мәтіні бар. Осы мысалдарға қарағанда, М. Әуезовтің өзі алдымен пьесаның қазақша нұсқасын жазып шығып, осы нұсқаның негізінде жолма-жол орысша аудармасын жасаған. М. Әуезов пен Л. Соболевтің арасындағы соавторлық жұмыс осы жолма-жол аударманың негізінде жүрген.

Мұражайдың қолжазба қорындағы 134-бумада “Абай” трагедиясының орыс тіліндегі “Абай”, пьеса в 4 актах, 7 картинах, подстрочный перевод с казахского” деп көрсетілген қолжазба нұсқа мен машинкаға басылған нұсқа бар.

Жолма-жол аударма (подстрочник) — М. Әуезовтің өз қолтаңбасы. Сарғыш, көкшіл жазу қағаздарына жазылған. Буманың 1—8-парақтарында күлгін сиямен, 9—36-парақтарында қара қарындашпен, 37—82-парақтарында күлгін сиямен жазылған. Буманың 83-парағында пьеса суреттерінің мазмұнына қатысты жоспар сипатындағы қысқа қайырылған мәтін бөліктері бар. Осы парақта 7.VII. 1939 ж. деген дата көрсетілген. Бұл дата жолма-жол аударманың жасалып біткен уақыты болуы мүмкін.

Қолжазбада түзетулер өте аз кездеседі. Түзетілген жерлер күлгін сиялы мәтін үстінен дәл осы түстегі сиямен жасалған. Қарындашпен жазылған жердегі түзетулер дәл сол түсті қарындашпен жасалған. Осыған қарағанда М. Әуезов жолма-жол аударманы бірден жасап шығып, үстінен қайта оралып өндемеген. Осы буманың 84—172-парақтарындағы машинкамен басылған нұсқаның үстінен жасалған түзетулер де көп емес. Түзетулер

қызыл, көк сиямен және қара қарындашпен жасалған. Қара қарындашпен машинкамен басылған мәтіндегі кейбір диалогтар сызылып, кей жерлерде жаңа диалогтар қосылып отырған. Күлгін сиямен орфографиялық, пунктуациялық қателер түзетіліп, бірін-саран диалогтар қосылған. Қызыл сиямен пьесаның өн бойындағы “Калча” атауы “Жиреншеге” ауыстырылып, сирек түрде орфографиялық қателер түзетілген. Бұл түзетулерге қарағанда М. Әуезовтің өзі осы нұсқаны бірнеше рет қарап шыққан.

Машинкаға басылған нұсқаны пьесаның орыс тілінде шыққан нұсқаларымен салыстырған кезде 1941 жылы “Сборник современной казахской литературы” жинағында берілген нұсқамен бірдей болып шықты. Қолмен жазылған нұсқа салыстыру барысында көлемі жағынан, мағыналық жағынан алғанда аталған машинкаға басылған нұсқа мен 1941 жылғы нұсқаға сәйкес келеді. Сөйлемдері сөзбе-сөз дәл келіп отырмағанмен, барлық негізгі кейіпкерлердің диалогтары түгелге жуық бар. Жолма-жол аудармадағы пьесаның сюжеттік желісіне нұсқан келтірмейтін кейбір диалогтар 1941 жылғы нұсқада алынбаған. Олар көбіне қосалқы кейіпкерлердің сөздері. 1-волостной, 2-волостной, 1-жигит, 2-жигит сияқты аталатын кейіпкерлердің сөздері көбіне қалдырылып кеткен. Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпына қатысты түсініксіздеу болуы мүмкін сөздер не қысқартылған, не өңделіп аударылған. М. Әуезовтің өзі “подстрочный перевод” деп атағанмен, көркем аударма дәрежесіндегі нұсқа Л. Соболевтің қатысуымен жасалған нұсқаға негіз болғаны айқын байқалады.

“Абай” трагедиясының орыс тіліндегі нұсқаларының өзіндік ерекшеліктерінің кейбір қырларын көрсету мақсатында, пьеса авторларының шығармашылық лабораториясының сырын ашу мақсатында трагедияның қазақша нұсқасының, орыс тіліндегі жолма-жол аудармасының, 1941 жылы “Сборник современной казахской литературы” жинағында шыққан нұсқасының, кейінгі барлық орысша басылымдарға негіз болған 1945 жылы шыққан кітаптағы нұсқасының 1-акты, 1-суретінің 1-көрінісін берейік.

I. Қазақ тіліндегі нұсқа:

Залдың шамы сөнісімен шымалдықтың арт жағынан үлкен бір шу білінеді. Шапқан ат, қағысқан сойыл даусы естіледі.

– Аттан! Аттан!

– Үста!

– Байла!..

– Сал!..

– Өлтір! *(деген айқай шығады. Сол дабырдың арасынан “Абай аға! Абай!..” деген жалғыз оқшау үн, қатты айқай естіледі).*

Ш ы м ы л д ы қ а ш ы л а д ы .

Сахна. Жартас, селдір тоғай иығынан мөлдір көлдің бір түбегі көрінеді. Шымылдық ашылғанда дыбыр басылмайды. Сол жақта киімі жыртылған Айдар мен қара жамылған Ажардың қолдарын байлап жатады. Бұларды қамаған топтың ортасында: Оразбай, Қанікей, Нарымбет, Оразбайдың атарманы – Мес. Қамаушылардың қолдарында камшы, шоқпар, кейбірі кесек-кесек тас ұстаған, тегіс оқталып тұр.

Көрініс

Н а р ы м б е т (*Айдарға*). Қаңғырған саяқ, төгермін қаныңды!
О р а з б а й. Менің ауылымнан, Ерденнің қолынан қатын тартып алатын сен құлмысың?

Қ а н і к е й. Ажар, жүзіқара, жерге кір бүйткенше!

А ж а р. Қанікей, өлтірсең де тілің тарт!

Қ а н і к е й. Қаралы қатын, ноқталы жесір!

Н а р ы м б е т. Менің жесірім, көзімнің тірісінде не қорлық, не сұмдық?!

Қ а р л ы ғ а ш. Мес, жоғалт мынаның көзін!..

Мес жетіп барады.

А ж а р. Тарт қолыңды!

О р а з б а й. Шығарма үніңді, ардан кешкен, атадан азған!

А й д а р. Ақсақал! Оразбай! Зорлықшыл зорлықтан қаза табатын. Токтатамысың мына зорлықты? Қой деуге табыламысың, жоқ па?

О р а з б а й. Ә, ақылшы боп кеп пе едің?.. Ақылыңмен жерге қағайын... Жой көзін!

Нарымбет Местермен бірге өзі де тап береді.

А й д а р. Абай! Қайдасың? ... Абай!

О р а з б а й. Ә, сенгені – құдай емес, Абай ғой? Я, әруақ, әруақ!

Қ а н і к е й. Асқан екенсің, түге. Аяма!

Арпалысып Әйгерім, Мағауия, Көкбай, Керім жүгіре шығады.

II. Жолма-жол аударма (подстрочный перевод).

В темноте из-за занавеса доносятся топот погони, удары соилов. Из нарастающего гула раздаются голоса:

— Аттан! Аттан! (*На коней! На коней!*)

- Лови!
- Вяжи!
- Бей!
- Убить! (*Среди этих голосов доносится один отчаянный крик.*)
- Аб-ай! Абай ага! Абай!

Р а с к р ы в а е т с я з а н а в е с .

Сцена — небольшие скалы, редкие кустарники. Из-за выступов камней сверкает залив горного озера. Вдали багровый закат. Наступают сумерки. На берегу озера, на жайляу, расположилось множество аулов. События картины постепенно переходят к ночи. Позже, в сумерках всплывает луна, отражаясь на воде. Вдали, во мгле, загораются один за другим вечерние огни. Шум и гул доносятся и при раскрытии занавеса. Налево у кустов Айдар в разорванной одежде, около него в трауре Ажар. Люди скручивают им руки назад. Среди окружившей толпы Эрден, Ханикей, Нарымбет и жигит Эрдена Мес. В руках у них кистени, камчи, а у некоторых глыбы камней, готовые пуститься в связанных людей.

Я в л е н и е

Н а р ы м б е т (*Айдару*). Безродный бродяга, пролью твою кровь

Э р д е н. Из моего аула, из рук Эрдена, ты, раб, вздумал отбить жену?

Х а н и к е й. Ажар, черноликая, провались сквозь землю!

А ж а р. Ханикей! Убей, но не оскорбляй меня.

Х а н и к е й. Женщина под трауром, жесир на привязи (*с недоуздком*).

Н а р ы м б е т. Моя жесир, при жизни моей! Позор! Погибель!

Х а н и к е й. Мес, уничтожь ее с глаз! (*Мес подступает к Ажар.*)

А ж а р. Прочь руки!

Э р д е н. Замолчи, бесстыдная! Преступница рода!

А й д а р. Аксакал! Эрден, ярость впереди, а разум за ней. Найдешься унять или нет?

Э р д е н. А, наставником пришел. Вобью в землю с разумом своим! Уничтожь! (*Бросается вместе с Нарымбетом и Месом.*)

А й д а р. Абай! Где ты? Абай!

Э р д е н. А, веруешь не в Кудая, а в Абая! О, Аруах! Аруах!

Х а н и к е й. Ззнались вы! Не жалеи!

Возня. Вбегают Еркежан, Магавья, Кокпай и Керим.

III. 1941 жылғы нұсқа

Из-за занавеса — нарастающий гул, топот погони, крики: “Лови! Держите, держите! Айдара, Айдара вяжи! Бей!” Их перекрывает отчаянный вопль: “Абай! ... Абай-ага!”

Раскрывается занавес. Это кричит Айдар, отбиваясь от людей, уже скрутивших ему руки. Одежда его порвана, перед ним в ярости — Эрден и Нарымбет. Рядом — Зура, одетая в традиционный траур. Мес заламывает ей руки назад. Ханикей протягивает аркан. Жигиты, Женщины, Старики, в руках у них кистени, палки, камчи. Багровый закат. Позже, в сумерках, всплывает луна, отражаясь в озере, по берегам которого загораются вечерние огни расположенных там аулов.

I

А й д а р. Помогите! ... Абай-ага! ...

Н а р ы м б е т. Безродный! ... Бродяга! ...

Э р д е н. Украсть себе жену из моего рода, из рода Эрдена!

Раб!

Н а р ы м б е т. Вор! Да прольется твоя кровь!

Х а н и к е й. Зура, черноликая! И как тебя примет земля?

З у р а. Ханикей, убей, но не оскорбляй!

Х а н и к е й (*оглядываясь*). Смерть!

Вздымаются руки, рев толпы.

А й д а р. Э, аксакал Эрден! Насильник погибает от насилия!
У ярости — кулаки, у разума — слова, уйми безумцев!

Э р д е н. Насильник? ... В землю вобью вместе с разумом!

Х а н и к е й. Бей проклятых! Не жалеи!

Толпа набрасывается на Айдара, Вбегают Ержан, Магавья, Керим,
Кокпай.

IV. 1945 жылғы нұсқа

Из-за занавеса — нарастающий гул, топот погони, крики: “Лови! Держите! Айдара, Айдара вяжи!” Их перекрывает отчаянный вопль:

“Абай!... Абай-ага! ...” Раскрывается занавес. Это кричит Айдар, отбиваясь от людей, уже скрутивших ему руки. Одежда его порвана.

Перед ним в ярости — Эрден и Нарымбет. Рядом — Зура, одетая в традиционный траур вдовы. Джигиты заламывают ей руки назад.

Ханикей протягивает аркан. Джигиты, Старики, Женщины, в руках у них кистени, палки, плети. Багровый закат. Позже, когда сгушаются

сумерки, выплывает луна, отражаясь в озере, по берегам которого загораются вечерние огни расположенных там аулов.

А й д а р. Помогите! ... Абай-ага! ...

Э р д е н. Из моего рода, из рода Эрден, крадешь себе жену, раб? ...

Н а р ы м б е т. Вор! Да прольется твоя кровь!

Х а н и к е й (*возле Зуры*). Зура, черноликая! И как тебя примет земля?..

З у р а. Ханикей! Убей, но не оскорбляй!

Х а н и к е й. Чем оскорбишь собаку, сорвавшуюся с привязи?

Э р д е н. Что оскорбит вдову, нарушившую траур?

Н а р ы м б е т. Вдова брата, моя невеста, бежит с безродным бродягой!... Смерть им!

Х а н и к е й. Смерть!

Джигиты Эрден подступают к Зуру.

А й д а р. Эрден-ага! У ярости – кулаки, у разума – слова, – уйми безумцев!

Э р д е н. В землю вобью вместе с разумом! Смерть!

Х а н и к е й. Камнями проклятых! Бей!

Толпа набрасывается на Айдара и Зуру. Вбегают Еркежан, Абдрахман, Керим, Кокпай и Карлыгаш.

Пьесаның қазақша нұсқасы мен жолма-жол аударманы салыстырып шыққанда подстрочниктің М. Әуезовтің 12, 20 томдық шығармалар жинақтарында беріліп жүрген нұсқаның негізінде жасалғаны анықталды. Қазақша нұсқадағы диалогтар жолма-жол аудармада түгел дерлік бар. Аудару барысында пьесаның стильдік, идеялық, мағыналық қырларын жөндеу, өзгерту мақсаты қойылмаған. 1941 жылғы орысша нұсқадағы сияқты қазақша нұсқада да кейбір қосалқы кейіпкерлердің пьесаның сюжетіне нұқсан келтірмейтін жолма-жол аудармада бар диалогтары алынбаған. Бұл диалогтардың біразы пьесаның қазақша қолжазбаларында бар. Пьесаның көптеген диалогтары қазақша, жолма-жол аударма және орыс тіліндегі 1941, 1945 жылғы нұсқаларында сөзбе-сөз бірдей болып шығып отырады. Сонымен қатар әр түрлі көркемдік мақсаттар тұрғысынан еркін аударылған жерлері де кездеседі. Пьесаның 1-актысының 3-көрінісінен алынған Оразбайдың (аудармада Ерден) сөзі қазақша нұсқада “Тәкежанның қолына барды ана қатын. Сөйлес, қайтсын райдан. Болмаса – өледі, ит жемі боп өледі! (*Нарымбетке.*) Сен шап, шақыр, шақырт мұнда Әзімханды. (*Сыбырласып қалады.*)”, – деп келсе, жолма-жол аудармада “Эта

женщина будет в руках Такежана. Говори с ней, сбеи с пути. Пусть раскается до суда. Не то будет убита, ее падаль будет грызть собаки. (*Нарымбету.*) А ты скачи, зови, приведи сюда Азимхана!", — деп аударылған. Екі мысалдың мағынасы дәлмедәл келіп тұр. 1941 жылғы “Сборник современной казахской литературы” жинағында шыққан нұсқада дәл осы диалог “Женщина будет в ауле Такежана. Поговори с ней. Если не будет женой Нарымбета, падаль ее будет грызть собаки. Ступай. (*Нарымбету.*) А ты скачи в город, зови Азимхана”, — деп берілген. Бұл диалогқа қосылған “Если не будет женой Нарымбета”, — деген тіркестен басқа жерлері қазақша нұсқа мен жолма-жол аудармада бірдей болып тұр. Нарымбетке қатысты тіркес қазақ халқының әдет-ғұрпымен, әмеңгерлік салтымен таныс емес орыс тілді оқырманның мәтінді оңай түсінуі үшін алынған. Дәл осы диалог 1945 жылы шығып, Қазақстаннан тыс жердегі орыс театрлары үшін ыңғайлап өңделген нұсқада “Женщина будет в ауле Такежана. Поговори с ней. Если не будет женой Нарымбета, падаль ее будут грызть собаки! Ступай!.. (*Месу.*) А ты в город! Скачи к Азимхану, пусть донесет губернатору, что народ недоволен Такежаном, пусть Азимхан добьется новых выборов. Скажи ему, Абай довел нас до открытой вражды, будем биться насмерть, а Такежан слаб для ударов. Управителем сделаем Нарымбета”, — деп берілген. Бұл нұсқаның жалпы көлемі 1941 жылғы нұсқадан аз болғанмен, кейбір диалогтарды жаңа тіркестер қосып, ұлғайтып отырған. Мұнда қосылған тіркестер аз көлемді болғанмен губернаторға шағым жасау, Тәкежанды айыптау, жаңа сайлау өткізу, Абайға қарсылық, болыстыққа Нарымбетті өткізу сияқты сюжеттік элементтерді көтеріп тұр. Есесіне бұл нұсқада бірнеше кейіпкер қысқарып, 1941 жылғы нұсқада бар көптеген диалогтар алынбаған.

Пьесаның орыс тіліндегі жолма-жол аудармасы стильдік жағынан жазушының шығармалар жинақтарында беріліп жүрген қазақша нұсқаға жақын. Подстрочникте бар, 1941 жылы шыққан орысша пьесада жоқ мәтін бөліктері, диалогтары негізінде баспа бетін көрген қазақша нұсқада да жоқ. Жолма-жол аударма көлемдік жағынан пьесаның қазақ тіліндегі қолжазбасына сәйкес келеді (“Абай” трагедиясының қазақша нұсқасына берілген түсініктемесін қараңыз).

Пьесаның қазақша мәтініндегі Әйгерім орысша тексте Еркежан, осы сияқты Ажар — Зура, Долгов — Долгополов, Оразбай — Эрден, Жиренше — Калча деп алынған. Қатысушылар тізімінің соңында орысша нұсқада “Время действия — 1836—1904 годы, место — Чингистауские степи” деген мәлімет берілген. Орысша нұсқадағы 2-суреттің 1-көрінісі қазақша мәтінде жоқ. Орыс тіліндегі

“Эпилог” деп берілген мәтін бөлігі — қазақшасында жетінші суреттің соңғы көрінісі. Пьеса мәтінінің қазақшасы мен 1941 жылы шыққан орысша нұсқасында басқа күрделі өзгешеліктер жоқ. Диалогтардың көбісі дәлме-дәл келіп отырады. Орыс тілді оқырманның түсінігіне ыңғайлап өңдеген жерлер де кездеседі. Мысалы 3-перденің 4-суретіндегі Әзімханның “Анау кім сарнап жатқан”, — деген сөзін “Чья эта песня парит там”, — деп алған. Мұндағы “сарнап” сөзімен “парит” сөзінің мағынасы сәйкес келіп тұрған жоқ. Мұндағы “парит” сөзінің контекстегі мағынасы дәлме-дәл аударса “шырқап” деген мағынаға сәйкес келер еді. Бірақ мұндай өзгешеліктердің жалпы пьеса мағынасына кері әсер етіп тұрған жерлері жоқтың қасы.

Жолма-жол аударма мен пьесаның 1941 жылғы басылымын салыстырғанда пьесаның жолма-жол аудармасындағы 1-перденің 2-суретінің 1-көрінісіндегі Долгополов пен Баймағамбетке қатысты диалогтардың қысқартылып алынғаны анықталды. Подстрочниктің 2-пердесінің 6-көрінісінде Абайға Әсет келеді. 1941 жылғы басылымда Зейнеп келеді. 3-перденің 4-суретінің Айдар мен Ажардың тойын суреттейтін, Әбіш пен Мағыш қатысатын жеке “явление” деп берілген 2-көрінісі де 1941 жылғы нұсқада жоқ. Осы перденің қолжазбаның (подстрочниктің) 52-бетіндегі (5-сурет, 1-көрініс) Айдар, Ажар, Әбішке қатысты диалогтар бар бір бет көлемінде мәтін бөлігі алынбаған. Подстрочниктің 4-пердесінің 6-суретіндегі (58-б.) 1, 2, 3-болыстардың, 1, 2-бидің бір бет көлеміндегі диалогтарынан 1941 жылғы басылымда екі ғана диалог алынып, осы жерде Орман және 1, 2-жігіттердің айтуымен келетін Абайдың “Болыс болдым мінеки” өлеңінің орыс тіліндегі төрт шумағы берілген. 1941 жылғы басылымдағы “Абай” трагедиясының эпилогының алғашқы жартысы жолма-жол аудармадағы эпилогтың алғашқы жартысымен сәйкес келеді. Екінші жартысында Раис деген кейіпкер қатыстырылған, мағыналық жағынан мүлдем басқаша. Подстрочник пен машинкаға басылған нұсқа тігілген буманың соңында берілген (173—174-бб.), күлгін сиямен жазылған эпилог мәтіні 1941 жылғы мәтіннің эпилогымен дәлме-дәл болып шықты.

Пьесаның орыс тіліндегі кейінгі басылымдарына негіз болған, 1945 жылы Мәскеуде “Искусство” баспасынан жеке кітап болып шыққан нұсқаның өзіндік ерекшеліктері жайлы жоғарыда айтылды. Осы басылымға түсініктеме мақала жазған Н. Львовтың мәліметтеріне қарағанда, пьесаның бұл нұсқасын негізінде Л. Соболев Қазақстаннан тыс жерлердегі орыс театрларына арнап өңдеген. Пьесаның ұлттық әдет-ғұрыпқа қатысты жерлері қысқартылып, төрт кейіпкер мүлдем алынып тасталған. “Абай

жолы” роман-эпопеясының мазмұнына, эпикалық, реалистік сипатына жақын келетін қазақша нұсқаны таза драматургиялық бағытқа қарай бұрып, кейіпкерлер бейнелеріндегі даралық ерекшеліктерді анықтайтын штрихтарды типтік тұрғыда суреттеу бағытына ойыстырған. Пьеса сюжеті ширай түскен. Әсіресе Әбіш пен Мағыштың арасындағы трагедиялық хал шырқау шегіне жеткізілген. Пьесаның сюжеттік желісіне тікелей қатысы жоқ біраз диалогтар алынбаған. Қазақша текспен салыстырғанда дәл де, еркін де аударылған диалогтар бар. Кейіпкер сөзінің көбі ырғақ жағынан ұйқастырылып, өлеңді сөзге тән көтеріңкі стильмен айтылады. 1941 жылғы басылымда 4 перде, 7 сурет және эпилог болса, мұнда 6 сурет. Эпилогы жоқ.

М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының бұл томына “Абай” трагедиясының 1941 жылғы алғашқы, толық басылымын еш өзгеріссіз беріп отырмыз.

Р. Әбдіғұлов

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР, ОЧЕРКТЕР	3
Выступление на оперной конференции	5
“Евгений Онегин” на казахском языке	12
Оның аты екінші	21
Второй участок	58
II. ПЬЕСАЛАР	97
Қанат қақты	99
Абай (трагедия)	191
Абай (орысша нұсқасы)	271
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	395

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

18-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 21,0.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1310.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-160-9



9 786012 941609